**Қарулы Күштердегі қызметтердің жұмысын (Әскери-теңіз күштерінің кораблінде және кемесінде корабльдік қызметті) ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 21 ақпандағы № 184 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 273) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қарулы Күштердегі қызметтердің жұмысын (Әскери-теңіз күштерінің кораблінде және кемесінде корабльдік қызметті) ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінің бас қолбасшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33059 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары 7-тармағының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) тармақшасының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Қорғаныс министрі генерал-полковник* *Р. Жақсылықов*

## Келісу туралы белгі

| Р/с № | Бөлімшенің атауы, лауазымы | Әскери атағы, инициалдары, тегі | Ескертпе, қолы және күні |
|---|---|---|---|
| 1. | Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы | | |

## Тарату есебі:

| | |
|---|---|
| 1. ҚР ҚК ӘТК БҚБ | – 5 дана |
| 2. 29011 ә/б | – 30 дана |
| **Барлығы** | **– 35 дана** |

## Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысының басқармасы жауынгерлік даярлық басқармасының флагмандық маманы (штурмандық және гидрографиялық қамтамасыз ету жөніндегі)

1-дәрежелі капитан А. Тудаков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2025 жылғы 21 ақпандағы
№ 184 бұйрығымен
бекітілген

## Қарулы Күштердегі қызметтердің жұмысын (Әскери-теңіз күштерінің кораблінде және кемесінде корабльдік қызметті) ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қарулы Күштердегі қызметтердің жұмысын (Әскери-теңіз күштерінің кораблінде және кемесінде корабльдік қызметті) ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінің (бұдан әрі – ӘТК) корабльдік ұйымын, корабльдері мен кемелерінің жауынгерлік даярлығын, корабль мен корабльдер құрама лауазымды адамдарының іс-қимылын, корабльдің күнделікті қызметін, корабльдің техникалық әзірлігін, корабльдің төзімділігін қамтамасыз етуді, әскери-теңіз рәсімді және корабль нарядының қызмет өткеруін, сондай-ақ корабльде ( кемеде) берілетін командаларды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар:

арнайы мақсаттағы оқ-дәрі – жауынгерлік міндеттерді орындайтын немесе қарсыластың әрекет етуіне кедергі келтіретін оқ-дәрі;

ӘТК-ны жалпы даярлау – мамандығына қарамастан, барлық жеке құрам бойында қызмет ерекшелігін ескеріп, жауынгерлік және күнделікті қызметте қажет тиісті білімді дарыту және шеберлік пен дағдыны қалыптастыруға бағытталған әскери қызметшілерді оқытып-үйрету кезеңі;

ӘТК-ны жауынгерлік даярлау – ӘТК жеке құрамын негізгі даярлау түрі және жеке құрамды әскери оқытып-үйрету және тәрбиелеу, жауынгерлік тағайындалуына сәйкес міндеттерді орындауға корабль күштерін (корабльдерді, корабль топтарын), әскери бөлімдерді, құрамалар мен олардың басқару органдарын даярлау (шоғырландыру) бойынша жоспарланған, ұйымдық және жүйелі түрде жүргізілетін іс-шаралар кешенін білдіреді;

ӘТК-ны тактикалық даярлау – офицерлердің тактика мәселелеріндегі кәсіби білім деңгейін арттыруға, сондай-ақ корабль экипажын, корабль тобын, штабын, әскери бөлімдер мен құрамаларды әртүрлі жағдайда жауынгерлік іс-қимылды дербес және әртүрлі күш тобы құрамында жүргізеді даярлайды бағытталған жауынгерлік даярлық негізі;

база – корабльдерді тылдық қамтамасыз ету үшін ӘТК орналасқан пунктте құрылатын әскери құралым. Ол корабльді барлық материалдық құрал түрімен жабдықтайды, өз аумағын күзетуді жүзеге асырады және корабльдің жеке құрамын жауынгерлік даярлауды сапалы жүргізу және демалу үшін жағдай жасайды;

вахталық журнал – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (бұдан әрі – Қарулы Күштер) әрбір кораблінде қатарға қосылған сәттен бастап және Қарулы Күштер құрамынан шығарылғанға дейін жүргізілетін негізгі ресми құжат, онда хронологиялық реттілікпен корабльдің өмірімен байланысты негізгі оқиғалар: корабльдің жай-күйі, жүзуі мен тұрағы, жеке құрамдағы өзгеріс, бортта жүргізілетін жұмыс туралы; дабыл, оқу-жаттығу, қарсыласты анықтау, қару қолдану, корабльдің жауынгерлік маневр жасауы туралы; корабльдің бағыты мен жылдамдығын және тұрған жерін өзгерту, ауа райының күрт өзгеруі туралы деректер және басқа да мәліметтер жазылады;

жаппай жұмыс – вахталыққа көмек үшін экипаждың барлық немесе бір бөлігін шақыру талап етілген жұмыс. Жаппай жұмыс корабль командирінің өкімі бойынша белгіленген және белгіленгеннен тыс жұмыс күні жүргізіледі және барлық корабль экипажы үшін міндетті болып табылады;

жауынгерлік бекет (бұдан әрі – ЖБ) – онда қару мен (немесе) техникалық құрал тұрған, белгілі жауынгерлік мақсаты бар, жеке құрам пайдаланатын және қызмет көрсететін корабльдегі жер;

жауынгерлік корабль – жауынгерлік міндеттерді орындау үшін арналған және ол үшін тиісті қару-жарағы бар әскери кеме;

катер – шағын корабльдер (су сыйымдылығы 40 тоннадан аз) мен кемелердің жалпы атауы. Өз тағайындалуы бойынша катер жауынгерлік (артиллериялық, зымыран, торпедалық) және қамтамасыз ету (нысан, сүңгуір, құтқарушы және тәжірибелік) катері болып бөлінеді;

кеме – жүк пен жолаушыларды жеткізу және теңізде жүзу мен кеме қатынасының міндеттерін орындау үшін арналған жүзетін инженерлік құрылғы. Теңіз және рейдтік қамтамасыз ету кемесі болып бөлінеді;

кешенді корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу – тағайындалуына сәйкес жауынгерлік кестені пысықтағанда бір корабльді міндеттерді орындауға тактикалық даярлау нысаны, оның барысында корабль корабльдің қорғанысы мен қорғанысы, төзімділік үшін күрес, теңіз ұрысын жүргізу барысында корабльдің осы сыныбына ( кіші сыныбына) тән бірнеше міндетті пысықтайды. Оқу-жаттығу барысында жауынгерлік жаттығулар орындалады. Кешенді корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу болатын жауынгерлік әрекет кезеңі мен эпизодтарын қамтиды, теңізде (рейдте) жүргізіледі;

командалық пункт (бұдан әрі – КП) – қажетті басқару құралымен жабдықталған жер , одан командир бағынысты бөлімше жеке құрамының әрекетін, қаруды қолдануды, техникалық құралды пайдалануды және төзімділік үшін күресті басқарады, сондай-ақ жоғарғы командирмен және өзара іс-қимыл жасайтын бөлімшемен байланысты ұстайды;

корабль – жауынгерлік және қамтамасыз ету міндеттерін орындау үшін қару-жарағы мен техникалық құралы, әскери экипажы бар және Әскери-теңіз жалауын алып жүретін кеме;

корабльдік жауынгерлік жаттығу – бір корабльді, корабль тобын және құрамасын тактикалық даярлау нысаны, ол тактикалық оқу-жаттығу барысында жүргізіледі және корабльдің жауынгерлік тағайындалуына сәйкес нақты тактикалық міндеттерді орындауда қару мен жауынгерлік құралды қолдану тәсілдерін пысықтау үшін арналған;

корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу – жауынгерлік кестені орындағанда жеке корабльді тағайындалуына сәйкес міндетті орындауға дайындау нысаны, оның барысында білім алушылар корабльдің осы сыныбына (кіші сыныбына) тән бір немесе бірнеше міндетті орындайды. Корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу корабльдің командалық пункті мен жауынгерлік бекетінің жеке құрамымен өткізіледі;

корабльдік оқу-жаттығу – күнделікті кестені пысықтау кезінде бір корабльді даярлау нысаны және өз тағайындалуымен жеке құрам бойында қызметтік және арнайы міндеттерді нақты, дәл, жарғылардың, қағидалардың, нұсқаулықтар мен бұйрықтардың талаптарына толық сәйкес орындау қабілетін дарыту үшін арналған;

корабльдік тактикалық оқу-жаттығу – бір корабльді тактикалық даярлаудың жоғарғы нысаны, корабльдің жауынгерлік тағайындалуына сәйкес тактикалық

міндеттерді орындауда экипажды қаруды қолданып, теңізде нақты әрекет етеді оқытып-үйрету үшін арналған;

корабльдің техникалық әзірлігі – оның жауынгерлік әзірлігінің құрамдас бөлігі. Ол корабль корпусының, қару мен техникалық құралының, төзімділік үшін күрес құралының тағайындалуы бойынша пайдалануға әзірлігін қамтиды. Корабльдің техникалық әзірлігі корабль қорғанысын мен жасырын болуын, жабдықпен, ҚҚК-мен және материалдық-техникалық құралмен жабдықталуын айқындайтын физикалық алаң деңгейінің жай-күйін сипатталады;

корабльдің төзімділігі – корабльдің бұл ретте өзінің жауынгерлік мүмкіндігі дәрежесімен қалпына келтіріліп және қолдап, жауынгерлік және авариялық зақымдануға қарсы тұру қабілеті;

корабльдің төзімділігі үшін күреске даярлау – мамандығына қарамастан, барлық жеке құрам бойында корабльдің төзімділігі үшін күресте жауынгерлік және күнделікті қызметте қажет тиісті білімді дарыту және шеберлік пен дағдыны қалыптастыруға бағытталған әскери қызметшілерді оқытып-үйрету кезеңі;

қамтамасыз ету кемесі (қосалқы кеме) – Қарулы Күштер құрамына кіретін және соғыс және бейбіт уақытта флот күштерінің қызметін қамтамасыз ететін әскери-теңіз және рейдтік кеме;

қосалқы мақсаттағы оқ-дәрі – оқу-жауынгерлік оқ атуды орындау, құрылымын зерделеу және оны қолдану қағидаларын оқытып-үйрету үшін арналған оқ-дәрі;

құтқару – апатқа ұшыраған адамдардың қаза табуын, жауынгерлік немесе авариялық зақымдалған объектінің және оның жүгін немесе басқа да мүлікті жоғалтуға жол бермеуге бағытталған әрекет;

құтқару нәтижесі – құтқару барысында оң нәтижеге қол жеткізу;

құтқару құрылғысы – құтқару жұмысы үшін арналған корабльдік құрылғы;

құтқару құралдары – адамдарды құтқару және авариялық корабльге көмек көрсету үшін қолданылатын корабльдік құрал мен мүлік, сондай-ақ авария туралы ақпарат құралы;

негізгі мақсаттағы оқ-дәрі – нысананы зақымдау үшін арналған оқ-дәрі;

оқу-жаттықтыру оқ-дәрісі – корабльдің жеке құрамын жаттықтыру және корабль қару кешені материалдық бөлігінің жұмысын тексеру үшін арналған оқ-дәрі;

техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ТҚ) – жөндеуаралық кезеңде корабльді техникалық әзірлікте ұстау және қалпына келтіру бойынша іс-шаралар кешені.

3. ӘТК-ның корабльдік құрамына жауынгерлік корабльдер, арнайы мақсаттағы корабльдер, теңіз және рейдтік қамтамасыз ету кемелері кіреді. ӘТК корабльдерін ( кемелері мен катерлерін) жіктеу ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысының бұйрығымен анықталады.

ӘТК-ның жауынгерлік құрамына тек жауынгерлік корабльдер кіреді.

4. ӘТК корабльдері мен кемелері негізгі тағайындалуына және қаруына байланысты сыныпқа, ал сынып мамандануы, су сыйымдылығы, энергетикалық құрылымы түрі және қозғалыс қағидаттары негізінде шағын сыныпқа бөлінеді.

Тактикалық-техникалық элементтері мен тағайындалуына байланысты, сондай-ақ командирлердің үлкенін және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын айқындау үшін корабльдер дәрежеге бөлінеді.

ӘТК-да корабльдердің төрт дәрежесі белгіленген. Жоғарғы дәреже бірінші болып табылады.

5. ӘТК-ның әрбір кораблі жауынгерлік міндеттерді дербес сонымен қатар ӘТК корабльдерімен, жағалық бөлімдерімен және бөлімшелерімен, сондай-ақ Қарулы Күштер түрлерінің әскери бөлімдерімен өзара іс-қимылда орындайды.

6. Әскери қызметшілердің жалпы құқығы мен міндеттері, олардың арасындағы қарым-қатынас, тәртіптік практика мәселелері, гарнизондық және қарауылдық қызметтер, ӘТК әскери қызметшілері үшін саптық тәсілдер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларында айқындалған.

## 2-тарау. Корабль ұйымы және даярлау

### 1-параграф. Жалпы ережелер

7. Корабльдің негізгі жауынгерлік тағайындалуы қарсылас күші мен құралдарын жауынгерлік ықпал етіп жою болып табылады.

Корабль ұйымы оның жауынгерлік тағайындалуына сәйкес осы корабль сыныбы ( шағын сыныбы) орындайтын міндеттер негізінде құрылады. Корабльдің ұйымдық-штаттық құрылымының штатында белгіленеді.

8. Корабль басында корабль командирі тұрады. Одан басқа:

корабль командирінің бірінші орынбасары болып табылатын аға көмекші (көмекші) ;

корабль штатында айқындалатын орынбасарлар мен көмекшілер тағайындалады.

Корабльдің барлық жеке құрамы оның экипажын құрайды.

9. Ұрыста қаруды жақсы қолдану және техникалық құралды пайдалану мақсатында корабльде жауынгерлік бөлім мен қызмет құрылады:

1) жауынгерлік бөлім (бұдан әрі – ЖБ):

штурмандық – 1-ЖБ;

зымыран-артиллериялық (артиллериялық) – 2-ЖБ;

мина-торпедалық – 3-ЖБ;

байланыс – 4-ЖБ;

электр-механикалық – 5-ЖБ;

авиациялық – 6-ЖБ;

радиотехникалық – 7-ЖБ;

2) қызмет:

радиоэлектрондық күрес – РЭК-қызм.;

радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс – Х-қызм.;

медициналық – М-қызм.;

жабдықтау – Ж-қызм.

Жеке корабльде және кеме олардың мамандануына және құрылымының ерекшелігіне байланысты қызметтер құрылады.

10. Корабльдің дәрежесіне байланысты корабльдің штатына сәйкес жауынгерлік бөлімдер мен қызметтер топқа, батареяға және командаға (бөлімшеге) бөлінеді.

Жауынгерлік бөлім, топ, батарея басында командир, ал қызмет басында бастық тұрады.

11. 2, 3 және 4-дәрежелі корабльде бір офицер екі және одан да көп жауынгерлік бөлімге немесе қызметке басшылық жасайды.

12. Корабль жеке құрамының алғашқы құрылымдық бөлімшесі бөлімше болып табылады. Оларды бөлімше командирі басқарады. Бөлімшелер команда старшиналары басқаратын командаға біріктіріледі.

13. 1, 2 және 3-дәрежелі корабльдің күнделікті әрекетін қамтамасыз ету үшін жауынгерлік бөлім (қызмет) құрамына кірмейтін бөлімше құрылады. Бұл бөлімше:

корабль командирі аға көмекшісінің (мемлекеттік құпияны қорғау бөлімшесі мен оркестр);

корабль командирі тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарының ( клуб пен типография);

корабль командирі көмекшісінің (боцмандық команда мен авиациялық жабдыққа қызмет көрсету құрамасы) тікелей бағынысында болады.

14. Ұрыс үшін корабльдің жеке құрамы командалық пункт пен жауынгерлік бекетке бөлінеді.

Жауынгерлік дабыл бойынша бөлінбеген жеке құрам өз жауынгерлік бөлімінің ( қызметінің) жауынгерлік бекетінде жауынгерлік бекетке, жауынгерлік бөлімге ( қызметке) бөлінеді. "Жауынгерлік дабыл" ("оқу-жаттығу дабылын") жариялаған сәттен бастап ол "Жауынгерлік дабыл кестесіне" сәйкес бастықтың бағынысына түседі және ол аяқталғаннан кейін оның басшылығымен күнделікті қызмет өткеретін бастықтың бағынысына қайтады.

## 2-параграф. Командалық пункт пен жауынгерлік бекет

Корабль командирінің командалық пункті корабльдің бас командалық пункті (бұдан әрі – БКП) болып табылады.

БКП істен шыққанда қосалқы командалық пункт (бұдан әрі – ҚКП) құрылады, ол корабльді қосалқы басқару құралымен және байланыс құралымен жабдықталады. Осы

мақсат үшін жауынгерлік бөлімде (қызметте) қосалқы пункт бұдан әрі – ҚП) жабдықталады.

Корабльдің белгілі бір жобасында жағдай дерегін жинау, өңдеу және талдау үшін арналған және корабль командирінің аға көмекшісі жетекшілік ететін орталық командалық пункт (бұдан әрі – ОКП) құрылады.

15. Корабльдегі барлық командалық пункт, жауынгерлік бекет пен жауынгерлік нөмір осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес белгілері болады.

Корабль мен кемеде командалық пункт пен жауынгерлік бекетке әрбір жауынгерлік бөлімде (қызметте) корабльдің (кеменің) алдыңғы жағынан артқы жағына қарай және қондырма, палуба мен платформа бойынша жоғарыдан төмен қарай реттік нөмір бойынша нөмір қойылады.

Штат бойынша жауынгерлік бөлім мен қызмет көзделмеген 4-дәрежелі корабльде жауынгерлік бекет корабль бойынша нөмірдің жалпы өсу тәртібімен нөмір қойылады.

**3-параграф. Жауынгерлік нөмір**

16. Корабльдің жауынгерлік ұйымына сәйкес старшиналар мен матростарға жауынгерлік нөмір беріледі.

Жауынгерлік нөмір үш бөліктен тұрады:

бірінші бөлік (сан немесе әріп) Жауынгерлік дабыл кестеге сәйкес старшина немесе матрос қандай жауынгерлік бөлімде (қызметте) тұратынын көрсетеді;

екінші бөлік (бір, екі немесе үш сан) жауынгерлік дабыл бойынша жауынгерлік бекет нөмірін, кестеге сәйкес старшина немесе матрос қандай жауынгерлік бөлімде тұратынын көрсетеді;

үшінші бөлік (екі сан) старшинаның немесе матростың жауынгерлік ауысымға тиесілігін айқындайды, бірінші сан жауынгерлік ауысым нөмірін, екінші сан старшинаның немесе матростың ауысымдағы реттік нөмірін білдіреді.

Жауынгерлік ауысымға мынадай сандар беріледі:

бірінші жауынгерлік ауысымға – 1, 5, 7;

екінші жауынгерлік ауысымға – 2, 4, 8;

үшінші жауынгерлік ауысымға –3, 6, 9.

Жауынгерлік бекетте әрбір жауынгерлік ауысымда 9 адамға дейін болғанда оларды белгілеу үшін 1, 2, 3 сандары; ал 18 адамға дейін болғанда 1 және 5, 2 және 4, 3 және 6 сандары; 27 адамға дейін болғанда 1, 5 және 7, 2, 4 және 8, 3, 6 және 9 сандары қолданылады.

17. Старшиналар мен матростардың жұмыс киімін киюі үшін жауынгерлік нөмір ақ түсті мықты матадан жасалады және сол жақтағы сыртқы қалтаға тігіледі, жазу қара бояумен жазылады.

Жауынгерлік нөмір (жазу) саны мен әріптерінің биіктігі 30 миллиметр.

Атқаратын лауазымы бойынша міндеттерді орындауға жіберілмеген старшина мен матрос, сондай-ақ корабльде тәжірибеден өтетін курсант үшін жауынгерлік нөмірдің бірінші саны (әрпі) алдына "0" (нөл) саны қойылады.

Барлық офицердің арнайы киім-кешегіне лауазымының қысқаша атауы көрсетілген жазу жазылады.

18. Старшина мен матрос "Жауынгерлік нөмір" кітапшасын алады, онда оның болатын жері және барлық корабльдік кесте бойынша міндеттері, сондай-ақ оған бекітіліп берілген табельдік қару мен газтұмша нөмірі көрсетіледі.

"Жауынгерлік нөмір" кітапшасы қатаң есепте тұрады. Қызметтен босатылғанда немесе жағалауға шыққанда кітапша кезекші қызмет адамына тапсырылады және сейілдеме қағазын тапсырғанда (жағадан келгенде) қайтарылады.

**4-параграф. Корабльдік кесте**

19. Корабльдік кесте қаруды және корабльдің техникалық құралын қолдану, сондай-ақ жүйелі қайталанатын корабльдік іс-шаралар мен жұмыс үшін жеке құрамды командалық пункт пен жауынгерлік бекет бойынша бөлу мақсатында жасалады.

Корабльдік кесте жауынгерлік және күнделікті болып бөлінеді.

20. Ұрыста корабль ұйымын айқындайтын негізгі құжат "Жауынгерлік дабыл кестесі" болып табылады. Оның негізінде корабль кестесі әзірленеді.

21. Корабль жеке құрамы мамандығын, даярлық деңгейін, дене шынығуын ескеріп, командалық пункт пен жауынгерлік бекет бойынша бөлінеді. Бөлу ұрыста қаруды және корабльдің техникалық құралын толық және тиімді қолдануды, корабльдің төзімділігі үшін күресті және жеке құрамның өзара ауыстырылуын қамтамасыз етеді.

Ұрыста корабль командирінің орнына командирдің аға көмекшісінен (көмекшісінен ) кейін корабль командирінің бұйрығында белгіленген тәртіппен корабль офицері болады.

22. Әрбір серияның басты кораблінің "Жауынгерлік дабыл кестесінің" бастапқы жобасын ҚР ҚК ӘТК бас штабы әзірлейді.

Сериясы жоқ корабль үшін корабль офицерлері құрама штабының жетекшілігімен корабльдің техникалық құжаттамасына кіретін жеке құраммен жасақтау табелі негізінде "Жауынгерлік дабыл кестесінің" бастапқы жобасын әзірлейді.

Жауынгерлік бөлім командирі мен қызмет бастықтары корабльді салу (жаңғырту) кезінде корабль командирі аға көмекшісінің (көмекшісінің) жетекшілігімен флагмандық мамандардың және командирдің материалдық техникалық қамтамасыз ету және электр-механикалық қызметі жөніндегі орынбасарларының қатысуымен өз құрамасының "Жауынгерлік дабыл кестесін" толық пысықтайды. Бұл ретте олар қаруда , техникалық құралда және олардың корабльде тұрған жерінде болған өзгерістерді ескереді. Толық пысықталған "Жауынгерлік дабыл кестесін" құрама командирі бекітеді .

23. Корабльдік кестеге және жауынгерлік нұсқаулыққа түзету корабль ұйымын пысықтауға және жинақталған тәжірибеге қарай, сондай-ақ бір тектес сериялы корабльдер үшін айқындалатын көлемдегі құрылымдық және штаттық өзгеріс болғанда құрама командирі, ал сериясы жоқта корабль командирі енгізеді.

24. Жауынгерлік кестеге:

суасты, суүсті және әуедегі жағдайды техникалық және шолып қадағалау схемасы, командалық пункт, жауынгерлік бекет пен корабль жеке құрамына нөмір беру табелі бар жауынгерлік дабыл кесте (№ 1 жауынгерлік әзірлік);

суасты, суүсті және әуедегі жағдайды техникалық және шолып қадағалау тізбесі бар № 2 жауынгерлік әзірлік кестесі;

корабльді ұрысқа және жорыққа даярлау кестесі;

корабльдің төзімділігі үшін күрес кестесі;

қаза табу қатері кезінде жеке құрамның корабльден кету кестесі;

суасты диверсиялық күштер мен құралдарға қарсы күрес (бұдан әрі – СДКҚК) бойынша қаруланған вахташының шолып қадағалау (және диверсияға қарсы гидроакустикалық станцияда (бұдан әрі – ГАС) техникалық қадағалау) схемасы бар № 1 және № 2 жауынгерлік әзірлік кестесі;

қаруды мен оқ-дәріні қабылдау (тапсыру) кестесі;

корабльдік жару құрамасының кестесі;

жеке құрамның корабльді қауіпсіздендіру, газсыздандыру, дезинфекциялау, экипажды дозиметрлік және химиялық бақылау және санитариялық өңдеу бойынша, сондай-ақ корабльде карантин (обсервация) енгізгендегі міндеттері айқындалатын арнайы өңдеу учаскесі тұрған жер және жеке құрамның қозғалысы схемасы бар корабльді арнайы өңдеу кестесі;

апатқа ұшыраудағы корабльге немесе ұшу аппаратына көмек көрсету және корабльден авариялық-құтқару тобын жеткізу кестесі;

корабльді корабльдік ұшу аппаратын қабылдайды, ұшуды қамтамасыз етеді және оларды басқаруға дайындау кестесі;

борт сыртындағы гидроакустикалық құрылғыны орнату және көтеру кестесі;

трал мен іздегішті орнату және жинау кестесі;

жеке құрамды орналастыру схемасы бар минаны дайындау және қою кестесі;

десант жеке құрамы мен техникасын орналастыру схемасы бар десантты қабылдау және түсіру және корабльдік десанттық бөлімшені жеткізу кестесі жатады.

Арнайы мақсаттағы корабльде және қамтамасыз ету кемесінде мамандығына қарай кесте жасалады, оның тізбесін құрама командирі айқындайды.

25. Күнделікті кестеге:

қару мен техникалық құралды иелену, қарап-тексеру және тексеру кестесі;

зәкірге (бөшкеге, швартовқа) қою және зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алу кестесі
;

сүйреу схемасы бар сүйреу кестесі;

жүзу үстінде қатты, сұйық және жарылыс қаупі бар жүкті қабылдау және беру кестесі;

тұрақ үшін каюта мен кубрик кестесі;

жинау кестесі;

корабльді қараңғылау кестесі;

жүзу құралын түсіру және көтеру кестесі жатады.

26. Кестеде әрекет ететін жер (КП, ЖБ, бөлік, үй-жай), жеке құрамның міндеттері, офицерлердің лауазымы, старшиналар мен матростардың лауазымы мен жауынгерлік нөмірі көрсетіледі. Жеке құрамның инициалдары мен тегі корабль жеке құрамына нөмір беру табеліне жазылады.

Жауынгерлік дабыл кестесінде жауынгерлік бекет жеке құрамының "Радиациялық қауіп" және "Химиялық қауіп" сигналы бойынша корабль корпусын герметизациялау, жараланған және залалданған адамдарға көмек көрсету бойынша, күрделі жағдайда жүзгендегі әрекеті, сондай-ақ жеке құрамның жауынгерлік дабыл бойынша, бірақ негізгі жауынгерлік функциядан ерекше міндеттері көрсетіледі.

27. Корабльдік кесте кітабына енгізіледі.

Кітапқа:

корабльдің барлық жауынгерлік ұйымының схемасы;

корабльдің күнделікті ұйымының схемасы;

корабльдің жауынгерлік схемасы;

өрт сөндіру түтігіне, өрт сөндіргішке, судан қорғау жүйесінің клапанына нөмір қою;

таңбалануы бар су-газ өткізбейтін есік, люк, мойын және желдеткіш қақпақ тізбесі енгізіледі.

Корабльдің жауынгерлік ұйым схемасында жауынгерлік дабыл бойынша олардың бағыныстылығы көрсетілген командалық пункт пен жауынгерлік бекет көрсетіледі.

Корабльдің бойлық бөлігіндегі корабльдік жауынгерлік схемасында корабльдің барлық командалық пунктінің, жауынгерлік бекеттің, бөліктердің және үй-жайлардың тұрған жері көрсетіледі.

28. Жауынгерлік нұсқаулықта старшиналар мен матростардың жауынгерлік дабыл, ұрыста және төзімділік үшін күресте қару мен техникалық құралды қолдану бойынша міндеттері, сондай-ақ корабль корпусын герметизациялау, "Химиялық дабыл" және " Радиациялық қауіп" сигналы бойынша, корабльді арнайы өңдеу және жеке құрамды санитариялық өңдеу, жараланған және залалданған адамдарға медициналық көмек көрсету, күрделі жағдайда жүзу бойынша қосымша міндеттері жазылады.

Жауынгерлік нұсқаулық корабль жеке құрамының жауынгерлік нұсқаулығы жинағына біріктіріледі, ол корабльдік кестеге қосымша болып табылады.

**5-параграф. Корабльде дабыл жариялау**

29. Корабльде дабылдың мынадай түрі белгіленген:
1) "Жауынгерлік дабыл":
ұрыс жүргізу үшін;
жауынгерлік әзірлікті іс жүзінде арттыру үшін.
Соғыс уақытында: базадан (базаға) шығу (кіру), тар жолдан өту, күрделі жағдайда жүзу, сондай-ақ корабльді ұрысқа және жорыққа шұғыл дайындау үшін;
2) "Оқу-жаттығу дабылы":
корабль экипажының жауынгерлік дабыл бойынша әрекет етуін пысықтау үшін;
іс жүзінде қару қолданылатын корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу үшін;
экипажбен жауынгерлік бекетте, оның ішінде төзімділік үшін күрес бойынша корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу мен жаттықтыру үшін;
оқ-дәріні тиеу (түсіру) үшін;
корабльді базадан (базаға) шығару (кіргізу), тар жолдан өту, күрделі жағдайда жүзу үшін;
корабльді ұрысқа және жорыққа шұғыл дайындау үшін.
Корабльдік хабарландыру бойынша жауынгерлік және оқу-жаттығу дабылын жариялаумен бір уақытта оның мақсаты жарияланады.
Мысалы: "Оқу-жаттығу дабылы төзімділік үшін күрес бойынша корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу үшін жарияланды".
Жоғарыда аталған дабылды жариялаумен жеке құрам "Жауынгерлік дабыл кестесіне" сәйкес жауынгерлік бекетке кетеді, баяндайды (Мысалы: "№ 2 жауынгерлік бекет оқу-жаттығу дабылы бойынша орнында") және БКП-дан одан кейінгі команданы күтеді;
3) "авариялық дабыл" – корабльдің ішіне су кіргенде, өрт шыққанда, жарылыс, қауіпті газ (зиянды зат) шоғырланғанда және ұрыстан тыс авариялық жағдайда;
4) "химиялық дабыл" – химиялық немесе биологиялық залалдану қаупі болғанда немесе анықталғанда;
5) "радиациялық қатер" – тікелей радиоактивтік залалдану қаупі болғанда немесе анықталғанда.
Корабльде кернеймен, зорайтқышпен немесе дыбыспен берілетін сигнал, сондай-ақ корабльде дабыл жариялау үшін склянка соғу тәртібі осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада келтірілген.

## 3-тарау. Жауынгерлік даярлық

### 1-параграф. Жалпы ережелер

30. ӘТК-ны жауынгерлік даярлау ӘТК құрамасының, әскери бөлімдері мен корабльдерінің тіршілігіндегі және әрекетіндегі негізгі және айқындаушы болып табылады. Ол оларды белгіленген жауынгерлік әзірлікте ұстау мақсатында жүргізіледі.

31. ӘТК-ны жауынгерлік даярлау бейбіт уақытта сонымен қатар соғыс уақытында жүзуде сонымен қатар корабльдің зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда жүргізіледі. Оқытып-үйрету жыл бойы жүргізіледі.

32. Қатысушылардың құрамы бойынша ҚР ҚК ӘТК кораблін, әскери бөлімі мен құрамасын жауынгерлік даярлау:

әскери қызметшілерді жеке (дербес) даярлау;

корабльдік бөлімшені, корабль экипажын, корабль тобын және корабльдік құраманы даярлығы;

басқа басқару органын (штабты) даярлау болып бөлінеді.

33. Зерделенетін сұрақтар бойынша ҚР ҚК ӘТК кораблін, әскери бөлімі мен құрамасын жауынгерлік даярлау:

тактикалық даярлау;

мамандық бойынша даярлау;

жалпы даярлау;

корабльдің төзімділігі үшін күреске даярлау болып бөлінеді.

34. Тактикалық даярлау:

офицерлерді тактикалық даярлау;

басқа басқару органын (штабты) тактикалық даярлау;

күштерді (корабль, корабльдік топ, әскери бөлім мен құрама) тактикалық даярлау болып бөлінеді.

35. Мамандық бойынша даярлау – ӘТК-да жеке құрамды қаруды, техникалық құралды қолдануға және оларды жауынгерлік және күнделікті жағдайда қолдану міндеттерін орындауға оқытып-үйретеді бағытталған бағдарламаға сәйкес әскери қызметшілерді оқытып-үйретудің маңызды кезеңі.

ӘТК-ны мамандық бойынша даярлау: штурмандық, зымыран, артиллериялық, қайыққа қарсы, торпедалық, миналық, минаға қарсы, суасты-диверсияға қарсы, авиациялық-техникалық, электр-механикалық, радиотехникалық, сүңгуірлік, медициналық, сондай-ақ байланыс, барлау, әскерді жасырын басқару және мемлекеттік құпияны қорғау, радиоэлектрондық күрес, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау бойынша даярлық болып бөлінеді.

36. Жалпы даярлық жарғыларды, теңіз, құтқару, медициналық, саптық даярлықты, дене шынықтыру дайындығын, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауды пысықтау даярлығын зерделеуді, атыс қаруынан оқ ату жаттығуларын орындауды қамтиды.

37. Корабльдің төзімділігі үшін күреске даярлық корабль құрылымын, төзімділік үшін күрес құралын, жарылыс-өрт қауіпсіздігі және корабльдің суға батпауын қамтамсыз ету іс-шаралары мен қағидаларын, жеңіл-сүңгуірлік даярлықты, корабльге

басшылық жасау және төзімділігі үшін күрес әдісі мен тәсілін, оның қаруы мен техникалық құралын зерделеуді, жауынгерлік және авариялық залалданғанда олардың жауынгерлік мүмкіндігін қалпына келтіру дағдысын пысықтауды қамтиды.

38. Жауынгерлік даярлық процесінде оқытып-үйретудің негізгі нысаны:

сабақ;

жаттықтыру;

жауынгерлік оқу-жаттығу;

топтық жаттығу;

тактикалық лездеме;

жауынгерлік жаттығу болып табылады.

39. Сабақ қару мен техникалық құралдың материалдық бөлігін зерделеу мен практикалық меңгеру үшін, сондай-ақ жеке құрамды даярлайды байланысты мәселелерді зерделеу үшін арналған.

40. Жаттықтыру қаруға, техникалық құралға және корабльдің төзімділігі үшін күреске, қару-жарақ пен техникаға кез келген жағдайда қызмет көрсету және жауынгерлік қолдану бойынша қызметтік міндеттерді орындаудағы тәжірибелік дағдыны пысықтау және бекіту, сондай-ақ күнделікті кестені және күн тәртібі элементін орындау үшін арналған.

41. Жауынгерлік оқу-жаттығу корабль алдында тұрған міндетке сәйкес жауынгерлік бекет жеке құрамының және есептоптың, жауынгерлік бөлім мен қызметтің, командалық пункт пен корабльдің жалпы қару мен техникалық құралды қолдануға, сондай-ақ корабльдің, қару-жарағы мен техникасының төзімділігі үшін күреске дайындауы мен пысықтауы үшін арналған.

42. Жауынгерлік оқу-жаттығу әртүрлі жағдайда, ақаусыз және шартты түрде зақымданған қару-жарақпен және техникамен, толық және қысқартылған жауынгерлік есептоппен жүзуде және тұрақта жүргізіледі.

43. Оқу-жаттығуға қатысушылар құрамы бойынша жеке, дербес, жалпы және корабльдік болып бөлінеді.

Жеке жауынгерлік оқу-жаттығу жеке жауынгерлік бекетте және командалық пунктте өткізіледі.

Дербес жауынгерлік оқу-жаттығу топта өткізіледі.

Жалпы жауынгерлік оқу-жаттығу жауынгерлік бөлімде және қызметте өткізіледі.

Корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу корабль экипажымен өткізіледі.

44. Жауынгерлік оқу-жаттығу өткізу мақсаты бойынша даярлық, сынақ, бақылау, көрнекі оқу-жаттығу болып бөлінеді.

Даярлық оқу-жаттығуы жеке құрам бойында корабльдік кестеге сәйкес лауазымдық міндеттерін орындау және корабль бөлімшелері арасында өзара іс-қимылды пысықтау бойынша қажетті дағдыны қалыптастыру және қолдау үшін арналған.

Сынақ оқу-жаттығуы жеке құрамның корабльдік кестеге және корабль бөлімшелері арасында іс-қимылды пысықтауға сәйкес функционалдық міндеттерін орындау бойынша бағалау үшін арналған.

Бақылау оқу-жаттығуы корабль экипажының нақты даярлығын үлкен командирдің немесе инспекциялайтын адамның кенеттен немесе жоспарлы тәртіппен тексеруі үшін арналған.

Көрнекі оқу-жаттығу оқу-жаттығуды дұрыс ұйымдастыру мен өткізу әдістемесін көрсету үшін арналған.

45. Жаңа қару, техника үлгісін және тактикалық тәсілдерді корабльде қолданылуын тексеру мақсатында тәжірибелік және арнайы оқу-жаттығу өткізіледі.

46. Корабльдік жауынгерлік жаттығу өткізгенде оқ ату орындалады және жауынгерлік құралдарды қолдану бойынша тәсілдер пысықталады. Қолданылатын оқ-дәріге байланысты оқ ату жауынгерлік және практикалық болып бөлінеді. Корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығу өткізу мақсаты бойынша жауынгерлік оқу-жаттығу сияқты даярлық, сынақ, бақылау және көрнекі болып бөлінеді. Корабльдің даярлық деңгейі бойынша ең жақсысын айқындау үшін сайыстық жаттығу өткізіледі.

47. Оқу-жаттығу шартын теңіздегі ұрыстың шынайы жағдайға барынша жақын келтіру үшін әртүрлі имитация түрі қолданылады.

Имитациялау құралын қолданғанда (өрт шығу ошағы, жарылыс салдары, қару-жарақ пен техниканың өзге де зақымдалуы, корабль корпусының тесілуі) болуы мүмкін авариялық жағдайды, зақымдалу және жазатайым жағдайды болдырмауға шаралар қабылданады.

48. Корабль жеке құрамы оқу-жаттығу уақытында нақты авария жағдайын және оқиғаны ажырата білуі үшін өкім, команда және жеткізілім "нақты" деген сөзбен басталады, олар оқу-жаттығу сұрақтарын пысықтауды тоқтатады және кенеттен туындаған нақты міндеттерді орындауға кіріседі.

49. Сабақ, жаттықтыру және оқу-жаттығу тікелей бастық бекіткен оны өткізу үшін басшыға тиісті құжаттар қоса берілген жоспар бойынша өткізіледі.

Корабльдің барлық жеке құрамымен сабақ өткізу жоспары мен корабльдік оқу-жаттығу жоспарын жауынгерлік бөлім командирінің және қызмет бастығының қатысуымен корабль командирінің аға көмекшісі (көмекшісі) әзірлейді.

Жауынгерлік бөлімнің және қызметтің жеке құрамымен сабақ, жаттықтыру және оқу-жаттығу жоспарын жауынгерлік бөлім командирі және қызмет бастығы әзірлейді.

Жауынгерлік бекетте даярлық жоспарын жауынгерлік бекет командирі әзірлейді

50. Сабаққа, жаттықтыруға және жауынгерлік даярлық іс-шараларына бөлімшенің барлық жеке құрамы қатысады. Олардың ішінде тек корабльдік нарядта қызмет өткеретін адам және дәрігер қорытындысы бойынша сырқаттанған адам және бөлімше командирінің рұқсатымен босатылады.

51. Әрбір жаттықтыру, оқу-жаттығу және жауынгерлік жаттығу нұсқау беруден басталады және талдаумен аяқталады. Нұсқау беруде қауіпсіздік шараларының талаптарын түсіндіруге ерекше назар аударылады.

52. Күнделікті кесте және күн тәртібі элементтері бойынша әрекет етуді пысықтау үшін сабақ, жаттықтыру және жеке, дербес, жалпы жауынгерлік оқу-жаттығу, сондай-ақ корабльдік оқу-жаттығу вахтадан дабыл бойынша тәуліктік жоспарда белгіленген уақытта басталады.

Корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығуды бастау үшін "Оқу-жаттығу дабылы" сигналы жарияланады.

53. Корабльде тағайындалған старшиналар мен матростардың қызмет ұйымын, корабль құрылымын, төзімділік үшін күрес құралын және өз бағыты бойынша жерді зерделеуі үшін бір ай беріледі. Офицерлерге 15 күн беріледі.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін әскери қызметшілерді өз міндеттерін дербес орындауға жіберу үшін олардың білімі мен практикалық дағдысы тексеріледі:

офицерді флагмандық маманның қатысуымен корабль командирі тексереді;

старшина – жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы);

матрос – топ (батарея) командирі, ал ол болмағанда – жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы).

Корабльде барлық жеке құрам әрбір оқу кезеңі алдында қызметтің ұйымы, корабльдің құрал-жабдығы бойынша біліктілігі, сондай-ақ радиациялық, химиялық және биологиялық қауіпсіздігі қағидалары, төзімділік үшін күрес құралдары және оларды қолдану бойынша практикалық дағдысы тексеріледі.

54. Өз міндеттерін (жауынгерлік бөлімді, қызметті, топты, батареяны басқару, жауынгерлік нөмірі бойынша) дербес орындауға жіберу корабль командирінің бұйрығымен, ал 4-дәрежелі корабль үшін біріккен әскери бөлім командирінің бұйрығымен жарияланады.

## 2-параграф. Матростар мен старшиналарды даярлау

55. Матростар мен старшиналарды даярлауда:

1) өз бағыты бойынша қару мен техникалық құрал құрылымы зерделенеді және жауынгерлік әртүрлі жағдайда оларды басқару дағдысы пысықталады;

2) жауынгерлік жағдайда әрекет етуде бастама мен табандылық пысықталады;

3) теңіз практикасында қажетті дағды дарытылады және теңіз жорығы жағдайында дене төзімділігі пысықталады;

4) өз бағыты бойынша қару мен техникалық құрал, жауынгерлік бекет пен жалпы корабль төзімділігі үшін күрестегі іс жүзіндегі дағды дарытылады;

5) жаппай қырып-жою қаруының жойғыш мүмкіндігі мен зақымдау факторы туралы білім беріледі, одан қорғанудың іс жүзіндегі дағдысы пысықталады;

6) саптық тәсілдерді орындауда және ұрыста атыс қаруын қолдануда мықты дағды дарытылады;

7) өзіне және қызметтестерге ұрыста алғашқы медициналық көмек көрсету дағдысы дарытылады;

8) старшиналарға бағыныстыларды оқытып-үйрету әдістемесі бойынша мықты білім беріледі және оны іс жүзінде қолдану дағдысы дарытылады.

56. Старшиналар мен матростарды даярлау:

1) мамандығы бойынша сабақ, жаттықтыру мен оқу-жаттығуды;

2) жалпы даярлық бойынша сабақ, жаттықтыру мен оқу-жаттығуды;

3) корабльдің төзімділігі үшін күрес бойынша сабақ, жаттықтыру мен оқу-жаттығуды көздейді.

57. Сабақ корабль базада тұрғанда, рейдте және теңізде ұзақ жүзгенде жауынгерлік даярлық процесінде ұйымдастырылады.

Сабақ практикалық бағытта болады және анағұрлым даярланған старшиналар мен офицерлердің жетекшілігімен өз бағыты бойынша және оған күнделікті және жауынгерлік қызмет көрсету мақсатында корабльдегі қару мен техникалық құрал жанында, оқу-жаттығу орталығында және сыныпта, өнеркәсіп кәсіпорынында өткізіледі.

58. Мамандық бойынша жаттықтыру бөлімше командирінің және команда старшиналарының жетекшілігімен өткізіледі және жеке құрамның штаттық лауазымы бойынша әрекет етуін пысықтау үшін, ал жауынгерлік бекеттегі жаттықтыру жауынгерлік бекет және командалық пункт командирінің жетекшілігімен жеке құрамның корабльдік кесте бойынша міндеттеріне сәйкес әрекет етуін пысықтау үшін өткізіледі.

59. Жеке құрамның әрекет етуін іс жүзінде пысықтау жүйелі түрде: ең бірінші әрекет етуді дұрыс орындауға, кейіннен жылдамдыққа (нормативті орындауға), одан кейін төзімділікке оқытып-үйрету кезеңдігін ескеріп ұйымдастырылады.

60. Матростар мен старшиналарды жалпы даярлау және төзімділік үшін күрес даярлығы бойынша сабақ және жаттықтыруды зерделенетін сұрақтар тақырыбына байланысты бөлімше командирі немесе құраманың флагмандық маманы өткізеді.

**3-параграф. Әскери-теңіз күштерінің офицерлерін даярлау**

61. Офицерлерді даярлау командирлік қабілетті жетілдіреді, кәсіби, құқықтық ( оның ішінде халықаралық-құқықтық) және педагогикалық білім деңгейін арттыруға, жауынгерлік іс-қимылды ұйымдастырудың, дайындау мен жүргізудің мықты дағдысын қалыптастыруға және кез келген жағдайда бөлімшеге, әскери бөлімге, күшке білікті басшылық жасайды бағытталады.

Офицерлерді даярлау бағыты корабльдің, әскери бөлімнің, құраманың жедел және жауынгерлік даярлығына және негізгі тағайындалуына сәйкес.

62. Офицерлерді даярлау тактикалық даярлық, мамандық бойынша даярлық, жалпы даярлық және корабльдің төзімділігі үшін күрес даярлығы болып бөлінеді.

63. Тактикалық даярлық офицерлерді даярлаудың негізгі пәні болып табылады және :

қойылған міндеттерді орындауға шешім қабылдау дағдысын, бастамасы мен дербестігін пысықтауға;

өз күшінің, оның ішінде өзара әрекеттесетін күштің жауынгерлік мүмкіндігін, олардың әрекет ету тактикасын зерделеуге;

ықтимал қарсыластың күші мен құралын жауынгерлік мүмкіндігін және оларды қолданудың тактикалық тәсілдерін зерделеуге;

теңіздегі әскери іс-қимыл театрын, сондай-ақ соғыс құралы мен жүргізу әдістерін құқықтық регламенттеу мәселелерін зерделеуге бағытталады.

Корабль командирін тактикалық даярлау корабльдер құрамасы командирінің жетекшілігімен, ал корабль офицерлерін корабль командирінің жетекшілігімен жүргізіледі.

64. Мамандық бойынша даярлау:

қару мен техникалық құралды зерделеуге және практикалық меңгеруге;

ұрыста қаруды, техникалық құралды қолдану тәсілдерін меңгеруге және оларды күнделікті жағдайда авариясыз пайдалануға;

қару мен техникалық құрал зақымданғанда немесе әртүрлі себеппен тактикалық-техникалық деректер төмендегенде, сондай-ақ жеке құрам ішінара азайғанда оларды қолдану дағдысын дарытуға;

бағыныстыларды оқытып-үйретудің әдістемелік дағдысын дарытуға бағытталады.

Офицерлерді даярлау ұдайы қару мен техникалық құралды қолдануды егжей-тегжей талдауымен бірге жүреді. Мамандық бойынша даярлауды корабльдер құрамасының флагмандық маманы және жауынгерлік бөлім командирі жүргізеді.

65. Жалпы даярлық:

теңіздегі тәжірибені;

радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауды;

сұрақтарды, қойылған міндеттерді табысты орындауды қамтамасыз етуді зерделеуге бағытталады.

Офицерлерді жалпы даярлау корабль командирі аға көмекшісінің (көмекшісінің) жетекшілігімен жыл бойы жүргізіледі.

66. Төзімділік үшін күрес даярлығы:

корабльдің құрылымы және төзімділік үшін күрес құралын зерделеуге;

төзімділік үшін күрес құралын қолдануды және жеке құрамды төзімділік үшін күреске даярлау әдістерін пысықтауға;

корабльдің төзімділігін қамтамасыз ету және оның төзімділігі үшін күреске шебер басшылық жасау бойынша практикалық дағдыны пысықтауға;

корабльдің суға батпауы және ол ауыр зақымдалғанда жай-күйін дұрыс бағалау алу құжаттамасын зерделеуге;

төзімділік үшін күрес және оны іс жүзінде орындау бойынша нормативті білуге;

корабльмен, оның қаруы және техникалық құралымен навигациялық және техникалық авариялық оқиғаны және оған алғышартты зерделеуге және талдауға бағытталады.

Офицерлерді корабльдің төзімділік үшін күреске даярлау барлық жыл бойы корабль командирінің аға көмекшісінің (көмекшісінің) жетекшілігімен жүргізіледі.

**4-параграф. Корабльді дайындау**

67. Корабльді дайындау барлық корабль экипажын шоғырландыруға және оны корабльге тән жауынгерлік міндеттерді орындауға даярлайды бағытталған.

Корабльдік тактикалық оқу-жаттығу жалпы корабльді жоғары даярлау нысаны болып табылады.

68. Әрбір корабльдік тактикалық оқу-жаттығу қамтылымы бойынша жауынгерлік даярлық курсының пысықталатын міндетіне сәйкес тактикалық жағдай жасаумен өткізіледі. Қару мен техникалық құралды қолдану бойынша корабльдік жауынгерлік жаттығу жалпы қарудың, техникалық құрал мен корабльдің төзімділігі үшін күрес бойынша міндеттерімен кешенді орындалады.

69. Корабльді күрделі жағдайда әрекет етеді дайындайды ерекше назар аударылады. Бұл ретте жүзу жағдайын қиындатуда және міндеттерді орындауда қажетті жүйелілік сақталады.

70. Корабльді дайындау жүйелілікпен жүргізіледі. Корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығуға корабльдің командалық пункті, жауынгерлік бөлімі мен қызметі дайын болғаннан кейін кірісіледі.

71. Корабльдік оқу-жаттығу тақырыбы корабль пысықтайтын курстық міндеттер негізінде айқындалады.

Жауынгерлік даярлық курсының міндеттерін пысықтаған корабль үшін оқу-жаттығу тақырыбы жауынгерлік әзірлікті қол жеткізілген деңгейде ұстау және оны жетілдіру талаптары негізінде айқындалады.

Жалпы оқу-жаттығу тақырыбы мен мерзімі болатын корабльдік оқу-жаттығу тақырыбына сәйкес таңдалады. Жалпы оқу-жаттығу корабльді жалпы дайындау жөніндегі дайындық іс-шаралары болып табылады деп пайымдалады.

72. Төзімділік үшін күрес бойынша корабльдік оқу-жаттығуда басты назар:

командалық пунктті пысықтауға;

офицерлерді төзімділік үшін күресте білікті басқаруға;

жеке құрамның бөліктерге су кіргендегі, өрт шыққандағы, түтін пайда болғандағы, техникалық құралдың біршама бөлігі істен шыққандағы және жеке құрамның бір бөлігі саптан шыққандағы, төмен және жоғары температура жағдайындағы, бөлікте қысым

жоғары болғандағы, қауіпті газ шоғырындағы, радиоактивті залалданудағы күрделі және ауыр авариялық жағдайда үлгілік зақымдану нұсқалары бойынша дұрыс әрекет етуіне назар аударады.

### 5-параграф. Жауынгерлік даярлықты жоспарлау, есепке алу мен қорытындылау

73. Жауынгерлік даярлықты жоспарлау негізіне жеке құрамының нақты даярлық деңгейі, корабльдің техникалық жай-күйі, оның жасақталуы мен құрама командирі оқу жылына қойған міндеттер қойылады.

74. Барлық дәрежедегі бастық қысқы және жазғы кезеңдегі, сондай-ақ оқу жылындағы жауынгерлік даярлық қорытындысын дербес жасайды. Қорытынды тікелей бастықтың жетекшілігімен жасалады:

бөлімшеде, командада, топта (батареяда) – апта сайын;

жауынгерлік бөлімде, қызметте, жалпы корабльде – ай сайын.

Жеке міндеттерді орындау қорытындысы оларды талдаған уақытта жасалады.

## 4-тарау. Корабльде және кемеде лауазымды адамдардың қызметін ұйымдастыру

### 1-параграф. Корабльдер құрамысының командирі

75. Корабльдер құрамысының командирі барлық құрама жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады. Ол дара басшы болып табылады және:

құраманың жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігіне және жауынгерлік қабілетіне;

құраманың қойылған міндеттердің табысты орындалуына;

жеке құрамның жауынгерлік даярлығына, әскери тәрбиесіне, моральдық-психологиялық жай-күйі мен әскери қызмет қауіпсіздігіне;

жарғылық ішкі тәртіпке;

құрамада қару-жарақтың, әскери техника мен материалдық құралдың жай-күйі мен сақталуына;

құрамада тылдық, медициналық, әлеуметтік-құқықтық және тұрмыстық қамтамасыз етілуге;

мемлекеттік құпияны қорғауды қамтамасыз етеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдайды;

шарттық және талап-арыз жұмысына жауапты болады.

76. Корабльдер құрамасының командирі:

құраманы қойылған міндеттерді орындауды қамтамасыз ету жай-күйінде жауынгерлік, жұмылдыру әзірлігінде және жауынгерлік қабілетінде ұстайды;

әрбір корабльдің және жалпы құраманың жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін, корабльге және құрама қойылған міндеттерді біледі;

тактикалық-техникалық деректерді және өз құрамасы корабльдерінің жауынгерлік мүмкіндігін, олардың қаруы мен техникалық құралын біледі;

жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігі іс-шараларын жоспарлауға, ұйымдастыру мен жүргізеді, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы жоспарын әзірлейді басшылық жасайды және оның орындалуын бақылайды, құраманың тағайындалуын біледі және кез келген жағдайда оны басқарады, жауынгерлік жағдайда шешім қабылдайды;

корабльдің, қаруы мен техникалық құралының аварияға ұшырауын алдын алу жұмысын басқарады, құрама тұрған және жүзетін ауданда қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурсты оңтайлы пайдалану бойынша шаралар қабылдайды;

жеке кәсіби даярлығын және құраманы басқару әдісін жетілдіреді;

автоматтандырылған әскерді және ресурсты басқару жүйесін ендіруді және пайдалануды бақылайды;

корабльмен және кемемен оқу-жаттығу өткізеді, құрама штабын дайындайды, корабль және кеме командирімен, олардың орынбасарларымен және құраманың флагмандық мамандарымен сабақ өткізеді;

күн тәртібін және қызмет уақыты регламентін белгілейді, ішкі тәртіптің сақталуын талап етеді, орындалатын міндеттерді ескеріп, жеке құрамның киім нысанын айқындайды;

корабльден бастап және одан жоғары құраманың әрбір офицерлері мен старшиналарының іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін, сондай-ақ әскери атағын, тегін, атын, атқаратын лауазымын, мамандығын, отбасы жағдайын біледі, офицерлермен және старшиналармен құқықтық, әскери тәрбие, педагогикалық дағдыны, кәсіби даярлықты жетілдіру жұмысын ұдайы жүргізеді;

құрамадағы мемлекеттік құпияны қорғауды қамтамасыз ету ісінің нақты жай-күйін біледі, құпия ақпараттың жария болуы мүмкін болатын арнаны анықтау және жабу жұмысын ұдайы ұйымдастырады, бөлімде ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

жаңадан келген буынды даярлауды және корабльдер (жауынгерлік бөлімдер) бойынша бөлуді басқарады және оларға әскери ант қабылдатады;

кадр іріктеу мен орналастыруды басқарады;

құраманы келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жасақтауды ұйымдастырады және жүргізеді;

әскери оқу орнына оқуға түсу, курстық даярлыққа жіберу, жоғары лауазымға ілгерілету үшін кандидат айқындайды, бұл ретте әскери ұжымның пікірін, тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясының ұсынысын ескереді;

әскери қызметшілердің тұрмысын жақсарту, олардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша шаралар қабылдайды, аптасына азық-түлік мәзірін қарайды және бекітеді, тамақ сапасын және толық береді күнделікті бақылауды ұйымдастырады, апта сайын бір корабльде тағам әзірлеу сапасын тексереді;

белгіленген қорды ұстау, қару-жарақ пен әскери техниканы, материалдық құралды сақтау, ақаусыз жай-күйде ұстау және дұрыс қолдану бойынша шаралар қабылдайды, олардың бар болуын, жай-күйі мен қолдануға әзірлігін тексереді, жылына екі реттен

сиретпей құраманың әрбір кораблін қарап-тексереді, қарап-тексеру нәтижесін құрама бойынша бұйрықта жариялайды, апта сайын құрама аумағын және айлағын қарап-тексереді;

құқық бұзушылықты алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, ал ол жасалғанда аға командирге (бастыққа) баяндайды, әскери полицияны және құқық қорғау органын жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабардар етеді, қызметтік тергеп-тексеру тағайындайды;

адамның қаза табуына немесе мертігуіне байланысты немесе өзге де ауыр зардапқа әкелген аварияны, апат пен оқиғаны тергеп-тексереді, сондай-ақ жалпыәскери жарғыларда, әскери қызметшілер арасындағы қарым-қатынас қағидаларында айқындалған бұзушылық жағдайын тергеп-тексереді қатысады;

бағыныстыларға сабақта, оқ атуда, оқу-жаттығу мен жұмыста қару-жарақпен және әскери техникамен, оқ-дәрімен жұмыста қауіпсіздік талаптарын уақтылы жеткізеді, ал қажет болғанда олардың орындалуына бақылау орнатады және жүзеге асырады;

құраманың жеке құрамын, қару-жарағы мен әскери техникасын, материалдық құралын жаппай қырып-жою қаруы факторынан және аумақтық және азаматтық қорғаныс ерекшелігін ескеріп, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан қорғау іс-шараларын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

құрама қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қаражатты жоспарлауды, қаржы, шарттық , талап-арыз жұмысын, шаруашылық қызметті басқарады, материалдық және қаражатты уақтылы игеру, заңды, мақсатты, тиімді және үнемді жұмсау бойынша шаралар қабылдайды;

құраманың қызметтік-тұрғынжай қорын, коммуналдық құрылысжай мен жер учаскесін ұстау мен дұрыс пайдалануға бақылауды жүзеге асырады. Жылына екі реттен сиретпей әскери объектілерді, ғимараттарды, құрылысжай мен жер учаскесін қарап-тексереді, қарап-тексеру нәтижесін актіде және құрама бойынша бұйрықта жариялайды;

құрама тұрған жерде диверсияға қарсы қауіпсіздікті және күзетуді ұйымдастырады;

қарауылдық, кезекші және вахталық қызметке бақылауды жүзеге асырады, оларды өткеруді тексереді және тексеруді ұйымдастырады;

гарнизоннан тыс рейске кетер алдында машина (команда, лек) үлкеніне нұсқау береді;

қызметтер бойынша әскери мүліктің, сондай-ақ қаражат пен құндылықтың болуын жоспарлы және кенеттен тексеруді жеке өзі және лауазымды адамды, ішкі тексеру комиссиясын тартып жүргізеді, мемлекетке залал келтіру анықталғанда қызметтік тергеп-тексеру тағайындайды және кінәлі адамды жауаптылыққа тарту туралы шешімді уақтылы қабылдайды;

әскери ұжымда жариялылықты, әлеуметтік әділеттілікті, әскери қызметшілер арасында өзара сенімді орнатады, бөлімшеде кемшіліктерге, селқостық пен әрекетсіздікке ден қою жағдайын жасайды;

келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің жыл сайынғы негізгі демалыс кестесін бекітеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы, әскери тәртіп пен ішкі тәртіп, тәуліктік нарядтың қызмет өткеруі жай-күйін талдайды, айына бір реттен сиретпей қорытынды жасайды және оларды жақсарту бойынша шараларды айқындайды;

құрама орналасқан жерде Қазақстан Республикасының Президентін, тікелей бастықтарды, армия генералын, генерал-полковникті, адмирал мен инспекциялауға ( тексереді) басшылық жасайды тағайындалған адамды қарсы алады, баяндайды және бірге жүреді;

айына бір реттен сиретпей жеке мәселелер бойынша әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелерін және азаматтық персоналды қабылдайды;

белгіленген жеткізілімді және есептілікті жоғарғы штабқа және жабдықталым органына беруді, келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің, әскерге шақыру бойынша офицерлердің ісі мен лауазымын уақтылы қабылдауын (тапсыруын) бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығында айқындалған тәртіппен ішкі тексеру комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;

әскери қызметшілердің отбасымен жұмысты ұйымдастырады.

77. Корабльдер құрамасының командирі лауазымды тапсырғанда жаңа командирге құрамаға қойылған міндеттерді және оларды орындау жоспарын, құраманың жай-күйі мен жауынгерлік әзірлігі, жауынгерлік даярлықтың барысы туралы, корабль мен бөлімшенің жеке құраммен жасақталуы, оның моральдық-психологиялық жай-күйі, тәртібі туралы мәліметтерді және құрама қолбасшылығына кіретін адамға қажетті басқа да мәліметтерді береді.

78. Корабльдер құрамасының командирі құраманы жауынгерлік даярлайды басшылық жасайды. Ол өзіне тікелей бағынысты корабль командирін (төменгі құрама командирін) тікелей оқытып-үйретеді және штаб бастығының және өз орынбасарларының қызметіне басшылық жасайды. Корабльдер құрамасының командирі құрамаға қойылған міндеттерге сәйкес штабты дайындайды. Ол орынбасарларының, бағынысты құрама, корабль командирлерінің және орынбасарларының іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін білуі қажет.

79. Құрама командирі жүйелі түрде өз құрамасының кораблінде теңізге шығады. Ол жылына бір реттен сиретпей, сондай-ақ корабль қолбасшылығына түскенде және корабльді құрама құрамынан шығарғанда әрбір корабльді қарап-тексереді. Ол жауынгерлік міндеттерді орындағанда, оқу-жаттығуда, корабль курстық міндеттер мен маневр жасауды пысықтағанда құрама кораблінің әрекетіне баға береді.

80. Теңізге шығар алдында құрама командирі корабль командирлеріне жорыққа шығуға тапсырма қояды, оларды өтпедегі ахуалмен таныстырады, жорық реттілігін және ондағы әрбір корабль орнында, тактикалық нөмірін, қорғаныс пен қорғаудың барлық түрін ұйымдастыру, жасырын өтуді қамтамасыз ету, басқару жүйесін, байланыс және қадағалау құралын қолдану шараларын, сондай-ақ күрделі жағдайда жүзгенде, корабль құрамадан қол үзіп қалғанда,зақымданған корабльге көмек көрсеткенде, сүйреп жүзгенде жүргізілетін іс-шараларды көрсетеді. Ол теңізге шығуға кораблььді дайындауды және тексеруді ұйымдастырады.

81. Құрама командирі корабльдің оқ-дәрісін, жанар және жағармай материалын, суды және техникалық құрал ресурсын дұрыс жұмсауды, корабльдің техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге уақытты уақтылы беруді бақылайды.

Егер жағдай мүмкіндік берсе, онда құрама командирі өтпеде үнемді жүзу жылдамдығын белгілейді.

Корабль командирі корабльді дербес басқаруға корабльді басқаруға және оның қауіпсіздігіне жауапты корабль командирі жариялаған сәттен бастап әскери-теңіз базасы (құрама) командирінің бұйрығына сәйкес жіберіледі.

82. Құрама командирі теңізде құрама корабліне жүзу жылдамдығын, бағытын, жорықтық реттілікті белгілейді және оның жалауы астында бір сапта әрекет ететін корабльдің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ол үшін құрама командалық пунктінің жұмысын ұйымдастырады.

Құрама командирінің рұқсатынсыз қатерге әкелетін бағыттан басқа, белгіленген бағыт, жылдамдық пен жорықтық тәртіп өзгертілмейді.

Жеке жүзетін корабльде болып, құрама командирі корабль командиріне жағдайдың, бағытың, корабль жылдамдығының өзгеруі туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды.

83. Егер корабль командирі дұрыс әрекет етсе немесе құрама кораблі және корабль қауіпсіздігіне әсер етпейтін қателер жіберсе, құрама командирі корабльдің маневр жасауына араласпайды. Ол корабль командирі алдын ала қабылдаған маневр жасау аяқталғаннан кейін қандай қателерге жол берілгенін көрсетеді.

Егер құрама командирі корабльді немесе оның маневр жасауын басқаруды (қатерді алдын алу, көрнекі маневрді орындау үшін, аварияға қарсы күресте) өз қолына алса, онда құрама командирі ол туралы корабль командиріне жариялаған немесе оған рульге немесе машинаға тікелей бұйрық берген сәттен бастап кораблльге толық жауапты болады.

Корабльді басқаруды құрама командиріне қайтадан беруді тек ол алдын ала қабылдаған маневр жасау аяқталғаннан кейін немесе кораблльге төнген қатерден өткенде жүзеге асырады.

Құрама командирінің корабльді тікелей басқаруға кірісуі туралы және корабльді басқаруды оның командиріне қайтадан беру туралы вахталық журналда жазба жазылады.

Құрама командирі корабльде болмағанда осы тармақта жазылғандай әрекет ету құрама штаб бастығына немесе командирінің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасарына беріледі.

84. Құрама командирі жүзгенде кез келген уақытта құрама кораблінің келетін жері үлкен бастыққа белгілі болуы туралы қамданады. Ол туралы бағынысты корабль командирінен сұратады. Жеткізілім тәртібін үлкен бастық айқындайды.

85. Құрама командирі өзі болатын, құрама штабын және командалық пунктті орналастыру үшін флагмандық корабльді тағайындайды.

Корабльде болған уақытта ол корабльдегі корабльдегі күн тәртібіне және тіршілік әрекеті мен қызметке тікелей араласпайды және корабльге сонымен қатар оның экипажына қатысты барлық өкімді корабль командиріне береді.

86. Құрама командирі қысқа уақытта болмағанда (жағаға түсу, демалыс, науқастану ) құраманы штаб бастығы немесе құрама командирінің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары басқарады, ол туралы үлкен бастықтың бұйрығында жарияланады.

87. Флагмандық корабльде күн сайын жалау көтерілгеннен кейін құрама командирі штаб бастығынан құрама кораблінің жай-күйі және оларда қордың болуы туралы баяндау қабылдайды.

Құрама командирі құрама жеке құрамына жағалаумен, сондай-ақ құрама кораблі арасында қатынас жасайды уақытша жол бермейді.

88. Құрама командирі құрама алдына қойылған міндеттерді табысты орындау үшін қолбасшылықпен және өзара іс-қимыл жасайтын бөлімдермен және құрамалармен байланысты ұстайды, бағынысты корабль командирлерін және әскери бөлімдерді ахуалдың өзгеруі туралы хабардар етеді.

Құрама командирі қаза тапқан немесе құраманы басқару мүмкіндігінен айыратын жарақаттанғанда құраманың штаб бастығы немесе командирінің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары құраманы қолбасшылық жасайды кіріседі және міндетттерді орындауды жалғастырады.

Егер құрама командирі және оның орынбасарлары саптан шыққанда құрама командирінің жалауы астындағы флагмандық корабль құраманы қолбасшылыққа үлкен бастықтың бұйрығымен тағайындалған адам келгенге дейін басқарады. Сондықтан флагмандық корабль командирі құрама командирінің ниеті туралы хабардар болуы қажет.

**2-параграф. Корабльдер құрамасының штаб бастығы**

89. Корабльдер құрамасының штаб бастығы құрама командиріне бағынады, оның бірінші орынбасары және корабльдер құрамасының барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады. Ол:

құраманың жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігіне және жауынгерлік мүмкіндігіне;

құрама кораблін үздіксіз басқаруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді және флагмандық командалық пункттің жұмысына және автоматтандырылған күштерді басқару жүйесін ендіруге және пайдалануға;

хабардар етуді және байланысты ұйымдастырады;

жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын жоспарлауға;

құрама штабын және басқаруды қамтамасыз ететін және жауынгерлік қамтамасыз ету бөлімшелерін даярлайды;

барлық қорғаныс және қорғау түрімен, құраманы жауынгерлік, техникалық, медициналық және тылдық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

құрамада құтқару даярлығын ұйымдастырады;

корабльді жорыққа белгіленген әзірлікте және қару-жарақ пен техникалық құралды жауынгерлік қолдануға әзірлікте ұстауға;

корабльде жауынгерлік және күнделікті ұйымын айқындайтын құжаттардың, құрамада жеке құрамды, қару-жарақты, әскери техника мен оқ-дәріні есепке алу жай-күйіне;

құрамада ішкі тәртіпті және құпиялылық режимін сақтауға;

штаб жеке құрамын және оған тікелей бағынысты бөлімшені тәрбиелейді, әскери тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйіне, оларды қару-жарақпен және әскери техникамен қамтамасыз етеді;

жасақталуына және құрама жеке құрамын, қару-жарағы мен әскери техникасын, зымыранын, оқ-дәрісін, аспабын, жанар, жағар май материалын және материалдық құралын есепке алу жай-күйіне;

құраманың жауынгерлік міндеттерді табысты орындауына;

құрамада әскер қызметін ұйымдастырады;

құрама лауазымды адамдарының, кораблінің және бөлімшесінің мемлекеттік құпияны қорғау жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;

заңнаманың, берілген және алынған бұйрықтың орындалуын бақылайды жауапты болады.

90. Корабльдер құрамасының штаб бастығы жауынгерлік іс-қимыл және даярлау бойынша штаб жұмысын ұйымдастырады және құрама командирінің бұйрықтар мен өкімін орындауды бақылайды.

91. Корабльдер құрамасының штаб бастығы:

1) құрама кораблі жауынгерлік әзірлігінің нақты жай-күйін зерделейді және қойылған міндеттердің орындалу барысын бақылайды;

2) жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігі құжаттарын әзірлейді және оған рұқсат етілген лауазымдық адамдардың жұмысын басқарады, олардың орындалуын бақылайды;

3) құрама командирінің нұсқауына сәйкес құраманы жауынгерлік даярлау жоспарын әзірлейді және оның орындалуын бақылайды, штаб офицерлерімен

жедел-тактикалық даярлық іс-шараларын өзі өткізеді, жауынгерлік даярлық тәжірибесін жинақтауды және оны құрама кораблі арасында таратады;

4)жауынгерлік даярлық үшін құрама кораблі жауынгерлік, техникалық, медициналық және тылдық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

5) штабтың құраманың электр-механикалық қызметімен бірлесіп, корабльдің теңізге шығу дайындығын тексеруін ұйымдастырады, құрама кораблі дайын болмағанда кейіннен құрама командиріне баяндап, олардың теңізге шығуына жол бермейді;

6) штабтың жұмысын ұйымдастырады және оған күнделікті басшылық жасайды, құрама командирі орынбасарларының, флагмандық мамандардың және құраманың қызметі бастықтарының жұмысын ұйымдастырады және келіседі;

7) басқаруды және құраманың корабльдермен, кемелермен және бөлімшелермен байланысын ұйымдастырады және автоматтандырылған күштерді басқару жүйесін ендіреді және пайдаланады;

8) құраманың штаб офицерлерімен сабақ өткізеді, штабқа тікелей бағынысты бөлімшелерді даярлауды басқарады;

9) корабльде және тікелей бағынысты бөлімшеде қызметті ұйымдастыру және әскери тәртіп жай-күйін, жарғылар мен бұйрықтар талаптарының орындалуын бақылайды;

10) кезекшілікке түсер алдында құрама бойынша жедел кезекшіге, құрама бойынша кезекшіге, оның көмекшісіне, қарауыл бастығына, кезекші бөлімше командиріне, бақылау-өткізу пункті бойынша кезекшіге және штаб бойынша кезекшіге, сондай-ақ гарнизон шегінде рейске шығатын машина жетекшісіне, іссапарға кететін бөлімше командиріне, команда бастығына нұсқау береді және осы бөлімшенің барлық қажеттілікпен қамтамасыз етілгенін тексереді;

11) жедел кезекшілікті атқаруды және құпия іс жүргізудің дұрыс жүргізілуін бақылайды, аптасына бір реттен сиретпей құрамада қарауылдық және ішкі қызметтің дайындау ұйымдастырылуы мен өткерілуін өзі тексереді;

12) жеке құраммен, корабльмен, қарумен және техникалық құралмен болған оқиғалар есебін жүргізеді;

13) құрама штабының және электр-механикалық қызметінің жорықтан кейін жүзуді талдауын және корабльдің олар тұрған жерге қайтып оралғаннан кейін теңізге шығу міндеттерін орындауын ұйымдастырады;

14) құрамаға келетін курсанттар мен тыңдаушылардың оқу практикасынан өтуін ұйымдастырады;

15) корабль командирлерінің, олардың аға көмекшісінің (көмекшісінің), жауынгерлік бөлім командирлерінің және құрама кораблі қызметі бастықтарының, штаб офицерлері мен старшиналарының және тікелей бағынысты бөлімшелердің іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін зерделейді, олармен құқықтық,

әскери тәрбие, педагогикалық дағдыны және кәсіби даярлықты жетілдіру бойынша ұдайы жұмыс жүргізеді;

16) құрамада флагмандық мамандардың қызметін және штабтық бекетті дайындауды басқарады;

17) флагмандық маман орынбасарларын айқындайды және оларды даярлауды бақылайды;

18) құрама кораблінің жеке құраммен жасақталуын бақылайды, құраманы келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жасақтау жұмысын жүргізеді, корабльдер мен бөлімшелер бойынша құрамаға келетін толықтыруды бөледі;

19) әскери шаруашылықтың жай-күйін зерделейді және командирдің оны жүргізу мәселелері бойынша бұйрығының орындалуын бақылайды;

20) құрама командиріне тікелей бағынысты лауазымды адамдардың және штаб офицерлерінің корабль және кеме жай-күйін тексеру жоспарын, әскери қызметшілердің жыл сайынғы негізгі демалыс және ай сайынғы қызметке наряд кестесін әзірлейді, олардың орындалуын бақылайды;

21) құрама командирінің және үлкен командирдің (бастықтың) барлық бұйрығын ( өкімін, бұйырымын) корабльге және кемеге дейін уақтылы және дұрыс жеткізуді, сондай-ақ олардың орындалуын тексеруді ұйымдастырады, маңызды бұйрықты (өкімді, бұйырымды) дербес жеткізеді және олардың орындалуын тексереді;

22) құрама штабына тиісті құрама командирінің орынбасарлары, флагмандық маман және қызмет бастығы беретін жеке құрамның, қару-жарақ пен әскери техниканың, басқа да әскери мүліктің бар болуы, жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінің нәтижесі , қылмыстық және тәртіптік теріс қылық туралы мәліметтердің есебін жүргізуді ұйымдастырады;

23) құраманың Жауынгерлік туын, орден мен вымпелдің және оған құжаттардың дұрыс сақталуын және күтіп-ұсталуын ұйымдастырады;

24) жеке құрамның, қару-жарақ пен әскери техниканың, материалдық құралдың болуын және жай-күйін зерделейді, құрамада олардың есебін жүргізуді басшылық жасайды;

25) жоғарғы штабқа және жабдықталым органына белгіленген жеткізілім мен есептілікті уақтылы берілуін, келісімшарт бойынша әскери қызметшілер мен шақыру бойынша офицерлердің ісі мен лауазымын қабылдауын (тапсыруын) бақылайды;

26) құраманың тарихи формулярын (тарихи анықтаманы) жүргізеді;

27) барлық қару-жарақ пен әскери техниканың, материалдық құралдың бар болуы ұйымдастырады және жай-күйін, оларды тікелей бағынысты бөлімшеде сақтау тәртібін жылына екі реттен сиретпей тексереді;

28) материалдық құралды есепке алуды, айналысы мен сақталуын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ тексеру актілерін ресімдеп, олардың бар болуы мен жай-күйін кенеттен тексеруді ұйымдастырады;

29) әскерді жасырын басқару іс-шараларын әзірлейді және құрама жеке құрамының оны орындауын бақылауды жүзеге асырады;

30) мемлекеттік құпияны қорғау жұмысына өзі басшылық жасайды және ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, орындалатын міндеттер мен жағдайды ескеріп, құпия ақпараттың жария болуы мүмкін арнаны жабу бойынша шаралар қабылдайды;

31) құраманы жаппай қырып-жою қаруының зақымдау факторынан және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан қорғау іс-шараларын әзірлейді;

32) құраманың диверсияға қарсы қауіпсіздігі жоспарын әзірлейді және оның орындалуын бақылайды;

33) терроризмге қарсы операцияны жоспарлау және қамтамасыз етуді ұйымдастыруда әскердің және әскери құралымдардың терроризмге қарсы құрылымымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

92. Штаб бастығы техникалық және құрал жағармай ресурсын дұрыс және оңтайлы пайдалануды, корабльде белгіленген азық-түлік, су, жанар және жағармай материалы, оқ-дәрі және материалдық құрал қорының бар болуын қадағалайды және жабдықталым органы арқылы оларды уақтылы толықтыруға шаралар қабылдайды.

93. Штаб бастығы құрама командирінің шешімді орындауын ұйымдастыруда қажет болғанда құрама командиріне бағынысты адамдарға оның атынан бұйырым (өкім) береді. Анағұрлым маңызды берілген барлық бұйырым (өкім) туралы штаб бастығы құрама командиріне баяндайды.

Жеке жүзетін құрама кораблыне теңізде болғанда онда құрама командирі болмағанда құрама штаб бастығы осы билігін толық ауқымда пайдаланады.

94. Құраманың штаб бастығы жорықта құрама кораблінің жүзу қауіпсіздігін, қорғанысы мен қорғауды қамтамасыз ету үшін жағдайды хабардар етуді, құрама корабілінің жорықтық реттілікті сақтауын және құрама командирінің сигналы мен өкімін орындауын бақылауды ұйымдастырады, ол үшін флагмандық командалық пунктті өрістетеді және онда жедел кезекшілікті орнатады.

Құраманың штаб бастығы рейдте және айлақта тұрғанда корабльдің рейдтік қызмет қағидаларын сақтауын бақылайды.

95. Құраманың штаб бастығы құрама командирін жағдай деректерімен, алыс және жақын жедел және тактикалық байланыспен қамтамасыз етеді.

Флагмандық коральде барлық сыртқы байланыс құралы, бөлім кораблі командирінің иелігінде қалдырылатын тактикалық байланыс құралы, техникалық қадағалау, ақпарат жинау, өңдеу және жағдайды сипаттау құралы құрама штаб бастығының қарамағына өтеді. Құраманың флагмандық маманы олардың жұмысына басшылық жасайды.

**3-параграф. Корабльдер құрамасы командирінің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары**

96. Корабльдер құрамасы командирінің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары құрама командиріне бағынады, корабльдер құрамасының барлық жеке құрамының тікелей бастық болып табылады және ол:

құрама күшін жүзу шеңбері бойынша жауынгерлік әзірлікте ұстауға, құраманы қосалқы командалық пункттен басқаруға;

жауынгерлік даярлық сабағын ұйымдастыруға және сапалы өткізуге, жауынгерлік даярлық есебін жүргізуге;

офицерлерді корабльді өздігінен басқаруға даярлауды ұйымдастыруға;

оқу материалдық-техникалық базаны жасауға және оңтайлы пайдалануға, оны ұдайы жетілдіруге және ақаусыз жай-күйде ұстауға;

жеке құрамның ішкі және әскери тәртіпті сақтауына;

сынып маманын даярлауға;

жаппай спорттық жұмысты ұйымдастыруға;

құраманың жағалық аймағында қызметті ұйымдастыруға жалпы басшылық жасауға және оны бақылауға;

пирс пен швартовтық кранды күтіп-ұстауға;

құрама кораблін шкиперлік мүлікпен қамтамасыз етуге;

өнертапқыштық және рационализаторлық жұмысқа жауапты болады.

97. Құрама командирінің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары:

1) корабль командирін корабльді басқару тәсілдеріне, оның қаруды және техникалық құралды қолдануға оқытып-үйретеді;

2) корабль командирін теңізде даярлауды және оларды халықаралық теңіз құқығы бойынша даярлауды жүргізеді;

3) корабль командирінің аға көмекшісін (көмекшісін) корабльді дербес басқаруға даярлауды ұйымдастырады және тексереді;

4) жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігі іс-шараларын жоспарлауға және жүргізуге қатысады;

5) корабль командирін даярлау есебін жүргізеді және оны жүргізу үшін материал әзірлеуді ұйымдастырады;

6) құрама кораблінің, корабль командирі аға көмекшісінің (көмекшісінің), және құрама кораблі жауынгерлік бөлімі командирінің (қызмет бастығының) іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін зерделейді, олармен жеке жұмыс жүргізеді;

7) құраманы жауынгерлік даярлау жоспарын әзірлейді, құраманы жұмылдыру жоспарын әзірлеуге және орындауға қатысады;

8) белгіленген тәртіппен құрама кораблінің, әскери бөлімі мен бөлімшесінің жауынгерлік әзірлігін тексереді, құрама кораблі дайын болмағанда кейіннен құрама командиріне баяндап, теңізге шығуына жол бермейді;

9) жауынгерлік даярлық іс-шараларын орындағанда жеке құрамның жарақаттануын және қаза табуын алдын алу бойынша қауіпсіздік талаптарының сақталуын, құрама жеке құрамының жарақаттануын және қаза табуын алдын алу жөніндегі комиссия жұмысын басқарады;

10) офицер және старшина құрамымен сабақ, корабльмен, кемемен және құрама бөлімшесімен оқу-жаттығу өткізеді, жауынгерлік және дене шынықтыру дайындығы бойынша белгіленген есепке алуды және есептілікті, құрама штабына және жоғарғы штабқа жеткізілім мен есептіліктің уақтылы берілуін ұйымдастырады және бақылайды;

11) оқу материалдық-техникалық база объектілерін жабдықтау және жетілдіру жұмысына, осы мақсат үшін қажетті қаражат есебін әзірлеуге басшылық жасайды, құрама кораблінің, кемесі мен бөлімшесінің жауынгерлік даярлық үшін арналған материалдық құралмен, оқу және көрнекті құралмен уақтылы қамтамасыз етілуін, есепке алынуын және күтіп-ұсталуын бақылайды, оқу материалдық-техникалық база объектілерінде экономикалық жұмыс іс-шараларын әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

12) құрамада дене шынықтыру дайындығы мен спорттық жұмысқа басшылық жасайды;

13) құрамада өнертапқыштық және рационализаторлық жұмыс жөніндегі комиссия жұмысына басшылық жасайды;

14) сыныптық мамандарды даярлау іс-шараларын жеке ұйымдастырады және жүргізеді, құрамада сыныптық біліктілік беру бойынша комиссияға басшылық жасайды ;

15) құрама кораблінде, кемесі мен бөлімшесінде жауынгерлік даярлықтың ұйымдастырылуын және жай-күйін тексереді, корабль мен бөлімше командиріне сабақ ұйымдастыру мен өткізуде анықталған кемшіліктерді жоюға көмек көрсетеді;

16) озық тәжірибені зерделеу, жинақтау мен жауынгерлік оқытуға енгізу жұмысына басшылық жасайды;

17) сабақ, оқа ату және оқу-жаттығу өткізгенде қоршаған ортаны қорғау нормалары мен қағидаларының орындалуын тексереді;

18) оқу-материалдық техникалық базаның, техниканың жай-күйін бақылайды;

19) келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау, әскери оқу орнына оқуға түсу, жоғары лауазымға ілгерілету және курстық даярлыққа жіберу үшін кандидатты іріктеуге қатысады;

20) әскери шаруашылық жай-күйін зерделейді;

21) тәуліктік наряд даярлығын және оның қызмет өткеруін, сондай-ақ құрамада және корабльде ішкі тәртіп жарғысын сақталуын аптасына бір реттен сиретпей тексереді;

22) соғыс уақытында толықтырудың жеке құрамын даярлауды ұйымдастырады.

**4-параграф. Корабльдер құрамасы командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары**

98. Құрама командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары корабльдер құрамасының командиріне бағынады және корабльдер құрамасының барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады және ол:

тәрбие, идеологиялық, әскери-әлеуметтік және психологиялық жұмысты, сондай-ақ экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша арнайы насихаттау іс-шараларын ұйымдастыруға және жай-күйіне, жеке құрамның құрамаға құрылымды бұзатын идеологияның ықпал етуінен қорғалуына;

мемлекеттік идеология және әскери қызмет негіздерін насихаттау, әскери тәртіп пен жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйін нығайту жөніндегі ұсыныстар мен шараларды әзірлеу, сондай-ақ жауынгерлік міндеттерді орындау бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігіне;

жеке құрамды конституциялық және әскери борышты үлгілі орындауға жұмылдыруға жауапты болады.

99. Корабльдер құрамасы командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары:

1) жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігі іс-шараларын, корабльдер құрамасын жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы жоспарын орындауды жоспарлауға және қамтамасыз етуге қатысады;

2) бағынысты құрама кораблінің тәрбие және идеологиялық жұмыс органы офицерлерінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, оларды орналастыру бойынша ұсыныс әзірлейді;

3) тәрбие және идеологиялық жұмысты құраманы ұдайы жауынгерлік әзірлікте ұстауға, жауынгерлік міндеттерді, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы міндеттерін табысты орындауға, жеке құрамның әскери тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйін нығайтуға, экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылға, күшті құрылымды бұзатын идеологияның ықпал етуінен қорғауға, құқықтық негізде дара басшылық қағидатын сақтауға бағыттап, ұйымдастырады және жүргізеді;

4) әскери қызметшілердің ұлттық, психологиялық, діни ерекшелігін және білім деңгейін ескеріп, жеке құрамның оқу және жауынгерлік міндеттерді орындауын моральдық-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастырады, олардың бойынша жоғары жауынгерлік және моральдық-психологиялық қабілетті қалыптастырады;

5) әскери қызметшілер бойынша қару-жарақ пен әскери техниканы меңгеруге және ұдайы жауынгерлік әзірлікте ұстауға, әскери мүліктің сақталуына жеке жауаптылық сезімін тәрбиелейді;

6) құрамада жауынгерлік сайысты ұйымдастыру және жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеудің озық тәжірибесін насихаттау іс-шараларын жүзеге асырады, бастамашылық пен белсенділікті дамытады;

7) құрама жеке құрамын халқына және Қазақстан Республикасының Президентіне адал болу, ұлтаралық келісім, қазақстандық патриотизм, заңдарды сақтау, әскери борышқа және әскери антқа адал болу, жарғылар мен командир (бастық) бұйрығының талаптарын мүлтіксіз орындау рухында тәрбиелеу жұмысын жүргізеді;

8) әскери-теңіз дәстүрін ұстану және дамыту, достық пен жолдастықты нығайту, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды;

9) мемлекеттік-құқықтық даярлықты, әскери қызметшілер мен азаматтық персоналды әлемдегі және Қазақстан Республикасында болып жатқан жаңалықтар туралы хабардар етуді ұйымдастырады және жүргізеді, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын, өңірдегі әскери-саяси жағдайды және жеке құрамның одан туындайтын міндеттерін түсіндіреді;

10) бөлімшені оқу және әдістемелік әдебиетпен, газетпен және журналмен, техникалық оқу құралымен қамтамасыз етеді, мемлекеттік-құқықтық даярлық тобының жетекшілерін теориялық және әдістемелік даярлауды жүзеге асырады, лауазымдық міндеттерін орындау үшін оларға жағдай жасайды;

11) жастарды және жеке құрамды патриоттық және ізгілік тәрбиелеу, қызмет өткеру имиджін және әскери теңізшілер кәсібінің беделін арттыру, азаматтарды әскери қызметке даярлау және тұрғындар арасында оны насихаттау мақсатында қолданыстағы заңға сәйкес құрама тұрған өңірдегі қоғамдық-саяси ахуалды зерделейді, жергілікті мемлекеттік басқару органымен, қоғамдық және ардагерлер ұйымымен байланыс орнатады және ұдайы қолдайды;

12) әскери тәртіп пен құқық тәртібін нығайту, құқық бұзушылық профилактикасы, әскери ұжымды біріктіру, әскери қызметтің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастырады және жүргізеді;

13) офицерлермен мен старшиналармен тәрбие жұмысын жүргізеді, корабльдің жауынгерлік бөлімінен және одан жоғары әрбір офицер мен старшинаның әскери атағын, тегін, атын, атқаратын лауазымын, отбасы жағдайын, іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін біледі, әскери қызметшілерді іріктеуге, орналастыру мен аттестаттауға, жоғары лауазымға ілгерілету үшін, келісімшарт бойынша әскери қызметке және әскери (арнаулы) оқу орнына оқуға түсу, курстық даярлыққа жіберу үшін кандидатты іріктеуге қатысады;

14) офицерлерді, старшиналарды тәрбие жұмысын жүргізу практикасына үйретеді, оларға жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыруда және жүргізуде әдістемелік көмек көрсетеді;

15) корабльдің жауынгерлік міндеттерді орындайтын, ішкі нарядта қызмет өткеретін жеке құрамын іріктеуге, орналастыруға қатысады. Аптасына бір реттен сиретпей қарауылдық және ішкі қызметті дайындау мен өткеруді тексереді;

16) құрама психологының жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;

17) мәдени-демалыс орталығы мен кітапхананың жұмысын ұйымдастырады, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің рухани және мәдени дамуы үшін жағдай жасайды;

18) әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелеріне, азаматтық персоналға қатысты әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету жұмысын жүргізеді, олардың мұқтажы мен сұранысын біледі, негізделген ұсынысы мен өтінішін уақтылы шешуге, сондай-ақ бұзылған құқығын қалпына келтіруге шаралар қабылдайды;

19) корабль мен кеме жеке құрамының денсаулығы, тамақтануы, әлеуметтік және материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсарту туралы қамқорлық танытады;

20) құраманың мамандығы бойынша қажеттілікті қамтамасыз ету және оларды уақтылы меңгеру үшін қаражатты жоспарлауға қатысады;

21) техникалық тәрбие құралымен және мәдени-ағарту мүлкімен уақтылы қамтамасыз ету, ақпараттық-тәрбие жұмысы, психологиялық жеңілдеу бөлмесін безендіру және көрнекті үгіт-насихат бойынша шаралар қабылдайды;

22) әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық персоналды жеке мәселе бойынша қабылдайды;

23) құрама жеке құрамының әскери тәртібі, құқық тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйі мәселелері бойынша есепке алуды және есептілікті жүргізеді, құрама штабына, жоғарғы штабқа және жабдықталым органына белгіленген жеткізілім мен есепті уақтылы береді;

24) күн сайын құрама командиріне және жоғарғы әскери басқару органына жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйі, жүргізілген тәрбие және мәдени-демалыс іс-шаралары, әлеуметтік-құқықтық (идеологиялық) жұмыстың, әскери тәртіп пен құқық тәртібінің жай-күйі туралы баяндайды.

**5-параграф. Корабльдер құрамасы командирінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету және электр-механикалық қызмет жөніндегі орынбасары**

100. Корабльдер құрамасы командирінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету ( бұдан әрі – МТҚ) және электр-механикалық қызмет жөніндегі орынбасары корабльдер құрамасы командиріне бағынады және құраманың барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады және ол:

құрама кораблі электр-механикалық жауынгерлік бөлімінің және тікелей бағынысты бөлімше мен қызметтің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігіне;

электр-механикалық жауынгерлік бөлім, өзіне тікелей бағынысты бөлімше жеке құрамының жауынгерлік және жұмылдыру даярлығына, әскери тәрбиесіне, тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйіне;

корабль экипажын төзімділік үшін күреске даярлауға;

құрама кораблінің техникалық әзірлігіне және техникалық қамтамасыз етілуіне, электр-механикалық жабдықтың, жалпы корабльдік жүйе мен корабль корпусының ақаусыздығына, оларды техникалық дұрыс пайдалануға, қызмет көрсету мен жөндеуге;

корабльдің физикалық өрісі деңгейін белгіленген норма шегінде ұстауға;

материалдық-техникалық қамтамасыз ету ресурсын автоматтандырылған басқару жүйесін ендіруді және пайдалануды ұйымдастыруға;

құрама жағалау объектісінде өртке қарсы қорғаныс және құтқару жұмысын ұйымдастыруға;

корабльді, кеме мен бағынысты қызметтер бойынша бөлімшені материалдық-техникалық қамтамасыз етуге;

медициналық қамтамасыз етуге;

метрологиялық қамтамасыз етуге;

өз бағыты шеңберінде әскери-техникалық мүлік мен материалдық құралды сақтауға ;

барлық материалдық, техникалық құрал, зымыран, оқ-дәрі түрін және суды жеткізуге;

бағыныстағы қойманың жай-күйіне, сауда-тұрмыстық қызмет көрсетуге, жеке құрамды барлық материалдық-техникалық қамтамасыз ету түрімен қамтамасыз етуге, құрама жеке құрамын орналастыруға және қызметтік тұрғынжай қорын ұстауға;

қару-жарақпен және әскери техникамен, қорғаныс техникалық құралымен, өрт сөндіру құралымен және аспаппен, оқ-дәрімен, әскери-техникалық мүлікпен, медициналық мүлікпен және дәрімен жабдықтауға;

бағынысты қызметтер бойынша есепке алу мен есептілік жай-күйіне;

құрама объектісін диверсияға қарсы жабдықтауға; қоршаған ортаны қорғау қағидаларын сақтауға, МТҚ объектісінде ішкі қызметті ұйымдастыруға және жай-күйіне жауапты болады.

101. Құрама командирінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету және электр-механикалық қызмет жөніндегі орынбасары:

1) корабльде оны ұдайы техникалық әзірлікте ұстау және олардың жоғары төзімділігін қамтамасыз ету іс-шараларының орындалуын ұйымдастырады, жүргізеді және бақылайды. Техниканың ақаулығы анықталғанда оларды жоюға шаралар қабылдайды, бір уақытта құрама командиріне баяндап, техникалық құралды пайдалануға шектеу енгізеді;

2) жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігі іс-шараларын жоспарлау мен жүргізуге қатысады, құраманы жауынгерлік және жұмылдырып даярлау жоспарының тиісті бөлімін әзірлейді және мамандығы бойынша олардың орындалуын ұйымдастырады;

3) құрама кораблі электр-механикалық жауынгерлік бөлімінің офицерлерін және құрама электр-механикалық қызметінің жеке құрамын арнайы даярлауды ұйымдастырады, құрама штабы офицерлерін, кораблі командирін, олардың аға көмекшісін және электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирін төзімділік үшін күреске даярлайды, сондай-ақ құрамада сүңгуір даярлығын ұйымдастырады;

4) құрама электр-механикалық қызметінің жеке құрамы әскери тәрбиелеу және әскери тәртібін нығайтуға жұмысын ұйымдастырады;

5) электр-механикалық жабдықтың, жалпы корабльдік жүйенің, корпус пен корабльдің төзімділігі үшін күрес құралының техникалық жай-күйін зерделеуге, белгіленген құжаттаманы, есепке алу мен есептілікті жүргізуді ұйымдастырады және бақылайды;

6) корабль электр-механикалық жауынгерлік бөлімінің корпусы мен жалпы корабльлік қондырғы мен жүйені, материалдық бөлімін пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмысын уақтылы жүргізуді ұйымдастырады және бақылайды, жылына екі реттен сиретпей әрбір құрама кораблінің электр-механикалық жауынгерлік бөлімін қарап-тексереді;

7) бағынысты құрама корабль жөндеу бөлімшесінің жұмысына басшылық жасайды, құрама кораблінде жөндеу жұмысы үшін тартылатын өнеркәсіп маманның өндірістік жұмысын, оларды шығын материалымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және бақылайды, құрама штабының бастығымен бірлесіп, құрама кораблінің жоспарлы-алдын ала қарап-тексеру мен жөндеуді, жорықаралық және навигациялық жөндеуді жоспарлайды, олардың толық және сапалы жүргізілуін тексереді, құрама корабліне доктауға дайындауды және жүргізуді ұйымдастырады және бақылайды;

8) құрама кораблінде жалпы корабльдік мақсаттағы төзімділік үшін күресуге жылдам әрекет ету құралын әзірлікте ұстауды ұйымдастырады және бақылайды;

9) корабль жөндеу кәсіпорынында құрама кораблін жөндеуге дайындауды ұйымдастырады және бақылайды;

10) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурсты оңтайлы пайдалану іс-шараларын әзірлейді және орындалуын тексереді, құрама барлық жеке құрамының қоршаған орта экологиясын қорғау қағидаларын сақтауын бақылайды;

11) құрама кораблінің және кемесінің корабльдің физикалық өрісі деңгейінің кезекті және кезектен тыс бақылап өлшеуден өту мерзімін есепке алуды ұйымдастырады, физикалық өріс деңгейі белгіленген норма шегінен асатын корабль мен кемені есепке алады, корабльде техникалық қорғау құралының пайдалануына және корабльді

физикалық өрісін бақылауға дайындауға басшылық жасайды, құрама кораблінде физикалық өріс деңгейін белгіленген нормаға жеткізу іс-шараларының орындалуын ұйымдастырады және бақылайды;

12) құрамада төзімділік үшін күрес бойынша даярлықты ұйымдастырады және басшылық жасайды, флагмандық мамандардың бірыңғай әдісі және барлық іс-шараларды құрама штабының жалпы жоспарлауы негізінде жауынгерлік бөлім ( қызмет) жеке құрамымен төзімділік үшін күрес бойынша даярлықты ұйымдастыру бойынша әрекет етуін үйлестіреді;

13) құрамаға топталып тұрған құрама кораблінің төзімділік үшін күрес жөнінде құжаттаманы әзірлеуді ұйымдастырады және осы корабльде төзімділікті қамтамасыз ету іс-шараларының орындалуын бақылайды;

14) құрама кораблінің электр-механикалық жауынгерлік бөлімінде қосалқы мүлік пен керек-жарақтың, сондай-ақ агрегаттық-ауыстыру жабдығының, аспаптың, шығыс мүлкі мен қолданылатын материалдың жеке (корабльдік және базалық) жиынтығын есепке алуды, есептілікті, пайдалану мен толықтыруды ұйымдастырады және бақылайды;

15) құраманың оқу базасын электр-механикалық мамандығы және төзімділігі бойынша жабдықтау, жетілдіру мен пайдалану жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды;

16) құрама кораблі электр-механикалық жауынгерлік бөлімі жеке құрамының сыныптық біліктілігін арттыру іс-шараларын ұйымдастырады және жүргізеді;

17) корабльдің электр-механикалық жауынгерлік бөлімі және оған тікелей бағынысты қызмет пен бөлімшенің офицерлері мен старшиналарының іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін, сондай-ақ әскери атағын, тегін, атын, атқаратын лауазымын, мамандығын, отбасы жағдайын зерделейді, олармен әскери тәрбие бойынша ұдайы жұмыс жүргізеді, офицерлерді құрама электр-механикалық қызметінің жоғарғы лауазымына ауыстыруға даярлауды ұйымдастырады;

18) корабльдің электр-механикалық жауынгерлік бөлімі арнайы нарядының қызметін ұйымдастырады және бақылайды, кезекші және вахта қызметі жеке құрамының корабльдің төзімділігін қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін орындауын тексереді, нарядқа түсер алдында құрама бойынша кезекшінің көмекшісіне төзімділік бойынша нұсқау береді;

19) жұмысты ұйымдастырады және техника авариясын, сынуын және зақымдануын алдын алу іс-шараларын әзірлейді, олардың себебін анықтайды және зерделейді, құрылымдық кемшіліктерді жинақтайды және оларды жою бойынша өз ұсынысын береді, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, материалдық бөлікті қолданғанда жеке құрамның қаза табуын және жарақаттануын алдын алу іс-шараларын жүргізеді және өртке қарсы

іс-шараларын жүзеге асырады, корабль электр-механикалық жауынгерлік бөлімі техникалық құралының авариясын, сондай-ақ олардың төзімділігіне әсер ететін құрама кораблінде болған басқа да оқиғаны тергеп-тексереді;

20) құрама командирі орынбасарларының, флагмандық маманның қатысуымен жылдық шаруашылық жоспарын, экономикалық жұмыс жоспарын, материалдық, техникалық құралды, зымыран мен оқ-дәріні жеткізу жоспарын және жұмыс жоспарын әзірлейді;

21) материалдық-техникалық қамтамасыз етудің автоматтандырылған ресурсті басқару жүйесін ендіруді және пайдалануды ұйымдастырады;

22) құраманы метрологиялық қамтамасыз ету іс-шараларын уақтылы жүргізуді ұйымдастырады;

23) бағынысты қызметтер бойынша құраманың мұқтажын қамтамасыз ету үшін қаражатты жоспарлауға және оны уақтылы игеруге қатысады;

24) корабльді, кемені, бөлімшені бағынысты қызметтер бойынша материалдық құралмен уақтылы қамтамасыз етуді ұйымдастырады, жабдықталым органынан қажетті көлемде мүлік пен материалдық құралды талап етуді және өтінімге сәйкес оларды алуды, сақтауды, құрама корабліне, кемесіне және бөлімшесіне беруді қамтамасыз етеді, материалдық құралды жоғалтуды, жетіспеуін, бүлдіруді және жымқыруды болдырмау бойынша шаралар қабылдайды;

25) құрама кораблінде және кемесінде жеке құрамын дұрыс тамақтануын, әрбір әскери қызметшіге жабдықталымның және материалдық құралдың тиесілі нормасын жеткізуді ұйымдастырады және бақылайды;

26) тағам әзірлеу үшін азық-түліктің тарату мәзірін жасауды басқарады және оны құрама командиріне бекітуге береді, айына бір реттен сиретпей аспазшының бақылап-көрсетіп тағам пісіруін өткізуде, әкелінетін азық-түлік сапасын бақылауды жүзеге асырады;

27) офицерлермен, старшиналармен техникалық және тылдық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, әскери шаруашылықты жүргізу бойынша сабақ өткізеді;

28) әскери қызметшілерді орналастыруға, іріктеу мен аттестаттауға, жоғарғы лауазымға ілгерілету, келісімшарт бойынша әскери қызметке түсу және әскери оқу орнына оқуға түсу, мамандық бойынша курстық даярлыққа жіберу үшін кандидатты іріктеуге қатысады;

29) бағынысты қызметтер бойынша барлық мүлік пен техниканы жылдық түгендеуді ұйымдастырады;

30) бағынысты қызметті тексеру комиссиясының жұмысын уақтылы ұйымдастырады және бақылайды, жұмыс басталар алдында оның мүшелерімен нұсқау беру сабағын өткізеді;

31) комиссия жұмысын және қару-жарақты, әскери техника мен материалдық құралды жылдық түгендеуді бақылайды;

32) өз мамандығы бойынша наразылық білдіру жұмысына басшылық жасайды;

33) белгіленген есепке алу және есептілікті жүргізуді, жоғарғы штабқа және жабдықталым органына жеткізілім мен есептілікті беруді ұйымдастырады және бақылайды;

34) құрама кораблінде және кемесінде жанармай, жағармай материалы мен арнайы сұйықтықты дұрыс қолдануды және үнемді жұмсауды бақылауды жүзеге асырады, құрама кораблінде және кемесінде паспорттың тиісті бөлімінде алдын ала жазба жасап, жанармай, жағармай материалы мен арнайы сұйықтықты пайдалануға рұқсат береді;

35) құрама командиріне ай сайын моторесурс, жанар және жағармай материалы лимитін қолдану нәтижесі туралы баяндайды;

36) құрамада жағадағы ғимараттар мен құрылысжайды, су құбыры-кәрізді, жылу желісі мен құрылысжайды, казармалық мүкәммал мен жиһазды, автомобиль кірмежолын, техникалық күзет және өртке қарсы қорғау құралын дұрыс пайдалануды және уақтылы жөндеуді, қызметтік тұрғын-үй қорын қысқа алдын ала дайындауды ұйымдастырады;

37) құрама объектілерін өрт және күзет дабылдамасы құралымен жарақтандырады, айына бір реттен сиретпей құраманың өртке қарсы қорғанысын ұйымдастыру мен жай-күйін тексереді және өртке қарсы оқу-жаттықтыруды өткізеді;

38) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурсты оңтайлы пайдалану іс-шараларын әзірлейді және орындалуын тексереді, құрама барлық жеке құрамының қоршаған орта экологиясын қорғау қағидаларын сақтауын бақылайды;

39) құрама кораблін, кемесі мен бөлімшесін монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастырады;

40) бағынысты қызметтер бойынша материалдық құралды белгіленген мерзімде тексеруді және түгендеуді ұйымдастырады;

41) бағынысты қызметтер бойынша жөндеу-құрылыс және шаруашылық жұмысты орындағанда және техниканы қолданғанда қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

42) қызметтердің белгіленген есепке алу мен есептілікті уақтылы жүргізуін, жоғарғы штаб пен жабдықталым органына жеткізілім мен есептілікті беруді ұйымдастырады бақылайды;

43) құрама инфрақұрылымына қызмет көрсетумен айналысатын әскери қызметшілердің жұмысын бақылауды ұйымдастырады;

44) құраманың күнделікті қызметін медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады ;

45) құзыреті шегінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың және заңнамалық актілердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Құрама командирінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары әскери шаруашылықты басты ұйымдастырушы болып табылады. Оның

жалпы шаруашылық қызметін жоспарлау, материалдық құралды жеткізу, сауда-тұрмыстық қызмет көрсету, пәтер-пайдаланумен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нұсқауы барлық құраманың флагмандық маманы және кораблі және кеме командирі үшін құзыреті шегінде міндетті болып табылады.

Құрама командирінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасарының өртке қарсы қорғаныс мәселелері бойынша нұсқауы барлық құраманың жеке құрамы үшін міндетті болып табылады.

**6-параграф. Құрама командирінің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі – заң қызметінің бастығы**

102. Құрама командирінің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі құрама командиріне бағынады. Корабль командирінің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісінің өз бағыты мәселелері бойынша өкімі мен нұсқауы барлық құраманың жеке құрамы үшін міндетті болып табылады.

103. Құрама командирінің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі жорық уақытында және Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінен тыс болғанда құрама командиріне халықаралық құқық нормаларын қолдануда заңдық көмек көрсетеді. Құрама командиріне халықаралық құқық нормаларының бұзылуына байланысты оқиға мен инцидентті реттеу, құрама кораблі және кемесі экипажының теңіз кеңестігінің құқықтық режимін сақтауы және шетел мемлекеттерінің өкілімен (шетел кораблімен) өзара қарым-қатынас жасау мәселелерінде ұсыныс береді.

104. Құрама командирінің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі қарулы қақтығыс кезеңінде заң кеңесшісі функциясын орындайды. Ол құрама командиріне соғыс құрбандарын қорғау туралы 1949 жылғы Женева келісімін және оған қосымша хаттамаларды қолдану туралы кеңес береді. Ол құрама лауазымды адамдарына теңізде соғыс жүргізу құралдары мен тәсілдерінің құқықтық регламенттеу мәселелерінде жәрдем көрсетіледі.

**7-параграф. Корабльдер құрамасының флагмандық маманы**

105. Корабльдер құрамасының флагмандық маманы құраманың штаб бастығына бағынады. Ол арнайы мәселелерде жоғарғы құрама, бірлестік флагмандық маманының, ӘТК (әскери-теңіз базасы) бас қолбасшысы басқармасы (бұдан әрі – БҚБ) тиісті басқармасы, қызметі мен бөлімі бастығының нұсқауын басшылыққа алады.

106. Құраманың флагмандық маманы құрама кораблінің (кемесінің) тиісті жауынгерлік бөлімі (қызметі) жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады және оның мамандық (тиісті жауынгерлік бөлім мен қызметтің күнделікті қызметі, қаруды қолдануды және техникалық құралды пайдалануды ұйымдастыру, арнайы даярлық) бойынша нұсқауы құраманың жеке құрамы үшін міндетті болып табылады.

107. Корабльдер құрамасының флагмандық маманы өз мамандығы бойынша:

құрама кораблінің жауынгерлік бөлімі (қызметі) мамандығына сәйкес жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігіне, құрама офицерлерінің арнайы даярлығына;

қаруды жауынгерлік қолдануды және техникалық құралды пайдалануды ұйымдастыруға, оларды есепке алуға, қолда барына, техникалық жай-күйіне және жауынгерлік қолдануға әзірлігіне, пайдалану мен жөндеуге, құрама кораблінің физикалық өрісін белгіленген норма шегінде ұстау іс-шараларын орындауға;

құрама кораблінің жауынгерлік бөлімі (қызметі) жеке құрамын арнайы даярлауға, әскери тәрбиелеуге, тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйіне;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауға;

тиісті жауынгерлік (техникалық, тылдық) қамтамасыз ету түріне;

құраманы қызметі бойынша қару-жарақпен және әскери техникамен, материалдық құралмен қамтамасыз етуге, оларды дұрыс пайдалануға және ақаусыз ұстауға;

мамандығы бойынша оқу материалдық-техникалық базаның жай-күйіне;

құрама кораблі жауынгерлік бөлімі (қызметі) тиісті мамандығының қоршаған ортаны қорғау қағидаларын сақтауына жауапты болады.

108. Флагмандық маман:

1) қару мен техникалық құралдың жай-күйін, оларды пайдалану жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтардың сақталуын бақылайды, қаруды қолдану және техникалық құралды пайдалану жөніндегі құжаттарды әзірлейді және осы құжаттаманы қазіргі заманғы деңгейде ұстайды, жеке құрамның қауіпсіздік шараларын білуін және корабль қаруы мен техникалық құралын қолданғанда орындауын бақылайды;

2) құраманы жауынгерлік даярлау және жұмылдыру жоспарын әзірлеуге қатысады және олардың орындалуын ұйымдастырады, корабль бөлімшесі жауынгерлік мүмкіндігінің жай-күйін бақылайды, жауынгерлік бөлім командиріне (қызмет бастығына) жауынгерлік даярлық жоспарын жасауда көмек көрсетеді және олардың орындалуын бақылайды, жауынгерлік даярлық тәжірибесін зерделейді және қорытындылайды;

3) құрама командиріне және штаб бастығына қаруды анағұрлым толық және тиімді қолдану және техникалық құралды пайдалану, өзінің жауынгерлік орынбасарына анағұрлым даярланған офицерді тағайындау туралы өз ұсынысын баяндайды, осы міндеттерді орындауға оны даярлайды;

4) корабль корпусының жай-күйін, қалқаның, люктің, есік пен мойынның герметикалығын, ықтимал химиялық қауіпті көзді пайдалану және сақтау нормаларының сақталуын, құтқару мүлкімен жиынтықталуы мен жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) үй-жайында ұсталуын, бағынысты корабль жеке құрамын төзімділік үшін күрес бойынша даярлауды ұйымдастыруды бақылайды. Жеке құрамды өлшеу құралын пайдалану және оларды қару-жарақ пен әскери техника параметрін бақылау үшін қолдануға үйретеді;

5) құрама кораблі жауынгерлік бөлімі (қызметі) тиісті мамандығының жасақталуын, әскери қызметшілердің іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін, сондай-ақ әскери атағын, тегін, атын, атқаратын лауазымын, мамандығын, отбасы жағдайын зерделейді, олармен әскери тәрбие және кәсіби даярлауды жетілдіру бойынша жеке жұмыс жүргізеді;

6) корабль жеке құрамының жарғы, бұйрық пен басшылық құжат талаптарын орындауын бақылайды, құрама корабльдің жауынгерлік бөлімінде (қызметінде) корабльдік нарядтың қызмет өткеруін ұйымдастырады және жүйелі бақылайды;

7) корабль жауынгерлік бөлімінің (қызметінің) командирін, ол болмағанда старшиналарды (матростарды) үйретеді, офицерлер жиынын, корабль командирімен және корабль командирінің аға көмекшісімен (көмекшісімен) сабақ өткізеді, вахта офицерлерін даярлауды бақылайды;

8) рационализаторлық, өнертапқыштық және наразылық білдіру жұмысын ұйымдастырады, пайдалану тәжірибесі негізінде қару мен техникалық құралдың құрылымдық кемшілігін талдайды және оларды жою бойынша ұсыныс береді;

9) жылына екі реттен сиретпей әрбір құрама кораблі жауынгерлік бөлімінің ( қызметінің) қаруы мен техникалық құралын қарап-тексереді;

10) құрама оқу материалдық-техникалық базасын жабдықтау, жетілдіру және пайдалану жұмысына басшылық жасайды;

11) корабль жауынгерлік бөлімінің (қызметінің), жауынгерлік есептобы мен офицерлерінің өз мамандығы мәселелері бойынша теңізге шығуға әзірлігін, корабльде тиесілі қор мен мүліктің болуын, корабль жауынгерлік бөлімі (қызметі) жеке құрамының қойылған міндеттер бойынша дайындығын тексереді және өз қорытындысын береді. Корабль теңізден оралғанда міндеттердің орындалуын және олардың жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жорықтан кейін талдайды;

12) оқу орнынан құрамаға келетін курсанттар мен тыңдаушылардың оқу практикасы мен тағылымдамасын ұйымдастырады және барысын бақылауды;

13) корабль жауынгерлік бөлімінде (қызметінде) қару мен техникалық құралды метрологиялық қамтамасыз ету іс-шараларын уақтылы жүргізуді бақылайды;

14) өз қызметі бойынша құраманы тиісті қару-жарақпен және әскери техникамен, материалдық құралмен қамтамасыз етуді жоспарлайды және ұйымдастырады, өтінімді уақтылы береді, жетіспейтін қару-жарақ пен әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, аспапты, қызмет көрсету құралын, басқа да әскери-техникалық мүлік мен қаражатты талап етеді, жауынгерлік даярлық жоспарына, табелге және нормаларға сәйкес корабльге оларды алуды, сақтауды, бөлуді, беруді, сондай-ақ оларды мақсатты, тиімді және дұрыс пайдалануды ұйымдастырады, материалдық құралдың жоғалуын, жетіспеуін, бүлінуін және ұрлануын болдырмау бойынша шаралар қабылдайды, жұмсалмайтын қорды уақтылы жаңартады (жаңалайды);

15) айына бір реттен сиретпей мамандығы бойынша сабақ өткізеді, тиісті сыныптық мамандарды даярлау іс-шараларын жүзеге асырады;

16) құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

17) өз бағыты бойынша қару-жарақ пен әскери техниканы (мүлікті) жөндеуді ұйымдастырады, оны жүргізу сапасы мен мерзімін бақылайды, құрамада жөндеуге келмейтін қару-жарақ пен әскери техниканы (мүлікті) жөндеуге уақтылы өткізеді;

18) әскери қызметшілерді іріктеуге, орналастыру мен аттестаттауға, жоғарғы лауазымға ілгерілету, келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру және әскери оқу орнына оқуға түсу, мамандық бойынша курстық даярлыққа жіберу үшін кандидатты іріктеуге қатысады;

19) өз бағыты бойынша құрамаға (корабльге) түсетін және одан жіберілетін қару-жарақ пен әскери техниканы, материалдық құралды қарап-тексереді, оларды қабылдауды, есепке алуды, сақтауды, күтіп ұстауды, корабльге беруді және бөлімге жіберуді ұйымдастырады;

20) формулярдың (паспорттың), техникалық құжаттаманың болуын және уақтылы жүргізілуін, сондай-ақ сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

21) қару-жарақ пен әскери техниканы, жұмсалмайтын қордың материалдық құралын сақтаудан және пайдаланудан алуды тек Қорғаныс министрінің, Қарулы Күштер Бас штабы бастығының бұйрығымен жүзеге асырады;

22) қызмет мәніне жататын лицензияланатын қызметке лицензия алуды жүзеге асырады;

23) мамандығы бойынша оқу материалдық-техникалық базаны жасау және жетілдіру жұмысына басшылық жасайды;

24) бағыныстыларға оқ ату, оқу-жаттығу, сабақ және қару-жарақпен және әскери техникамен, құралмен, зымыранмен, оқ-дәрімен, улы техникалық сұйықтықпен, уытты және жарылғыш заттармен, жару құралымен жұмыста қауіпсіздік талаптарын уақтылы жеткізеді, сондай-ақ олардың қатаң сақталуын талап етеді;

25) есептік, техникалық құжаттама негізінде қару-жарақ пен әскери техника, торап және жабдықтау бөлшектерінде, аспапта және өзге де бұйымда болатын бағалы металл мен бағалы тастарды түгендеу тізімдемесін жасайды, оларды есепке алу мен есептілігін жүргізеді;

26) есепке алады және есептілік жүргізеді, белгіленген мерзімде жабдықталым органымен есептік деректерді салыстырады;

27) қызмет тегі бойынша қару-жарақпен және әскери техникамен және материалдық құралмен болатын оқиғаны алдын алу іс-шараларын жүргізеді, оның себебін анықтайды және осы оқиғаны жою іс-шараларын жүргізеді, қоршаған ортаны қорғау іс-шараларына басшылық жасайды;

28) бағыныстыларға жоғарғы қолбасшылықтың барлық бұйрығын уақтылы және дұрыс жеткізуді ұйымдастырады, олардың орындалуын бақылайды;

29) құрама жылдық шаруашылық жоспарының, экономикалық жұмыс, материалдық , техникалық құралды, зымыран мен оқ-дәріні жеткізу жоспарының, сондай-ақ қару-жарақты, әскери техниканы пайдалану және жөндеуге шығару және жұмыс жоспарының тиісті бөлімін әзірлейді, осы жоспардың орындалуын бақылау жүзеге асырады;

30) келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің, әскерге шақыру бойынша офицерлердің лауазымы мен ісін қабылдауын, тапсыруын бақылайды, мемлекетке келтірілген материалдық залал анықталғанда кінәлі адамды жауаптылыққа тарту бойынша шара қабылдайды;

31) тексеру аппаратурасын, аспапты, түтікшені, қысымы жоғары қазандықты мен жүк көтеру құралын уақтылы тексеруді ұйымдастырады, қару-жарақ пен әскери техниканы толық пысықтайды, техникалық құжаттамаға өзгеріс енгізеді, оларды пайдалану қағидаларының сақталуын бақылайды.

Флагмандық маман тиісті жауынгерлік бөлім командиріне (қызмет бастығына) мынадай мәселелер бойынша нұсқау береді:

1) қару мен техникалық құралды жауынгерлік әзірлікте ұстау, жеке құрамды жауынгерлік даярлау;

2) бөлімшеде қызметті ұйымдастыру;

3) қаруды, техникалық құралды, корпусты, арнайы жабдықтау заттарын, қосалқы бөлшектерді, құрал-сайман мен керек-жарақты оңтайлы пайдалану;

4) жеке құрам жүргізетін жоспарлы-алдын ала қарап-тексеру және жөндеу.

109. Флагмандық маман Жеке құрамның корабльдің қаруы мен техникалық құралына қызмет көрсетуде дұрыс әрекет етпеуі немесе олардың ақаулығы анықталғанда жұмысты тоқтатады және жауынгерлік бөлім командирінің (қызмет бастығының) және жетекшінің кемшілікті дереу жою жұмысын бақылайды.

Флагмандық маман корабльде жасаған өзінің барлық ескертуі мен жауынгерлік бөлім командиріне (қызмет бастығына) нұсқауы туралы корабль командирін хабардар етеді және құраманың штаб бастығына баяндайды.

110. Флагмандық маман мамандығы бойынша жеке құрамды және корабльдің, қару мен техникалық құралдың төзімділік үшін күреске жауынгерлік даярлауға басшылық жасауды жүзеге асырып, бұл ретте барлық құрама кораблінде:

1) офицерлерді, старшиналар мен матростарды дұрыс және бірыңғай оқыту әдістемесіне;

2) сабақ, оқу-жаттығу мен жаттығу сапасын арттыруға;

3) даярлықта бұл ретте немқұрайлылық пен қалыптылыққа жол бермей, жауынгерлік іс-қимыл тәжірибесі, жауынгерлік және авариялық зақымдануды әртүрлі

имитациялау, оқыту кезіндегі кенеттілік қағидаты негізінде жауынгерлік даярлық жүргізілетін жағдайды жауынгерлікке барынша жақындатуға;

4) офицерлердің, старшиналар мен матростардың өзіне сеніп тапсырылған қару мен техникалық құралды, оны пайдалану жөніндегі нұсқаулықты білуіне;

5) жеке құрамның мамандығы бойынша нормативті үздік орындауына қол жеткізеді .

111. Флагмандық маман өз номенклатурасы бойынша мүлік мен оқ-дәрінің белгіленген түрінің қорын есепке алу жай-күйін және бар болуын жүйелі бақылауды жүзеге асырады.

112. Флагмандық маман корабльді, қаруды мен техникалық құралды жөндеу жоспарын және жөндеу ведомосын жасауға қатысады, зауыт жүргізетін жөндеу барысын бақылайды, құрама кораблінің күштері мен құралдары орындайтын жөндеуді ұйымдастыруда көмек көрсетеді.

**8-параграф. Құрама старшинасы**

113. Құрама старшинасы құрама командирінің матростармен және старшиналармен жұмыс жөніндегі бірінші көмекшісі болып табылады, бейбіт және соғыс уақытында:

құрама матростары мен старшиналарын оқытып-үйретуге, әскери тәрбиеге және тәртіпке, моральдық-психологиялық жай-күйге;

олармен жауынгерлік даярлық сабағын өткізуге;

құрама матростары мен старшиналарына кезекті әскери атақ, сыныптық біліктілік беру, оларды жоғары лауазымға ілгерілету, әскери оқу орнына және курстық даярлыққа жіберу, матрос және старшина лауазымына келісімшарт бойынша әскери қызметке кандидатты сапалы іріктеу жұмысын ұйымдастыруға;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауға жауапты.

Ол құрама командиріне бағынады және құраманың барлық матростары мен старшиналары үшін тікелей бастық болып табылады.

114. Құрама старшинасы:

1) құрама кораблі мен кемесінің тактикалық-техникалық құрылымын, олардың суға батпауын және өртке қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құралдарды, корабльде жаппай қырып-жою қаруынан қорғау және жеке құрамды орналастыру құралдарын зерделейді;

2) құрама кораблі мен кемесінің зәкірлік, буксирлік және басқару құрылымын, ондағы көтеру құралы, трос (аркан), қоршау, жабдық ерекшелігін, олардың сапасын, жол берілген жүктемені және әртүрлі жағдайда оларды қолдану тәртібін зерделейді;

3) құрама кораблі мен кемесінің жүзу құралдарын дербес басқаруға жібереді, рейдтік және көрнекі байланыс қызметі бойынша басшылық құжаттарды зерделейді;

4) жауынгерлік даярлық жөніндегі басшылық құжаттарды зерделейді, бағыныстылардан орындалуын талап етеді, жауынгерлік даярлық жоспарын әзірлеуге қатысады және құрама старшиналарын кәсіби даярлау есебін жүргізеді;

5) ай сайын құрама старшина құрамының қызметін қорытындылайды; құрама командиріне және жоғарғы әскери басқару органының старшинасына есептілікті және қажетті мәліметті береді;

6) құрама старшина құрамының белгіленген құжаттаманы уақтылы және сапалы жүргізуін бақылайды;

7) корабль старшиналары кеңесі отырысына қатысады және тоқсанына бір реттен сиретпей құрама старшиналар кеңесінің отырысын өткізеді;

8) бағыныстылармен жеке әңгімелеседі, оларға жеке кәсіби қабілетін дамыту және тәрбие мәселелері бойынша консультация береді;

9) құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және Қазақстан Республикасы заңнамалық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) корабль, жауынгерлік бөлім, топ және команда старшиналарымен көрнекі, нұсқаулық-әдістемелік, практикалық және бақылау сабағын, жаттықтыру және жеке жауынгерлік оқу-жаттығу өткізеді;

11) құрама кораблі мен кемесінде старшина лауазымын жасақтау бойынша шаралар қабылдайды, бөлімшедеен (командадан) бастап және одан жоғары әрбір старшинаны: тегін, атқаратын лауазымын, моральдық-психологиялық және жеке қабілетін, әскери қызметке дейін айналысқан қызмет түрін, отбасы жағдайын зерделейді, олармен әскери тәрбие және кәсіби даярлығын жетілдіру бойынша жеке жұмыс жүргізеді;

12) корабль старшиналарына жауынгерлік даярлық сабағын ұйымдастыруда көмек көрсетеді және оларды өткізуді бақылайды;

13) жаңадан келген старшинаны қабылдау, бөлу және барлық үлес түрімен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды, оның қалыптасуында көмек көрсетеді;

14) құрама кораблі мен кемесінің материалдық бөлігін, негізгі қару-жарағы мен техникалық құралын зерделейді, оларға техникалық қызмет көрсетуді кезең-кезеңімен бақылайды;

15) құраманың оқу материалдық-техникалық базасын жетілдіруге шаралар қабылдайды, корабльде жауынгерлік даярлық сабағын барлық қажеттілікпен қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асырады;

16) құрама матростары мен старшиналарын әскери тәртіпті, күн тәртібін, қызмет уақыты регламентін сақтауға шақырады, құрама командиріне әскери тәртіпті бұзу, сондай-ақ құрама матросына және старшинасына қолданылған көтермелеу мен тәртіптік жаза туралы дереу баяндайды;

17) құрама матростары мен старшиналарының сабақ, оқ ату, оқу-жаттығу мен жұмыста қауіпсіздік талаптарының сақтауын бақылайды;

18) құрама кораблі мен кемесінде таңертеңгі дене жаттығуын, таңертеңгілік қарап-тексеру мен кешкі тексеру өткізуді кезең-кезеңімен бақылайды;

19) құрама командирінің нұсқауы бойынша аптасына бір реттен сиретпей құрама кораблі мен кемесінде старшиналар мен матростардың жауынгерлік кезекшілікте, тәуліктік нарядта қызмет өткеруін тексереді;

20) құрама матростары және старшиналарымен спорттық жұмысты ұйымдастырады .

**9-параграф. Корабль командирі**

115. Корабль командирі корабльдің барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады. Дара басшы болып табылады және:

1) корабльдің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігіне;

2) корабльдің қойылған міндеттерді табысты орындауына, қаруды дұрыс қолдану мен техникалық құралды пайдалануға, корабль қорғанысы мен қорғауға;

3) жауынгерлік даярлыққа;

4) экипаждың әскери тәрбиесіне, тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйіне және әскери қызмет қауіпсіздігіне;

5) корабльдің жүзу қауіпсіздігі мен маневрлерін басқаруға;

6) корабль корпусының, қару мен техникалық құралдың, оқ-дәрінің, жанар, жағармай материалының және материалдық құралдың жай-күйі мен сақталуына;

7) бөлінген ресурс пен отынды қолдануды, жауынгерлік бөлім мен қызметтің қаруы мен техникалық құралына техникалық қызмет көрсету үшін уақтылы уақыт беруді ұйымдастыруды;

8) жеке құрамның корабльдің төзімділігі үшін күреске даярлығына, төзімділік үшін барлық күрес құралының ақаусыздығы мен әрекетке дайын болуына;

9) корабльдің санитариялық жай-күйіне, қаржылық және шаруашылық қызметіне;

10) теңіз кеңістігінде қолданыстағы құқықтық тәртіптің және шетел әскери кораблімен және билікпен өзара қарым-қатынас қағидаларының сақталуына;

11) диверсияға қарсы қауіпсіздікке;

12) экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылға;

13) корабльдің жеке құраммен жасақталуына, кадрды іріктеу мен орналастыруға;

14) корабльдегі жарғылық ішкі тәртіптің және әскер қызметінің жай-күйіне;

15) әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік-құқықтық қорғауға жауапты болады.

116. Корабль бортында үлкен бастықтың болуы корабль командирінен осы Нұсқаулықта көрсетілген жағдайды қоспағанда, корабль және қызметтік міндеттерін орындау үшін жауаптылық алынбайды.

117. Корабль командирі:

1) Корабль құрылымын, тактикалық-техникалық сипаттамасын зерделейді, корабльді басқарады және оның жауынгерлік және техникалық құралын қолданады;
2) корабльді жорыққа және жауынгерлік іс-қимылға белгіленген әзірлікте ұстайды;
3) жауынгерлік әзірлік іс-шараларын жоспарлауға және жүргізуге, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы жоспарын әзірлеуге басшылық жасайды және олардың орындалуын бақылайды; корабльдің тағайындалуын зерделейді және кез келген жағдайды оны басқарады;
4) корабльде жауынгерлік және күнделікті ұйымды ұдайы жетілдіреді, тиісті құжаттаманы жүргізуді бақылайды, ішкі тәртіптің сақталуын талап етеді, орындалатын міндеттерді ескеріп, жеке құрамның киім нысанын айқындайды;
5) орынбасарларын, көмекшілерімен, жауынгерлік бөлім командирлерімен және қызмет бастықтарымен сабақ өткізеді, офицерлерді жүзу вахтасын атқаруға даярлауға дербес басшылық жасайды, корабль офицерлерінің дербес даярлығын бақылайды;
6) корабльдің жауынгерлік бөлімдері мен қызметтері арасындағы өзара іс-қимылды пысықтауға бағыттап, корабльдік оқу-жаттығу, топтық жаттықтыру мен сабақ өткізеді;
7) теориялық негізді зерделейді және корабльдің төзімділігі үшін күреске іс жүзінде басшылық жасайды;
8) корабльде физикалық өріс деңгейін белгіленген норма шегінде ұстау іс-шараларын уақтылы жүргізеді;
9) өз орынбасарлары мен көмекшілерін жоғарғы бастықтан бұйрығы (бұйырымы), өзінің қызметтік ниеті және бөлімше командирі тікелей берген өкім туралы ақпараттандырады;
10) екі айда бір рет корабльді, айына бір рет қару мен техникалық құралды қарап-тексереді, тәулігіне бір рет корабльді аралап шығады, корабль корпусының ақаусыз жай-күйін қадағалайды;
11) оқ-дәрінің, жарылғыш, химиялық және тез тұтанатын заттардың сақталуын және атыс қаруының сақталуын және пайдаланылуын бақылайды;
12) теңізде және базада корабль мүлкінің азаймайтын қоры мен табельдік жабдықталуын белгіленген нормада ұстайды, корабльдің қаруы мен техникалық құралын, материалдық құралын сақтау, ақаусыз жай-күйде ұстау бойынша шаралар қабылдайды, сақтау және дұрыс қолдану бойынша шаралар қабылдайды, олардың бар болуын және жай-күйін тексереді;
13) корабльде қаржылық және шаруашылық қызметті басқарады;
14) бір аптаға азық-түлікті таратуды қарайды және бекітеді және әзірленген тағам сапасын тексереді;
15) корабльдік мөрді сақтайды;
16) жалауды көтерер алдында аға көмекшіден (көмекшіден) корабльдің тәуліктік ведомосы, вахталық офицердің таңертеңгі баяндауын және рейдте және корабльде түнде болған жағдай туралы баяндауын қабылдайды;

17) күн сайын белгіленген уақытта аға көмекшіден (көмекшіден) жауынгерлік даярлық жоспары орындау, корабльдің, қару мен оқ-дәрінің жай-күйі, күні бойы болған жағдай туралы, ал корабль командирдің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарынан корабль жеке құрамының моральдық-психологиялық жай-күйі туралы баяндауды қабылдайды, жауынгерлік даярлық жоспарын қарайды және бекітеді және келесі тәулікке өкім береді;

18) жауынгерлік штурмандық бөлімінен күн сайын ауа райы және навигациялық ахуалдағы өзгеріс туралы баяндауды қабылдайды;

19) корабльдегі әрбір офицердің және старшинаның іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін, сондай-ақ әскери атағын, тегін, атын, атқаратын лауазымын, мамандығын, отбасы жағдайын зерделейді, офицерлермен құқықтық, әскери тәрбие, педагогикалық дағдысын, кәсіби даярлығын жетілдіру жұмысын ұдайы жүргізеді;

20) мемлекеттік құпияның қорғалуын қамтамасыз етіп, корабльдегі істің нақты жай-күйін зерделейді, құпия ақпараттың жария болуы мүмкін арнаны анықтау мен жабу бойынша тұрақты жұмысты ұйымдастырады;

21) жаңадан келген толықтыруды команда, жауынгерлік бөлім бойынша бөлуді басқарады және әскери ант қабылдауға келтіреді;

22) кадрды іріктеу мен орналастыруға басшылық жасайды, матрос және старшина лауазымына келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен корабль экипажын жасақтауды ұйымдастырады және жүргізеді, әскери оқу орнына оқуға түсу, курстық даярлыққа жіберу, жоғары лауазымға ілгерілету үшін кандидатты айқындайды, бұл ретте экипаж пікірін ескереді;

23) әскери қызметшілердің тұрмысын жақсарту, олардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша шаралар қабылдайды, азық-түлікті тарату мәзірін күн сайын қарайды және бекітеді, тағамның сапасы мен толық беруді бақылауды ұйымдастырады, апта сайын тағам дайындау сапасын тексереді;

24) құқық бұзушылықты алдын алу бойынша шара қабылдайды, ол жасалғанда құрама командиріне баяндайды, құқық қорғау органын жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабардар етеді;

25) адамның қаза батуы мен мертігуіне немесе өзге де ауыр салдарына қатысты аварияны, апат пен оқиғаны тергеп-тексеруге, сондай-ақ жалпыәскери жарғыларда айқындалған әскери қызметшілер арасындағы өзара қарым-қатынас қағидалары бұзылған жағдайда тергеп-тексеруге қатысады;

26) корабль қаруымен және техникалық құралымен жұмыста, сабақ, оқ ату, оқу-жаттығу өткізуде және жұмыста қауіпсіздік талаптарын бағыныстыларға уақтылы жеткізеді, белгілейді және орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

27) жеке өзі және ішкі корабльдің лауазымды адамдарын, тексеру комиссиясын тартып, жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша әскери мүліктің бар болуын жоспарлы

және кенеттен тексереді, мемлекетке келтірілген материалдық залал анықталғанда қызметтік тергеп-тексеру тағайындайды және кінәлі адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешімді уақтылы қабылдайды;

28) әскери ұжымда әскери қызметшілер арасында жариялылықты, әлеуметтік адамгершілікті, өзара сенімді қалыптастырады, бөлімшеде кемшілікке, немқұрайлылық пен енжарлыққа төзбеушілік таныту жағдайын жасайды;

29) жыл сайын келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің негізгі демалыс графигін, ай сайын қызметке наряд графигін бекітеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

30) жауынгерлік даярлық жай-күйі, әскери тәртіп пен ішкі тәртіптің, сондай-ақ тәуліктік нарядтың қызмет өткеруін талдайды, айына бір реттен сиретпей қорытындылайды және оларды жақсарту бойынша шараларды айқындайды;

31) Қазақстан Республикасының Президенті, тікелей бастықтар, армия генералы, генерал-полковник, адмирал және Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қарулы Күштердің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдардың ішкі қызмет жарғысында (бұдан әрі – Ішкі қызмет жарғысы) айқындалған тәртіппен инспекциялау (тексеру) жүргізетін басшылық үшін тағайындалған адамдар корабльді аралап қарағанда қарсы алады, баяндайды және бірге жүреді;

32) корабльдің жауынгерлік даярлығы мен күнделікті қызметі іс-шаралары кезінде қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурсты оңтайлы пайдалану бойынша шаралар қабылдайды, құрамының жедел кезекшісі арқылы Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігін барлық анықталған залалданған теңіз аумағы туралы ақпараттандырады;

33) жоғарғы штабқа және жабдықталым органына белгіленген жеткізілім мен есеп беруді жүзеге асырады, келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің және әскерге шақыру бойынша офицерлердің ісі мен лауазымын уақтылы қабылдауын, тапсыруын қамтамасыз етеді.

Корабль командирі әскери оқу орнының жеке құрамына және әскери командаға қатысты Корабльде уақытша болатын командалар мен адамдар туралы ережені, сондай-ақ осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес әскери оқу орындары жеке құрамының корабльде болу тәртібін басшылыққа алады.

118. Жарғыларда және бұйрықтарда көзделмеген жағдайда корабль командирі Қазақстан Республикасының мүддесін және абыройын сақтап, өз еркімен әрекет етеді.

119. Корабль командирі корабльді жүзуге дайындау туралы өкімді алысымен:

1) жорыққа қойылған міндеттерді және оларды орындау тәртібін нақтылайды;

2) корабльді және жеке құрамды теңізде міндеттерді орындауға және авариясыз жүзуге даярлау іс-шараларын айқындайды;

3) қойылған міндеттерге сәйкес корабль офицерлерін даярлауды, олардың теңіз театрын, белгіленген ауысу маршрутын және жедел, миналық, навигациялық-гидрографиялық және гидрометрологиялық тұрғыдан жүзу ауданын, аумақтық теңіз, арнайы аймақ, тыйым салынған және қауіпті аудан шекарасын, халықаралық жүзу, бұғаздан өту қағидаларын және қойылған міндеттерді сапалы орындау үшін қажетті мәселелерді ұйымдастырады;

4) алдын ала маневр жасау жолын және есебін, штурмандық вахтаны ұйымдастыру және навигация техникалық құралын қолдану нұсқасы, навигациялық кешенді ( техникалық навигациялау құралын) іске қосуды ұйымдастыру бойынша ұсынысты қарайды және бекітеді, навигациялық-гидрографиялық және гидрометрологиялық қамтамасыз етуге (бұдан әрі – НГҚ және ГМҚ) өтінім береді, штурмандық және жылжымалы вахтаны атқару үшін корабльмен жорыққа тағайындалған офицерлерді штурмандық даярлауды тексереді;

5) корабльдік сүңгуірлердің корабль корпусының суасты бөлігін қарап-тексеруін ұйымдастырады;

6) алдағы жүзудің қиындығын ескеріп, жеке құрамға демалу үшін уақыт береді;

7) құрама командиріне корабльді жорық алдындағы дайындауды аяқтау туралы баяндайды.

120. Корабль командирі теңізге шығар алдында құрама штабынан:

1) шығу кезіндегі, өту бағытындағы және қойылған міндеттерді орындау ауданындағы ахуал туралы деректерді;

2) фарватерді, навигациялау-гидрографиялық қамтамасыз ету жүйесі мен құралын пайдалану тәртібін, радиоэлектрондық құралды пайдалануды ұйымдастыру мен режимін, жеткізілім тәртібі мен мерзімін;

3) нақты және күтілетін ауа райы, гидрологиялық және мұз жағдайы, радиолокациялық қадағалау, мүмкін болатын зәкір тұрағының жері және бүркемелеу пункті туралы деректерді;

4) қамтамасыз ететін корабль, ұшақ пен теңізде қорды толықтыру пункті (ауданы) туралы мәліметтерді;

5) белгіленген тәртіпті, зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алу және базадан шығу уақытын, ал егер шығу құрама (корабльдер тобы), топ құрамында болса, онда корабльдің саптағы орнын, өтпеге белгіленген жылдамдықты, жауапты қадағалау секторын және қарсылас анықталғанда әрекет етуді нақтылайды немесе алады.

121. Корабль командирі жағдайға, қойылған міндеттерді орындау мерзіміне және белгіленген жорыққа әзірлікке байланысты оны зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алудың белгіленген уақытына дейін 15 минут қалғанда аяқтау есебімен корабльді ұрысқа және жорыққа түпкілікті дайындауды бастау уақытын белгілейді. Корабльді ұрысқа және жорыққа дайындау графигі толық ауқымда орындалады.

122. Корабль командирі корабльді ұрысқа және жорыққа дайындағанда жедел қызметтен теңізге шығуға рұқсат сұрайды және корабль командирінің аға көмекшісінен корабльдің ұрысқа және жорыққа әзірлігі және оның жай-күйі туралы баяндауды қабылдайды.

Корабльдің ұрысқа және жорыққа әзірлігі туралы корабль командирі құрама командиріне баяндайды.

123. Зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алу құрама командирінің сигналы бойынша немесе белгіленген уақытта жүргізіледі.

124. Корабльдің жауынгерлік (бейбіт уақытта оқу-жаттығу) дабыл бойынша орналасу пунктінен (тұрақ орнынан) шығуы белгіленген жасырыну шараларын және қауіпсіздікті сақтаумен жүзеге асырылады.

125. Теңізге шұғыл шығатын жағдайды корабль командирі корабльді ұрысқа және жорыққа шұғыл дайындайды. Бұл ретте корабльдің қаруы мен техникалық құралы корабльді шұғыл дайындау графигіне сәйкес жол берілетін техникалық пайдалану нормалары шегінде қысқа мерзімде ұрысқа және жорыққа дайындайды.

Бірінші кезекте қауіпсіз зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алу және теңізге шығу әрекеті орындалады. Корабльді ұрысқа дайындау жүзуде немесе орналасу пунктінде аяқталады.

126. Корабль командирі жүзуде:

1) құрама командирінің ниетін құрамаға қойылған міндеттердің орындалуына ниетін зерделейді және түсінеді;

2) қойылған міндеттерді орындау үшін корабльдің жауынгерлік мүмкіндігін толық пайдалануға;

3) белгіленген бекіністі (ордердегі орынды) ұстайды және құрама командирінің сигналы бойынша барлық жағдайда негізді, бастамамен және пәрменді әрекет етіп, маневрді жүзеге асырады;

4) жеке жүзгенде сияқты есепті жүргізеді және егер оның есебі бойынша құрама немесе кез келген корабль бағыты қатерге әкелсе, құрама кораблінің командирін хабардар етеді;

5) корабль қауіпсіздігіне тікелей қатер төнгенде бағыт пен жылдамдықты дербес өзгертеді.

127. Корабль зақымданған немесе ақаулық пайда болғанда командир корабльдің істен шығуы (ордер) құраманың жауынгерлік (жорықтық) реттілігін бұзуға әкелмейтін барлық шараларды қабылдайды. Корабль командирі зақымдану мен ақаулық туралы құрама командиріне баяндайды және оларды жоюға шаралар қабылдайды.

128. Корабль командирі қалыптасқан жағдайда өз мәнін жоғалған міндеттерді қоспағанда, міндеттерді орындауға міндетті. Бұл ретте, егер байланысқа уақыт болмаса

немесе құрама командирімен байланыс болмаса, корабль командирі құраманың әрекетіне және жағдайды бағалауға сүйеніп, құраманың міндеттерді орындауына әкелетін шешім қабылдайды.

129. Корабль командирі корабль жүргізу мен корабльдің маневр жасау қауіпсіздігіне мақсатында корабль командирі корабльді жағдайға байланысты қатерлі маневр жасауға жауаптылықтан қорықпай, батыл, пәрменді және жігерлі басқарады.

130. Корабль командирі жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін корабльдің тұратын жерін жүйелі өзі айқындайды.

Штурманның жұмысын бақылайды, корабль командирі ауыр салдарды болдырмау үшін жауынгерлік бөлім штурманының кемшілігін ескертеді.

Корабль командирі болатын жорықтың ерекшелігі мен қиындығын ескеріп, штурмандық жауынгерлік бөлім командиріне жорыққа дайындалу және демалу үшін уақыт береді.

131. Корабль командирі жеке жүзгенде корабльдің жүзу бағыты мен жылдамдығын белгілейді.

132. Барлық жағдайда, оның ішінде құрама құрамында жүзгенде корабль командирі Біріккен Ұлттар Ұйымының хатшылығы бекіткен 1973 жылғы 1 қарашадағы № 13555 Халықаралық теңізде кемелердің соқтығысуын алдын алу қағидаларын (бұдан әрі – ХТКСАҚ-72) басшылыққа алады.

Корабль командирі корабльдің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды. Күрделі жағдайда корабль командирі әрекет ету мінбесі – бас командалық пунктінен (бұдан әрі – БКП) кетпейді.

Ұзақ жорықта қарапайым жүзуде корабль командирі демалу үшін әрекет ету мінбесінен (БКП) кетеді және корабльді басқаруды даярланған және корабльді дербес басқаруға жіберілген офицерге, корабль командирінің аға көмекшісіне (көмекшісіне) береді, ол туралы корабльдің вахталық журналына жазба жасайды. Әрекет ету мінбесінде (БКП) бір уақытта корабль командирінің және корабль командирі аға көмекшісінің (көмекшінің) және штурмандық жауынгерлік бөлім командирінің болмауына жол берілмейді.

133. Корабль командирі құрама командиріне белгіленген тәртіппен теңіздегі тұрған жері, әрбір портқа келгені және одан шыққаны туралы жеткізеді.

134. Корабль командирі, егер жағдаймен мүмкін болса, корабльдің үнемді жылдамдығына өтуді белгілейді.

135. Корабль командирі қадағалауға, алынған ауа райы болжамына және қауіпті гидрометеорологиялық құбылыс туралы ескертуге сәйкес ауа райының нашарлауы жағдайына алдын ала қауіпсіздік шараларын қабылдайды.

136. Тар өтпеде, навигациялық қауіп жанында, қарқынды кеме жүзе ауданында, жағалауға жақын немесе оған жақында, шектеулі көру жағдайында, сондай-ақ

корабльдің тұрған жері күмән келтірген жағдайда жүзгенде корабль командирі теңіз практикасымен қалыптасқан барлық сақтандыру шараларын сақтайды.

Осы жағдайда сақталатын негізгі сақтандыру шараларына:

1) корабльдің немесе оның жеке бөлімшелерінің, командалық пункттің, жауынгерлік бекеттің жауынгерлік әзірлігін арттыру;

2) корабльді күрделі жағдайда жүзуге дайындау;

3) штурманның барынша жоғары дәлдікпен есептеуі, жүзудің талап етілетін нақтылығын қамтамасыз ететін кезеңдікпен барлық қол жетімді тәсілмен корабльдің тұрған жерін нақтылау, рульдегі адам берген бағытты картада жазылған бағытпен, негізгі және резервтегі бағыт нұсқарының көрсеткішімен салыстыру;

4) қауіпсіздікке дейін жүзу жылдамдығын азайту немесе қозғалысты тоқтату, зәкірді түсіруге дайындау, жағдайды нақтылағанға дейін зәкірге қою;

5) әрекет ету мінбесінен (БКП) машинаны және рульді басқару бекетімен тікелей байланысты орнату;

6) тереңдікті үздіксіз өлшеу және оны картада көрсетілгенмен салыстыру, қауіпті тереңдікті анықтау үшін зәкір лақтыру, корабльдік катерден (шлюпкадан) қозғалыс бағыты бойынша тереңдікті өлшеу, өз штаттық орнында жүзбелі сақтандыру белгісінің болуын бақылау;

7) навигациялық қатерді және теңіздегі ахуалды хабардар ету мақсатында көрнекі, дыбыстық және техникалық қадағалауды күшейту, жауынгерлік ақпараттық бекеттің ( бұдан әрі – ЖАБ) және вахталық офицердің анықталған нысананы радиолокациялық белгілеу, алшақтау және соқтығысу қатері жағдайын айқындау, онымен қауіпті жақындаудан сақтандыру үшін маневр жасауды есептеу;

8) ЖАП-ның (радиолокациялық қадағалау бекетінің) корабльдің берілген маршрут бойынша нақты қозғалысын бақылауды жүзеге асыру, жағадағы қадағалау жүйесінің деректерін навигациялық бағдарлау және қозғалысты бақылау үшін пайдалану;

9) корабль командирінің әрекет ету мінбесінде (БКП) ұдайы болуы; оның және вахта офицердің қауіпті, сақтандыру, бұрылыс пеленгісінің, қашықтықтың, тереңдіктің және сәттің навигациялық қауіпсіздігін бақылау үшін жүзу командалық пункт пен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жауынгерлік бекеттің нақты өзара іс-қимылын ұйымдастыруы;

10) корабльді басқаруға байланысты электр энергиясы құралымен қоректендіру көзін ауыстыруға жол бермеу;

11) белгіленген уақытта вахтаны ауыстыруға жол бермеу (күрделі жағдайда вахтаны ауыстыру тек корабль командирінің ерекше рұқсаты бойынша жүргізу) жатады.

137. Жергілікті қағидаларда лоцмансыз жүзу жол берілмейтін ауданда корабль командиріне лоцманды бірге алу ұсынылады. Лоцман корабльге тек оның лоцман атағын растайтын құжатты тексергеннен кейін жіберіледі.

138. Бортта лоцман болуы корабль командирін корабль және корабльдің қауіпсіз жүзу және маневр жасауын басқару жөніндегі қызметтік міндеттерін орындау үшін жауаптылықтан босатпайды. Корабль командирі лоцманға корабль жүргізуді беріп, қауіпсіз жүзуді қамтамасыз ететін барлық шараларды қабылдайды.

139. Егер корабль командирі лоцманның корабльді нақты қатерге апаратынын немесе өз ісін мүлдем білмейтінін байқаса, ол оны лоцманның міндеттерін атқарудан шеттетеді, ол туралы корабльдің вахталық журналына жазады және жағдайға байланысты әрекет етеді.

140. Корабльді лоцман жүргізгенде корабль командирінің көмекшісі, әрекет ету вахтасын атқаратын штурмандық жауынгерлік бөлім офицерлері қауіпсіз жүзуді қамтамасыз ету жөніндегі жарғылық міндеттерін атқарады, сондай-ақ сол жерге келесі жүзіп барғанда өз күшімен еңсеру үшін маршрутты және фарватерді зерделейді.

141. Азық-түлік пен ішетін су жетпегенде корабль командирі жеке құрамға беру нормасын азайтады.

142. Мұзды жағдайда жүзгенде корабль командирі корабль корпусын, бұранда мен рульді зақымдауды алдын алу бойынша шаралар қабылдайды.

143. Бейбіт уақытта теңізде апатқа ұшырайтын корабльге, кемеге немесе ұшу аппаратына корабль командирі иелігіндегі барлық құралмен көмек көрсетеді. Соғыс уақытында жағдайға байланысты көмек көрсетіледі.

144. Қазақстан Республикасының портында жағада қалған барлық әскери қызметші туралы корабль командирі үлкен теңіз бастығына (гарнизон бастығына немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына) хабарлайды.

145. Базаға қайтып оралғаннан кейін корабль командирі:

1) тікелей бастығына жорық нәтижесі, экипаждың және корабльдің жай-күйі туралы баяндайды;

2) қорды жылдам толықтыруға және материалдық бөлімінің ақаулығын жоюға шаралар қабылдайды;

3) өз орынбасарларымен, көмекшілерімен, жауынгерлік бөлім командирімен және қызмет бастықтарымен болған жорықты және орындалған міндеттерді талдайды, корабль экипажына жорық қорытындысын жеткізеді.

146. Авария болғанда корабль командирі корабльді құтқару үшін барлық шараны қабылдайды.

Корабльге қирау қатері төнген жағдайда корабль командирі жеке құрамның корабльді ұйымдасқан түрде кетуіне шаралар қабылдайды. Бірінші кезекте корабльден науқастанған адамдар, ал кейіннен аварияға қарсы күреспен айналыспаған адамдар әкетіледі.

Корабльді құтқару мүмкін еместігіне көзі жеткенде командир корабльден қалған жеке құрамның кетуі туралы шешім қабылдайды. Командир корабльден соңғы болып кетеді.

147. Корабльге қирау қатері төнетін авария болғанда бейбіт уақытта корабль командирі корабльді жақын маңдағы саяз жерге тоқтатуға шара қабылдайды, соғыс уақытында өз жағалауында бейбіт уақыттағыдай әрекет етеді, өз жағалауынан алыс жерде корабльді суға батырады және қарсыластың оны қалпына келтіруіне мүмкін болмауына шаралар қабылдайды.

Экипаж корабльдік құтқару құралын пайдаланып, өз жағалауына немесе достас ( бейтарап) мемлекеттің жағалауына түсу мақсатында ұйымдасқан түрде корабльден кетеді.

148. Корабль командирі вахталық және навигациялық журналын, құпия құжатты және тиісті тізбеде айқындалатын аппаратураны құтқару үшін шаралар қабылдайды.

Егер көрсетілген құжаттар мен аппаратураны құтқару мүмкін болмаса, олардың қарсыластың қолына түсу қатері болса, олар жойылады.

Егер авария жағалауға жақын жерде болса, онда экипажды және жолаушыларды жағаға түсіргеннен кейін корабль командирі корабльдік мүлікті құтқару мен сақтауға шаралар қабылдайды.

149. Корабльден кеткеннен кейін корабль командирі мен барлық командалық құрам корабль экипажын таратқанға дейін бағынысындағыларға қатысты өз құқықтары мен міндеттерін толық сақтайды.

150. Егер экипажды шетел кораблі (кемесі) құтқарса, корабль командирі жеке құрамның бұл ретте Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің ар-намысын жоғалтпай, оларда белгіленген тәртіпті сақтауы үшін шаралар қабылдайды.

151. Егер құтқарылған экипаж Қазақстан Республикасы шегінен (шекарасынан) тыс жерде болса, корабль командирі экипажды жақын портқа немесе Қазақстан Республикасының елді мекеніне тезірек қайтарудың барлық мүмкіндігін іздестіреді.

152. Корабль командирі корабльдің қирауына қатер төндіретін таяз жерге ( топыраққа) түскенде, соқтығысқанда немесе қандай да бір оқиға болғанда белгіленген тәртіппен болған оқиға туралы, корабльді, жеке құрамды құтқару және залалды жою үшін қабылданған шаралар туралы баяндайды, ал базаға келгеннен кейін құрама командиріне жазбаша жеткізілім береді.

Жеткізілімге ол навигациялық, вахталық және машиналық журналды, ЖАП, техникалық және көрнекі қадағалау бекетінің авария сәтін қоса, соңғы тәулік ішінде жасалған жазба бар вахталық журналын, аварияға дейінгі бір тәуліктегі және оның сәтіндегі корабльдің навигациялық жүзу картасын, ЖАП планшетін, маневр жасау калькасын, курсограмманы және эхограмманы, штурмандық жауынгерлік бөлім командирінің, вахталық офицердің, вахталық инженер-механиктің, ЖАП вахталық офицерінің және оның қалауы бойынша аварияға қатысы бар немесе оған алғышартты және себеп болған жағдайды байқаған адамдардың баянатын қоса береді.

153. Корабль басқа корабльмен (кememен) соқтығысқанда корабль командирі куәгерлерден соқтығысу мән-жайы туралы егжей-тегжейлі жазбаша баянатын жинайды және оларды өз жеткізілімімен бірге береді.

Командир мен авария куәгерлерінің баянатында:

1) соқтығысу уақыты, орны, соқтығысу болған корабль (кеме) атауы, оның жалауы, иесінің және командирдің (капитанның) тегі;

2) соқтығысу уақытындағы гидрометеорологиялық жағдай;

3) өз кораблінен шығу пункті, тағайындалған жер, бағыт, жылдамдық, жарық және қадағалау құралының жай-күйі, рульдің қалпы, соқтығысуға алғышарт болған уақыттағы өз кемесі бойынша берілген сигнал мен басқа да деректер;

4) басқа корабль (кеме) анықталған уақыт және құрал, өзара қалпы, арақашықтық;

5) вахталық офицер, штурман және ЖАП айқындаған басқа корабльмен (кememен) аралық, бағыты мен жылдамдығы;

6) корабльде соқтығысуды болдырмау үшін алдын ала қабылданған шаралар, өз кораблінің (кемесінің) бағытын және жылдамдығын өзгерту сәті мен көлемі;

7) соқтығысу сипаты (корпустың қандай бөлігімен, қандай бұрышпен соқтығысты) және соқтығысқаннан кейінгі қалпы;

8) корабль командирі соқтығысқаннан кейін қабылдаған шаралар;

9) корабльдер (корабль және кеме) алған залал, тиісті сызбада немесе фотосуретте беру;

10) корабльдерде (корабльде және кемеде) лоцманның, үлкен бастықтың болуы, оның лауазымы, әскери атағы мен тегі;

11) авария болғанда корабльді кім басқарды және корабль командирінің болған жері көрсетіледі.

Баянатта тек куәгерлер жеке өзі байқаған соқтығысудың мән-жайы көрсетіледі.

154. Теңізде корабльмен (кememен) соқтығысқанда корабль командирі бұдан әрі жүзуді қауіпсіз жалғастыра алатынына алдын ала көзін жеткізбей, қираған корабльден ( кемеден) кетпейді. Бұл ретте корабль командирі осы корабль (кеме) командирімен ( капитанымен) соқтығысуда келтірілген залал туралы акті жасау үшін барлық мүмкіндікті пайдаланады.

Шетел кораблімен (кемесімен) соқтығысқанда корабль командирі халықаралық теңіз құқығы нормаларын басшылыққа алады, онымен бір уақытта теңіз оқиғасы туралы екіжақты акт жасау үшін барлық мүмкіндікті (егер жағдаймен мүмкін болса) пайдаланады. Акт жасау мүмкін болмаған немесе екінші тарап одан бас тартқанда корабль бірінші портқа келгеннен кейін 24 сағат ішінде теңіздік наразылықты мәлімдейді және ресімдейді.

155. Адам борт сыртына құлап кеткенде корабль командирі бейбіт уақытта борт сыртына құлаған адамды құтқаруға барлық шараларды қабылдайды және құлаған

адамды құтқару шараларын толық қабылдағаннан кейін ғана ауданнан кетеді. Соғыс уақытында ол жағдайға байланысты әрекет етеді.

156. Жөнделуде тұрған корабль командирі жасалатын жұмысқа қадағалау орнатады, олардың уақтылы және сапалы орындалуын бақылайды. Ол экипаждың корабль құрылымын, қару мен техникалық құралды жүзіп сынауға дайындау үшін зерделеуін ұйымдастырады.

157. Корабль командирі корабльді салушыға жобаға корабльдің жауынгерлік мүмкіндігін арттыруға, техниканы пайдалануды, экипаждың тіршілік әрекеті жағдайын жақсартуға әкелетін қару мен техникалық құралды орнату бойынша қажеттілікті енгізу туралы өз ойын команда бойынша баяндайды және хабарлайды.

Корабль командирі корабльде жөндеу жұмысын:

1) корабльдің төзімділігін қамтамасыз ету үшін күрес құралының ақаулығын немесе болмауын;

2) корабльдің төзімділігін төмендететін корабль корпусын және оның техникалық құралын белгіленген жөндеу кезектілігі графигін бұзу;

3) корабль бөлігін (үй-жайын) су басуға, жүзу қорын төмендетуге және орнықтылықты азайтуға әкелуі мүмкін корпус, құрылымы мен жүйе герметикалығының бұзылуы;

4) корабльдің төзімділігі үшін күресуге кедергі келтіретін корабльдің өтпежолын және бөліктерін (үй-жайын) материалдармен және мүлікпен қордалау;

5) өрт командасын шақырту үшін қосалқы байланыстың болмауы, зауыт жұмыскерлерінің еңбек қауіпсіздігін қағидаларын, жарылғыш-өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуы анықталғанда тоқтатады.

Корабль командирі жұмысқа жол бермеу туралы зауыттың бас инженерін, корабль салушыларды және зауыттағы тапсырыс беруші өкілін ақпараттандырады және құрама командиріне салынатын және жөнделетін корабль туралы баяндайды.

158. Экипаж салынатын (жөнделетін) корабльде орналастырғанда корабль командирі корабль үшін тікелей қатер туындағанда корабль үшін жауапты зауыттың өкілі келгенге дейін оның төзімділігі үшін күресті басқарады.

159. Корабльде экипаж болмағанда салынатын (жөнделетін) корабльді күзетуді және оның төзімділігі үшін күресті зауыт күшімен жүзеге асырылады. Корабль командирі корабльді күзетуді ұйымдастыруды және оның төзімділігі үшін күресті қамтамасыз етуді бақылайды, корабльді салуға (жөндеуге) жауапты адамдардан анықталған кемшіліктерді жоюды талап етеді.

160. Егер жөнделетін корабльді сыртқы және ішкі күзетуді экипаж жүргізсе, онда корабльдегі кезекші және вахталық қызмет командир құрама штабы (корабль командирінің аға көмекшісі) әзірленген зауыт басқармасымен келісілген және құрама командирі (корабль командирі) және зауыт бастығы (директоры) бекіткен арнайы нұсқаулыққа сәйкес атқарады.

161. Корабль докқа кіргізіледі және зауыт құралымен кильблокқа қойылады. Корабль командирінің докқа қауіпсіз кіргізу үшін жауаптылығы корабль форштевнясы батопорттың (жүзгіш доктың, слиптің) сыртқы желісіне өткен сәттен бастап аяқталады.

Доктан шыққанда командирдің корабльдің қауіпсіз жүзуіне жауаптылығы форштевеньнің батопорттың (жүзгіш доктың, слиптің) сыртқы желісінен өткен сәтінен бастап басталады. Корабль командирі докқа, слипқа кіргенде (доктан, слиптан шыққанда) ол үшін корабль жеке құрамын бөліп, док әкімшілігінің жұмыс жүргізуге жәрдемдеседі.

162. Жөнделген корабль командирі ол ҚР ҚК ӘТК құрамына қабылдағаннан кейін корабльді сынау кезеңінде белгіленбеген тактикалық-техникалық сипаттамасын айқындайды және оларды корабльдің тактикалық формулярына енгізеді.

163. Корабль командирінің лауазымына кіріскенде:

жауынгерлік даярлық;

экипаждың моральдық-психологиялық жай-күйі, құқықтық, әскери тәртібі;

қару мен техникалық құралдың ақаусыздығы;

корабль корпусы мен үй-жайының жай-күйі;

корабльдің тактикалық формулярындағы жазбаның нақты жай-күйіне сәйкес келуі тексеріледі.

Корабль теңізге шыққанда қабылдаушы командир лауазымға кіріскенге дейін корабльдің теңізде жүзу және маневр жасау мүмкіндігімен танысады.

Қабылдаушы командир корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығуда корабльдің БКП-ның, КП-ның және ЖБ-ның базадан шыққанда және қарқынды корабль жүзетін ауданда жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша (құрама оқу-жаттығу орталығының тренажеры қолданылады), оның ішінде осы немесе басқа құрамаға іссапарға жіберген уақытта өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыруды тексереді.

164. Қабылдаушы командир тапсырушыдан корабльдің суға батпауына қатысты мәліметтер алады, корабльдің төзімділік үшін күрес құралының және жарылыс-өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйенің бар болуы мен жай-күйін тексереді.

165. Ісі мен лауазымын қабылдау және тапсыру туралы акті бекітілген күні құрама командирі белгілеген уақытта осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңадан тағайындалған командирдің корабль қолбасшылығына түсуінің салтанатты жоралғысы жасалады.

Жаңа командир қолбасшылыққа түскені туралы корабль бойынша бұйрықта жариялайды және корабльдің вахталық журналында және тактикалық формулярында жазба жасайды. Қолбасшылыққа түскені туралы корабль командирі құрама бойынша бұйрық беру үшін құрама командиріне баянатпен жеткізеді.

**10-параграф. Корабль командирінің аға көмекшісі**

166. Корабль командирінің аға көмекшісі корабль командиріне бағынады, командирдің бірінші орынбасары және корабльдің барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады.

Ол жеке корабль жауынгерлік бөлімдерінің, қызметтері мен командаларының күнделікті қызметіне басшылық жасайды және осы лауазым штатта көзделмеген жерде, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау қызметі бастығының міндеттерін орындайды.

Корабль командирінің аға көмекшісі:

корабль қорғанысы мен қорғауды ұйымдастыруға;

жауынгерлік даярлықты ұйымдастыруға;

корабль жеке құрамының тәрбиесі мен әскери тәртібіне;

корабльдің жауынгерлік бөлімдері мен қызметтері арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыруға;

корабльде қызмет пен ішкі тәртіпті ұйымдастыруға;

корабльдік кестенің, нұсқаулықтың дұрыс жасалуына және оларды уақтылы түзетуге;

жеке құрамды, оқ-дәріні, атыс қаруын және өзге де материалдық құралды есепке алу жай-күйіне;

корабльді ұрысқа және жорыққа дайындауға жауапты болады.

Штатта командир аға көмекшісінің лауазымы көзделмеген корабльде корабль командирінің көмекшісі оның міндеттерін орындайды және оның құқықтарын пайдаланды.

167. Корабль командирінің аға көмекшісі:

1) корабльдің, қару мен техникалық құралдың, барлық қор түрінің жай-күйін зерделейді және оларды белгіленген нормаға сәйкес ұстайды;

2) корабльдің қорғанысы мен қорғау іс-шараларын әзірлейді;

3) корабль командирі орынбасарының және көмекшісінің, жауынгерлік бөлім командирлері мен қызмет бастықтарының қатысуымен корабльді жауынгерлік даярлау жоспарын әзірлейді, оны корабль командиріне бекітуге береді және оның орындалуын бақылайды;

4) корабльдің төзімділігі үшін күрестің теориялық негізін зерделейді және оны іс жүзінде басқара алады, офицерлерді төзімділік үшін күреске өзі үйретеді;

5) жауынгерлік бөлімдер мен қызметтерге корабль командирінің, үлкен бастықтың барлық өкімдерін уақтылы және дұрыс беруді ұйымдастырады және олардың орындалуын тексереді, жауынгерлік бөлімдер мен қызметтердің өзара іс қимылын пысықтайды, корабль жауынгерлік бөлімдерінің, қызметтері мен командаларының күнделікті қызметіне басшылық жасайды;

6) корабльде қару мен техникалық құралды қолдану және пайдалану тәжірибесін жинақтайды;

7) әскери оқу орнына кандидат іріктеу және келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау жұмысына қатысады;

8) офицерлерді корабльдік кезекшілікті, сондай-ақ зәкірдегі тұрақта вахталық қызметті атқаруға даярлайды;

9) күн сайын корабльді аралап шығады, авария болуды, жеке құрамның қаза табуын және жарақаттануын алдын алу іс-шараларының орындалуына ерекше назар аударып, белгіленген күн тәртібінің сақталуын, корабль корпусының, үй-жайының, қаруының, оқ-дәрілерінің және техникалық құралының жай-күйін бақылайды;

10) вахталық журналдың және басқа да корабль құжаттамасының жүргізілуін бақылайды;

11) барлық жұмыс түрін жүргізгенде қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылайды;

12) корабльдің тиісті материалдық құралмен уақтылы және толық қамтамасыз етілуін бақылайды;

13) табиғи ортаның ластануын алдын алу жұмысын ұйымдастырады;

14) нарядқа түсер алдында корабль бойынша кезекшіге нұсқау береді.

168. Корабль командирінің аға көмекшісі (көмекшісі):

1) белгіленген мерзімде корабльді дербес басқаруға рұқсаттама алады;

2) корабль командирі жоғарғы қолбасшылықтан алған барлық бұйырым мен өкім және корабль командирінің барлық қызметтік ниеті туралы хабардар болады.

169. Корабль командирі аға көмекшісінің (көмекшісінің) өз қызметтік міндеттерін тиісті орындау кезінде корабльден жиі кетуіне жол берілмейді.

170. Корабль командирінің аға көмекшісі (көмекшісі) жорыққа шығар алдында:

магнитсіздендіру және минаға қарсы құрылғының қосылғанына;

корабль қорының толықтырылғанына;

барлық офицердің, старшина мен матростың корабльде болуына;

бөгде адамдардың болмауына көз жеткізеді.

Зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алғанға дейін 10 минут бұрын корабль командиріне корабльдің ұрысқа және жорыққа әзірлігі туралы баяндайды.

Жорық уақытында ол барлық жүзу жағдайы туралы хабардар болады.

171. Корабль командирі аз уақыт болмағанда аға көмекші бір уақытта өзінің тікелей міндеттерімен қатар корабльдің қолбасшылығына түседі.

Корабль командирі корабльде ұзақ болмағанда ол жоғарғы бастықтың бұйырымымен ол туралы бұйрықта жариялап және корабльдің вахталық журналына жазба жасап, корабль қолбасшылығына түседі.

172. Корабль командирінің аға көмекшісі күн сайын жалауды көтерер алдында корабль командиріне осы Нұсқаулыққа 5 және 6-қосымшаларға сәйкес корабльдің тәуліктік ведомосын, вахталық офицердің таңертеңгілік баянатын береді және рейдте және корабльде түнде болған жағдай туралы баяндайды.

173. Күн сайын корабль командирі белгілеген уақытта командирдің аға көмекшісі командир көмекшісінен, жауынгерлік бөлім командирлерінен, қызмет бастықтарынан тәуліктік жоспардың орындалуы және бір күнде болған жағдай туралы баяндауын қабылдайды, одан кейін корабль командиріне баяндайды және келесі тәулікке жоспарды бекітуге береді.

Корабль командирінен алдағы тәулікке нұсқау алысымен аға көмекші бұйырым кітабына өз өкімін енгізеді және оны корабль бойынша кезекшіге береді. Бекітілген тәуліктік жоспармен ол корабль командирінің орынбасарлары мен көмекшісін, жауынгерлік бөлім командирлері мен қызмет бастықтарын таныстырады.

174. Командирдің аға көмекшісі корабльдің жеке құрамына сап алдында қажетті бұйрықтар мен келесі тәулікке жоспарды жариялауды ұйымдастырады.

175. Корабль командирі экипаждың корабльден кетуі туралы шешім қабылдағаннан кейін аға көмекші ол үшін қажетті іс-шараларға басшылық жасайды. Аға көмекші, егер корабль командирінен өзге бұйырым алмаса, корабльден онымен бірге кетеді.

**11-параграф. Корабль командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары**

176. Корабль командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары корабль командиріне бағынады, корабльдің барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады және:

корабль жеке құрамының тәрбиесіне, әскери тәртібіне, моральдық-психологиялық жай-күйіне және мемлекеттік-құқықтық даярлығына;

әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік-құқықтық қорғау жұмысына тартуға;

корабльде әлеуметтік-құқықтық, ақпараттық, психологиялық және мәдени-демалыспен қамтамасыз етуге жауапты болады.

177. Корабль командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары:

1) корабльді жауынгерлік даярлау жоспарын әзірлеуге, сондай-ақ жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігі іс-шараларын орындауға, олардың орындалуын қамтамасыз етуге қатысады;

2) корабльдің жауынгерлік даярлық, ұдайы жауынгерлік әзірлікте ұстау міндеттерін табысты орындауға, жауынгерлік міндеттерді орындауға, құқықтық негізде дара басшылықты нығайтуға бағыттап, тәрбие және әлеуметтік жұмысын жоспарлайды, ұйымдастырады және жүргізеді;

3) корабльде жауынгерлік кезекшілік, жауынгерлік, кезекші және вахталық қызмет міндеттерін орындау бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастырады және жүргізеді;

4) жауынгерлік бөлімдер мен қызметтердің белсенділерін іріктеуді, орналастыруды, тәрбиелеу мен оқытып-үйретуді ұйымдастырады, ақпараттық-тәрбие жұмысы бөлмесінің, қабырға баспасы редакциялық ұжымының жұмысын бақылайды;

5) әскери қызметшілер бойында жоғары қырағылықты, мемлекеттік құпияны қатаң сақтауды, қару мен әскери техниканы меңгеруге және ұдайы жауынгерлік әзірлікте ұстауға, әскери мүлікті сақтау мен күтіп-ұстауға дербес жауаптылықты қалыптастыруға тәрбиелейді;

6) корабль жауынгерлік бөлімдері мен қызметтерінде сайысты ұйымдастыру және жеке құрамды оқытып-үйрету мен тәрбиелеудің озық тәжірибесін насихаттау іс-шараларын жүзеге асырады, олардың бойында бастаманы және белсенділікті дамытады;

7) корабль жеке құрамын халқына және Қазақстан Республикасының Президентіне адал болу, ұлтаралық келісім, қазақстандық патриотизм, заңдарды сақтау, әскери борышқа және әскери антқа адал болу, жалпыәскери жарғылардың және командир ( бастық) бұйрығының талаптарын мүлтіксіз орындау рухында тәрбиелеу, экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл, жеке құрамды құрылымды бұзатын идеологияның әсер етуінен қорғау жұмысын жүргізеді;

8) әскери қызметшілерге мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын, әскери-саяси жағдайды түсіндіреді және олардың бойында Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесін қорғауға ұдайы әзір болуды тәрбиелейді;

9) әскери ұжымда ұйымшылдық, әскери-теңіз дәстүрін, достық пен жолдастықты сақтау және дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізеді;

10) корабльде өзара іс-қимылды ұйымдастырады және әрекеттегі офицерлер жиналысына әдістемелік көмек көрсетеді;

11) жеке құрамды ақпараттандыруды, мемлекеттік-құқықтық даярлау жоспары бойынша әскери қызметшілермен сабақ өткізуді ұйымдастырады және өткізеді;

12) офицерлердің іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін зерделейді және қалыптастырады, сондай-ақ әрбір корабль офицері мен старшинасының әскери атағын, тегін, атын, қызмет өткеру мерзімін, атқаратын лауазымын, отбасы жағдайын зерделейді, олармен құқықтық, әскери, адамгершілікке тәрбиелеу, педагогикалық дағдысын жетілдіру бойынша жеке жұмыс жүргізеді;

13) бөлімше офицерлері мен старшиналарына бағыныстылармен жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыруға оқытып-үйретеді және әдістемелік көмек көрсетеді;

14) әскери қызметшілерді іріктеуге, орналастыру мен аттестаттауға, жоғарғы лауазымға ілгерілету, келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру және әскери оқу орнына оқуға түсу, мамандық бойынша курстық даярлыққа жіберу үшін кандидат іріктеуге қатысады;

15) әскери тәртіп пен құқық тәртібін нығайту, жеке құрам арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, корабль экипажын шоғырландыру, әскери қызметтің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастырады және жүргізеді;

16) корабльдегі қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықты, әскери тәртіптің жай-күйін есепке алуды жүргізеді;

17) әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелеріне қатысты әлеуметтік әділеттілік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді, олардың мұқтажы мен сұранысын біледі, олардың ұсынысы мен өтінішін шешу бойынша уақтылы шаралар қабылдайды;

18) корабль жеке құрамының денсаулығына қамқорлық танытады, тамақтануын, материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсартады;

19) жеке құрамның мәдени демалысын ұйымдастырады, корабльді мерзімді баспамен қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды;

20) техникалық тәрбие құралы мен тәрбие жұмысы мүлкін дұрыс пайдалануды және сақталуын ұйымдастырады;

21) күн сайын корабль командиріне және құрама командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарына жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйі, корабльде жүргізілген тәрбие іс-шаралары, әскери тәртіп туралы баяндайды.

**12-параграф. Корабль командирінің көмекшісі**

178. Корабль командирінің көмекшісі корабль командиріне бағынады және бағынысты бөлімшедегі барлық жеке құрам үшін тікелей бастық болып табылады.

179. Корабль командирінің көмекшісі:

Корабль экипажының корабльде және казармада ішкі тәртіпті сақтауына;

бағынысты бөлімшеде жеке құрамды жауынгерлік даярлауға, тәрбиелеуге, әскери тәртібіне және моральдық-психологиялық жай-күйіне;

корабльдік нарядтың қызметін ұйымдастыруға;

корабль бортын, жоғарғы палубасын, қондырмасын, рангоутын, тұрғын үй-жайы мен ортақ пайдаланудағы үй-жайын ұстауға;

жүк көтерумен және корабль бортының сыртында болумен байланысты жұмыста жеке құрамның қауіпсіздігіне;

корабльдік жүзу құралының, зәкірлік, сүйрету және көтеру құрылғысының жай-күйіне және пайдалануға, оларды жорыққа дайындауға, дауылдық леер мен бекітпенің ақаусыздығы мен қолдануға әзірлігіне;

корабль экипажын жүзуге үйретуге;

шпикерлік мүліктің болуына, оның есебін жүргізуге, беруге және дұрыс қолдануға;

құтқару құралының (құтқару кеудешесінің, белдігінің, шағын салдың) болуына, олардың жиынтықталуына, жай-күйі мен қолданысқа әзірлігіне жауапты болады.

180. Корабль командирінің көмекшісі:

1) корабльдің жоғары палубасындағы, қондырмасындағы және бортындағы жұмысқа басшылық жасайды;

2) жауынгерлік бөлім командирімен және қызмет бастығымен келісу бойынша жеке құрамды корабльден тыс жұмысқа тағайындайды және олардың орындалуын бақылайды;

3) корабль жеке құрамын орналастырады;

4) корабль экипажының теңіздік, саптық, дене шынықтыру және атыс қаруынан оқ ату даярлығын, оны жағаға және демалысқа жіберуді ұйымдастырады;

5) корабльдің қосалқы командалық пунктін басқарады;

6) корабльде тағаммен жабдықтау мен дайындауды ұйымдастыруға, корабльді бүркемелеу іс-шараларына, күнделікті кестені жасауға басшылық жасайды.

181. Корабль командирінің көмекшісі корабльде барлық жеке құрамның корабльдік қағидаларды орындауын бақылайды. Оның басшылық ету шеңбері бойынша нұсқауын корабль офицерлері, матростары мен старшиналары орындайды.

182. Авария болғанда корабль командирінің көмекшісі корабльдің жоғары палубасындағы, қондырмасындағы және бортындағы жұмысқа басшылық жасайды немесе корабль командирінің нұсқауы бойынша әрекет етеді.

Қажет болғанда ол бас командалық пункт арқылы өз қарамағына авариялық партия мен жауынгерлік бекеттің жеке құрамын сұратады.

183. Зауыттық жөндеу кезеңінде корабль командирінің көмекшісі корабль командиріне, егер жағдаймен талап етілсе, вахталық және кезекшілік қызметті күшейту қажеттілігі туралы баяндап, жұмысшылардың корабльдік қағидаларды және күн тәртібін орындауын бақылайды.

**13-параграф. Корабль жауынгерлік бөлімінің командирі (қызмет бастығы)**

184. Корабль жауынгерлік бөлімінің (қызмет) командирі корабль командиріне бағынады, жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады және:

жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) жауынгерлік әзірлігіне, қойылған міндеттердің табысты орындалуына, жауынгерлік бөлім (қызмет) қаруының, техникалық құралының , төзімділік үшін күрес құралы мен байланыс құралының, құпия құжаттардың және мүлкінің сақталуы мен пайдалануына;

бағыныстағы жеке құрамының жауынгерлік даярлығына, тәртібіне, әскери тәрбиесіне және моральдық-психологиялық жай-күйіне;

жауынгерлік бөлімге (қызметке) сеніп тапсырылған жауынгерлік бекеттегі міндеттерді орындау үшін жауынгерлік бөлімнен келетін әскери қызметшілердің даярлығына және әрекет етуін пысықтауға;

жауынгерлік бөлімнің жеке құрамын корабльдің, қару мен техникалық құралдың төзімділігі үшін күреске даярлауға;

корабльді (жауынгерлік бөлімді, қызметті) тиісті жабдықталым түрімен жабдықтауға, оларды есепке алуға, заңды және үнемді пайдалануға;

физикалық өріс деңгейін белгіленген норма шегінде ұстау іс-шараларын орындауға, жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) қаруы мен техникалық құралын метрологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға;

арнайы кезекшілік және вахталық қызметті қатысты бөлігінде ұйымдастыруға;

жауынгерлік бөлімге тіркелген курсанттар мен тағылымдамадан өтетіндердің практикасын ұйымдастыру мен өткізуге, жауынгерлік бөлімде (қызметте) ішкі тәртіпті сақтауға;

жауынгерлік бөлімде (қызметте) пайдалану және есептілік құжаттамасын жүргізуге жауапты болады.

185. Жауынгерлік бөлімі командирі (қызмет бастығы):

1) жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) қаруы мен техникалық құралын зерделейді, жауынгерлік міндеттерді орындағанда жауынгерлік бөлімді (қызметті) басқарады, мамандығы бойынша өз білімін жетілдіреді;

2) жауынгерлік бөлімінің (қызметінің) қаруын, оқ-дәрісін, техникалық құралы мен мүлкін пайдалану іс-шараларын ұйымдастырады, айына бір рет олардың жай-күйі мен есепке алынуын тексереді;

3) жауынгерлік даярлыққа басшылық жасайды, жауынгерлік бөлімде (қызметте) жеке және жалпы жауынгерлік оқу-жаттығу, сондай-ақ бағыныстағы офицерлермен және старшиналармен сабақ өткізеді;

4) сабақ мен оқу-жаттығу жетекшісін даярлауды ұйымдастырады, бағыныстылардың білімін және практикалық дағдысын тексереді, оларды корабльдік және арнайы кезекшілік және вахталық қызметті атқаруға әзірлейді;

5) қорды қабылдауға басшылық жасайды, олардың белгіленген нормаға сәйкес бар болуын, дұрыс сақталуы мен жұмсалуын бақылайды;

6) жауынгерлік бөлімде (қызметте) белгіленген ішкі тәртіпті сақтайды, жауынгерлік бөлім иелігіндегі тұрғын және қызметтік үй-жайдың ұсталуын бақылайды;

7) жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) жеке құрамын корабльдік кесте бойынша орналастыруды бақылайды және командирдің аға көмекшісіне қажетті өзгерістер туралы баяндайды;

8) жауынгерлік бөлім (қызмет) жеке құрамының қарумен және техникалық құралмен сабақта, оқу-жаттығуда және жұмыста қауіпсіздік талаптарын орындауын бақылайды;

9) жөндеу ведомосын және наразылықты жасайды, жөндеу кәсіпорыны жүргізетін жөндеу барысын бақылайды және жеке құрам күшімен жүргізілетін жөндеуге басшылық жасайды;

10) жауынгерлік бөлімде (қызметте) құжаттаманы жүргізуді ұйымдастырады;

11) күн сайын жауынгерлік бөлім иелігіндегі объектілерді қарап шығады және корабль командирі және флагмандық маман белгілеген уақытта құрама командирінің көмекшісіне және флагмандық маманына тәуліктік жоспардың орындалғаны, құпия құжаттардың (техниканың) болуы, бір күнде болған жағдай және жауынгерлік бөлімдегі (қызметтегі)алдағы тәулікке жоспарланған іс-шаралар туралы баяндайды;

12) жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) жорыққа және ұрысқа дайындығына басшылық жасайды;

13) келісімшарт бойынша әскери қызметке және әскери оқу орнына оқуға түсу үшін кандидат іріктеуді жүзеге асырады;

14) жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) қаруы мен техникалық құралын метрологиялық қамтамасыз ету іс-шараларын уақтылы жүргізуге жауапты болады.

186. Жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы) қарудың, техникалық құралдың ақаулығы, құпия құжаттың (техниканың) жетіспеуі анықталғанда құрама кораблінің командиріне және флагмандық маманына баяндайды және кемшілікті жоюға (іздестіруге) шаралар қабылдайды.

187. Корабль аварияға ұшырағанда жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы) бөлімшесіндегі корабльдің төзімділігі үшін күрес жұмысына басшылық жасайды.

188. Корабль командирі корабльден кетуге шешім қабылдағанда жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы) жұмысты тоқтату және жеке құрамның командалық пункттен және жауынгерлік бекеттен кету кезектігін айқындайды.

189. Корабль салу (жаңарту) уақытында жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы) жауынгерлік бөлім (қызмет) қаруы мен техникалық құралын өзі зерделейді және бағыныстылардың зерделеуін ұйымдастырады.

190. Жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы) өзінің және жоғарғы құрама флагмандық маманының жеке құрамды жауынгерлік даярлауға, тәрбиелеуге, әскери тәртіпті сақтауға және моральдық-психологиялық жай-күйіне, қызметті ұйымдастыруға , қару мен техникалық құралды жауынгерлік қолдануға қатысты нұсқауын орындайды. Алынған нұсқау туралы ол корабль командиріне баяндайды.

191. Құрама флагмандық маманының міндетін қоса атқаратын жауынгерлік бөлім командирі корабльде қызметтік міндеттерін атқарудан босатылмайды.

**14-параграф. Топ (батарея) командирі**

192. Топ (батарея) командирі жауынгерлік бөлім командиріне бағынады және топтың (батареяның) барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады.

193. Топ (батарея) командирі:

топтың (батареяның) жауынгерлік әзірлігіне және қойылған міндеттердің орындалуына;

жеке құрамды жауынгерлік және арнайы даярлауға, тәрбиелеуге, әскери тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйіне;

құпия құжатты және топ (батарея) техникасын пайдалану және оларды сақтау қағидаларының қатаң сақталуына;

қару мен техникалық құралдың пайдаланылуы мен сақталуына;

топтағы ішкі тәртіпке жауапты болады.

194. Топ (батарея) командирі жауынгерлік бөлімнен және қызметтен топтың ( батареяның) жауынгерлік бекетінде міндеттерді орындау үшін келетін әскери қызметшілердің әрекет етуді пысықтауына жауапты.

195. Топ (батарея) командирі:

1) бөлімшенің қаруы мен техникалық құралының құрылымы мен жауынгерлік пайдалану реттілігін жетік біледі, жауынгерлік бөлім командиріне барлық байқалған ақаулық туралы уақтылы баяндайды;

2) жеке құрамды жауынгерлік даярлауды және тәрбиелеуге басшылық жасайды;

3) старшиналармен және матростармен сабақты өзі өткізеді, олардың білімі мен практикалық дағдысын тексереді;

4) топтың (батареяның) жеке оқу-жаттығуын өткізеді және бөлімшеде дербес даярлықты ұйымдастырады;

5) команда матростарын, старшиналары мен бөлімше командирлерін дұрыс оқытып-үйретуді қадағалайды және бөлімше жеке құрамының жауынгерлік бекетте міндеттерді орындауға іс жүзінде даярлығын біледі;

6) топтың (батарея) қаруының, оқ-дәрісінің, техникалық құралының, төзімділік үшін күрес құралын және мүлкінің сақталуын және пайдалануды қамтамасыз етеді, айына екі рет топ (батарея) оқ-дәрісінің, атыс қаруы мен мүлкінің жай-күйін және есепке алынуын, сондай-ақ дұрыстығын күтіп-ұсталуы мен сақталуын өзі тексереді;

7) барлық материалдық бөлімнің үздіксіз жұмысын және қару мен техникалық құралдың төзімділігі үшін күресті, топтың (батареяның) жауынгерлік бекеті ауданында суға және өртке қарсы күресті, топ үй-жайының герметикалығын қамтамасыз етеді;

8) жөндеу ведомосын жасайды, жөндеу кәсіпорны өкілінің жөндеу барысын бақылайды және топтың (батарея) жеке құрамы орындайтын жөндеуге басшылық жасайды;

9) топтың (батареяның) ұрысқа және жорыққа дайындығына басшылық жасайды;

10) жеке құрамның сабақта, оқу-жаттығу мен қарумен және техникалық құралмен және мүлікпен жұмыста қауіпсіздік талаптарын орындауын, құпия құжатпен ( техникамен) жұмыс қағидаларын сақтауын бақылайды;

11) бағыныстыларды корабльдік наряд қызметін өткеруге дайындайды және олардың қызмет өткеруін бақылайды, команда старшинасының қызметке және жұмысқа наряд парағын дұрыс жүргізуін тексереді;

12) топ (батарея) жеке құрамының іскерлік және моральдық-психологиялық қабілетін, сондай-ақ атын, тегін және туған жылын, әскери қызметке дейін айналысқан жұмыс тегін, әрбір әскери қызметшінің жауынгерлік даярлықтағы жетістігі мен кемшілігін біледі;

13) бағыныстыларды барлық тиісті жабдықталыммен уақтылы қанағаттандыруды бақылайды;

14) бағыныстылардан әскери киім нысанын кию қағидаларын сақтауын талап етеді, олардың сыртқы пішіні мен саптық жинақылығын, киімінің шақтап пішілуі мен күтіп-ұсталуын қадағалайды және олардың болуын тексереді;

15) топ (батарея) жеке құрамын ұйқыдан тұрғызу мен кешкі тексеруге кезең-кезеңімен қатысады;

16) бағыныстыларының денсаулығын сақтау туралы қамқорлық жасайды, профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуін қадағалайды, медициналық қарап-тексеруге қатысады, жеке гигиена қағидаларының сақталуын, моншаға үнемі баруын, іш киімі мен төсек-орын керек-жарағын ауыстыруын қадағалайды;

17) қарамағындағы үй-жайда тазалық пен тәртіптің сақталуын қадағалайды және бір тәулікте кемінде бір рет оларды қарап шығады;

18) топ (батарея) корабльдік кестесінің нақты жеке құрамның болуына сәйкестігін бақылайды және барлық қажетті өзгеріс пен толықтыру туралы жауынгерлік бөлім командиріне баяндайды;

19) қарудың, техникалық құралдың ақаулығы, құпия құжаттың және техниканың жетіспеуі анықталғанда жауынгерлік бөлім командиріне дереу баяндайды және анықталған кемшілікті жоюға (іздеуге) қолындағы барлық шараны қабылдайды.

20) бөлімшенің қаруы мен техникалық құралымен метрологиялық қамтамасыз ету іс-шараларын уақтылы жүргізеді.

196. Топ (батарея) командирі корабль аварияға ұшырағанда топта (батареяда) төзімділік үшін күреске басшылық жасайды.

## 15-параграф. Жауынгерлік бөлімнің (топтың, батареяның) аға инженері (инженері)

197. Аға инженер (инженер) жауынгерлік бөлім (топ, батарея) командиріне бағынады, жүргізу шеңбері бойынша оның нұсқауы жауынгерлік бөлім (топ, батарея) жеке құрамы үшін міндетті болып табылады.

198. Аға инженер (инженер) жауынгерлік бөлімнің (топтың, батареяның) қаруы мен техникалық құралына техникалық қызмет көрсетуге және қолданылуына жауапты болады.

199. Аға инженер (инженер):

1) бөлімшенің қаруы мен техникалық құралының құрылымын және оны қолдану тәртібін біледі, материалдық бөлікке қызмет көрсетуді ұйымдастырады, оның ақаусыз жай-күйде ұсталуын қамтамасыз етеді;

2) өз иелігіндегі қару мен техникалық құралдың құрылымын, қолдану тәртібін біледі және оларды ақаусыз күйде ұстайды;

3) аварияны және қару мен техникалық құралдың сынуын алдын алу іс-шараларын жүргізеді, оларды қолдану және жөндеу кезінде қауіпсіздік талаптарын орындайды;

4) бөлімше жеке құрамын техникалық құжаттаманы жүргізу тәртібіне үйретеді, ай сайын бөлімше командиріне оны толтыру туралы баяндайды;

5) бөлімшеде қосалқы құрал-сайманның, аспаптың, шығыс мүлкі мен керек-жарақтың қолданысын, шығысы мен толықтырылуын бақылайды;

6) физикалық өрісі деңгейін белгіленген норма шегінде ұстау және бөлімшенің қару мен техникалық құралын метрологиялық қамтамасыз ету іс-шараларының орындалуын жоспарлайды және ұйымдастырады;

7) бөлімше старшиналарымен және матростарымен сабақ өткізеді;

8) қару мен техникалық құралды жөндеу жоспарын, жөндеу ведомосын жасауға қатысады, жөндеу ұйымының жөндеу барысын бақылайды және бөлімше жеке құрамының жөндеу жұмысына басшылықты жүзеге асырады.

**16-параграф. Корабль старшинасы**

200. Корабль старшинасы корабль командирінің матростармен және старшиналармен жұмыс жөніндегі бірінші көмекшісі болып табылады, бейбіт және соғыс уақытында:

жауынгерлік әзірлік, корабль матростары мен старшиналары жауынгерлік және дене шынықтыру даярлығының жай-күйіне;

корабль старшиналарының басшылық құжаттардың талаптарын білуіне және қолданылуына;

корабль матростары мен старшиналарын әскери тәрбиелеуге, тәртібіне, моральдық-психологиялық жай-күйіне;

корабль старшиналарының жауынгерлік және дене шынықтыру даярлығы, жалпыәскери жарғылар бойынша сабақ өткізу сапасына;

корабль матростары мен старшиналарына кезекті әскери атақ, сыныптық біліктілік беру, оларды жоғары лауазымға ілгерілету, әскери оқу орнына және курстық даярлыққа жіберу, сондай-ақ келісімшарт бойынша әскери қызметке кандидатты сапалы іріктеу жұмысын ұйымдастыруға;

корабль матростары мен старшиналарының сыртқы келбетіне;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауға жауапты болады.

Ол корабль командиріне бағынады, корабльдің барлық матросы мен старшинасы үшін тікелей бастық және жауынгерлік және дене шынықтыру даярлығы, жалпыәскери жарғылар жөніндегі нұсқаушы болып табылады.

201. Корабль старшинасы:

1) жауынгерлік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастырады және есепке алады;

2) корабльдің жауынгерлік даярлығын жоспарлауға қатысады;

3) корабль старшиналарымен көрнекі, нұсқаулық-әдістемелік, практикалық және бақылау сабағын, жаттықтыру және жеке жауынгерлік оқу-жаттығу өткізеді;

4) корабль старшиналары лауазымын жасақтау бойынша шара қабылдайды, корабльдегі әрбір старшинаны: оның тегін, атқаратын лауазымын, іскерлік, моральдық-психологиялық және жеке қабілетін, әскери қызметке дейінгі айналысқан қызмет түрін, отбасы жағдайын біледі, олармен әскери тәртіп және кәсіби даярлықты жетілдіру бойынша жеке жұмыс жүргізеді;

5) корабльдің тактикалық-техникалық деректерін, құрылымын, сондай-ақ оның қаруы мен техникалық құралын және оларды қолдану қағидаларын біледі, айына екі реттен сиретпей жауынгерлік бөлімде қару мен техникалық құралға техникалық қызмет көрсетуді бақылайды;

6) корабльдің жүзу құралын дербес басқаруға рұқсаттамасы болады, рейдтік қызмет және көрнекі байланыс жөніндегі басшылық құжаттарды біледі;

7) қару мен техникалық құралды оқу-жаттығуға және сабаққа дайындауға қатысады ;

8) корабль старшиналарына жауынгерлік, дене шынықтыру даярлығы және жалпыәскери жарғылар бойынша сабақты ұйымдастыруда көмек көрсетеді және олардың өткізілуін бақылайды;

9) жаңадан келген старшиналарды қабылдау, бөлу және жабдықталымның барлық түрімен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды, олардың қалыптасуына көмек көрсетеді;

10) жауынгерлік бөлімде жауынгерлік даярлық, жаттықтыру және жеке жауынгерлік оқу-жаттығу бойынша сабақтың барлық қажеттілікпен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады;

11) корабль матростары мен старшиналарынан әскери тәртіптің, күн тәртібінің, қызмет уақыты регламентінің сақталуын талап етеді, құрама командиріне әскери тәртіпті бұзу, сондай-ақ корабль матростары мен старшиналарына қолданылған көтермелеу мен тәртіптік жаза туралы дереу баяндайды;

12) құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

13) корабль матростары мен старшиналарының сабақта, оқ атуда, оқу-жаттығуда және жұмыста қауіпсіздік талаптарын сақтауын талап етеді;

14) ай сайын корабль старшинасы құрамының жауынгерлік даярлық, әскери тәртіп және әскер қызметі бойынша жұмысын қорытындылайды, корабль командиріне және құрама старшинасына оның нәтижесі туралы баяндайды;

15) корабль старшина құрамының белгіленген құжаттаманы уақтылы және сапалы жүргізуін бақылайды;

16) айына бір реттен сиретпей корабль старшиналары кеңесінің отырысын өткізеді;

17) бағыныстылармен жеке әңгімелеседі, оларды жеке кәсіби қабілетін және тәрбиелеуді жетілдіру мәселелері бойынша кеңес береді;

18) корабль матростарымен және старшиналарымен спорттық жұмысты ұйымдастырады және өткізеді;

19) корабльде таңертеңгілік дене жаттығуын өткізеді, таңертеңгілік қарап-тексеруге және кешкі тексеруге кезең-кезеңімен қатысады;

20) старшиналар мен матростардың жауынгерлік кезекшілікте, жауынгерлік қызметте, тәуліктік нарядта қызмет өткеруге даярлауға бақылауды жүзеге асырады және аптасына бір реттен сиретпей олардың қызмет өткеруін тексереді.

**17-параграф. Аға боцман (боцман)**

203. Аға боцман (боцман) корабль командирінің көмекшісіне бағынады. Ол боцман командасы жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады.

204. Аға боцманның (боцманның) корабльдік қағидаларды сақтауға және корабльдің сыртқы түрін күтіп-ұстауға, көтеру құрылғысын пайдалануға қатысты барлық бұйырымы корабль старшиналары мен матростарына орындау үшін міндетті.

205. Аға боцман (боцман):

жоғары палубаны, корабль қондырмасын, борттарын күтіп-ұстауға;

корабльдің көтеру құрылғысын пайдалануға, оларды уақтылы тексеру мен сынауға;

арқанды кранецті пайдалануға және күтіп-ұстауға;

корабльдегі сырлау жұмысын қамтамасыз етуге жауап береді.

Аға боцман лауазымы көзделмеген корабльде оның міндеттерін боцман орындайды.

206. Аға боцман корабль командирі көмекшісінің корабльді күтіп-ұстау, корабльдік жұмысты ұйымдастыру және оны қадағалау, старшиналар мен матростарды теңіз ісіне үйрету, катер мен шлюпканы күтіп-ұстау және пайдалану бойынша ең жақын көмекшісі болып табылады.

207. Аға боцман:

1) корабльдің құрылымын, оның негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасын, оның суға батпауын және өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құралдарын, жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау құралдарын, жеке құрамды корабльде орналастыруды, рейдтік қызметті және көзбен шолу байланысын біледі;

2) корабльдік зәкір, сүйреу және тиеу құрылғысының құрылымын және пайдалануды біледі, ақаусыз жай-күйде ұстайды;

3) корабльдік тиеу-түсіру жұмысына қатысады, жұмыс жетекшісіне қолданылатын құрал-сайман мен құралдардың жай-күйі туралы және жол берілген жүктеме туралы баяндайды;

4) зәкірді, зәкір шынжырын және олардың керек-жарағын ақаусыз жай-күйде және іс-қимылға әзірлікте ұстайды, зәкір шынжырын салуды және жвак-галсты бекітуді қадағалайды;

5) зәкір шынжыры формулярын жеке өзі жүргізеді, зәкір шынжырын кезең-кезеңімен қарап-тексереді және куәландырады, уақтылы сырлап, белгі салады;

6) корабльдің катер мен шлюпканың жиынтықталуы мен жай-күйін тексереді;

7) катер мен шлюпканы дербес басқаруға рұқсаты болады және оны басқара алады;

8) корабльдік шлюпканы, катерді, жоғарғы палубадағы барлық заттардың дауыл кезінде бекітуге басшылық жасайды;

9) корабльдің үй-жайына люк, есік пен желдету құрылғысы арқылы судың өтуінен сақтануға шара қабылдайды;

10) құтқару құралдары мен теңіз дауылы леерінің жай-күйін және орнын бақылайды ;

11) корабльде сырлау жұмысын қамтамасыз етеді;

12) жоғарғы палубаға шығатын жерді, жоғарғы палуба мен қондырманы ретке келтіруді және жинауды, сыртқы борт пен рангоуттың тазалығын қадағалайды;

13) корабль рейдте (зәкірде немесе бөшкеде) тұрғанда күн сайын жинау аяқталғаннан кейін катерде (шлюпкада) корабль маңын және сыртқы бортты, жинау трапы пен зәкір шынжырын айналып өтіп, қарап-тексереді.

**18-параграф. Команда старшинасы**

208. Команда старшинасы топ командиріне (батарея, жауынгерлік бөлім, қызмет бастығына) бағынады, команда жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады және ол:

жауынгерлік әзірлікке және команданың қойылған міндетті орындауына;

команданың жеке құрамын оқытуға, тәрбие беруге, әскери тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйіне;

команданың иелігіндегі қару мен техникалық құралды дұрыс пайдалануға және оның ақаусыз жай-күйіне;

бағаныстылардың корабльдік нарядта қызмет атқаруына және командадағы ішкі тәртіпке;

команда мүлкін сақтауға және оның ақаусыз жай-күйіне;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шара қолдануға жауапты болады.

209. Команда старшинасы:

1) команда иелігіндегі материалдық бөлімді біледі және оны дұрыс пайдалануға басшылық жасайды;

2) бағыныстыларды команда қаруы мен техникалық құралын дұрыс пайдалануға және төзімділік үшін күреске оқытып-үйретеді, бөлімше командирінің матростарды

дұрыс оқытып-үйретуді бақылайды, корабльдік жұмысты атқарғанда және қару мен техникалық құралды қолданғанда қауіпсіздік талаптарын орындайды;

3) бөлімше командиріне команда қару-жарағы мен техникалық құралының жай-күйі , бағыныстылардың барлық өтініштері, жетістігі мен теріс қылығы туралы баяндайды;

4) команданың қару-жарақ пен техникалық құралды жөндеу ұйымымен жүргізілетін жөндеу барысын бақылауға және бағынысты жеке құрамымен жүргізілетін жөндеу жұмысына басшылық жасауға;

5) бағыныстылардан күн тәртібін, әскери киім нысанын киіп жүру қағидаларын, корабльдік қағидаларды сақтауды қатаң талап етеді, оларда ұйымдастырушылық пен жоғары тәртіпті, адал болуды, техниканы меңгеруге ұмтылысты, теңіз қызметі мен корабльге дұрыс қарап-тексеруді тәрбиелейді;

6) бағыныстылардың қайда екенін және немен айналысатынын ұдайы біледі, бөлімше командиріне командадағы барлық оқиға туралы дереу баяндайды;

7) команданың иелігіндегі тұрған үй-жайды таза және реттілікте ұстауға;

8) аптасына бір рет бағыныстыларда бар жеке қорғану құралдарының ақаусыздығын және оларды қолдана білуін тексереді;

9) бағыныстыларға қамқорлық көрсетеді және олардың мұқтажын жете түсінеді, жеке құрамның тиісті жабдықталым түрін уақтылы алуын бақылайды;

10) өз командасының старшиналарын тағайындайды және бөлімше командирінің корабльдік және арнайы наряд қызметіне матростарды тағайындауын бақылайды, таралым алдында команданың тағайындалған тәуліктік нарядын қарап-тексереді, оған нұсқау береді, олардың өз міндеттерін білуін тексереді және оны таралымға уақтылы жібереді;

11) таңертеңгі қарап-тексеруге басшылық жасайды және кешкі қарап-тексеруді өткізеді.

**19-параграф. Топ (команда) технигі**

210. Техник топ командиріне (команда старшинасына) бағынады және ол:

топтың (команданың) қару мен техникалық құралды дұрыс пайдалануына, оның жүргізу шеңбері бойынша нұсқау беруі топтың (команданың) жеке құрамы үшін міндетті;

оның иелігіндегі мүліктің сақталуына және ақаусыз жай-күйіне жауап береді.

211. Топ (команда) технигі:

1) бөлімшенің қаруы мен техникалық құралының құрылымын, пайдалану қағидаларын біледі;

2) өзінің иелігіндегі техникалық құралдың құрылымын, жауынгерлік қолдану және пайдалану қағидаларын біледі және оны жарамды күйде ұстайды;

3) бөлімшенің қару мен техникалық құралды пайдаланудағы қауіпсіздік талаптарын біледі, оған бөлімшенің жеке құрамын үйретеді және оны мүлтіксіз сақтауды талап етеді;

4) бөлімшеде техникалық құрал ресурсының шығысын бақылайды, техникалық құжаттаманы жүргізуге басшылық жасайды;

5) бөлімшеде қосалқы бөлшектер мен шығыс материалын қолдануды бақылайды, оларды уақтылы толықтырады;

6) бөлімшенің қаруы мен техникалық құралын метрологиялық қамтамасыз ету іс-шараларын орындайды;

7) бөлімше жеке құрамын қару мен техникалық құралды пайдалану тәртібіне оқытып-үйретеді;

8) жөндеу ұйымы жүргізетін жөндеу барысын бақылайды;

9) бөлімше жеке құрамымен бірлесіп, материалдық бөлікке техникалық қызмет көрсетеді.

**20-параграф. Бөлімше командирі**

212. Бөлімше командирі команда старшинасына (топ, батарея, жауынгерлік бөлім командиріне, қызмет бастығына) бағынады, бөлімшенің барлық жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады және ол:

бөлімшенің жауынгерлік әзірлігіне және міндеттерді табысты орындауына;

бағыныстыларды оқытып-үйретуге, әскери тәртібі мен моральдық-психологиялық жай-күйіне, саптық жинақылығы мен сыртқы пішініне;

қару мен техникалық құралды, мүлікті дұрыс пайдалану мен сақтауға және оларды ақаусыз жай-күйде ұстауға;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауға жауапты болады.

213. Бөлімше командирі:

1) өз бөлімшесінің матростарын оқытып-үйретеді және тәрбие береді, жауынгерлік бекетте сабақ пен жаттықтыру өткізу әдістемесін біледі;

2) бағыныстыларға оларға сеніп тапсырылған қару мен техникалық құралды сақтауға, теңіз қызметіне деген жауаптылық сезімін қалыптастырады;

3) өзінің иелігіндегі материалдық бөлімді біледі, оларды пайдалану қағидаларын сақтайды;

4) бағыныстылардың корабльдік кесте бойынша міндеттерін біледі;

5) иелігіндегі бөлімшені күн сайын қарап-тексереді және тікелей бастыққа барлық ескертулер мен ақаулар, бағыныстылардың ұсыныстары, өтініштері мен мұқтажы туралы, олардың теріс қылығы мен алдын алу жөнінде қабылданған шаралар туралы, оларға қолданылған көтермелеу мен жаза туралы, олардың қару-жарақты, жабдық пен мүлікті жоғалту немесе бүлдіруі туралы баяндайды;

6) корабльдік жұмыста және қаруды, техникалық құралды жұмыста қолданған кезде қауіпсіздік талаптарын орындайды;

7) бағыныстылардан күн тәртібін, киім нысанын, корабльдік қағидаларды және оқуға, жұмысқа адал қарап-тексеруді қатаң талап етеді;

8) бөлімшенің иелігіндегі қызметтік және тұрғын үй-жайды таза ұстайды;

9) тікелей бастыққа бағыныстылардың қызметтегі жетістіктері, олқылықтары және ауыруы туралы уақтылы баяндайды;

10) корабльдің жабдықтау қызметіне тізімдеме бойынша корабльден кететін бағыныстылардың мүкәммалдық және жеке заттарын қабылдайды және тапсырады;

11) бағыныстылардың қайда және немен айналысатынын ұдайы біледі;

12) өз бағыныстыларын кезектілікті сақтаумен кезекшілікке, вахтаға және жұмысқа тағайындайды;

13) әрбір бағыныстының тегін, атын, туған жылын, жеке қасиетін, әскери қызметке дейін айналысқан қызмет түрін, отбасы жағдайын, жауынгерлік даярлықтағы табысы мен кемшіліктерін біледі;

14) бөлімшенің жеке құрамынан саптық жинақылығын, дене төзімділігін қалыптастырады;

15) бағынысындағыларға қамқорлық танытады және олардың мұқтажын жете түсінеді, олармен жеке әңгімелесу өткізеді, олардың әскери тәртібін жақсарту және жеке кәсіби қасиетін жетілдіру мәселелері бойынша кеңес береді.

**21-параграф. Жауынгерлік бекет командирі**

214. Жауынгерлік бекет командирі болып табылатын команда старшинасы (техникі, бөлім командирі) жауынгерлік дабыл бойынша кестеге сәйкес:

1) жауынгерлік нұсқаулыққа және командалық пункттен нұсқау беруге сәйкес қару мен техникалық құралдың дұрыс, үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді;

2) жауынгерлік бекет қаруының, техникалық құралының істен шығуын жояды;

3) жауынгерлік бекеттің төзімділігі үшін күреске басшылық жасайды;

4) қосалқы құралдарға көшу және басқару тәсілдерін біледі;

5) жараланғандар мен зақымданғандарға алғашқы және ішінара көмек көрсетуді ұйымдастырады, қатардан шыққан матростар мен старшиналарды ауыстырады;

6) қойылған міндеттерді орындағанда дұрыс бастама жасайды;

7) бағыныстылардың жауынгерлік рухын ұстайды және оларды командалық пункт хабарламасына сәйкес жауынгерлік бөлімнің (корабльдің) міндеттерді орындауы туралы хабардар етеді.

**22-параграф. Матрос**

215. Матрос бөлімше командиріне (команда старшинасына) бағынады және:

оған жүктелген міндеттер мен қойылған міндетті нақты және уақтылы орындауға, оған бекітіліп берілген мүліктің жай-күйі мен сақталуына жауапты болады.

Матрос:

1) Қарулы Күштер жауынгерінің конституциялық борышын жете түсінеді, әскери қызмет міндеттерін үлгілі орындайды;

2) өзінің иелігіндегі жауынгерлік бекеттің құрылымын, арналуын, төзімділігі үшін күрес құралдарының, жеке құтқару құралдары мен жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидаларын біледі;

3) "Жауынгерлік нөмір" кітапшасы бойынша міндеттерін жетік біледі;

4) корабльдің жалпы құрылымын біледі;

5) иелігіндегі қару мен техникалық құралды ақаусыз жай-күйде ұстайды, жауынгерлік қолдануға дайындайды, ақаулық мен бұзылуды жояды;

6) қару мен техникалық құралды қолдану кезінде және корабльдік жұмыс кезінде қауіпсіздік талаптарын орындайды;

7) корабльдік нарядта қызмет атқарғанда міндеттерін нақты біледі және орындайды;

8) корабль құрамасы командирін қоса алғанда, өзінің тікелей бастықтарының лауазымын, әскери атағы мен тегін біледі;

9) мемлекеттік құпияларды қатаң сақтайды;

10) мемлекеттік мүлікті күтіп-ұстайды.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін матрос жауынгерлік бөлім командирінің шешімі бойынша кезең-кезеңімен таңертеңгілік қарап-тексеру мен кешкі қарап-тексеруге қатысады.

Қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, жауынгерлік даярлықтағы жетістігі және үлгілі әскери тәртібі үшін матросты аға матрос, аға маман лауазымына тағайындауға жол беріледі және оған аға матрос әскери атағын беруге болады.

Аға матрос (маман) бөлімше командиріне матростарды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетеді және әскери қызметін орындауда үлгі болып табылады.

216. Жауынгерлік бекетте матрос:

1) "Жауынгерлік нөмір" кітапшасында көрсетілген міндеттерге сәйкес әрекет етеді;

2) жауынгерлік бекет командирінің нұсқауы мен нұсқаулықтарына сәйкес қару мен техникалық құралды пайдаланады;

3) жауынгерлік бекеттің командиріне қызмет көрсететін құралдардың істен шығуы, су кіргені, өрт туралы, сондай-ақ жауынгерлік бекет жұмысына әсер ететін мән-жай туралы дереу баяндайды;

4) жауынгерлік бекеттің төзімділігі үшін күреседі және қарсыластың ядролық, химиялық және биологиялық қаруды қолдануы салдарын жояды;

5) өз міндеттерін орындауда табандылық, батылдық, дұрыс бастама танытады.

## 5-тарау. Корабльдің күнделікті қызметі. Корабльде уақытты бөлу

**1-параграф. Жалпы ереже**

217. Корабльдегі уақытты бөлу тәулік ішінде, ал кейбір жағдайда апта ішінде корабльдік күн тәртібі және қызметтік уақыт регламентімен жүзеге асырылады.

Корабльдік күн тәртібі күнделікті қызмет, сабақ және тұрмыстық негізгі іс-шараларды орындау уақытын, сондай-ақ әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің қызметтік уақытының ұзақтығы бойынша айқындалады.

Корабльдік күн тәртібінде таңертеңгі дене жаттығуын өткізу, таңертеңгі және кешкі туалет, таңертеңгі қарап-тексеру, Әскери-теңіз туын көтеру, қару-жарақ пен әскери техниканы күтіп-ұстауды жүзеге асыру үшін уақыт, кемінде 6 сағат корабль жұмысы мен оқу-жаттығу сабағы үшін, арнайы (жұмыс) киімін ауыстыруға, аяқ киім тазалауға және тамақ ішер алдында қолды жууға, тамақтануға, тәрбие-мәдени бос уақыт және бұқаралық спорттық жұмысқа, жеке құрамды ақпараттандыруға, радио тыңдауға және бейне және телебағдарлама көруге, медициналық пунктке науқастарды қабылдау үшін уақыт, кемінде 2 сағат әскери қызметшілердің жеке қажеттілігі, кешкі серуенге және қарап-тексеру үшін уақыт және ұйықтау үшін 8 сағат көзделеді.

218. Апталық күн тәртібінде жауынгерлік даярлық, қару мен техникалық құралға қызмет көрсету, корабльді тазалықта ұстау жөніндегі негізгі іс-шаралар, сондай-ақ корабльде үлкен жинау өткізу үшін арнайы күнді құрама штабы айқындайды. Ол типтік апталық күн тәртібін жасайды, оны құрама командирі бекітеді.

219. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің қызметтік уақыт регламентін осы әскери қызметшілермен әскери қызметтің міндеттерінен туындайтын негізгі іс-шараларды орындау мерзімі мен ұзақтығы бойынша айқындалады.

Қызметтік уақыт регламентін айқындағанда күн тәртібіне сәйкес әскери қызметшілердің лауазымдық міндеттерін орындау қажеттілігі, сондай-ақ корабльде белгіленген жауынгерлік әзірлік ұстау бойынша іс-шаралар ескеріледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің апта сайынғы қызметтік уақыт регламентінің жалпы ұзақтығы жұмыс уақытының ұзақтығынан аспауға тиіс.

220. Оқу кезеңінде күн тәртібі мен қызметтік уақыт регламентін корабль командирі жыл мезгілін, жергілікті және климаттық жағдайды ескеріп, апталық күн тәртібінде көзделетін іс-шараларға сәйкес белгілейді. Күн тәртібі мен қызметтік уақыт регламентін корабль командирі нақтылайды. Осындай іс-қимыл корабльмен теңізге шығу немесе корабльдің алдында тұрған өзге де міндеттерді орындағанда жүзеге асырылады.

Салынып жатқан (зауытта жөндеуде тұрған) корабльдегі уақытты бөлу осы зауытта белгіленген күн тәртібіне сәйкес келісіледі.

221. Корабльдік күн тәртібінде көзделген барлық іс-шара белгіленген уақытта, егер оларға басқа өкім берілмесе, корабль командиріне алдын ала баяндаусыз жүргізіледі.

**2-параграф. Корабльде уақытты бөлгенде көзделетін іс-шаралар**

222. Ұйқыдан тұрғаннан кейін таңертеңгі дене жаттығуы, кереуетті жинау, жуыну жүргізіледі, одан кейін таңғы ас, жинау және таңертеңгі қарап-тексеру болады.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер корабльде жинауды бастауға әзір болатындай есеппен сапқа тұрады.

223. Жазда дене жаттығуы үшін бөлінген уақытта, сондай-ақ түскі ас пен кешкі ас алдында жеке құрамға арнайы белгіленген шомылуға немесе душ қабылдауға вахтадан команда бойынша жол беріледі. Бұл жағдайда түскі ас пен кешкі ас шомылудан кейін ішіледі.

224. Корабль базада тұрғанда таңертеңгі дене жаттығуы айлақ орнында жүзеге асырылады. Корабль теңізде (рейдте) болғанда таңертеңгі дене жаттығуы жоғары палубада немесе корабль командирі белгілеген орында болады.

225. Таңғы қарап-тексеру Әскери-теңіз туын көтергенге дейін 5 минут бұрын аяқталады.

226. Сабақ пен жұмыс уақытында үзіліс:

мамандығы бойынша, мемлекеттік-құқықтық даярлық сабағын өткізу және жеке құрамды ақпараттандыру кезінде – 50 минут сайын 10 минутқа;

корабльдік жұмыста түске дейін және түстен кейін 15 минутқа бір үзілістен беріледі
.

227. Тамақтану арасындағы үзіліс 7 сағаттан (бірінші кезектен кем емес тамақтану мүмкіндігі есебімен) аспайды. Түскі астан (соңғы кезек тамақтанғанда) кейін кемінде 30 минут ішінде сабақ өткізуге немесе жұмысқа жол берілмейді.

Тәуліктік наряд (вахта) адамы корабль командирі белгілеген уақытта тамақтанады.

228. Корабль командирі белгілеген күні кешкі астан кейін матростар осы үшін арналған жерде кір жуады.

229. Корабльдік күн тәртібінде көзделген негізгі іс-шараларды орындағанда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын басшылыққа алады.

230. Демалыс және мереке күні команданы ұйқыдан тұрғызу бір сағатқа кешіктіріліп жүргізіледі. Осы күні сабақ пен жұмыс болмайды. Туды көтергеннен бастап және түсіргенге дейінгі уақыт мәдени-бос уақыт іс-шараларына, спорттық сайыстар мен ойынға, өзіне өзі қызмет көрсетуге, әскери қызметшілердің жеке мұқтажына беріледі.

231. Демалыс және мереке күні әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін спектакль, концерт, бейне және кинофильм көру әдеттегіден бір сағат кеш аяқталады.

232. Кешкі қарап-тексеру алдында кестеде көзделген үй-жайды желдеткеннен және жинағаннан кейін люк, есік пен мойын жабылады. Қызметпен айналыспайтын корабльдің жеке құрамы жағаға кешкі серуенге шығарылады.

233. Кешкі тексеруге корабль (казарма) бойынша кезекші бөлімше командирінің немесе оның орнындағы адамның қатысуымен басшылық жасайды.

Тексеруді команда старшиналары немесе олардың орнындағы адам корабль бойынша кезекшінің нұсқауы бойынша жүзеге асырады. Тексеру нәтижесі туралы олар жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша кезекшіге баяндайды.

Тексеру нәтижесі туралы жауынгерлік бөлім және қызмет бойынша кезекші жауынгерлік бөлім (қызмет бастығы) командиріне және корабль бойынша кезекшіге баяндайды. Баяндаудан кейін наряд және келесі тәулікке жоспар жарияланады.

Тексеру аяқталғаннан және баяндау қабылданғаннан кейін корабль бойынша кезекші барлық әскери қызметшіге қатысты бөлігінде бұйрықты, өкімді жеткізеді және келесі күнге белгіленген корабльдік іс-шараларды жариялайды, келесі тәулікке нарядты , жеткізуге жоспарланған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары жалпыәскери жарғыларының баптарын және осы Нұсқаулықтың тармақтарын жеткізеді.

Кешкі тексерудің нәтижесі туралы корабль (казарма) бойынша кезекші корабль командиріне немесе оның орнындағы адамға және құрама бойынша кезекшіге құрама корабльдері бірге тұрақта болған кезде баяндайды.

Корабль жүзіп келе жатқанда және рейдте тоқтағанда кешкі тексеру корабль командирі белгілеген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

234. Жергілікті уақыт бойынша сағат 22.00-ден бастап жеке құрамға ұйықтауға жатуға жол беріледі, сағат 23.00-де (ұйықтауға жату уақыты) барлық кезекшілік және вахталық қызмет міндеттерінен бос адам койкада болуға тиіс. Команда старшиналары, мерзімді қызмет бөлімшесінің командирі бағыныстылардың ұйықтағанын бақылайды және ұйықтау жарияланғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей ұйықтайды.

Барлық үй-жайда ұйқыға кету жарияланғаннан кейін тыныштық сақталуға тиіс, радиотрансляция тарату тоқтатылады және түнгі жарық жағылады.

Кают-компанияда жарық ұйқыға кету жарияланғаннан кейін 1 сағатқа кешіктіріліп, ал каютада оларда тұратын адамдардың қарап-тексеру ына қарай сөндіріледі.

Кают-компания мен каютада радиотрансляция сағат 24.00-де тоқтатылады.

### 3-параграф. Корабльді күтіп-ұстау.

235. Барлық қару мен техникалық құрал, құрылғы мен төзімділік үшін күрес құралдары, жеке қорғану мен құтқару құралдары, техникалық құжаттама мен қосалқы құрал-сайман мен керек-жарақ (бұдан әрі – ҚҚК), сондай-ақ корабльдің үй-жайы мен жеке бөлшектері иелік ету кестесіне сәйкес айқындалған адамның иелігіне бөлініп беріледі.

236. Иелікке берілген қару мен техникалық құралға қызмет көрсету, оларды қолдану, бөлшектеу және жөндеу бекітілген техникалық құжаттамаға қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

237. Техникалық құрал корабльдің бір жауынгерлік бөлімінің (қызметінің) иелігінде және қызмет көрсетуінде, ал жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) пайдалануында болғанда соңғысының командирі пайдалану үшін оларды осы құралдар иелігінде болатын сол жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) командирінен, ал оларға қызмет көрсетін тікелей адамнан емес, сұратуға тиіс.

238. Әрбір жауынгерлік бекетте табельдік мүлікке орын белгіленуге және ол үшін жауапты адам бөлінуге тиіс.

Тізімдемеге сәйкес жауынгерлік бекеттегі табельдік мүлік тек тікелей арналуы бойынша қолданылады.

Жеке құрамды оқытып-үйрету үшін тозығы жеткенде ауыстырылатын арнайы бөлінген мүлік қолданады.

239. Корабль мүлкін тексеру үшін жылына бір реттен сиретпей ішкі тексеру комиссиясы тағайындалады.

240. Офицерлер мен старшиналар өз иелігіндегі құралдардың схемасын (сызбасын, жоспарын) жасайды және оның негізгі деректерін жұмыс дәптеріне енгізеді.

241. Құрылғы, тетік немесе прибор меңгерушісі:

1) құрылғыны, тетікті немесе аспапты іске қосу алдында олардың толық ақаусыздығына және жұмысқа әзірлігіне көз жеткізуге және белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтап әрекетке келтіруге;

2) аспап немесе механизм құрылғысының жұмысына қызмет көрсету үшін вахта немесе вахта (кезекшілік) орнатылғанда кезең-кезеңімен қадағалауға және вахта ( кезекшілік) атқаратын адамнан пайдалану нұсқауын нақты сақтауды талап етеді, дұрыс емес әрекетті тоқтатуға жедел шаралар қабылдады;

3) құрылғының, механизмнің немесе аспаптың ақаулы жұмысы анықталғанда істен шығудың немесе авариянның алдын алуға шара қабылдайды және өзінің тікелей бастығына болған оқиға туралы баяндайды;

4) жұмыс істеуі тоқтатылғаннан кейін құрылғыны, механизм мен аспапты қарап-тексереді және оларды ретке келтіреді, оны одан әрі пайдалануға дайындайды;

5) жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) арнайы тағайындалған адамынан құрылғыға, механизмге немесе аспапқа қызмет көрсету үшін қажетті материалды қабылдайды және олардың жұмсалуын бақылайды.

242. Корабльдік механизмде, құрылғы мен аспапта құрама командирі бекітетін оларды пайдалану жөніндегі тиісті нұсқаулық болуға тиіс.

243. Күн сайын жұмыс немесе сабақ аяқталғаннан кейін үй-жайды жинау жүргізіледі, одан кейін трюм, люк, мойын, желдеткіш қақпасы, корабль жүйесінің

арматурасы қарап-тексеріледі және өрт шығудан сақтандыратын және үй-жайға су жиналуын болдырмайтын талаптар сақталады.

Корабль экипажының құрамына кірмейтін адамдар жұмыс істеген үй-жай ерекше мұқият қарап-тексеріледі.

Қарап-тексеру нәтижесі туралы үй-жайдың меңгерушілері өзінің тікелей бастығына, соңғысы вахталық журналға жазба жасаумен корабль бойынша кезекшіге баяндайды.

244. Қызметтік үй-жайдың (командалық пункт, байланыс рубкасы, машина бөлімшесі) меңгерушілері оларда жұмыс және сабақ аяқталғаннан кейін вахталық және кезекші қызметтің адамынан және жауынгерлік бөлім командирінің (қызмет бастығының) арнайы рұқсаты бар адамнан ешкімнің болмауына бақылауды жүзеге асырады.

245. Өз иелігінде қару-жарақ пен корабль керек-жарағының алып жүрілетін заттары (өртке қарсы немесе құтқару мүлкі, құрал, айла-бұйым, клапан кілті) бар офицерлер, старшиналар мен матростар осы заттардың ақаусыз болуына, олар үшін тағайындалған орында ұдайы сақталуына және тек тікелей арналуы бойынша пайдаланылуына ерекше назар аударады.

246. Заттарға және жабдықтау материалына иелік ету тапсырылған адам олардың тиісті сақталуы, дұрыс жұмсалуы, есепке алу және уақтылы толықтыру бойынша шара қабылдайды.

247. Корабль қару мен техникалық құралға иелік ететін адам кампаниясында болған уақытта олардың жұмыс істеуін қадағалайды және болған ақаулықты дереу жояды және оның есебін жүргізеді. Корабльді жөндеуге қояр алдында кампания барысында анықталған қару мен техникалық құралдың жұмысы бойынша ескерту жөндеу ведомосын жасағанда пайдаланылады.

248. Корабльді жауынгерлік әзірліктің белгіленген дәрежесінде ұстау және ақаулықты уақтылы анықтау және жою үшін жеке құрам күнделікті және кезең-кезеңімен тексеру, жоспарлы-алдын алу техникалық қызмет көрсету, қару мен техникалық құралды жөндеу, тексеру жүргізеді.

Қару мен техникалық құралды қарап-тексеру күн тәртібімен белгіленген уақытта, сондай-ақ корабль теңізден қайтып оралған кезде вахтадан "Қару мен техникалық құралды қарап-тексеру" командасы бойынша жүргізіледі.

Қару мен техникалық құралды қарап-тексеруге командирдің аға көмекшісінің жалпы басшылығымен және корабль командирінің бақылауымен жауынгерлік бөлім командирі басшылық жасайды.

249. Экипаждың әрбір мүшесі иелігіндегі қару мен техникалық құралды тексереді. Вахталық және кезекші қызметпен айналысатын, сондай-ақ демалыста, іссапарда, емделуде болатын адамның иелігіндегі затты тағайындалған адам тексереді.

Тексерілмеген және күнделікті қарап-тексеру кезінде тексерілмейтін механизм мен құрылғы кезең-кезеңімен қарап-тексеру жоспарына сәйкес қарап-тексеріледі (ашылады ).

250. Механизм мен құрылғыны қарап-тексеруді оларға дербес қызмет көрсетуге жіберілген жеке құрам жүргізеді. Иеліктегі құралды дербес басқаруға жіберілмеген жеке құрам тексеруді өз бастығының басшылығымен орындайды.

251. Корабльдің қаруы мен техникалық құралын қарап-тексеру -тексеру әрбір корабль жобасы үшін құрама штабы әзірлеген пайдалану нұсқаулықтарына, сондай-ақ арнайы нұсқаулықтарға және энергоресурс бөлу кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Бөлімше командирінің жеке қорғану және құтқару құралдарын қарап-тексеруі корабльдің барлық жеке құрамында апта сайын бір уақытта жүзеге асырылады. Тексеру уақыты корабльдің күн тәртібімен белгіленеді.

252. Қарап-тексеру аяқталғаннан кейін қару мен техникалық құрал бастапқы қалыпқа келтіріледі. Жауынгерлік бөлім командирінен және қызмет бастығынан баяндау алғаннан кейін корабль командирінің аға көмекшісі (көмекшісі) қару мен техникалық құралдың жай-күйі туралы корабль командиріне баяндайды.

253. Қару мен материалдық құралдарды қарап-тексергенде анықталған материалдық бөліктің ақауы жедел жойылады. Ақауды жою үшін уақыт беріледі және қажетті жеке құрам тағайындалады.

**3-параграф. Корабльді қарап-тексеру**

254. Қарап-тексеру корабльдің және оның жеке құрамының жауынгерлік әзірлігін, жай-күйін тексеру үшін арналған. Оларды екі айда бір реттен кем емес корабль командирі өткізеді.

255. Қарап-тексеру алдын ала (жоспарлы) тағайындалады немесе кенеттен өткізіледі. Бірінші жағдайда алдын ала қарап-тексерудің мақсаты мен өткізу уақыты көрсетіледі. Екінші жағдайда алдын ала ескертусіз өткізіледі, олардың мақсаты мен тәртібі қарап-тексеру алдында жарияланады.

256. Өткізетін адамның шешімі бойынша қарап-тексеру оқу-жаттығу дабылын жариялаудан немесе корабльдің барлық жеке құрамын үлкен жиын белгісі бойынша сапқа тұрғызудан басталады.

Қарап-тексеруді өткізетін адамда қарсы алғанда корабль командирі оған тәуліктік ведомость (4-қосымша) береді және қарап-тексеру кезінде онымен бірге жүреді.

Корабльді қарап-тексеру уақытында жауынгерлік әзірлікті тексеру, қаруды, техникалық құрал мен корабль үй-жайын қарап-тексеру, жеке құрамның саптық тексеруі өткізіледі және жеке құрамға сауалнама жүргізіледі.

Инспекциялағанда (тексергенде) корабльдің тек жауынгерлік жаттығуды орындау үшін теңізге шығуына жол беріледі.

257. Сауалнама үшін әскери қызметшілер корабль командирінің бұйрығымен белгіленген орынға сапқа тұрады. Матростарға, старшиналар мен офицерлерге сауалнама бөлек жүргізіледі. Сауалнаманы жүргізетін бастық жеке құрамға сауалнама жүргізу кезінде корабль (құрама) лауазымды адамынан кім онымен бірге жүретінін айқындайды.

258. Қарап-тексеру мазмұны қарап-тексеруді өткізетін адам алдын ала әзірлеген жоспарда қамтылады. Қарап-тексерудан кейін талдау жүргізіледі.

Қарап-тексеру бойынша негізгі ескерту жауынгерлік даярлық журналына енгізіледі және корабль (корабль құрамасы) бойынша бұйрықпен жарияланады. Қарап-тексеру өткізетін адам анықтаған кемшілік қысқа мерзімде жойылады.

Қарап-тексеруді аға бастық өткізгенде корабль командирі тағайындалған мерзім өткеннен кейін команда бойынша қарап-тексеруді өткізген адамға ол анықтаған кемшіліктерді жойғаны туралы баяндайды.

**5-параграф. Қарап-тексеру**

259. Қарап-тексеру қару мен техникалық құралдың жай-күйін тексеру үшін арналған. Корабль құрылғысы, құтқару мүлкі қарап-тексеріледі, корабльдің төзімділігін қамтамасыз ету, үй-жайды күтіп-ұстау, жеке құрамның өмір сүру және тұрмыс жағдайы тексеріледі. Қарап-тексеру корабльді қарап-тексеру уақытында адамдар немесе жеке – корабль командирі, жауынгерлік бөлім командирлері мен қызмет бастықтары жүргізеді.

Корабль командирі қарап-тексеруді барлық корабль немесе жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша бөлек өткізеді.

260. Барлық корабльді қарап-тексеру "үлкен жиын" сигналы бойынша жеке құрамды сапқа тұрғызғаннан кейін басталады. Қарап-тексеруді өткізетін адамның рұқсатымен корабльді, қару мен техникалық құралды қарап-тексеру үшін вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) "корабльді қарап-тексеруге" командасын береді, одан бұрын "тыңдаңдар" сигналы беріледі. "Орындау" сигналы бойынша жеке құрам иелік ету кестесіне сәйкес орындарға орналасады. Корабль үй-жайы ашылады және жарық түсіріледі, қару мен техникалық құралдан тыстары алынады. Корабль офицерлері жауынгерлік дабыл бойынша кестеге сәйкес орнына орналасады. Әзірлік туралы қарап-тексеруді өткізетін адамға баяндайды.

261. Жеке жауынгерлік бөлімді (қызметті) қарап-тексеру жеке құрамды қарап-тексеруді өткізетін адам көрсеткен орынға сапқа тұрғызудан басталады.

Қарап-тексеру нәтижесі жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) жауынгерлік даярлық журналына (дәптеріне) енгізіледі.

262. Қарап-тексеруді өткізетін адам үй-жайға келгеннен кейін бөлімше командирі " Тік тұр" командасын береді және баяндайды.

Мысалы: "1-дəрежелі капитан мырза, № 12 жауынгерлік бекет 2-ЖБ қарап-тексеруге дайын. Жауынгерлік бекет командирі 1-сатылы старшина Хайрушев".

Үй-жайда əскери қызметші болмағанда "Тік тұр" командасы берілмейді. Қызмет талаптарымен байланысты жағдайды қоспағанда, қарап-тексеру уақытында жеке құрамның корабльде жүруіне жол берілмейді. Корабльді қарап-тексерудің барлық уақыты ішінде үй-жай ашық болады. Қарап-тексеруден кейін вахталық офицер ( корабль бойынша кезекші) алдын ала берілетін "Барлығың тыңдаңдар" сигналынан кейін "Тоқтат" командасын береді. "Орындау" сигналы бойынша иелігіндегі бастапқы жай-күйге келтіріледі, жеке құрам иелігіндегіні "Орыннан алшақта" командасы бойынша қалдырады.

**6-параграф. Корабльдік жұмыс**

263. Корабль корпусын, үй-жайын, қаруы мен техникалық құралын дұрыс жай-күйде ұстау жөніндегі жұмысты ішінде жаппай жұмыс күн тəртібімен белгіленген күні жəне уақытта корабльдің жеке құрамы жүргізеді. Корабльдің жауынгерлік жəне жұмылдыру əзірлігіне байланысты шұғыл іс-шараларының командирінің бұйрығы бойынша кез келген күні жəне қажетті ұзақтықпен əскери қызметшілерге тəулігіне 4 сағаттан кем емес демалыс беріп орындалады.

264. Əрбір жұмыс жұмыс жетекшісінің (офицердің, старшинаның) тікелей қадағалауымен белгіленген əскери қызметшілер тобына тапсырылады.

265. Жеке механизмге, жабдықтау заттарын басқарушылар олардың иелігінде орындалатын жұмысқа қатысады.

Офицерлер мен старшиналар олардың иелігінде жүргізілетін жұмысқа жеке басшылық жасайды.

266. Барлық жеке құрам қатысатын таралымды өткізгенде тəуліктік нарядта болатын адамнан басқасы жұмысқа тағайындалады.Таралым үшін корабль экипажы вахтадан "Шағын жиын" командасы бойынша сапқа тұрады. Бөлімшенің командирі бағынысындағы жеке құрамның болуын жəне олардың киім нысанын тексереді.

Қажет болғанда жауынгерлік бөлім командирінің (қызмет бастығының) өкімі бойынша жұмысқа жеке құрамның жартысы жəне таралымсыз тағайындалады.

267. Жеке құрамның жұмысқа таралымын корабль командирі көмекшісінің жалпы жетекшілігімен вахтадан сигнал беру бойынша жауынгерлік бөлім командирі мен қызмет бастығы жүргізеді.

Жауынгерлік бөлімнен (қызметтен) тыс жұмысқа тағайындалған жеке құрамның таралымын оған тапсырыс берген адам жүргізеді.

268. Оларға корабль жеке құрамының барлық немесе елеулі бөлігінің қатысуын талап ететін жұмыс жаппай жүргізіледі.

Жүйелі түрде қайталанатын жаппай жұмысты орындау жəне осы жұмыстағы жеке құрамның міндеттерін бөлу үшін арнайы кесте жасалады.

269. Барлық жаппай жұмыс корабль командирі көмекшісінің жалпы жетекшілігімен жүргізіледі. Жеке жағдайда жаппай жұмысқа командирдің аға көмекшісі өзіне жауаптылық алып басшылық жасайды. Жаппай жұмыс уақытында медициналық қызметтің жеке құрамы корабльде болуға тиіс.

**7-параграф. Жеке құрамды корабльде орналастыру**

270. Корабльдегі тұрғынжай каютаға және команданың үй-жайына (кубрикке) бөлінеді.

Барлық жеке құрамды кубрикке орналастыру мүмкін болмаған корабльде палуба, қоршау мен үй-жай беріледі тұрғынжай ретінде беріледі, осы жағдайда тұрғын үй-жай үшін төменде жазылған ережелер қолданылады.

Тұруға пайдаланылатын басқа да мақсаттағы корабль үй-жайы тұрмыстық пайдалану заттарымен жабдықталады.

Машина және қазандық бөлімшесін, шеберханаларды, жүріс бөлігін, гидроакустика, радио және радиолокациялық рубка, мұнара, машинаның рульдік үй-жайы, дизель-генератор, кір жуу орны, камбуздар, наубайханалар, қоймалар мен басқа да қосалқы үй-жайды тұру үшін пайдалануға жол берілмейді.

Айлақ базасында аялдауда тұрған катер жеке құрамы жағалық казармада орналастырылады. Осы корабльдегі кезекші және вахташы қызметінің адамына бөлек үй-жай беріледі.

271. Кез келген тұрғынжайға мүкәммалды үй-жай меңгерушісі немесе каютада тұратын адам корабльдің жабдықтау қызметінен (егер каютада бірнеше адам тұратын болса – каютаның үлкені) қабылдап алады. Жетекшілер ауысқан немесе каютада тұратын адам (үлкен) оны босатқанда мүкәммал жабдықтау қызметі арқылы берілуге тиіс.

272. Үй-жайда тұратын жеке құрам корабльдік қағидаларды, қауіпсіздік талаптарын сақтайды және оларда тазалықты ұстайды.

**8-параграф. Команданың тұрғынжайы және онда сақталатын тәртіп**

273. Каюта мен кубрикте тұратын старшиналар мен матростар каюта мен кубрик бойынша кестеге сәйкес стационарлық кереует пен заттарға арналған рундук алады. Кестеде матростар мен старшиналарды олардың жауынгерлік дабыл бойынша жауынгерлік бекетіне анағұрлым жақын орналасқан үй-жайға орналастыру көзделеді.

274. Команданың тұрғынжайы және тұруға ыңғайландырылған үй-жай жеткілікті санда кереуетпен, рундукпен, ілгішпен, банкамен, үстелмен және ауызсуы бар бөшкемен жабдықталады. Тұрғынжайда орналасқан әскери қызметшілердің төсегі көрпеден, жаймадан, тысы бар жастықтан, матрастан, төсемнен тұрады. Әрбір үй-жайда аяқ киім және киім-кешек тазалау үшін заттар сақталатын, жіп, түйме, жинау

материалы сақталатын шкаф немесе рундук болады. Үй-жай жеткілікті жарық түсірілген және желдеткішпен жабдықталады.

275. Тұрғынжайда реттілікті және қажетті гигиена шарттарын сақтау үшін барлық корабль бойынша бірыңғай, құрама (корабль) командирі бекіткен Киім-кешекті, жеке заттарды сақтау және кереуетті жинау жөніндегі нұсқаулық әзірленеді. Нұсқаулықты корабльдің барлық экипажы орындайды.

276. Әрбір тұрғынжайға оны басқаратын офицер немесе старшина, ал тұратын адамдардан лауазымы (әскери атағы) бойынша үлкені үй-жай бойынша үлкені болып тағайындалады, оның міндеттеріне үй-жайда тұратындардың барлығы корабльдік қағидаларды және күн тәртібін сақтауын қадағалау кіреді.

277. Тұрғынжайда сырт киімде және бас киімде болуға, сондай-ақ жауынгерлік бөлім командирінің немесе қызмет бастығының рұқсатынсыз белгіленбеген уақытта ұйықтауға (жатуға) рұқсат етілмейді (алынған рұқсаты туралы жауынгерлік бөлім, қызмет бойынша кезекшіні хабардар етеді).

Жалау көтерілгеннен бастап және кешкі тексеру аяқталғанға дейінгі кезеңде тұрғынжайда болатын жеке құрам жарияланған киім нысанында болады.

278. Корабльдік жұмыс, дабыл, оқу-жаттығу мен сабақ уақытында тұрғынжайда тек тиісті кесте бойынша оларда болу тағайындалған старшиналар мен матростар, сондай-ақ науқастануы бойынша босатуы барлар болады.

279. Әрбір үй-жайда арнайы тақтада немесе рамкада мүкәммалдық және авариялық-құтқару мүлкінің тізімдемесі мен қажетті нұсқаулық ілінеді. Портреттер, суреттер, плакаттар мен көрнекі құралдар тек тұрғынжайда және мәдени-ақпараттық жұмыс үй-жайында ілінеді. Портрет пен сурет рамкада, ал плакат мен көрнекі құрал рейкада болады. Бортқа, қабырғаға, бимсаға, жиһазға және үй-жайдағы жабдыққа кез келген затты ілуге жол берілмейді.

**9-параграф. Каюта, оларды бөлу және пайдалану тәртібі**

280. Келісімшарт бойынша қызмет өткеретін барлық офицерлер, сондай-ақ старшиналар каютаға кестеге сәйкес тұрғынжай каютасы мен кубригі бойынша бөлінеді. Лауазымы (әскери атағы) бойынша үлкен каютада тұратындардың бірі каюта бойынша үлкені болып тағайындалады.

Корабльге келген саны көп әскери қызметшілерді уақытша орналастыру үшін және каютада бос орын жетіспегенде оларды кубрикте орналастыруға жол беріледі.

281. Каютаны бөлу жоспарын командир көмекшісі жасайды, оны корабль командирі бекітеді.

Құрама басқармасының штабы мен офицерлері орналасқан корабльде каютаны бөлу жоспарын құрама штабының бастығы бекітеді.

Арнайы техникалық жабдығы бар каюта корабльге уақытша келген офицерлер арасында бөлуге тиіс каютаның жалпы санына кірмейді.

282. Офицерлер орналасқан үй-жайды жинау бойынша кестеге сәйкес старшиналар мен матростар жинайды.

283. Каютадан, тіпті қысқа уақытқа кеткенде онда орналасқан әскери қызметші жарықты және электр қыздырғыш аспапты өшіреді. Егер каютаның иллюминаторы ашылмаған болса, оны кілтке жабуға жол берілмейді.

Корабльден кетер алдында әскери қызметші каютада бар барлық иллюминаторды бекітеді және корабльдік радиотараткышты өшіреді. Егер каютада екі немесе одан көп әскери қызметші орналасқан болса, каютадағы иллюминаторды бекітуге корабльден кеткен соңғысы жауапты болады.

284. Ұрыс, дабыл және қарап-тексеру уақытында каютаны кілтке жабуға жол берілмейді. Каютаға кесте бойынша міндеттерді орындау үшін адамдар, сондай-ақ корабльді қарап-тексеретін адам кіреді.

**10-параграф. Старшиналар мен матростардың тамақтану тәртібі**

285. Старшиналар мен матростар жеке құрамның асханасында тамақтанады. Арнайы үй-жайы (асханасы) жоқ корабльде тұрғынжайда тамақтанады.

Егер жағдаймен мүмкін болса, жеткізілетін үстелде жоғары палубада тамақтануға жол беріледі.

286. Старшиналар мен матростардың тамақтануы үшін бір бөлімшенің старшиналары мен матростарына бірге тамақтанатындай етіп, тұру үшін орналастырылған үй-жайда үстел бойынша бөлінеді.

287. Әрбір үстелде үстел бойынша үлкені:

1) тамақтанар алдында үстелдің дайын болғанын және барлық қажетті асханалық және ас үйлік ыдыс пен керек-жарақтың тиісті жай-күйде екеніне көз жеткізеді;

2) тамақтану уақытында тәртіпті қадағалайды;

3) тамақтанғаннан кейін ыдыс пен керек-жарақтың жуылғанына және орнына орналастырылғанына, бастапқы күйіне келтірілгеніне көзін жеткізеді.

Әрбір үстел бойынша үлкені камбуздан тамақты алу, үстелді жинау, оны жинау және ыдысты жуу үшін кезекпен жауапты адамды тағайындайды.

288. Корабльдік күн тәртібімен белгіленген сағатта тағамды дайындау аяқталады.

Тағамды таратар алдында корабль бойынша кезекші корабльдік дәрігерді ( фельдшерді) тартумен тағамның сапасын, асхананың, ыдыс пен мүкәммалдың санитариялық жай-күйін тексереді, порцияны бақылау өлшеуді жүргізеді. Күн сайын корабль командирі немесе оның нұсқауы бойынша корабль командирінің орынбасары тағамның дәмін татады. Тағамның дәмін тату нәтижесі тағам дайындау сапасын бақылау жөніндегі кітапқа жазылады.

Корабль командирінің рұқсатымен корабль бойынша кезекші (жүзгенде – вахталық офицер) белгіленген уақытта тағамды таратуға рұқсат береді.

Белгіленген уақытта түскі және кеші асқа келмеген адам үшін тағам қалдырылмайды. Шығыста болатын адамды қоспағанда, олар қызметтен ауысқаннан немесе жұмыстан қайтып оралғаннан кейін ол үшін көрсетілген орында тағамды алады.

Шығыс үшін қалдырылған тағам екі сағаттан артық емес салқын жерде сақталады және берер алдында ыстық плитада (қайнататын, қыздыратын) жылытылады.

Корабльден тысқары жұмысқа нарядқа тағайындалғандарға тағам жұмыс орнына жеткізіледі. Егер әзірленген тағамды жеткізу мүмкін болмағанда, жұмысқа жөнелтер алдында командаға құрғақ үлес түрінде азық-түлік беріледі.

Ауысымға түсетін корабль нарядының адамы тағамды оны барлық жеке құрамға таратқанға дейін алады.

**11-параграф. Кают-компания туралы**

289. Корабльдегі кают-компания ұжымдық демалу, сабақ, кеңес және офицерлердің жалпы отырысы үшін арналған үй-жай болып табылады. Кают-компанияда офицерлер теңіз ұрысы, жауынгерлік даярлық және жеке құрамды тәрбиелеу және корабль қызметін ұйымдастыру мәселелерінде бірыңғай көзқарасты қалыптастырады.

290. Кают-компанияда үлкені корабль командирінің аға көмекшісі, ал ол болмағанда – қатысып отырғандардың лауазымы бойынша үлкені (әскери атағы) болып табылады.

Кают-компанияда корабль командирі немесе оның тікелей бастығы болғанда олар үлкені болып табылады.

291. Әрбір жеке жағдайда корабль командирінің немесе аға көмекшісінің рұқсатымен кают-компанияға қызмет уақытынан тыс старшиналар мен матростар шақырылады.

292. Кают-компаниядағы ортақ үстелмен жарты жыл сайын сайланатын офицер басқарады. Қызметтік жағдайға байланысты корабль командирінің көмекшісі және олардан жоғары адам столды басқарушы болып таңдалмайды.

293. Үстел басқарушысы өз жұмысында корабль командирі аға көмекшісінің нұсқауын басшылыққа алады.

294. Корабльде офицерлерге тағам дайындау үшін жеке камбуз немесе корабльлік камбуздың бөлігі бөлінеді.

Үстелге тағамды жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы), корабль командирінің аға көмекшісі тағайындаған матростар (штаттан тыс шабармандар) әкеледі.

295. Кают-компанияда тамақтану уақытын корабль командирі белгілейді. Үстел уақыты мынадай тәсілмен бөлінеді:

таңғы шәй жалау көтерілгенге дейін 10 минут бұрын аяқталады;

түскі және кешкі ас экипаждың түскі және кешкі асы уақытында басталады.

Қосымша кешкі ас кают-компанияда тамақтанатындардың жалпы ниеті бойынша корабль командирінің аға көмекшісі бекіткен уақытта белгіленеді. Өзге уақытта кают-компанияда үстел жасауға жол берілмейді, жұмыстан, сабақтан және оқу-жаттығудан тыс уақытта және жүзгенде вахта ауысар алдында (кейін) берілуі мүмкін шай үшін ерекшелік жасалады.

296. Корабль командирі, егер оның арнайы жабдықталған салоны болмағанда, ол офицерлермен бірге кают-компанияда тамақтанады.

297. Кают-компаниядағы үстелдегі офицерлердің орнын корабль командирінің аға көмекшісі белгілейді. Кают-компанияда офицерлер белгіленген киім нысанында болады, сырт киіммен, жұмыс киімімен және бас киімімен рұқсат етілмейді.

298. Кают-компанияны жинауды корабльді жинастыру кестесіне сәйкес, ал жинастыру арасында – шабармандар жүргізеді.

299. Келісімшарт бойынша старшиналардың кают-компаниясы үшін корабльде ( егер корабльдің ерекшелігі мүмкіндік берсе) жеке үй-жай бөлінеді. Кают-компанияда үлкен адам бас боцман болып табылады.

### 12-параграф. Корабльдің санитариялық жай-күйін қамтамасыз ету және әскери қызметшілердің денсаулығын сақтау

300. Барлық бастық осы ережелерді сақтаудың үлгісі болады және бағыныстылардан олардың нақты орындалуын талап етеді.

301. Корабльдің медицина қызметінің (фельдшер) бастығы жеке құрамның денсаулығын сақтау жөніндегі медициналық іс-шараларға басшылық жасайды.

Ол:

1) жеке құрамның денсаулық жағдайын және дене бітімінің дамуына, оны медициналық қарап-тексеру, амбулаториялық және стационарлық емделудегі науқастарды жүйелі медициналық қадағалауды ұйымдастырады;

2) жеке құрамға жіті ауыру мен оқыс оқиға болғанда шұғыл медициналық көмек көрсетеді;

3) жеке құрамның орналасу жағдайын, қызмет қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрмыстық жағдайын, оның монша-кір жуу қызметін көрсетуін қадағалайды және корабльдің санитариялық-эпидемиялық жағдайына және экипаж мүшелерінің денсаулығына осы жағдайдың әсері туралы корабль командиріне баяндайды;

4) корабльдің азық-түлікпен және сумен жабдықталуын, жеке құрамның тамағын санитариялық қадағалауды ұйымдастырады.

302. Әскери қызметші денсаулық жағдайы нашарлағанда дереу өзінің тікелей бастығына баяндайды және корабльдің медицина қызметінің бастығына (фельдшер) жүгінеді.

303. Корабльдің барлық жеке құрамы жеке гигиена қағидаларын күн сақтауы үшін қол жуғыштарға тұщы су беріледі. Борт сыртындағы суды теңізде корабльде жеке

гигиена, сондай-ақ асхана мен камбуз ыдысын жуу үшін пайдалануға тек корабльдің медицина қызметі бастығының рұқсатымен (фельшері) беріледі.

304. Аптасына бір реттен кем емес барлық корабльдің барлық жеке құрамы корабльдік немесе жағалық моншада жуынады және іш киімін және төсек-орнын ауыстырады. Кок, нан пісіруші мен нан кесуші күн сайын душ қабылдайды.

Денесі кірлеумен байланысты жұмысты орындайтындар, вахта атқаратын жеке құрам жұмыс аяқталған соң және әр вахтадан кейін моншаға немесе душқа түседі.

305. Іш киімді арнайы бөлінген адамдар корабльдік кір жуатын орында жуады. Кір жуатын орын жоқ корабльде, теңізде жеке құрам күн тәртібімен уақтылы белгіленген осы үшін бөлінген орында өздері іш киімін жуады. Базада тұрғанда іш киім жуу үшін монша-кір жуу комбинатына тапсырылады.

306. Ұзақ жүзгенде жеке құрам үшін аяқ киім жөндеу, кір жуу және төсек-орын, іш киім мен киім-кешек заттарын үтіктеу ұйымдастырылады. Осы жұмысты арнайы тағайындалған адам орындайды.

307. Жазда ластанбайтын акваторийде судың +16 Цельсий бойынша градус температурасында жеке құрамға шомылуға мүмкіндік беріледі.

Жуыну үшін қолайсыз акваторияда және корабль жүзгенде шомылу борт сыртындағы ластанбаған сумен душ қабылдаумен ауыстырылады.

Акваторияның санитариялық жай-күйі туралы бағасын орналасу орнында санитариялық-эпидемиялық мекеме береді. Шомылу басталар алдында борт сыртына ағынды су мен қалдықты жіберу тоқтатылады.

Шомылушылардың жағдайын жасау үшін жебе қосымша теңіз дауыл трапымен және шкентельмен жабдықталады, жоғары палубада көмек көрсету үшін құтқару құралдары мен арқан дайындалады.

Шомылу жүргізілетін борт жағынан, құтқару кеудешесімен және шеңбермен жабдықталған катер немесе ескекшінің толық санымен шлюпка жіберіледі.

308. Жеке құрамның шомылуына корабль бойынша кезекші басшылық жасайды. Вахталық офицер, дене шынықтыру дайындығы бойынша нұсқаушы шомылу уақытында жоғары палубада болады және шомылушы әскери қызметшілерді қадағалайды. Судағы жеке құрамды корабльден, жіберілген шлюпкадан (катерден) арнайы тағайындалған, жақсы жүзе білетін және суға батып бара жатқан адамға көмек көрсетуге үйретілген старшиналар (матростар) қадағалайды. Корабль медицина қызметінің (фельдшер) бастығы дереу медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Әрбір корабльде шомылуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әзірленеді.

309. Әскери қызметшінің шаш үлгісі, мұрты (болған кезде) ұқыпты, гигиена талаптарына жауап беретін және жеке қорғау құралдарын пайдалануға кедергі келтірмейтін күйде ұсталады.

Жалпы пайдаланудағы шаш қиятын керек-жарақ пен аспап таза ұсталады және әрбір пайдаланғаннан кейін залалсыздандырылады.

310. Корабльдің жеке құрамы киімін, іш киімін және төсек-орнын таза ұстайды. Киім мен төсек-орнын желдетіп, тазалайды.

311. Тұрғынжайда кір киім мен іш киімнің жиналып қалуына, киім мен аяқ киімді кептіруге жол берілмейді.

Су болған киім-кешек арнайы жабдықталған үй-жайда кептіріледі.

Кір киімді тұрғынжайда таза киімнен бөлек арнайы таңбаланған рундукта немесе қапта және кезекті кір жууға дейін сақтауға жол беріледі.

312. Корабль экипажының киім нысаны климатқа, ауа райына және жеке құрамның қызмет түріне байланысты белгіленеді.

Сыртқы бекетте қызмет атқаратын жеке құрам, суық және жаңбырлы уақытта ауа райына байланысты арнайы киім киеді.

Шлюпканың ескекші, катер командасы, катерде жұмыс істеу үшін тағайындалғандар жылы немесе жаңбырлы уақытта ауа райына байланысты арнайы сырт киімде болады.

Киімнің кірленуіне байланысты жұмысты орындағанда жұмыс немесе арнайы киім, аяқ киім мен қолғап киіледі.

Жұмыс пен сабақта үзіліс уақытында жеке құрамға палубада ол жұмыс істеген бас киімде және сол киімде (жұмыс атқарған) тұруға жол беріледі.

313. Жылдың ыстық уақытында жоғары палубада да, сондай-ақ корабльдің ішінде де командир жеке құрамға белуарына дейін шешінуге немесе трусиде болуға рұқсат етеді. Бұл ретте әскери қызметшілер сақтанады – денесін артық күйдіруге немесе кірлетуге жол бермейді.

314. Корабльде үй-жайдағы ауа жағдайын ұдайы қадағалау және оларды кестеге сәйкес желдету керек.

Желдеткіш мен ауабаптағыштың жұмыс кестесін медицина қызметінің (фельдшер) бастығымен бірлесіп, электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирі климаттық жағдайға қатысты жасайды, оны корабль командирі бекітеді.

315. Жылыту корабльдің барлық тұрғынжайында және қызметтік үй-жайында болатын термометр көрсеткіші бойынша реттеледі. Қыста тұрғынжайда температура Цельсий бойынша +18 градустан төмен емес (медициналықта Цельсий бойынша +20 градустан төмен емес), қалған үй-жайда белгіленген нормаларға сәйкес ұсталады.

**13-параграф. Ауыз су және тамақ дайындау**

316. Корабльдің (құраманың) медицина қызметі ерекше қағидаларға сәйкес ауызсудың сапасына және санитариялық сумен жабдықтау жүйесінің жай-күйіне санитариялық-эпидемиялық бақылау жүргізеді. Корабльге суды жеткізу, ауызсу цистернасын толтыру және суды сақтағанда оның ластануының алдын алу үшін шара

қабылданады. Ауызсу корабльге корабльдің медицина қызметі бастығының (фельдшер) рұқсатымен және тек оның сапасының дұрыстығын растайтын талдау бар болғанда қабылданады.

317. Ауызсу цистернасы кезең-кезеңімен тексеріледі, тазаланады, тат басуға қарсы тотықтанбайтын, ал қажет болғанда дезинфекцияланады. Ауызсу цистернасын корабль медицина қызметі бастығының (фельдшердің) міндетті қатысуымен ашу қажет. Ауызсу цистернасын тазалау немесе цементтеу үшін тағайындалған әскери қызметшілер осы жұмыс алдында жуынады, медициналық тексеруден өтеді, осы жұмыс үшін арнайы дайындалған таза киімін жұмыс киіміне ауыстырады және резеңке етік киеді.

Ауызсуы бар шағын бөшке құлыпқа жабылады. Үй-жай бойынша күндізгі кезекші күнделікті тазалайды және жаңа ауызсумен толтырады.

318. Ауызсуды қабылдайтын (тапсыратын) сорғыш пен шлангі таза күйде ұсталады және осы мақсатта ғана қолданылады. Шлангінің ұш жақ бөлігі айырым түстеріне боялады және: "Ауызсу" (ақ түсті), "Жуылатын" (сұрғылт түсті), "Борт сыртына" ( жасыл түсті) түсіндіру жазуы болады.

Ауызсу құбыр желісін техникалық және борт сыртындағы құбыр желісімен қосатын қақпалар кілтке жабылады (пломбаланады) және корабль медицина қызметі бастығының рұқсатымен тек электр-мехникалық жауынгерлік бөлім командирінің өкімі бойынша қажет болғанда ашылады.

319. Корабльге жеткізілетін барлық азық-түлік мерзімі өтпеген және дайындағанға дейінгі қажетті сақтау мерзімімен жеткізіледі.

320. Камбуз және камбуздық ыдыс таза ұсталады.

321. Жеке құрамның азық-түлік тағамын тарату мәзірін корабль командирінің көмекшісі корабль медицина қызметінің (фельдшермен) бастығымен бірлесіп, бір аптаға жасайды. Корабль командирі бекіткеннен кейін тарату мәзірі белгіленген орынға ілінеді.

**14-параграф. Емдеу-профилактикалық іс-шаралар**

322. Негізгі емдеу-профилактикалық іс-шаралар әскери қызметшілердің амбулаториялық, стационарлық, санаторлық-курорттық емделуі және диспансерлеуі болып табылады. Медицина қызметі емдеу-профилактикалық мақсаттағы іс-шараларды барлық әскери қызметші үшін жүргізеді.

323. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін корабль матростары мен старшиналарының денсаулық жағдайын, дене бітімінің дамуын қадағалау және денсаулықты нығайтуды немесе емделуді қажет ететін адамды уақтылы анықтау үшін жылына екі рет (қысқы және жазғы оқу жылы басталар алдында) оларды медициналық тексереді.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер төртінші тоқсанда тереңдетілген медициналық тексеруден өтеді, ал екінші тоқсанда бақылау медициналық тексеріледі.

Корабльдің жеке құрамына медициналық тексеру үшін корабль (құрама) медицина қызметінің бастығымен жоспар әзірленеді, оны корабль (құрама) командирі бекітеді. Демалыс күні тексеру жүргізілмейді.

Жеке құрамды медициналық тексеру нәтижесі туралы, қажетті сауықтыру іс-шараларын өткізу жөніндегі ұсыныстарды корабль командиріне баяндайды.

324. Камбузда, наубайханада, азық-түлік қоймасында, асханада, сумен жабдықтау объектісінде, моншада, кір жуу орнында тұрақты жұмыс істейтін адам, сондай-ақ санитарлар аптасына бір рет медициналық тексеруден өтеді. Тамақтандыру және сумен жабдықтау жұмыскерлерін зертханалық тексеру арнайы қағидаларға сәйкес жүргізіледі. Тексеру мен қарап-тексеру нәтижесін корабль медицина қызметінің (фельдшер) бастығы санитариялық кітапшаға енгізеді. Камбуздағы жұмысқа тағайындалған матростарды медициналық тексеру жаңа тәуліктік нарядқа түсер алдында жүргізіледі.

Апта сайын монша күні корабль медицина қызметінің (фельдшер) бастығы матростар мен старшиналарды оларда тері ауруын, жарақатты анықтау үшін тексереді және олардың жеке гигиена қағидаларын орындауын қадағалайды.

325. Корабльге келетін мерзімді қызмет матростары, сондай-ақ демалыстан, іссапардан, тұрақты орналасу пунктінен тыс орналасқан гауптвахтадан және госпитальдан қайтып оралған адам келген күні медициналық тексеруден және санитариялық өңдеуден өтеді және тек одан кейін корабль медицина қызметі бастығының (фельдшер) рұқсатымен кубрикке орналастырылады.

326. Корабль экипажына сақтандыру егу егуге күнтізбесіне сәйкес, ал эпидемиялық көрсеткіш бойынша үлкен командирдің (бастықтың) бұйрығы бойынша жүргізіледі.

Корабль медицина қызметі бастығының (фельдшер) қорытындысы бойынша медициналық қарсы көрсеткіші бар адам егуден босатылады. Егу және оның нәтижесі туралы белгі әскери қызметшілердің медициналық кітапшасына және әскери билетіне енгізіледі.

Жаңадан келген әскери қызметшілердің барлығына, егер олардың медициналық кітапшасында тиісті белгі болмаса, қажетті егу жүргізіледі.

327. Медициналық көмекті қажет ететін әскери қызметшілер ол туралы өзінің тікелей бастығына баяндайды және олардың рұқсатымен амбулаториялық қабылдауға барады.

Әскери қызметшілерді амбулаториялық қабылдауды корабль (құрама) командирі белгілеген уақытта жүргізіледі.

Медициналық көмекке жүгінгенді қарағаннан кейін корабль медицина қызметінің бастығы (фельдшер) өз қорытындысын әскери қызметшінің медициналық кітапшасына және науқастарды тіркеу кітабына жазады.

328. Науқастар ауыру сипатына байланысты корабльде амбулаториялық емделуге, корабль лазаретінде немесе жағалық емдеу мекемесінде емделуге тиіс.

Әскери қызметшілердің госпитальға түскені туралы, сондай-ақ сауығуы бойынша оларды шығару туралы госпиталь бастығы сол күні құрама командиріне жазбаша хабарлама жібереді.

Шетел порттарында жағалық емдеу мекемесіне тек жедел оқшаулауды қажет ететіндер немесе ауыру сипаты бойынша олардың өміріне және маңайындағы адамның өміріне қатерсіз корабльде қалу мүмкін болмағандар жіберіледі.

329. Әскери қызметшіні қызметтік міндеттерін орындаудан ішінара немесе толық босатылғаны туралы қорытындыны медицина қызметінің бастығы, ал ол жоқ жерде – корабль фельдшер үш тәуліктен аспайтын мерзімге береді.

Егер әскери қызметші қайта босату мерзімінің аяқталуы бойынша өзінің міндеттерін орындауға кірісе алмаса, онда ол бөлімше командирінің қолдаухаты бойынша корабль лазаретіне немесе жағалық емдеу мекемесіне жіберіледі.

Корабль медицина қызметінің бастығы (фельдшер) қызметтік міндеттерін атқарудан ішінара немесе толық босату туралы ұсынымын лауазымды адамдар міндетті түрде орындауға тиіс.

330. Корабль лазаретінде орналастырылған, госпитальға жатқызуды қажет ететін және жұмыс мен сабақтан босатылуға тиіс науқастар туралы корабль медицина қызметінің бастығы (фельдшер) корабль командирінің аға көмекшісіне баяндайды.

331. Әскери қызметшілерді емдеу мекемесіне стационарлық емделуге корабль командирі корабль (құрама) медицина қызметі (фельдшер) бастығының қорытындысы бойынша жібереді.

Госпитальға жібергенде әскери қызметші жыл мезгіліне сәйкес киінеді және өзімен бірге корабль (құрама) командирі қол қойған жолдамасы, медициналық кітапшасы, жеке басын куәландыратын құжат, қажетті жеке заттары мен азық-түлік аттестаты, ал гарнизоннан тысқары емделуге жібергенде заттай мүлікпен және ақшалай жабдықталымға аттестаты, жол жүру құжаттары болады.

Госпитальға жіберілген ауыр науқастармен корабль медицина қызметінің ( фельдшер) бастығы бірге жүреді.

332. Жағалаудағы емдеу мекемесінде орналасқан әскери қызметшілердің емделу ағысы және сипаттамасымен танысу мақсатында корабльдің (құраманың) медицина қызметінің (фельдшер) бастығы оларға баруға және оларды емдейтін дәрігерлерден қажетті мәліметтерді алады. Бару нәтижесі туралы корабль (құрама) командиріне баяндайды және бөлімше командирін хабардар етеді.

333. Корабльді ұзақ жүзуге дайындағанда корабльдің медицина қызметінің ( фельдшер) бастығы оның шығуына дейін емделуде болатын науқастардың қайсысы корабльге қайтып орала алатынын анықтайды.

Жүзуге жеке құрамның жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысысз корабльге іссапарға жіберілген адам және ӘТК жүзуші құрамына денсаулығының жарамсыз күйі бойынша белгіленген әскери қызметшілерге, корабльде қызмет етуге жол берілмейді.

334. Ұзақ жүзуге кетер алдында және жүзуден қайтып оралғанда корабльде жеке құрамға медициналық тексерледі.

Жүзуге кететін жеке құрамға жорық алдындағы, ал қайтып оралғандарға – жорықтан кейінгі демалыс беріледі.

335. Медициналық қызмет шұғыл медициналық көмек көрсетуге ұдайы әзір болады. Егер мүмкін болса, медициналық көмек жағалаудан немесе корабльден осы туралы өтініш келіп түскенде көрсетіледі.

**15-параграф. Корабльге кіруді ұйымдастыру**

336. Корабльге құжаттарын тексерусіз өз кораблінің келісімшарт қызметі офицерлері мен старшиналары, корабль командирінің тікелей бастықтары, сондай-ақ құрама штабының офицерлері жіберіледі. Аталған адам корабльдің вахталық офицеріне (2, 3 және 4-рангалы корабльден шығатын траптың алдындағы вахталық бекеттің командиріне) жақсы таныс болса, нақты келген адамды, оның тегі мен лауазымын олар білсе өткізу ұйымдастырылады.

Өз кораблінің старшиналары мен матростары жағаға сейілдемеден, демалыстан, госпитальдан және іссапардан жалғыз қайтып оралғанда корабльге тиісті құжаттарын тексергеннен кейін ғана жіберіледі.

337. Корабль экипажына қатысы жоқ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерін олардың келу мақсатын анықтағаннан кейін корабльге жіберіледі. Ол үшін вахталық офицер (вахталық бекет командирі) келген әскери қызметшіге сұрақтарымен жүгінеді.

Мысалы: "2-дәрежелі капитан мырза, Сіз туралы кімге және қалай баяндайын?".

Вахталық офицер (вахталық бекеттің командирі) келгеннің жеке басын куәландыратын құжаттарын тексергеннен және келу мақсатын анықтағаннан кейін корабль бойынша кезекшіге баяндайды, ол корабльге келушіні жіберу туралы шешім қабылдайды. Қажет болғанда корабль бойынша кезекші онымен аталған адамға келген келушіні шабарманның бірге жүруімен жібереді.

338. Корабльге арнайы рұқсат қағазы немесе ӘТК Бас штабы (ӘТБ, құрама штабы) бекіткен және олардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексергеннен кейін жүргізіледі.

Корабль әскери қызметшілерінің отбасы мүшелерін корабльдер (корабль) құрамасының командирі бекіткен тізім бойынша және олар келген адамның бірге жүруімен жіберіледі.

Зауытта орналасқан корабльде жұмыс жасайтын корабль жөндейтін кәсіпорын өкілдері корабльге корабль командирі бекіткен тізім бойынша және зауыт рұқсаттамасын (фотосуретімен) тексергеннен кейін жіберіледі, корабль немесе жауынгерлік бөлім бойынша кезекшідегі арнайы журналда тіркеледі. Рұқсаттаманы олар корабль бойынша кезекшіде жұмыс аяқталғанға және корабльден кеткенге дейін қалдырады.

339. Корабльге келген барлық адам туралы корабль бойынша кезекші корабль командирінің аға көмекшісіне (көмекшісіне) баяндайды және вахталық журналға жазба жасайды және қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқау береді.

Келушілерді тек тұрғынжайда, кают-компанияда, каюта мен клубта қабылдайды. Келушілерге қарап-тексеруге рұқсат етілетін үй-жайдың тізбесін корабль командирі белгілейді.

Барлық келушілер кеткеннен кейін корабль бойынша кезекші корабль командирінің аға көмекшісіне (көмекшісіне) баяндайды.

340. Әскерге шақыру бойынша қызмет өткеретін, старшиналар мен матростар экипажының құрамына кірмейтін, жеке ісі бойынша корабльге жіберілген келушілерге сағат 21-ге дейін болуға жол беріледі. Келісімшарт бойынша қызмет өткеретін офицерлер мен старшиналарға және матростарға корабльде сағат 23.00-ге дейін қалуға жол беріледі. Корабльде көрсетілген уақыттан артық бөтен әскери қызметшілердің болуы корабль командирінің рұқсатымен ұзартылады.

**16-параграф. Корабльден жағаға түсу, босату және демалысқа кету**

341. Корабльден жағаға түсуге, босатуға рейдте үлкені және құрама командирі ( жеке жүзгенде корабль командирі) ӘТБ (құрама) командирінің бұйрығымен белгіленген күні және сағатта, ал дәлелді себептермен – өзге уақытта жол беріледі.

342. Жағада жүрген экипаждың кез келген мүшесін шұғыл шақырту үшін хабардар етуші кезекші ауысым күн сайын тағайындалды.

Корабль бойынша кезекшіде жағада тұратын әскери қызметшілердің мекенжайы мен телефоны жазылған кітап болады.

343. Корабльдің ұдайы жауынгерлік әзірлігінің белгіленген дәрежесін ұстау және оның қауіпсіздігі мен төзімділігін қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау үшін офицерлер мен старшиналардың ешқайсысы өз орнына орынбасарын қалдырмай, корабльден кетпейді.

**17-параграф. Офицерлердің, келісімшарт бойынша старшиналар мен матростардың жағаға түсуі**

344. Офицерлердің жағаға түсу нормасын ӘТК бас қолбасшысы, ал жеке жүзуде – жорық үлкені немесе корабль командирі жүзу жағдайына негізделіп белгілейді және корабль офицерлері жалпы санының үштен екі бөлігінен аспайды.

345. Корабльдің жауынгерлік әзірлігін ұдайы және толық қамтамасыз ету және оның төзімділігі үшін күреске басшылық жасау мақсатында жағаға кеткен корабль командирін және электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирін ауыстыратын офицерлер көрсетілген адамның міндеттерін атқаруға құрама командирінің бұйрығымен жіберіледі.

346. Корабль командирі жағаға өзінің тікелей бастығының рұқсатымен кетеді.

Жағаға кетіп, өзінің орнына корабльде аға көмекшіні (көмекшіні) қалдырады және корабльде электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирінің және оның орынбасарының қалуын бақылайды.

347. Жағаға шығуға рұқсат алған офицерлер жұмыс күні сабақ, оқу-жаттығу және жұмыс аяқталғаннан кейін, ал демалыс және мереке күні корабль командирі бекіткен кестеге сәйкес корабльден кетеді.

Жағаға кететін адам жағаға түсу үшін өзінің тікелей бастығынан рұқсат алады. Өзінің корабльден кеткені туралы ол корабль бойынша кезекшіге, сондай-ақ вахталық офицерге және команда бойынша кезекшіге хабарлайды.

348. Жағаға кеткен офицерлер, егер өзге мерзім белгіленбесе, Әскери-теңіз жалауы көтерілгенге дейін жарты сағат бұрын келеді. Жағадан қайтып оралғанда офицерлер келгені туралы корабль бойынша кезекшіге, вахталық офицерге (команда бойынша кезекшіге) хабарлайды.

349. Құрама командирі жағаға кеткенде өз орнына құрама командирінің орынбасарын немесе штаб бастығын не корабль командирінің біреуін қалдырады.

350. Жүзудегі штаб офицерлері мен старшиналарының жағаға кету тәртібін құраманың штаб бастығы белгілейді.

351. Келісімшарт бойынша қызмет өткеретін матростар мен старшиналар жағаға офицерлермен бірдей негізде кетеді, бірақ корабльге таңертеңгі жинау басталғанға дейін қайта оралады.

**18-параграф. Әскерге шақыру бойынша қызмет өткеретін старшиналар мен матростардың жағаға сейілдемеге шығуы**

352. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін матростар мен старшиналардың сейілдемеге шығу нормасын құрама (жеке жүзетін корабль) командирі белгілейді, бірақ жалпы жеке құрамның 30%-нан аспайды.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростарды жағаға корабльде қалатын жеке құрам корабльдің төзімділігі үшін күрес және корабльді зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алғанда жауынгерлік дабыл бойынша жауынгерлік бекетке қызмет көрсете алатындай есеппен сейілдемеге шығарады.

Корабльге қайтып оралу мерзімін рейдтегі үлкені (құрама командирі), ал жеке жүзуде корабль командирі белгілейді. Матростар қызметінің бірінші жылында корабльден әскери антты қабылдағаннан кейін сейілдемеге шығады.

353. Сейілдемеге шығу кезектілік тәртібімен жүргізіледі. Сейілдемеге шығу кезектілігін бөлімше командирі, ал командада команда старшиналары жүргізеді.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростар жеке жағдайда құрама (корабль) командирінің рұқсатымен бір түнге жағаға сейілдемеге шығады және корабльге таңғы жинастыру басталғаннан бұрын келеді.

354. Әскери қызметшілер сейілдемеге шығуға рұқсат алу үшін өзінің тікелей бастығына жүгінеді.

Бөлімшенің командирі олардан сейілдемеге шығуға рұқсат алған матростар тізімін команда бойынша жауынгерлік бөлімнің (корабль, қызмет) жағаға сейілдемеге шығатындар кітабына енгізу үшін алдын ала береді.

Жағаға сейілдемеге шығатындар кітабына жауынгерлік бөлімнің командирі (қызмет бастығы), ал 3 және 4-дәрежелі корабльде корабль командирінің көмекшісі қол қояды.

355. Сейілдемеге шығатындар санына байланысты командир көмекшісінің бұйрығы бойынша катердің (шлюпканың) қажетті саны дайындалады, өзінің жүзу құралы болмағанда оны рейдте үлкенінен немесе ӘТБ штабынан сұратады.

356. Жағаға түскенге немесе катерді (шлюпканы) жібергенге дейін 15 минут бұрын вахтадан команда бойынша барлық сейілдемеге шығатындар белгіленген орынға сапқа тұрады.

Бөлімше бойынша кезекшінің қатысуымен команда старшиналары сейілдемеге шығатындардың сыртқы пішінін қарап-тексереді (шаш қию, киім-кешегі, аяқ киім), олардың әскери сәлемдесу, қоғамдық орында, далада өзін-өзі ұстау қағидаларын білуін тексереді. Одан кейін бөлімше бойынша кезекші оларға сейілдеме қағазын таратады және олардан жауынгерлік нөмір кітапшасын қабылдайды, одан кейін төменгі жақ бойынша кезекші корабль бойынша кезекшіге (вахталық офицерге) жеке құрамның сейілдемеге шығуға әзірлігі туралы баяндайды. Жағалауға сейілдемеге шыққан матростар мен старшиналардың өзімен бірге әскери билеті болады.

357. Корабль командирінің көмекшісі немесе оның тапсырмасы бойынша корабль бойынша кезекші жеке құрамға жағадан келу мерзімі, осы порттың немесе пункттің санитариялық жай-күйі, катердің, шлюпканың корабльге кететін уақыты, корабль командирінің корабльге шұғыл қайтып оралу сигналы туралы өкімі туралы жариялайды.

358. Катерге, шлюпкаға отырғызу немесе баспалдақпен жағаға шығу корабль бойынша кезекшінің (вахталық офицердің) "Сейілдемеге шығатындар, жағаға (катерге, шлюпкаға)" командасынан басталады. Жүзу құралдарына сейілдемеге шығатындарды отырғызуға вахталық офицер жетекшілік етеді. Катер мен шлюпка корабльден белгіленген уақытта вахталық офицердің бұйырымы бойынша кетеді.

359. Корабль экипажын жағада казармаға орналастырғанда жеке құрамды сапқа тұрғызу экипаж бойынша жүргізіледі. Сейілдемеге шығуға казарма бойынша кезекші басшылық жасайды, ол сейілдемеден жеке құрамның келгені туралы баяндауды қабылдайды.

360. Жалпы сейілдемеден дәлелді себеппен қалып қойған матростар мен старшиналар жағаға екінші кезекпен шығады.

361. Корабльдік емес жүзу құралын жеткізу үшін қолданған кезде корабль командирінің көмекшісі катердің (шлюпканың) сейілдемеге шыққандарды отырғызу орнына уақтылы келуін қамтамасыз етеді.

Жеке құрамның жағаға бару және жағадан корабльге оралу, сондай-ақ оны катерге ( шлюпкаға) отырғызу (түсіру) тәртібін қадағалау үшін корабль офицерлерінің ( келісімшарт бойынша старшиналарының) бірі тағайындалады.

362. Корабль рейдте тұрғанда жағадан қайтып оралған старшиналар мен матростар жоғары палубаға сапқа тұрады. Оларды тексеру үшін вахталық офицер бөлімше бойынша кезекшіні шақырады, ол жағадан қайтып оралғандарды тексереді, олардың келуі туралы сейілдемеге шыққандар кітабына белгілейді, старшиналар мен матростардан сейілдеме қағазын алады, оларға жауынгерлік нөмір кітабын қайтарады және тексеру нәтижесі туралы корабль бойынша кезекшіге (вахталық офицерге) баяндайды. Корабль бойынша кезекшіден (вахталық офицерден) рұқсат алып, бөлімше бойынша кезекші жағадан қайтып оралғанды тұрғынжайға жібереді.

Корабль айлақ құрылысжайда тұрғанда жеке құрам бір-бірден қайтып оралады, сейілдемеден келгендер сапқа тұрғызылмайды. Олар өзінің келгені туралы корабль бойынша кезекшіге баяндайды және бөлімше бойынша кезекшіге сейілдеме қағазын тапсырады, одан кейін өзінің тікелей бастығына баяндаумен барады.

363. Сейілдемеге шыққандардың корабльге қайтып оралғаны туралы корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) корабль командиріне немесе оның орнындағы адамға және құрама бойынша кезекшіге белгіленген уақыттан 15 минут кешіктірмей баяндайды.

**19-параграф. Демалысқа кету**

364. Жеке құрамның демалысқа кетуі корабльдің жауынгерлік мүмкіндігіне және жауынгерлік даярлық жоспарын орындауға ықпал етпейтін есеппен жүргізіледі.

365. Әрбір құрамада және корабльде жылдық демалыс жоспары жасалады. Жоспарда барлық офицерлер, старшиналар мен матростардың демалыс мерзімі көрсетіледі.

366. Корабль командирінің, олардың орынбасарлары мен көмекшісінің демалысқа кетуі құрама командирінің рұқсатымен жүргізіледі. Қалған офицерлер, старшиналар мен матростар демалысқа баянаты және корабль командирінің қолдаухаты бойынша құрама командирінің бұйрығына сәйкес кетеді.

367. Корабль командирі демалысқа кеткенде оның міндеттерін құрама командирінің бұйрығына сәйкес корабль командирінің аға көмекшісі (көмекшісі) атқарады.

368. Старшиналар мен матростар демалысқа тікелей бастығының қолдаухаты бойынша корабль командирінің рұқсатымен кетеді.

369. Корабльден үш тәуліктен астам уақытқа кететін старшиналар немесе матростар өзінің жеке заттарын бөлімше командиріне (команда старшинасына) сақтауға, мүкәммалдық заттарын жабдықтау қызметіне тапсыруға міндетті.

370. Тікелей бастық старшиналар мен матростардың демалысқа кетуін уақтылы дайындайды, олар үшін құжаттарды ресімдеуді және тиісті жабдықталыммен қанағаттандыруды ұйымдастырады, демалушының киім нысаны мен заттарын тексереді, корабльде қалдырылатын заттарды сақтауға тапсыруды қамтамасыз етеді.

371. Корабль командирінің көмекшісі демалысқа кетушілерді корабльден түсіруді және оларды көлік құралына (ұшақ, поезд, теплоход, автокөлік) отырғызуды ұйымдастырады.

3 және 4-дәрежелі корабльде демалысқа кетушілерді жіберуді ұйымдастырумен құрама командирі тағайындаған офицер атқарады.

Әскери қызметші демалыстан келгеннен кейін келгені және демалыс өткізу кезеңінде алған ескертуі (болған кезде) туралы команда бойынша баяндайды. Әскери қызметші белгі қойылған демалыс билетін, жол жүру құжаттары мен төлем түбіртегін құраманың кеңсесіне тапсырады.

**20-параграф. Корабльдің орналасуы және оларды материалдық қамтамасыз ету**

372. Орналасу – корабльдің (құрама кораблінің) жағада арнайы жабдықталған орналасу пунктін пайдалануы, ол олардың орналасуына қажетті жағдайды, жауынгерлік әзірліктің белгіленген деңгейін ұстауды, жауынгерлік арналуына сәйкес міндеттерді орындау үшін жан-жақты жауынгерлік, техникалық және тылдық қамтамасыз етеді.

373. Олардың акваториясына іргелес бірнеше орналасу пункті ӘТК күштерін орналастыру ауданын құрайды.

Орналасу ауданы тұрақты және уақытша орналасу ауданына бөлінеді.

374. Тұрақты орналасу ауданы бірнеше негізгі орналасу пунктін (бұдан әрі – НОП) құрайды.

375. НОП корабльді орналастыру және тұраққа қою, олардың жауынгерлік мүмкіндігін қалпына келтіру, жауынгерлік даярлықты өткізу және соғыс және бейбіт уақытта барлық қызмет түрін ұйымдастыру үшін арналған. НОП алдын ала құрылады және әртүрлі мақсаттағы стационарлық объектілермен жабдықталады. Оларда байланыс пункттері мен байланыс құралдары бар құраманың басқару органы орналасады.

376. Уақытша орналасу ауданы пункт (орын) жиынтығын: маневр жасайтын орналасу пунктін (бұдан әрі – МОП), жабдықтау пункті (бұдан әрі – ЖП), шоғырланған корабль жөндеу пунктін (бұдан әрі – ШКЖП), қосалқы корабль жөндеу базасын (бұдан әрі – ҚКЖБ), корабльдің тұрақ орнын (бұдан әрі – ТО) қамтиды.

Уақытша орналасу күштері мен құралдары жаңа ауданға қысқа мерзімде орын ауыстыруға қабілетті, маневрлі болады. Бұл ретте уақытша орналасу пунктін өрістету үшін бірінші кезекте порттар, портты пункт, азаматтық ведомство (ұйым) айлағы қолданылады.

377. МОП құрама кораблінің бөлігін кешенді қамтамасыз ету үшін арналған. МОП-да корабльді материалдық құралмен толық нормаға дейін қамтамасыз ету, жорықаралық жөндеу, авариялық-қалпына келтіру жөндеу, жеке құрамға қызмет көрсету және тылдық және техникалық қамтамасыз ету іс-шаралары жүзеге асырылады . МОП бейбіт және соғыс уақытында болады. Бейбіт уақытта МОП корабльдің жауынгерлік даярлығы міндеттерін пысықтау үшін арналған және бейбіт уақыт жағдайында ішінара жабдықталады. Соғыс уақытында МОП соғыс іс-қимылы барысында және қауіпті кезеңде өрістетіледі.

378. ЖП жеке корабль немесе топтасқан корабльді бірнеше немесе бөлек материалдық құрал түрімен қамтамасыз ету үшін арналған.

379. ШКЖП жорықаралық жөндеуді аяқтау немесе жылдам аяқтау, қару-жарақ және әскери техникаға, корабльді, қару-жарақ пен әскери техниканы авариялық-қалпына келтіру жөндеу жұмысын бірінші кезекте орындау үшін, сондай-ақ қарсыластың шабуыл жасау қатері болған кезде өнеркәсіп кәсіпорнынан немесе корабль жөндеу кәсіпорнынан шығарылатын жеке корабльді тездетіп жөндеуді аяқтау үшін арналған.

380. ҚКЖБ корабльге авариялық-қалпына келтіру жөндеу жұмысын жүргізу, доктық, ағымдағы және орташа жөндеу, сондай-ақ қару-жарақ пен техниканың жекелеген түрін орташа және күрделі жөндеу үшін арналған. ҚКЖБ-ны өнеркәсіп кәсіпорны өрістетеді.

381. ТО орналасу пунктінен тыс жеке немесе корабль тобын тактикалық шоғырландыру үшін арналған, шоғырландыру ауданында корабль тұрағының қауіпсіздігі үшін арнайы жабдықталады.

382. Дербес шаруашылық жүргізетін құрама кораблін материалдық құралдардың барлық түрімен материалдық қамтамасыз етуді ӘТБ жауынгерлік, техникалық және тылдық қамтамасыз ету органы, сондай-ақ оларға материалдық құралдар нөмірін беру бойынша ҚР ҚК тыл және қару-жарақ басқармасының бөлімі мен бөлімшесі жүзеге асырады.

383. Дербес шаруашылық жүргізбейтін құрама кораблі ӘТБ МТҚ бөлімшесі арқылы материалдық құралдармен қамтамасыз етіледі.

384. МОП-да құрама кораблін материалдық қамтамасыз ету ӘТБ МТҚ бөлімшесі қоймасының жылжымалы бөлімшесі жүзеге асырады.

385. Жүзу базасы қаруды, материалдық құрал түрін дайындау және олармен теңізде және маневр жасау орналасу пунктінде корабльді қамтамасыз ету үшін арналған. Жүзу базасы корабльді тылдық және техникалық қамтамасыз ету түрімен қамтамасыз етеді, сондай-ақ корабль жеке құрамын орналастырады.

МОП-да орналасқан корабльдің тұрақ орнын күзетуді қамтамасыз етеді.

386. Орналасқан корабльдің жеке құрамын жағалық МТҚ бөлімшесінің мұқтажы үшін тек құрама командирінің рұқсатымен пайдаланылады.

Корабльді тікелей күзетуге және жағада гарнизондық нарядты атқаруға тартылады.

387. МОП-дан корабль кеткенде олардың командирі МОП командиріне қалатын жеке құрамның тізімін береді. Қалған жеке құрам, егер ерекше өкім түспесе, корабль болмаған барлық уақытта МОП командирінің өкімінде болады.

**21-параграф. Корабльдің жеке құрамын орналасу пунктінің үй-жайында орналастыруды ұйымдастыру**

388. Жағада (жүзу базасында) жеке құрамды орналастыру жоспарын, үй-жайды жабдықтау табелін құрама командирінің МТҚ жөніндегі орынбасары жасайды және оны құрама командирі бекітеді.

Жағада орналасқанда әрбір корабльдің жеке құрамы (корабль тобы) үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары ішкі қызмет жарғысының талаптарына сәйкес үй-жай бөлінеді.

389. Корабль жүзуге кеткенде экипаждың барлық үй-жайы жүзу базасының боцманына немесе ӘТБ МТҚ пәтер-пайдалану қызметінің бастығына таза және реттелген, кілтке жабылған және корабльдің нөмірлік мөрі басылған түрде тапсырылады. Үй-жай мен каютаның (бөлменің) кілті ӘТБ МТҚ пәтер-пайдалану қызметінің бастығына сақтауға беріледі.

Корабль ұзақ мерзімге кеткенде экипаждың киім-кешегі мен жеке заттары чемодандарға ұқыпты салынады және ӘТҚ МТҚ бөлімшесінің киім-кешек қоймасына сақтауға тапсырылады.

Корабль шұғыл кеткенде база командирі корабль кеткеннен кейін жағалық базадан матростар нарядымен бірге өзінің көмекшісін және жүзу базасының боцманын (ӘТБ МТҚ пәтер-пайдалану қызметінің бастығын) үй-жайды реттеу, оларға мөр қою және күзету үшін жібереді.

**22-параграф. Корабльдің қорын толтыру**

390. Корабль командирі базаға қайту алдында ӘТБ (құрама) жедел кезекші арқылы қажетті материалдық құралдарға және жөндеуге өтінім береді. Құрама қайтып келгенде өтінімді құрама штабының бастығы береді.

391. Корабльдің көп санын бір уақытта қамтамасыз еткенде құрама штабы оларды жабдықтау кезектілігін көрсетеді.

392. ӘТБ қамтамасыз ету органы корабль (құрама) командирінің өтінімдері бойынша корабльді (құраманы) белгіленген лимит, норма мен табельге сәйкес материалдық құралдың барлық түрімен, сондай-ақ көлікпен, жүзу құралымен, кранмен, докпен уақтылы қамтамасыз етеді.

393. Әскери-теңіз базасы тиісті қамтамасыз ету органының тікелей қамтамасыз етуінде тұрған корабльге қажетті материалдық құралдың барлық түріне корабль бортына қамтамасыз ету органына көлік құралына өтінім береді.

394. Корабль командирі корабльдің қысқа мерзімде материалдық құралды қабылдауы, жабдықтайтын көлік құралдары корабль борты жанында барынша аз уақыт болуы үшін барлық шара қабылдайды.

395. ӘТБ (құрама) командирінің МТҚ жөніндегі орынбасары қайтып келген корабльдің мұқтажын анықтау және оның жеке құрамын орналастыру, қызмет көрсету және жабдықтау жөнінде нұсқау беру үшін теңізден қайтып келген корабльді қарсы алады немесе қарсы алуға өз көмекшісін жібереді.

396. Корабльдік шаруашылықты дербес жүргізбейтін, орналасатын корабльдің жеке құрамын ӘТБ МТҚ бөлімшесі ыстық тамақпен қамтамасыз етеді.

Корабльдің азық-түлік үлесінің әртүрлі нормасы бар орналасатын жеке құрам үшін тамақтану бөлек ұйымдастырылады.

Орналасатын корабльдің (корабль құрамасы) офицерлері мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілері ол туралы ережелерге сәйкес жағалық немесе жүзу базасының кают-компаниясында жабдықталымда болады.

**23-параграф. Атыс қаруын сақтауды ұйымдастыру**

397. Атыс қаруы мен оқ-дәрі арсеналда орналасқан (атыс оқ-дәрісімен жертөледе) және корабльдің тәуліктік наряды адамының күзетінде орналасқан үй-жайда орналасқан бөлек пирамидада (шкаф мен сейфте) сақталады. Осы үй-жайды есігі мен люгі сенімді тиекпен жабдықталады және БКП (КП) немесе корабль бойынша кезекшінің рубкасында, рубка болмағанда корабль бойынша кезекшіге енгізілген электр дыбыс және жарық дабылдамасымен жабдықталады. Корабльдік электр қорегі сөнгенде дабылдама схемасына автономдық көзден электр қорегі автоматты түрде беріледі.

Корабльдік арсенал мен оқ-дәрі жертөлесін ашуды корабль бойынша кезекшінің қатысуымен тек қана меңгеруші жүзеге асырады.

398. Кезекші және вахталық қызметті атқару үшін берілген атыс қаруы пирамидада, ал оқ-дәрі корабль (корабльдің БКП) бойынша кезекшінің үй-жайында бекітілген металл жәшікте (сейфте) сақталады. Қаруы бар пирамида және оқ-дәрі салынған жәшік (сейф) электр дыбыс және жарық дабылдамамен жабдықталады және құлыпқа жабылады және корабль бойынша кезекші мөр қояды.

**24-параграф. Корабльде жинауды ұйымдастыру**

399. Корабльде тазалықты және реттілікті ұстау үшін санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес және корабльді тиісті әскери тәртіпте ұстау үшін үлкен және шағын жинау жүргізіледі.

Корабль жеке құрамының міндеттері жинау кезінде жинау кестесімен айқындалады. Осы кестеде барлық әскери қызметшілер қамтылады.

Кестеде барлық үй-жайды, палубаны, қондырма мен корабль борттарын жинау көзделеді.

400. Үлкен жинау рейдте немесе порт тұрағында жүргізіледі. Корабль командирінің шешімімен жүріс барысында да жүргізіледі.

Үлкен жиында:

1) барлық корабль үй-жайын жуу;

2) жоғары палубаны, бортты, трапты, қондырманы, мачта құбырын, шлюпка мен катерді жуу;

3) қару мен техникалық құралды ішінара тазалау, трюмді жинау;

4) тұрғын және қызметтік үй-жайды желдету және кептіру;

5) үй-жайдан төсек-орын керек-жарағын, киім-кешек пен жеке заттарды шығару, оларды қарап-тексеру және желдету;

6) жаппай пайдаланылатын орынды (галюн, қолжуғыш) профилактикалық дезинфекциялау, барлық үй-жайды дезинсекциялау және дератизациялау жүргізіледі.

401. Шағын жинау (таңертеңгі және кешкі, түскі және кешкі ас алдында) күн тәртібімен белгіленген уақытта жүргізіледі.

Осы жинау бойынша іс-қимыл тізбесін үй-жайдың, жоғары палубаның, қару мен техникалық құралдың, айлақтың, пирстің ластануына және жинау үшін бар уақытқа байланысты оның жетекшісі айқындайды. Шағын жинауда жоғары палуба судан ( қардан), шаңнан және тетік, аспап мен құрылғы ылғалдан тазаланады, үй-жай желдетіледі, ластанған орын жуылады, үй-жай мен палуба сыпырылады, қоқыс шығарылады, корабль қаруының металл заттары тазаланады және майланады.

Бір күн ішінде қандай да бір жұмыс немесе сабақ өткізу үшін қолданылған үй-жайды бірден жұмыстан (сабақтан) кейін жинау жүргізіледі.

402. Портта және айлақта зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда қоқыс арнайы баржаға немесе қабырғаға шығарылады және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап

белгіленген орынға жиналады. Ашық теңізде қоқыс арнайы пеште (топкада) жағылады немесе контейнерге жиналады.

403. Корабль командирінің көмекшісі корабльдегі жинауға жетекшілік етеді, оның сапасын айқындайды. Жасалған жинаудың сапасын бақылау үшін командир көмекшісі медицина қызметінің бастығын және аға боцманды (боцманды) тартады.

404. Үлкен жинау аяқталғаннан кейін корабль командирінің аға көмекшісі командир көмекшісінің, медицина қызметі бастығының және аға боцманның ( боцманның) бірге жүруімен корабльді қарап шығады. Ол жинау сапасын тексереді және оның нәтижесі туралы корабль командиріне баяндайды.

Корабль жоғарыда аталған адамның бірге жүруімен корабльді қарап шығады.

405. Егер жеке объектіде жинау сапасыз жүргізілген болса, корабль командирінің аға көмекшісі осы объектіде жинауды аяқтау үшін қосымша уақыт тағайындайды.

406. Күнделікті жинауды талап етпейтін үй-жайда (түпаралық кеңістік, арнайы цистерна) қажеттілігіне қарай кезеңділікпен, қауіпсіздік талаптарын сақтап, осы үй-жай жетекшісінің жетекшілігімен тағайындалған жеке құрам жинайды.

407. Азық-түлік сақталатын үй-жай, камбуз, монша, қолжуғыш, кір жуатын орын, гальюн мен қоқыс шығаратын құбыртүтік үнемі таза және кезең-кезеңімен дезинфекцияланады.

408. Барлық корабль үй-жайын мұқият тазалау жүргізіледі. Осы жағдайда жеке құрамды уланудан сақтандыру шараларын сақтап, үй-жай дезинфекцияланады, зарарсыздандырылады және дератизацияланады. Үй-жайды осындай тазалау корабль салынғаннан (зауыттық жөндеу) кейін іске қосу алдында жүргізіледі.

**25-параграф. Айлақ құрылысжайын және акваторийді күтіп-ұстау**

409. Айлақ құрылысжайы (пирс, пристань және қабырға), зәкір тұрағының орны және оған іргелес акваторий өрт қауіпсіздігін және қоршаған ортаны сақтауды қамтамасыз ететін жай-күйде ұсталады, ол үшін:

1) оларды қоқыстан (әсіресе тұтанатын), акваторийді мұнай өнімінен жүйелі түрде тазарту;

2) қоқысты тек ол үшін арнайы бөлінген баржаға (кемеге) немесе айлақ құрылысжайынан қашық орында орнатылған контейнерге салу, қоқысты жүйелі түрде жою орнына шығару, ал одан кейін контейнерлерді дезинфекциялау;

3) айлақ құрылысжайына орналасу орнының жағалық объектілеріне кіреберіс жол ашық, ал өрт сөндіру құралдарын ақаусыз жай-күйде ұстау;

4) темекі шегу үшін қалдық салынатын ыдыспен жабдықталған арнайы орын бөлу;

5) корабльде және айлақ құрылысжайында мұнай бар ластанған суды тазалау және жинау үшін арналған техникалық құрал мен жабдық ақаусыз күйде болу қажет.

Айлақ құрылысжайын жүкпен бөгеуге, оларда қажетті өртке қарсы шараларды сақтамай, от жағуға жол берілмейді.

410. Барлық дәрежедегі командир (бастық) айлақ құрылысжайы, зәкір тұрағы орны және оған іргелес акваторийде ластануды болдырмау жөнінде пәрменді шара қабылдайды.

Мазут, дизель отынын, май мен сұйықтықты борт сыртына ағызуға, ал корабль портта (ішкі рейдте) болғанда, акваторийді ағынды сумен, қоқыспен және мұнай өнімінің қоспасы бар сумен ластауға жол берілмейді. Осы мақсат үшін арнайы корабльдік (кемелік) жүйе мен ыдыс пайдаланылады.

## 6-тарау. Корабльдің техникалық әзірлігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру

### 1-параграф. Жалпы ережелер

411. Корабльдің техникалық әзірлігі оның корпусы мен қару және техникалық құралын пайдалану құжаттамасына сәйкес корабльді жөнде кезеңділігі мен белгіленген техникалық қызмет (бұдан әрі – ТҚ) көрсету түрін сапалы және уақтылы жүргізуді қоса алғанда, ақаусыздықты және дұрыс пайдалануды қамтамасыз етеді. Қару мен техникалық құралға, корпусына ТҚ көрсету түрі, оларды өткізу кезеңділігі мен ұзақтығы ҚР ҚК ӘТК басшылық құжаттарымен және пайдалану құжаттамасымен белгіленеді.

ҚР ҚК ӘТК кораблі мен кемесінің командирлері мен бастықтары, флагмандық мамандары және экипажы корабль мен кеменің, олардың қаруы мен техникалық құралының техникалық әзірлігін қамтамасыз етеді.

Корабль мен кемеде – күн сайын, ӘТК жоғары әскери басқару органында және корабль құрамасында – апта сайын тиісті командирдің (бастықтың) жетекшілігімен корабль (кеме), қару-жарақ пен әскери техниканың жай-күйін ұдайы бақылау, пысықтау және олардың ақаулығы анықталғанда оны қалпына келтіру бойынша тиімді және шұғыл шара қабылдау үшін техникалық әзірлік бойынша кеңес өткізеді.

412. ТҚ мынадай түрге бөлінеді: жоспарлы-алдын алу техникалық қызмет көрсету ( бұдан әрі – ЖАТҚ), жоспарлы-алдын алу жөндеу (бұдан әрі – ЖАЖ), жорықаралық ( бұдан әрі – ЖЖ) және навигациялық жөндеу (бұдан әрі – НЖ), сондай-ақ техникалық жай-күйі бойынша қызмет көрсету.

Техникалық қызмет көрсеткенде корабль жауынгерлік әзірліктің белгіленген дәрежесіне ауысады.

413. ЖАТҚ мен ЖАЖ техникалық әзірлікті ұстау, ерте тозудың алдын алу және корпус, қару мен техникалық құралдың ақаусыздығын уақтылы анықтау үшін арналған. Оны өткізгенде пайдалану нұсқаулығында көзделген регламенттік жұмыс орындалады, жоспарлы зауыттық жөндеудің көлемі айқындалады. Барлық жұмысты корабльдің жеке құрамы мамандандырылған өнеркәсіп кәсіпорнын тартумен жүргізеді.

414. ЖЖ ұзақ жорықта анықталған кемшіліктерді жоюға, корабльдің техникалық әзірлігін ұстауға және оның кезекті жорыққа дайындауға арналған.

Оны өткізгенде қолданыстағы нұсқаулыққа сәйкес ақаулық жойылады, материалдық бөлікке ЖАТҚ және ЖАЖ жүргізіледі, сондай-ақ орындау мерзімі өткен немесе корабльдің теңізде болғанда уақыты аяқталатын регламенттік жұмыс жүргізіледі.

ЖЖ корабль жеке құрамының күшімен және құраманың (әскери-теңіз базасының) корабль жөндеу күшімен орындалады. Орындау мүмкін болмайтын жұмысты мамандандырылған өнеркәсіп кәсіпорны тиісті жабдықталым органының тапсырысы бойынша орындайды.

415. НЖ корабльді техникалық әзірлікте ұстау үшін арналған. Оған регламенттік қарап-тексеру мен жұмысты уақтылы өткізу, жөндеу және қару мен техникалық құралдың тозған және ресурсы өткен тораптары мен бөлшектерін ауыстыру арқылы қол жеткізіледі.

НЖ-ны корабльдің жеке құрамы мамандандырылған өнеркәсіп кәсіпорнын тартумен жүргізіледі және бұл ретте корабль кампаниядан шығарылмайды.

ЖАТҚ мен ЖАЖ демалыс және мереке күндерінен басқа, басшылық құжаттарда белгіленген мерзімде үзіліссіз жүргізіледі.

ЖАТҚ мен ЖАЖ үшін бөлінген уақытта сабақ, жаттықтыру мен оқу-жаттығу өткізуге, сондай-ақ жеке құрамды техникалық қызмет көрсетумен байланысты емес жұмысты орындауға тартуға жол берілмейді.

Үздіксіз циклмен (ауысым бойынша) жұмыс кезінде корабль командирі күн тәртібіне тиісті өзгерістер енгізеді.

ЖАТҚ мен ЖАЖ нәтижесі корабль корпусының, қаруы мен техникалық құралының пайдалану құжатына енгізіледі.

ЖАТҚ, ЖАЖ мен НЖ мерзімі өткен корабльдің теңізге шығуына шешімді ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысы қабылдайды.

416. Корабльдің зауыттық жөндеу түрі ӘТК басшылық құжаттарымен белгіленген кезеңділікпен және ұзақтықпен жүргізілетін доктық, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу болып табылады.

417. Корабльді доктық жөндеу корабль корпусының суасты бөлігін тазалау, тексеру , куәландыру және сырлау жұмысын орындауға арналған, жүзгенде жөндеу жүргізілмейтін корабльдің (кеменің) түптік арматура мен цистернасы, руль, білік желісі және есу бұрандасы, сондай-ақ құрылғы, жүйе, қару және техникалық құрал тексеріледі .

Доктық жөндеу докта корабль жеке құрамының қатысуымен корабль жөндеу кәсіпорының күшімен (кеме көтеру құрылысжайында) жүргізіледі.

Корабльді қолданғанда доктық жөндеу жоспарлы (кезекті), кезектен тыс және авариялық болуы мүмкін.

418. Корабльді ағымдағы жөндеу корабльді техникалық әзірлікте ұстауға және қалпына келтіру үшін жұмыс кешенін өткізуге арналған, оның корпусы мен жүйесі,

сондай-ақ қару және техникалық құралдың ақаулығы жойылады. Бұл ретте басты және қосалқы механизмнің, қару және техникалық құралдың ақаулы бөлшектері ауыстырылады немесе жөнделеді. Корабль корпусының, жүйесі мен құрылғысының жеке учаскелеріне куәландыру жүргізіледі. Корабльді ағымдағы жөндеу мамандандырылған өнеркәсіп кәсіпорынының күшімен оны кезекті жоспарлы жөндеуге дейін техникалық әзірлік жағдайында ұстау үшін жүргізіледі.

419. Корабльді орташа жөндеу корабльдің техникалық әзірлігін қалпына келтіру және оны кезекті жөндеуге дейін сенімді пайдалану мақсатында ақаулықты жою және материалдық бөлігін толық куәландыруды орындау бойынша жоспарлы жұмысты жүргізуге арналған.

Орташа жөндеу:

бас қозғалтқышты, редукторды және білік өткізгішті жөндеу;

қосалқы механизмді ауыстыру;

бас және қосалқы бу құбырын, жүйе мен құбырды куәландыру және жөндеу;

корпустық жұмыс;

қару және техникалық құрал ресурсын қалпына келтіру мақсатында оны жөндеуді қамтиды.

Орташа жөндеу кезеңінде корабльді доктау, сондай-ақ жаңғырту жұмысы жүргізіледі, олар арнайы шешім бойынша орындалады және қару мен техникалық құралдың ескірген үлгілерін ауыстырумен және (немесе) қолда бар жаңа үлгіге қосымша орнатумен байланысты болады. Корабльде бар қару мен техникалық құралдың жеке үлгісін тиімді қолдану мен жауынгерлік пайдалануды арттыру, сенімді, қауіпсіз пайдалануға және төзімділікті арттыруға бағытталған жұмыс орындалады.

420. Корабльді, қару мен техникалық құралды, агрегатты (механизмді, бөлшектер) күрделі жөндеу жұмыс істеу қабілетін (жарамдылығын) қалпына келтіру және базалық бірлікті қоса алғанда, барлық құрастыру бірлігін ауыстыру немесе қалпына келтіру арқылы толық немесе толық қалпына мақсатында орындалады.

Корабльді, қару және техникалық құралды күрделі жөндеуді өткізу кезеңділігі мен көлемі пайдалану-техникалық құжаттаманың талаптарымен айқындалады.

Корабльді, қару мен техникалық құралды, зымыранды, оқ-дәрі мен агрегаттарды ( механизм, бөлшек) күрделі жөндеуді мамандандырылған кәсіпорын жүргізеді.

421. Авариялық жөндеу (оның ішінде доктық) авариялық залалды жою жұмыс кешенін жүргізу үшін арналған, зақым болғанда корабль сапта қалмайды немесе кейбір тактикалық-техникалық мүмкіндігін жоғалтады.

Корабльді авариялық жөндеу кезектен тыс жүргізіледі. Корабльдің корпусын, қаруы мен техникалық құралын зақымдауды және авариясын олардың сипаты мен көлеміне байланысты ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысы (құрама командирі, корабль командирі) тағайындаған арнайы комиссия мұқият тергеп-тексеруге тиіс.

Авариялық жөндегенде жұмыстың көлемі құрама және корабль маманмен, жабдықталым органының өкілдерімен, сондай-ақ мамандандырылған өнеркәсіп кәсіпорнымен бірлесіп бекітіледі. Авариялық жөндеуді жоспар-график бойынша корабль (корабль) экипажы және ӘТБ (бұдан әрі – ӘТБ) (корабль құрамасы) жөндеу бөлімшесі немесе мамандандырылған корабль жөндеу кәсіпорны орындайды.

Кеме жөндеу кәсіпорны авариялық жөндеуді орындауға жөндеуге тиісті тапсырысты алғаннан кейін дереу кіріседі. Анағұрлым күрделі және көлемді жұмыс тізбесі бар тапсырыс аварияны тергеп-тексеру актісін күтпей жазып беріледі.

422. Корабльде мыналар жүргізіледі:

1) корабльді қайта жабдықтау арнайы әзірленген жоба бойынша корабльде кеме салу және кеме жөндеу кәсіпорнының жұмыс кешенін жүргізуі үшін арналған, нәтижесінде корабльдің негізгі арналуы өзгереді. Қайта жабдықтағанда корабль жобасының белгісі өзгереді.

2) корабльді жаңғырту арнайы әзірленген жоба бойынша корабльде жұмыс кешенін жүргізу үшін арналған, оны орындау нәтижесінде корабльдің жеке тактикалық-техникалық элементтері өзгереді, бірақ оның басты арналуы сол қалпында қалады. Жаңғырту қару мен техникалық құралдың ескірген үлгісін қазіргі заманғы жаңа үлгілермен ауыстырумен сипатталады.

Корабльді қайта жабдықтаумен және жаңғыртумен оны орташа жөндеу бірге жүргізіледі.

3) корабльді қарап-тексеріп жөндеу корабльдің нормативтік пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін немесе оның соңында белгіленген уақыт аралығына берілген шекте оның техникалық-пайдалану сипаттамасын ұстап тұру үшін ең аз көлемде орындалатын жұмыс кешенін жүргізуге арналған.

423. Зауытқа корабльді қою және жөндеу жұмысын орындау үшін негіздеме басшылық құжаттармен белгіленген жөндеуаралық мерзімнің өтуі, бас қозғалтқыштың, қару мен техникалық құралдың белгіленген ресурсын өндіру, сондай-ақ корабльдің іс жүзіндегі техникалық жай-күйі болып табылады.

Корабльді қою мерзімі қандай да бір зауыттық жөндеуге және оның ұзақтығы ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысымен бекітілген кеме жөндеуді орындау жоспарында белгіленеді.

424. Корабльге зауыттық жөндеуді (қайта жабдықтау, жаңғырту) бастар алдында үш апта бұрын компаниядан шығарылады. Оны зауытқа қою үшін дайындық іс-шаралары жүргізіледі. Мәлімделетін және орындауға қабылданатын жөндеу жұмысын келіскеннен кейін корабль акт бойынша жөндеу (қайта жабдықтау, модернизациялау) үшін зауытпен қабылданады. Актіге корабль командирі, ӘТК басқару органы және зауыт өкілдері қол қояды. Жөндеудің (қайта жабдықтау, жаңғырту) басы корабльді жөндеуге (қайта жабдықтау, жаңғырту) қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап есептеледі.

**2-параграф. Корабль жеке құрамының жөндеу кезіндегі іс-қимылын ұйымдастыру**

425. Жөндегенде корабльдің жеке құрамы зауытқа корпусты, қару мен техникалық құралды уақтылы және сапалы жөндеу жұмысын орындау және оны іске қосу үшін жан-жақты жәрдем көрсетеді.

Корабльдің ішкі күн тәртібі жөндеу кезеңінде жөндеу жұмысын орындау және қызметтің тиісті ұйымдастырылуын қолдау үшін барлық жеке құрамды барынша қолдану мақсатында ұйымдастырылады және жөндеу кәсіпорынының жұмыс режимімен келісіледі.

426. Жөндеу кезеңінде жеке құрамның жауынгерлік даярлығы тоқтатылмайды. Ол жөндеу жұмысын қамтамасыз етуге бағытталады. Өзінің білімін арттыру үшін жеке құрам қаруды, қару-жарақ пен техникалық құралды бөлшектеу мен жинауды пайдаланады.

Жөндеу кезеңінде жауынгерлік даярлық арнайы күн тәртібінде көзделген сағатта өткізіледі.

Жөндеу уақытында жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы):

1) жөндеу жұмысын орындау мерзімін және сапасын;

2) техникалық шарттардың орындалуын, қолданылатын материалдың сапасын және бұйымның жиынтықталуын;

3) корпусты, қару мен техникалық құралды ашу және жабу, сақтау бойынша қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауды;

4) жұмыскерлердің корабльдік қағидаларды орындауын, олардың сақтық және қауіпсіздік шараларын сақтауын;

5) корабльдің салмақ жүктемесін, басшылық құжаттардың талаптарына сәйкес корабльдің суға батпауын және қауіпсіздік түрін қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке құрамның қауіпсіздігі бойынша шараларды сақтауды;

6) жұмыс күнінің соңында корабльдегі жұмыс орнын жинау және жөндеу жұмысы аяқталған немесе жүргізілмейтін корпустың, қару мен техникалық құралдың жай-күйін қамтамасыз етуді;

7) корабльді жөндеуге берілген материалдық құралдардың үнемді және орынды жұмсалуын қадағалайды.

427. Корабль жауынгерлік бөлімінің командирі (қызмет бастықтары) жөндеу процесінде жөнделген корпусты, қару мен техникалық құралды алдын ала қабылдауды жүргізеді.

Жөнделген корпусты, қару мен техникалық құралды түпкілікті қабылдауды жүріп өтіп сынау кезінде арнайы тағайындалған комиссия өткізеді.

428. Жөндеуден кейін сынау процесінде алынған қару мен техникалық құралдар бойынша тактикалық-техникалық деректер, сондай-ақ корабльде орындалған жаңғырту (жаңғырту жұмысы) туралы деректер корабльдің тактикалық формулярына, корпус,

қару мен техникалық құрал формулярына жөндеу орындалған зауыттың өкілдері енгізеді.

429. Корабль командирі қандай да бір жұмысты орындау, сондай-ақ бекітілген схема мен үлгілерге қандай да бір өзгеріс енгізуге жол бермейді.

430. Жөндеу, қайта жабдықтау және жаңғырту кезінде корабль командирі кеме жөндеу кәсіпорнына көмекке жеке құрам бөледі.

Корабль жеке құрамының күшімен зауыттық жөндегенде корабльдің жөндеуді қажет ететін, бірақ кәсіпорын орындайтын жөндеу жұмысы жоспарына кірмеген материалдық бөлігіне жоспарлы ТҚ және НЖ көлемінде жөндеу жүргізіледі.

431. ӘТБ, корабль құрамасының командирі, олардың МТҚ жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ құраманың флагмандық маманы және ӘТК тиісті басқару органының бастығы корабльді жөндеуге қоюды және дайындауды ұйымдастырады, жөндеуді ұйымдастыруды, жеке құрам және кеме жөндеу кәсіпорны орындайтын жұмыстың уақтылы және сапалы өткізілуін қамтамасыз етеді.

432. Жөндеу кезеңіне орналасу пунктіне (құрама) орын ауыстырған корабль жөндеу жүргізілетін орналасу пунктінің (құрама) командиріне уақытша бағынысында болады.

Орналасу пунктінің (құрама) командирі осындай жағдайда жөндеу жөнделетін корабльді материалдық құралдың барлық түрімен толық қамтамасыз етуді, жөндеу мерзімі мен сапасын, жауынгерлік даярлығын, жеке құрамның әскери тәртібін және жөндеу аяқталғаннан кейін осы корабльдің әзірлігін ұйымдастырады.

433. Жүріс сынағының алдында зауыттық жөндеу аяқталғаннан кейін корабль командиріне корабльдің қаруы мен техникалық құралын пайдалануға келтіру үшін қажетті уақыт беріледі, сынау кезеңінде авариясыз жүзуді қамтамасыз ету үшін корабльдік кесте бойынша жеке құрамның іс-қимылы мен қызметін ұйымдастыру пысықталады.

434. Швартовты және жүріп өту сынағын, экипажға жөнделген корпусты, қару мен техникалық құралды тапсыруды зауыт тапсырылған қондырғыға, механизмге немесе аспапқа қызмет көрсететін жеке құрамның қатысуымен жүзеге асырады.

435. Корабльді салғаннан (жөндегеннен) кейін корабль командиріне қабылдау актісіне қол қоюға және аяқталмаған немесе сапасыз орындалған жұмыс болғанда, сондай-ақ белгіленген нормадан асатын физикалық өріс деңгейімен кәсіпорыннан корабльді қабылдауға жол берілмейді.

436. Қару және техникалық құралға қызмет көрсету, жөндеу қажетті электр қуатымен, суықпен және жылумен қамтамасыз етіледі.

## 7-тарау. Корабльдің төзімділігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру

### Жалпы ережелер

Корабльде мынадай ұйымдық-техникалық іс-шаралар ұдайы жүргізіледі:

корабльге су толуының алдын алу;

өрт пен жарылыстың туындауы;

қарумен және техникалық құралмен авариялық жағдайдан сақтандыру;

төзімділік үшін күрес құралдарын пайдалануға ұстау;

корабльдің төзімділігі үшін күреске жеке құрамды дайындау.

Әрбір корабльде жобалау құжаттамасымен және жабдықтау нормасымен көзделген құтқару құрылғысы мен құралдары жиынтығы болады.

Құтқару құрылғысы мен құралдары ақаусыз жай-күйде және іс-қимылға дайын, белгіленген орнында болады және тек тікелей арналуы бойынша қолданылады. Корабльде уақытша болатын адамды қоса алғанда, жеке құрам ұжымдық құтқару құралдары үшін қол қояды.

437. Командир (бастық):

өзінің бағынысындағыларды жарылысты болдырмау, қару және техникалық құралдың төзімділігі, өртке қарсы күрес, қауіпті шоғырланған газ (зиянды заттар), суға батпау тәсілдерін үйретеді;

төзімділікті қамтамасыз ету қағидаларын сақтау үлгісін көрсетеді және бағыныстылардың осы талаптарды бұзуының бірде-бір жағдайын ықпал етусіз қалдырмайды;

суға батпау, электр және жарылғыш-өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ қару мен техникалық құралды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін қатаң және пәрменді шаралар қабылдайды.

438. Борт сыртындағы судың кіруін, өрт шыққанын, түтіннің немесе будың шыққанын, оқ-дәрінің авариялық жағдайын, жарылу қатері бар және уытты газдың ( зиянды заттардың) жайылуының жоғарылығын бірінші байқаған бөлікте (үй-жайда) дауыстап авариялық дабыл жариялайды. Кез келген байланыс түрімен ол аварияның орны мен сипаты туралы БКП-ға немесе корабль бойынша кезекшіге (вахталық офицерге), ал егер бұл мүмкін болмаса іргелес бөлікке (үй-жайға) дереу баяндайды және аварияны жоюға шаралар қабылдайды.

Төзімділік үшін күрес барысы туралы кейінгі баяндау бастық тарапынан сұраусыз немесе ескертусіз болады. Корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) авария туралы баяндау алып, қоңырау авариялық сигнал беруді бастаумен бір уақытта дауыстап хабарлаумен аварияның орны мен сипатын көрсетіп (залал), авариялық дабыл жариялайды.

Төзімділік үшін күресуге корабльдің экипажы, корабльде уақытша орналасқан адамды қоса алғанда барлығы кіріседі. Командалық пункт пен жауынгерлік бекет орналаспаған үй-жайда корабльдің төзімділігі үшін күресті авариялық партия (топ) жүзеге асырады.

439. Корабльде өрт сөндіру құралдары мен сүңгуір және құтқару мүлкі, авариялық байланыс құралдары, жеке қорғаныс құралдарының ақаусыз толық жиынтығы,

сондай-ақ жеке және ұжымдық құтқару құралдарының қажетті санымен толық қамтамасыз етіледі.

Өрт сөндіру, сүңгуір және құтқару мүлкі мен жеке қорғаныс құралдары тек тура арналуы бойынша қолданылады, ал жұмсалған мүлік дереу толықтырылады.

Корабльді осы мүлікпен жабдықтауға корабль командирінің көмекшісі, электр-механикалық жауынгерлік бөлім (5-ЖБ) командирі, байланыс жауынгерлік бөлім (4-ЖБ) командирі, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау қызметінің бастығы берілген номенклатура бойынша жауап береді.

Корабльдің төзімділік үшін күрес құралдары әрқашан жарамды және қолдануға әзір болады. Корабльдің төзімділік үшін күрес құралдарының ақауы дереу жойылады. Төзімділік үшін күресуге, оларды қолдану әзірлігін төмендететін стационарлық құралдардың жұмысы корабль командирінің рұқсатымен орындалады.

440. Корабльдің төзімділігі үшін күресу құралдары, жүйесі, қондырғысы және корпусының жай-күйін бақылау үшін корабль командирінің бұйрығымен корабльде 1, 2, 3-дәрежелі тұрақты корабльдік комиссия тағайындалады.

Оның төрағасы – корабль командирінің аға көмекшісі. Комиссия мүшелері – корабль командирінің көмекшісі, жауынгерлік бөлім командирі және корабль қызметінің бастығы, трюм командасының бастығы, трюм командасының старшинасы және аға боцман (боцман).

4-дәрежелі корабль құрамасында тұрақты корабльдік комиссияның құрамын құрама командирі бекітеді.

Тұрақты корабльдік комиссия құрамының жұмысына корабльдің лауазымды адамы, штаб өкілдері, МТҚ және құраманың электр-механикалық қызметі, ӘТК басқару органы, ұйым мен өнеркәсіп кәсіпорны қатысады.

Тұрақты корабльдік комиссия ұзақ жүзу дайындығы кезеңінде және одан оралғаннан кейін үш айда бір рет, ал қажет болғанда корабль командирінің бұйрығы бойынша жүргізіледі:

1) корабль корпусын, төзімділік үшін күрес құралдары мен жүйесін, су кіргізбейтін есіктің, люктің, мойынның, иллюминатордың желдеткіш қақпағының және ларьдың, сондай-ақ құтқару, сүңгуір және аварияльқ-құтқару мүлкінің жай-күйін жүйелі тексеру ;

2) корабльдің физикалық өрісін, сондай-ақ ГАК (ГАС) жұмысында корабльдік акустикалық кедергінің артуына алып келетін ақаулықты анықтайды. Корабль корпусының суасты бөлігін, рулін және есу бұрандасын (жылжытпа) тұрақты корабль комиссиясы докка корабльді қойғанда тексереді.

Тұрақты корабльдік комиссияның корабльдің жай-күйі бойынша ескертуі дереу жойылады. Корабль жөндеу кәсіпорнының қатысуын қажет ететін жұмыс корабльді жақын арада жөндегенде орындалады.

**1-параграф. Лауазымды адамдардың корабльдің төзімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін ұйымдастыру**

441. Корабль құрамасының командирі құрама кораблінің төзімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Құрама кораблі жауынгерлік және авариялық зақым (бұдан әрі – зақым) алғанда құрама командирі оларға көмек көрсетуді ұйымдастырады.

442. Корабль құрамасы штабының бастығы топпен тұрған және бірлесіп жүзгенде корабльдің төзімділік үшін күресу бойынша ұйымдастыру құжаттарын әзірлейді. Құрама кораблі зақымданған кезде құрама штабының бастығы зақымданған корабльге көмек көрсетуге қатысатын күштер мен құралдардың өзара әрекет етуін қамтамасыз етеді және оларды басқаруды қамтамасыз етеді.

443. Корабль құрамасы командирінің МТҚ және электр-механикалық бөлік жөніндегі орынбасары құрама корабль зақымданған кезде оның жай-күйін бағалайды, құрама командиріне зақымданған корабльге көмек көрсету және олардың төзімділігі үшін күресу тиімділігін арттыру бойынша ұсынысты баяндайды.

444. Құраманың флагмандық маманы құрама кораблі зақымданғанда олардың жай-күйін бағалауға, зақымданған корабльге көмек көрсету және олардың төзімділігі үшін күресуге, арналуы бойынша қару және техникалық құралды қолдану тиімділігін арттыру бойынша ұсынысты әзірлеуге қатысады.

445. Корабль командирі корабльдің қауіпсіздігі мен төзімділігіне, оның экипажын төзімділік үшін күресуге әзірлігіне жауап береді. Жауынгерлік және авариялық зақымданғанда корабль командирі БКП корабльдің төзімділігі үшін күресуге басшылық жасайды.

Корабльдік үй-жайда (бөлігінде) өрт шыққанда және су басқанда корабль командирі зақымданған ауданды оқшаулау, жарылыстың, судың және өрттің жайылуының алдын алу үшін шара қабылдайды, корабльдің сыни жай-күйін уақтылы айқындайды, көмек сұрайды, корабльді тастап кету немесе бұдан әрі төзімділік үшін күресуге шешім қабылдайды.

Корабль командирі төзімділік үшін күресуге, БКП және ЭТП есептобының даярлығына басшылық жасайды.

446. Корабль командирінің аға көмекшісі (көмекшісі) корабльдің төзімділігі үшін күресуге дербес басшылық жасайды және экипажды құтқару құралдарын пайдалануға және авариялық корабльге (ұшу аппаратына) көмек көрсетуге, корабльдің төзімділігі үшін күресуге дайындайды.

Ол жеке өзі корабль командирінің нұсқауына және тапсырмасына сәйкес төзімділік үшін күресуге офицерлерді дайындауға, төзімділік үшін күресу бойынша корабльдік жауынгерлік жаттығу және оқу-жаттығуды әзірлеуге, корабльге көмек көрсетуге корабльдік авариялық-құтқару тобын даярлауға басшылық жасайды.

Корабль командирінің аға көмекшісі (көмекшісі) авариялық және құтқару мүлкінің жай-күйіне және жасақталуына жауап береді және корабль зақымданғанда корабльдің жай-күйін және оның төзімділік үшін күресу барысын бақылайды және олар туралы жауынгерлік бөлім мен қызметтің КП және ҚКП хабардар етеді, корабльге көмек көрсетуші күштер мен құралдардың арасында корабльдің жауынгерлік бөлім мен қызметтің КП өзара іс-қимылда болуын ұйымдастырады, жеке құрамды санитариялық өңдеу, корабльді зарарсыздандыру, газсыздандыру және дезинфекциялауды ұйымдастырады, экипажды құтқару, корабльден кеткенде құпия құжаттар мен жабдықты жоюға немесе эвакуациялауға басшылық жасайды.

447. Корабль командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары төзімділік үшін күресуге экипаждың моральдық-психологиялық дайын болуына жауап береді.

Корабль командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары корабль зақымданғанда БКП-да немесе корабль командирінің бұйрығы бойынша жағдай оның болуын қажет ететін жерде болады, төзімділік үшін күресуде жеке құрамның жоғары моральдық-психологиялық жай-күйін ұстау бойынша шара қабылдайды.

448. Корабль командирінің көмекшісі корабльдің төзімділігі үшін күреске дербес басшылық жасайды. Ол ҚКП әзірлігіне жауап береді және корабльдің жоғары палубасында, қондырмасы мен борттарында төзімділік үшін күресуге, корабльді буксирге алу жұмысына, көмек көрсетуге келген корабль мен кемені қабылдауға, корабльдік ұжымдық құтқару құралдарын (катер, шлюпка, құтқару плоты) түсіруге және корабльден кеткенде оларға жеке құрамды отырғызуға басшылық жасайды.

ҚКП-дан тек корабль командирінің бұйрығымен орнына орынбасарын қалдырып кетеді.

449. Электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирі:

төзімділік үшін күресуде ЭТБ, жауынгерлік бөлім жеке құрамының және корабльдік авария партиясының әзірлігін;

жеңіл сүңгуір дайындығын;

корабль корпусын ақаусыз жай-күйде ұстауды;

төзімділік үшін күресу жүйесін, қондырғысы мен механизмінің іс-қимылға әзірлігін ;

корабльдің берілген номенклатура бойынша өртке қарсы, құтқару және сүңгуір мүлкімен жабдықталуын;

корабльде төзімділік үшін күрес бойынша құжаттардың болуын және оны уақтылы түзетуді қамтамасыз етеді.

Ол төзімділік үшін күрес құралдарын пайдалану әзірлігін, жауынгерлік бөлім және қызмет жеке құрамының суға батпау, сондай-ақ өртке және жарылысқа қарсы күресуге

дайындығын бақылайды. 5-ЖБ командирі кемшіліктер туралы корабль командирінің аға көмекшісіне баяндайды.

Корабль командирі аға көмекшісінің (көмекшінің) жетекшілігімен ол корабльдің төзімділігі үшін күресу бойынша корабльдік жауынгерлік оқу-жаттығуды әзірлейді.

Корабль зақымданғанда электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирі корабльдің төзімділігі үшін күресу бойынша жеке құрамның әрекет етуіне ЭТБ (БКП) тікелей басшылық жасайды.

Корабльдің жауынгерлік мүмкіндігін төмендетуді қажет етпейтін зақымданумен күресу үшін электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирі корабль командиріне қабылданған шаралар туралы баяндап, дербес әрекет етеді.

Корабльдің жауынгерлік мүмкіндігін кем дегенде уақытша төмендету қажет етілетін зақымданумен күресу үшін электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирі өз ұсынысын корабль командиріне баяндайды, ал корабльдің апат болуы мүмкін шұғыл жағдайда салдары үшін өзіне бар жауапкершілікті алып, корабль командиріне кейіннен баяндаумен дербес әрекет етеді.

Электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирінің суға батпау, жарылыс-өрт қауіпсіздігі және төзімділік үшін күрес жөніндегі нұсқауын корабль экипажының барлық жеке құрамы орындауға міндетті.

450. Трюм тобының командирі:

өз бөлімшесі жеке құрамының корабльдің төзімділігі үшін күресу әзірлігін;

жалпы корабльдік су ағызу және өртке қарсы жүйесінің, кингстондар мен клапанның, төзімділік үшін күрес құралдарының жарамдылығы мен пайдалануға әзірлігін;

корабльдің төзімділігі, техникалық қызмет көрсету үшін басшылық жасауға жабдықпен және құжаттамамен, өртке қарсы, авариялық және сүңгуірлік мүлікпен жабдықталуын қамтамасыз етеді.

Корабль зақымданғанда трюм тобының командирі электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирінің бақылауымен корабльдің суға батпауы үшін күресуге басшылық жасайды.

Егер корабль крен мен дифферентті теңестіру үшін суды бұдан әрі қабылдау қауіпті болса, трюм тобының командирі ол туралы дереу электр-механикалық жауынгерлік бөлім командиріне, ал кейіннен корабль командиріне баяндайды.

451. Орнықтылықтың, жүзу қорының анағұрлым төмендеуімен, өрттің және газдың қауіпті концентрациясымен байланысты корабльдің ықтимал жауынгерлік және авариялық зақымдануының барлық үлгілік жағдайын корабль және электр-механикалық жауынгерлік бөлім қолбасшылығы алдын ала зерделейді және зақымдану факторының кешенді әсерін ескеріп, экипаж жауынгерлік даярлық процесінде пысықтайды.

452. Жауынгерлік бөлім (топ, батарея) командирі және қызмет бастығы:

өз бөлімшесінің жеке құрамын корабльдің төзімділігі үшін күресу әзірлігін;

өз иелігіндегі қызметтік, тұрғын және өзге де үй-жайда жарылыс-өрт қауіпсіздігі және суға батпаушылықты қамтамасыз ету талаптарын орындауды;

төзімділік үшін күрес құралдарын пайдалануға дайын болу, ақаусыз ұстау, корпус конструкциясы мен арнайы құрылғының (қақпақ, клинкет, тығыздама, есік, люк, мойын, иллюминатор, кингстон, су басу клапаны және олардың жетектері) пайдалануға дайын болуын;

өз иелігіндегі үй-жайда жалпы корабльдік және кабель трассаларының жай-күйін;

корабльдің төзімділігі үшін күресте қолданылатын берілген номенклатура бойынша корабльдің мүлікпен және құралдармен жабдықталуын қамтамасыз етеді.

Жауынгерлік бөлім (топ, батарея) командирі және қызмет бастығы корабль зақымданғанда өз иелігіндегі КП және жауынгерлік бекетте (ЖБ) өртке және суға, қару мен техникалық құралдың төзімділігі үшін күресу бойынша бағынысты жеке құрамның әрекет етуіне, сондай-ақ жеке құрамды қорғау бойынша іс-қимылға басшылық жасайды .

Төзімділік үшін күрес кезінде жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) жауынгерлік бекетінде және командалық пунктінде, үй-жайда орын алған жағдай туралы жауынгерлік бөлім командирі және қызмет бастығы ЭТБ үздіксіз хабардар етеді.

Корабльдің қауіпсіздігін төмендетуді қажет етпейтін зақымдануда және олар өз күшімен еңсеретін жағдайда кейіннен БКП-ға баяндаумен дербес әрекет етеді.

Егер жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) күші мен құралдары зақымданумен күресу жағдайында жеткіліксіз болса, олар дереу БКП және ЭТБ баяндайды.

Олармен күресу кем дегенде корабльдің жауынгерлік мүмкіндігін уақытша төмендететін зақымдану кезінде жауынгерлік бөлім командирі мен қызмет бастығы өз ұсыныстарын корабль командиріне баяндайды, ал егер корабльге апат төнген жағдайда өзіне бар жауапкершілікті алып, кейіннен корабль командиріне баяндаумен дербес әрекет етеді.

453. Жауынгерлік бекет командирі:

корабльдің төзімділігі үшін күресуге жеке құрамның әзірлігін;

жарылыс-өрт қауіпсіздігі және суға батпауды қамтамасыз ету талаптарын жауынгерлік бекетте орындауды;

жауынгерлік бекетте орналасқан төзімділік үшін күрес құралдарын қолдану әзірлігін;

жауынгерлік бекет арқылы өтетін корабльдік жүйе және корабльдік трасса, корпус конструкциясы мен арнайы құрылғының (қақпақ, тығыздама, есік, люк, мойын, иллюминатор, кингстон, су басу клапаны және олардың жетектері) пайдалануға дайын болуын, ақаусыз ұсталуын қамтамасыз етеді.

Корабль зақымданғанда жауынгерлік бекет командирі төзімділік үшін күрес бойынша жауынгерлік бекет жеке құрамының әрекетіне басшылық жасайды.

454. Авариялық партия командирі:

корабльдің төзімділігі үшін күресуге авариялық партия жеке құрамының әзірлігін;

авариялық партияға бекітілген өртке және суға қарсы күрес құралдарын қолдануға әзірлігін қамтамасыз етеді.

Авариялық партия командирі корабль зақымданғанда ЖБ және КП жұмыс істемейтін үй-жай мен бөлікте төзімділік үшін күрес бойынша авариялық партия әрекетіне басшылық жасайды. Қандай да бір жауынгерлік бекеттің жеке құрамына көмек көрсеткенде авариялық партия командирі төзімділік үшін күреске басшылық жасауды өзіне алады.

**2-параграф. Үй-жайға кіруді ұйымдастыру**

455. Әрбір корабльде кез келген уақытта барлық жабылатын үй-жайға кіру қамтамасыз етіледі. Барлық үй-жайдың құлпы үшін екі жиынтықтағы кілті болады, арнайы және жалпыкорабльдік мақсаттағы арматурамен қашықтан басқару жүйесімен жабдықталған корабльде осы арматура жетегі үшін екі жиынтықтағы кілті болады.

456. Оқ-дәрі бар жертөле, корабльдік арсенал кілтінен басқа, үй-жайдың, авиациялық жанармай және режимдік үй-жай кілтінің бірінші жиынтығы үй-жай меңгерушісінің күнделікті пайдалануында болады.

Корабль бойынша бұйрықпен кілтінің бірінші жиынтығы жұмыс күні аяқталғаннан кейін жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша кезекшіге немесе корабль бойынша кезекшіге тапсырылатын үй-жай тізбесі жарияланады.

Бірінші жиынтықтағы кілт корабль командирінің бұйрығымен белгіленген орында, құлыпқа жабылатын арнайы тақтада (жәшікте) сақталады. Бірінші жиынтықтағы кілтті беру және қабылдау туралы арнайы журналда жазба жазылады.

Оқ-дәрі мен жертөленің бірінші жиынтықтағы кілті жертөленің бақылау бекетінде орналасқан жәшікте, ал болмағанда корабль командирі белгілеген орында сақталады. Жәшік құлыпқа жабылады және мөр басылады. Жертөленің кілті бар жәшіктің кілті:

1, 2-дәрежелі суүсті кораблінде – жертөле бойынша шолғын командирінде;

қалған корабльде – тиісті жауынгерлік бөлім бойынша кезекшіде немесе корабль бойынша кезекшіде сақталады.

Атыс оқ-дәрі сақтау орнының және корабльдік арсеналдың бірінші жиынтықтағы кілті корабль бойынша кезекшіде үй-жай меңгерушісінің мөрі басылған қапта (пеналда ) сақталады, оларды беру тәртібін корабль командирі айқындайды.

Оқ-дәрі бар жертөленің бірінші жиынтықтағы кілті дабыл бойынша және жертөленің меңгерушісіне жұмыс үшін, жертөле бойынша шолғыншыға жертөлені қарап-тексеру кезінде беріледі.

457. Оқ-дәрі бар жертөле, корабльдік арсенал кілтінен басқа, үй-жайдың, авиациялық жанармай және режимдік үй-жай кілтінің екінші жиынтығы корабль

бойынша бұйрықпен белгіленген үй-жайда орналасқан негізгі корабльдік тақтада сақталады.

Негізгі корабльдік тақта құлыпқа жабылады, сүргілі мөрмен мөрленеді және вахталық немесе кезекші қызмет адамы ауысқанда тапсырылады.

Негізгі корабльдік тақтаның кілті энергетика және төзімділік бекетінде, ал ол болмағанда корабль командирінің бұйрығымен белгіленген үй-жайда сақталады. Оның сақталуына 5-ЖБ бойынша кезекші (корабль бойынша кезекші) жауапты болады.

Екінші жиынтықтағы кілтті беру, арналуы бойынша пайдалану үшін 5-ЖБ бойынша кезекші (5-ЖБ ауысымды қамтамасыз ететін үлкені) жауапты болады.

Екінші жиынтықтағы кілт қажет жағдайда дабыл бойынша арнайы тағайындалған адамға беріледі.

Негізгі корабльдік тақтаның екінші жиынтықтағы кілтпен жабдықтауын, үй-жайдың есігіне орнатылған құлыпқа сәйкестігіне осы үй-жай иелігіндегі корабльдің жауынгерлік бөлім (қызмет бастығы) командирі жауапты болады.

Атыс оқ-дәрісі сақтау орнының және корабльдік арсеналдың екінші жиынтықтағы кілті жауынгерлік бөлім командирінің мөрімен мөрленіп, корабль командирінің сейфінде қапта (пеналда) сақталады

Оқ-дәрі бар жертөленің екінші жиынтықтағы кілті құлыпқа жабылатын мөр қойылған сейфте (жәшікте) жауынгерлік бөлім командирінде сақталады.

458. Барлық корабльде тұтандырғышы бар жәшік корабльдік арсеналда арнайы сейфте, ал корабльде корабль командирінің каютасында сақталады.

Сейфке жауынгерлік бөлім командирінің мөрі жабылады және қойылады.

Сейфтің кілті корабль командирінде сақталады.

459. Корабльдегі су басу, су жіберу клапандарының және оқ-дәрі бар жертөленің ( сақтау орнының) келтек кілті бекетте арнайы ұяшықта сақталады. Бұл кілттің келтек кілттен айырмашылығы қызыл түске боялады. Су басу, су жіберу құрылғысын және жертөленің су басу эжекторын жіберуді штоктық шығару шаршысына штоктық іске қосудың кенеттен айналуынан сақтандыратын бекітпе салынады. Бұл кілтті тек арналуы бойынша пайдалануға жол беріледі.

**3-параграф. Үй-жайды, мойынды, люк пен есікті, корабльдің төзімділігін қамтамасыз ететін мүлік пен жабдықты таңбалау**

460. Корабльдегі барлық авариялық және құтқару мүлкі, баллон, құбыр желісі және олардың тиек құрылғысы, клапан, желдеткіш қақпағы және корабльдің төзімділігін қамтамасыз ететін жүйе, сондай-ақ корабльдік электр жабдығы мен электрмен қоректендіретін кабельдері авариялық мақсаттағы заттар мен мүлікке ерекше бояумен таңба салынған болады, құбыр желісі жүйесінің қысқартылған белгілері және корабльдік электр жабдығы мен кабельдерді таңбалау осы Нұсқаулыққа 7, 8 және 9-қосымшаларда келтірілген.

461. Корабльдің үй-жайы мен бөліктеріне атау, ал арналуы бірдей үй-жайға нөмір беріледі.

Нөмірлеу корабльдің бірінші су өткізбейтін бөлігі үй-жайынан (цистернасынан) басталады және корпустың кейінгі су өткізбейтін бөлігінде, одан кейін қондырмада үздіксіз жалғасады.

Нөмірлеу әрбір су өткізбейтін бөлік шегінде (қондырма) алдыңғы жақтан артқа қарай, жоғарыдан төмен жүргізіледі. Тақ нөмір оң жақ борттағы үй-жайға (цистернаға), ал жұп – сол жақтағыға беріледі. Палуба мен платформа жоғарыдан төмен, ал қондырманың қабаты төменнен жоғары қарай нөмірленеді.

Корабльдің барлық есігінде, люгінде және цистерна мойнында үй-жайдың атауын және үй-жайдың (цистернаның) нөмірін көрсететін жазу болады.

462. Барлық өткізбейтін корабль мойны (бұдан әрі – мойын), люк мен есігі корабль бойынша бұйрықпен төрт санатқа: Б, З, П, Т ("Оқ-дәрі", "Бекітілген", "Бұйырым", " Дабыл" деген сөздердің бірінші әріптері) бөлінеді.

Бұйрықта жауапты адамдар көрсетіледі. Люкті, есік пен мойынды таңбалағанда қолданылатын әріптің өлшемі мен түсі, сондай-ақ олардың көмкермесі осы Нұсқаулыққа 10-қосымшада көрсетілген.

Барлық корабльде оқ-дәрісі бар жертөлеге апаратын мойын және жеңіл авиациялық отын сақталатын үй-жай "Б" әрпімен белгіленеді.

Корабльде "З" әрпімен түп арасындағы бөліктерге, кингстондық және эжекторлық қоршауға, мұнара астында түп арасындағы бөліктерге, отын, май, су цистернасына, балласттық, крендік және дифференттік цистернаға, форпикке, ахтерпикке және электр жетегі дәлізіне апаратын мойын белгіленеді.

Ватержолақтың үстінен өтетін бірінші үздіксіз палубада орналасқан есік, люк және мойын, сондай-ақ осы палубадан төмен орналасқан мойын тобына енгізілмеген "Б-З" әрпімен таңбаланған "П" әрпімен белгіленеді.

Ватержолақтың үстінен өтетін бірінші үздіксіз палубада орналасқан есік, люк және мойын, сондай-ақ "Б және З" әрпімен таңбаланған мойын тобына енгізілмеген "Т" әрпімен белгіленеді.

463. "Б" әрпімен белгіленген мойын әрқашанда бекітілуге тиіс, ал осы үй-жайда адам болмағанда мөр қойылады және құлыпқа жабылады.

"Б" әрпімен белгіленген мойын ашық ұсталады:

1) жауынгерлік бөлім командирінің оқ-дәріні тиеу, түсіру және дабыл бойынша оларды беру, сондай-ақ үй-жайды желдету және салқындату үшін бұйрығы бойынша;

2) арнайы нұсқаулыққа сәйкес үй-жайды қарап-тексеру үшін жертөле бойынша шолғыншыларға шолғын жасауға командирдің рұқсат беруі.

5-ЖБ командирінің бұйрығы бойынша – жеңіл авиациялық отын қоймасын меңгерушілер бекітеді:

1) отынды қабылдау, тапсыру, ұшу аппаратын толтыруды қамтамасыз ету үшін;

2) күнделікті қарап-тексеру, жоспарлы жұмыс, сондай-ақ желдету және салқындату үшін;

3) арнайы нұсқаулыққа сәйкес кезекші және вахташы қызметінің адамы қарап-тексеру үшін.

464. "З" әрпімен белгіленген мойын әрқашан бекітіледі, кингстондық қоршау мен мұнара астындағы бөліктің мойны құлыпқа жабылады.

"З" әрпімен белгіленген мойын 5-ЖБ командирінің рұқсатымен ол тағайындаған адамның жетекшілігімен ашылады. Ол туралы корабль бойынша кезекшіге 5-ЖБ кезекшісі арқылы баяндайды.

"З" әрпімен белгіленген мойынды ашу және жабу туралы корабльдің вахталық журналында және электр-механикалық жауынгерлік бөлімнің тәуліктік журналында жазба жазылады.

465. "З" әрпімен белгіленген ашық мойынға және "Б" әрпімен белгіленген мойынға (барлық жағдайда) (үй-жайды желдету және салқындату уақытында) вахташы қойылады. Мойын оны ашық ұстау қажеттілігі өткеннен кейін дереу жабылады.

466. "П" әрпі бар мойын бекітіледі.

467. Корабль бойынша кезекші, әдетте, түнде кәдімгі жағдайда және № 2 жауынгерлік әзірлік бойынша ашық ұстайтын мойын мен иллюминатор тізбесі корабль бойынша бұйрықпен жарияланады. "П" әрпімен белгіленген мойынды ашу үшін "Су өткізбейтін қабырға ашылсын" командасы беріледі. Қалыпты жағдайда бұл команданы корабль бойынша кезекші таңертең жеке құрмады ұйқыдан тұрғызғаннан кейін береді.

"П" әрпімен белгіленген ашық мойын мынадай жағдайда бекітіледі:

1) дабыл бойынша;

2) "Корабльді ұрысқа және жорыққа дайында" командасы бойынша;

3) күн сайын күн тәртібімен белгіленген уақытта берілетін "су өткізбейтін қабырға бекітілсін" командасы бойынша, егер жүзудің немесе тоқтаудың сол немесе өзге жағдайы бойынша осы команда бұдан бұрын берілмесе, және ерекше жүзу жағдайында (жүзу үшін қауіпті тар жер мен ауданда, портқа, шлюзге және докқа кірерде (шығарда), корабльдің көп саны шоғырланған орында, тұманда және дауылды ауа райында жүзгенде.

468. "Т" әрпімен белгіленген мойын тек дабыл бойынша және "Радиациялық қауіп" сигналы бойынша жабылуы мүмкін.

"Радиациялық қатер" сигналы әрекет етуін тоқтатқанда және жауынгерлік әзірлік төмендегенде мойын ашылуы мүмкін.

469. Дабыл уақытында жеке құрамның өтуі немесе қажеттілік үшін "Б", "П" және "Т " әріптерімен белгіленген мойынды ашу туралы бұйырым БКП-дан немесе ЭТБ беріледі.

№ 2 жауынгерлік әзірлік бойынша корабль бойынша бұйрықпен айқындалған есік мен люктің бөлігі жеке құрамды өткізу және үй-жайды желдету үшін ашылады.

470. Корабльде бар барлық иллюминатор "Корабль ұрысқа және жорыққа дайындалсын" командасы бойынша, дабыл бойынша, сондай-ақ корабль № 2 жауынгерлік әзірлікте болғанда немесе жүзгенде жабылады.

Корабль зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда "Су өткізбейтін қабырға ашылсын" сигналы бойынша жоғары палубадан төмен орналасқан иллюминатор да бекітіледі. Тек корабль бойынша кезекшінің арнайы рұқсаты бойынша ғана осы иллюминатордың бөлігі (тұрғынжайдағы) жеке құрамның дұрыс демалуын қамтамасыз ету үшін ашылады.

Корабльдің кезекші қызметі, әсіресе төзімділік бойынша шолғыншы және тәуліктік кезекші есіктің, люк мен иллюминатордың бекітілуін (ашылуын) жүйелі қадағалайды.

Егер үй-жай құлыпқа жабылса, онда барлық иллюминатор, жарық беру және жылыту аспабы сөндіріледі, желдету тоқтатылады.

Борт сыртындағы саңылаумен байланысты арматура мен құбыржолдағы жұмыс корабльде 5-ЖБ командирінің рұқсатымен, корабль бойынша кезекшінің бақылауымен жүргізіледі. 5-ЖБ тәуліктік журналында жұмыстың басталар және аяқталар уақыты, басшысы, оның көлемі, лауазымы және адамның тегі, жұмысты орындауда жүргізілетін нұсқаулық және осы жұмыстың нәтижесі көрсетіледі.

Су өткізбейтін, герметикалы корпустық конструкцияда, палубада, цистернада және қылтада оларда саңылау жасаумен байланысты жұмысқа жол берілмейді.

Жауынгерлік және авариялық зақымдану кезінде, егер ол адамды құтқару қажеттілігінен туындаса, корабль командирі осы жұмысты жүргізуге рұқсат етеді. Корпустық конструкцияның су өткізбеуі, герметикалығы жұмыс аяқталғаннан кейін дереу қалпына келтіріледі.

**4-параграф. Жарылыс мен өрттің алдын алу жөніндегі іс-шаралар**

471. Жарылу-өрт қаупі жұмысы – корабльде жарылыс, өрт туындауы мүмкін және оларды болдырмау үшін тиісті ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету қажет болатын жұмыс.

Ашық от деп қолданыстағы электр дәнекерлеу аспабын, майшам, факел, керосин, шам және электр тұтандырғыш түсіндіріледі.

Корабльде әртүрлі жұмыс үшін ашық отты пайдалануға, сондай-ақ жарылыс-өрт қаупі бар жұмысқа тек 5-ЖБ командирінің рұқсатымен жол беріледі.

Өрт қаупі бар жұмыс орнында, сондай-ақ 5-ЖБ командирінің шешімі бойынша аралас үй-жайда алып жүрілетін өрт сөндіру құралдары бар арнайы вахта қойылады. Вахташыға нұсқау беруді жұмыс жетекшісі – бөлімше командирі жүргізеді. Осы міндеттерді орындауға вахтаны дайындауды әрбір оқу кезеңінде жауынгерлік бөлім ( қызмет бастығы) командирі жүргізеді.

Өрт қаупі бар жұмыс ауданында өртке қарсы күрестің барлық стационарлық және тасымалданатын құралдары дереу пайдалануға әзірлікке келтіріледі.

Корабль бойынша жұмыс орны туралы жарияланады және осы үй-жайдың меңгерушілері жұмыста және жұмыстан кейінгі қарап-тексеруден кейін корабльдік күн тәртібі бойынша іс-шаралардан босатылады. Жұмыс аяқталғаннан кейін үй-жайды қадағалау алты сағаттан кем емес уақытта жүргізіледі.

Өрт қаупі бар жұмыстың басталуы, олардың аяқталуы және үй-жайды қарап-тексеруді аяқтау уақыты корабльдің вахталық журналында, өрт қаупі бар жұмыс журналында және 5-ЖБ тәуліктік журналында тіркеледі.

Корабльдегі үй-жайда жарық беру құралы ретінде ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

**5-параграф.Тез тұтанатын заттар мен өрт қаупі бар материалды сақтауды ұйымдастыру**

472. Корабль бойынша бұйрықпен сүрту материалын, лактарды, бояуларды, жанғыш, агрессивті сұйықтық мен газды, жанғыш және майлау материалын сақтау орны мен тәртібі айқындалады.

473. Бензин, авиациялық отын және тез тұтанатын заттар корабль бойынша бұйрықпен тағайындалған өрттен тыс жоғары палубада, сондай-ақ арнайы жабдықталған және жақсы желдетілетін орында сақталады. Тез тұтанатын заттар цистернада немесе борт сыртына шығаруға дайын штаттық ыдыста ұсталады.

Төгілген жанармай немесе авиациялық отын кендірмен немесе ескі шүберекпен сүртіледі, ал үй-жай желдетіледі.

Жанармай, авиациялық отын, спирт және өрт қауіпті материалмен корабль палубаны және жиһазды сүртуге жол берілмейді.

474. Корабльде:

1) сұйық отын температурасы ұдайы қадағаланады, ол ауыр сұрып (қара) үшін + 50 Цельсий бойынша градус және жеңіл сұрып үшін + 25 Цельсий бойынша градус артық емес болады.

2) авиациялық отын қоймасында авиациялық отынның булану айнасы үстінде инертті газдың болуын, отынның осы түрін қабылдау-тарату қоймалары мен бекеттерін желдету кестесін жүргізіп, сағат сайын бақылау ұйымдастырылады.

Отын және май цистернасын ашу, отын және май құбырын бөлшектегенде ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

475. Трюмде су мен жанатын материалдың жиналуына жол берілмейді. Трюмге аққан тез тұтанатын және жанатын сұйық сүртіледі.

Тұрақ орнына тікелей жақын жерде корабль бортының сыртына немесе пирске майлы ескі шүберекті, қоқысты және жанар-жағармай материалын тастауға жол берілмейді. Оларды корабльден жағаға, осы мақсат үшін арнайы бөлінген орынға тастау қажет.

Айлақ құрылысжайында, корабль тұратын орында өрт сөндіру құралдары жиынтығымен қалқан жабдықталады.

476. Ауаны химиялық регенерациялау жиынтығы, регенеративті патрон, оқшаулағыш газтұмша арнайы жабдықталған жәшікте сақталады. Оқшаулағыш газтұмша оттегі баллонынан, бөлімшенің жауынгерлік зарядынан және кабельдік желіден, отын құбыр желісі мен ыдыстан, жоғары жылу бөлетін (+50° С жоғары) тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтан, сондай-ақ су мен будың ағуы немесе жиналуы мүмкін болатын орыннан бір метрден жақын орналастырылады.

477. Электр кабелі мен желісі дымқылдан және оларға су, тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтың тиюінен қорғалады

Электр жабдығын, жеткізілетін электр аспабының желісімен электр сымын және қуаттылығы нормадан артық электр шамын орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

**6-параграф. Оқ-дәрімен жұмыста қауіпсіздік шараларын сақтауды ұйымдастыру**

478. ҚР ҚК ӘТК кораблінде оқ-дәріні, зымыранды және торпеданы сақтау әрбір қару және оқ-дәрі типтерін сақтау жөніндегі арнайы нұсқаулықтың және пайдаланылатын құжаттама талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

ҚР ҚК ӘТК кораблінде орналасқан оқ-дәрі, олардың арналуы бойынша жауынгерлік жиынтық, ағымдағы жабдықталым, оқу-жаттығу және оқу-жаттықтырушы оқ-дәрі болып бөлінеді.

Жауынгерлік жиынтық корабльдің жауынгерлік әрекет етуін қамтамасыз ету үшін негізгі және арнайы мақсаттағы оқ-дәріден тұрады. Жауынгерлік жиынтық оқ-дәрісі жауынгерлік іс-қимылда ғана жұмсалады.

Жауынгерлік жиынтық санынан оқ-дәрінің жұмсалған саны жарияланады және қысқа мерзімде белгіленген тәртіппен толықтырылады.

Ағымдағы жабдықталым ӘТК кораблінің (батарея) жауынгерлік даярлық жоспары бойынша практикалық оқ атуды қамтамасыз ету үшін негізгі, арнайы және қосалқы мақсаттағы оқ-дәрі құрайды. Оған белгіленген норма бойынша қарауылға берілетін атыс қаруына оқ-дәрі кіреді.

Оқу-жаттығу оқ-дәріге арнайы дайындалған немесе оқ-дәрі жарылыс заттарынан, дәріден, жарқырайтын құрамнан, отын және жарылғыш заттардан тұрмайтын штаттық элементтерден жасалған оқ-дәрі жатады.

Оқу-жаттығу оқ-дәрісіне "оқу-жаттығу" деген қызыл бояумен жазуы бар осы үлгідегі оқ-дәрі үшін бекітілген штаттық таңба жасалады.

Оқу-жаттықтыру оқ-дәрісіне қызыл бояумен штаттық таңбаның орнына:

қару жүйесінің қысқартылған белгісі;

"Оқу-жаттықтыр." жазбасы (бір немесе екі жолға жазылады);

жасалған жылы және арсенал (база) нөмірі бар таңда қойылады.

Белгіленген таңба қойылмаған оқу-жаттығу оқ-дәрісін қолдануға жол берілмейді.

479. Корабльде тек бірінші санаттағы оқ-дәрі болады.

Екінші және үшінші санаттағы оқ-дәрі, тыйым салынған және алынған қару-жарақ жабдықталым органының базасына (қоймаға) тапсырылады немесе оның нұсқауы бойынша жойылады. Ерекше жағдайда корабльде оқ-дәріні базаға (қоймаға) тапсыру мүмкін болмағанда осы оқ-дәрі штабельде немесе сөреде оқ-дәріні сақтайтын жалпы орында, егер оларды сақтау және қолдану қауіпті болмаса, тақтайда "Тыйым салынған, қаруландырудан алынған" деген жазбамен сақталады.

480. Оқ-дәріні сақтау орны (жертөле, қойма, мұнара асты бөлімшесі, аралық төсеме, оқ-дәрі сақталатын үй-жай) және оларды жабдықтау:

1) оқ-дәріні сапалы және сандық сақтауды;

2) сапалы оқ-дәріні техникалық қадағалау қолайлығы және арналуы бойынша оларды дереу қолдануға толық әзірлікте ұстауды;

3) оқ-дәріні беру және қабылдау оларды қолдануға дайындау операциясын жылдам және қолайлы орындауды;

4) тиісті есепке алуды;

5) қажетті желдету мен ылғалды ұстау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

481. Сақтау орны ақаусыз жай-күйде сақталады, ол жүйелі бақылау және барлық ақауды уақтылы жою арқылы қамтамасыз етіледі.

482. Корабльдің жертөлесі мен бункерінде:

ауаның температурасы мен ылғалдылықты өлшеу аспабы;

осы аспапты орнату (қою) үшін үстел;

оқ-дәріні есепке алу тақтасы;

қажетті кеңсе жабдығы;

белгіленген норма бойынша өрт сөндіру құралы;

мүкәммал мен жабдық тізімдемесі;

арқан және резеңке мат.

Жертөле температура-дабыл дабылдамасымен, шаю және су басу жүйесімен жабдықталады. Заттар мен мүлікті жертөледе (қоймада) сақтауға жол берілмейді.

Резеңке мат жертөленің барлық палубасында қойылады, ал арқан мат жертөле мойны астына және оқ-дәріні тиеу (түсіру) орнында қойылады.

Жертөлеге авариялық мүлік жертөле жанында сақталады. Өрт қаупі жоқ авариялық мүлікті жертөледе сақтауға жол беріледі.

483. Жарылыс-өрт қауіпсіздігі жүйесі (су басу, шаю), температура-дабыл дабылдамасы және өрт сөндіру құралдары әрқашан толық ақаусыз және дереу пайдалануға дайын болады.

484. Жертөленің (қойманың) кілтін тапсыру-қабылдау үшін журнал жүргізіледі, оған жертөленің (қойманың) меңгерушісі кілтті алу уақытын көрсетумен, ал корабль бойынша кезекші немесе жертөле бойынша шолғын командирі оларды қабылдау уақытын көрсетумен қол қояды.

Оқ-дәріні сақтауға жауапты адам болмағанда жертөлені (қойманы) ашуға оның шолғын қызметі белгіленген уақытта тексергеннен кейін үзілді-кесілді жол берілмейді.

Оқ-дәріні сақтауға жауапты адам болмағанда жертөлені (қойманы) ашу қажет болғанда корабль командирінің рұқсатымен жауынгерлік бөлім командирінің қатысуымен ашу жүргізіледі.

485. Корабльде оқ-дәрімен, зымыран контейнерімен, торпедалық аппаратымен жертөленің (қойманың) температурасын жүйелі түрде бақылау жүргізіледі. Оларда температура рұқсат етілген шектен жоғары көтерілгенде оны төмендету және себебін анықтау үшін шара қабылданады.

Оқ-дәріні сақтау үшін жол берілетін жағдай:

қоршаған ортаның температурасы Цельсий бойынша +25 градус;

ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 пайыздан аспайды.

Температураның қысқа мерзімді жоғарылау Цельсий бойынша +30 градусқа дейін жол беріледі.

Цельсий бойынша +30 градустан жоғары температурада желдету және сақтау орны жабдықталған құралдың көмегімен оны төмендету үшін барлық шара қолдану және оның өсу себебі анықталады. Осы мақсатта жертөлені шаюға жол берілмейді.

Температура мен салыстырмалы ылғалдылықтың рұқсат етілген нормадан жоғары көтерілгені туралы жабдықталым органына жеткізіледі.

Жертөледегі (сақтау орнындағы) температура мен салыстырмалы ылғалдылықты анықтау үшін термометр және гигрография немесе термогигрограф қойылады.

Қалыпты биіктіктегі (2-2,2 метр) жертөледе және қоймада аспап олардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін амортизациясы бар үстелдегі немесе аралық кронштейндегі палубадан 1,5 метрден биіктікте орнатылады. Арт қондырғының бункер түріндегі шектеулі көлемді сақтау орнында аспап негізгі механизмнің жұмысына кедергі келтірмеу үшін бос жерде орнатылады.

Өздігінен жазатын аспап (өздігінен жазатын) болмағанда өлшеу термометр мен психрометр арқылы жүргізіледі.

Температура Цельсий бойынша + 30 градустан артық көтерілгенде жертөледегі ауаны бақылау мақсатында 2-ЖБ немесе 3-ЖБ командиріне немесе БЖБ жертөле бойынша шолғыншыға дыбыстық сигнал береді және температура-дабыл дабылдамасы орнатылады.

Температура-дабыл дабылдамасы негізгі және апаттық қуат көзінен оқ-дәріні жертөлеге тиеу алдында жұмыс істеуі тексеріледі. Тексеру нәтижесі дабылдың іске қосылу температурасын көрсетіп, оқ-дәріні қабылдауға жертөленің дайындығын тексеру актісінде көрсетіледі.

Корабльде әрбір жертөленің ішкі және сыртқы ауасының жай-күйі туралы мәліметтер жертөленің (қойманың) температурасын, ылғалдылығын және желдетілуін

есепке алу журналына әрбір 2 сағат сайын, ал 4-дәрежелі корабльде – тәулігіне үш рет жазылады.

486. Оқ-дәрі бар жертөледе (сақтау орнында):

1) өзімен бірге атыс қаруы, патрон, жарылғыш зат, сіріңке және тұтану құралдары бар адамның болуына;

2) штаттан тыс электр сымын орнатуға;

3) алып-жүрілетін шамды, электр аспабын, электр желдеткішті және электр жылытқышты пайдалануға үзілді-кесілді жол берілмейді.

Жертөлеге (сақтау орнына) кірер алдында "Атыс қаруын және жарылғыш заттарды тапсыр" ескерту жазбасы орналастырылады.

487. Оқ-дәрісі бар жертөлені (сақтау орнын) шаю, су басу корабль командирінің бұйрығымен жүргізіледі.

Кейінге қалдыруға болмайтын жертөледегі немесе жертөлемен көршілес үй-жайдағы өрт шыққанда корабль командирінің нұсқауын алу мүмкін болмағанда жертөлеге су бүрку және су басу туралы нұсқауды электр-механикалық және зымыран (зымыран-артиллериялық, артиллериялық), мина-торпедалық жауынгерлік бөлімнің командирі, аварияға ұшыраған жауынгерлік бөлімнің (артиллериялық) зымыран-артиллериялық топ командирі немесе трюм, трюм машинисі бөлімшесінің командирі береді.

Осындай жағдайда, бірақ көрсетілген адаммен байланыс болмағанда жертөлеге су бүрку және су басу туралы нұсқауды жертөле командирі немесе трюмдік бекет командирі, ал олармен байланыс болмағанда жертөленің өрт қауіпсіздігі жөніндегі вахташысы (трюм машинисі) дербес жертөлеге су шашуды және осы шара өртті жою үшін жеткіліксіз болса және жарылыс қаупі тоқтатылмаса, жертөлені суға батырады.

488. Оқ-дәрі бар жертөледе (сақтау орнында), корабльде зымыран контейнерінде су шашу, су басу туралы шешім қабылдаған адам үй-жайдан адамның шығуына, су шашу немесе су басу туралы және оның себебін қысқа мерзімде БКП және электр-механикалық және тиісті жауынгерлік бөлімнің командалық пункті білуі үшін барлық шараны дереу қабылдайды.

489. Корабль құрамасының командирі және корабль командирі, оларға қатысты бөлігін жарылыс-өрт қаупі бар қамтамасыз ету кораблінде оқ-дәріні қабылдау дайындығын ұйымдастырады және оны түсіруге басшылық жасайды. Айлақ құрылысжайында, арнайы кемеде оқ-дәріні тиегенде және түсіргенде корабль дереу жүзуге дайындалады. Рульде, сүмбіде, баспалдақта, негізгі машина жанында, су басу ( су бүрку) клапанының және швартов жанында (корабльде және қабырғада) вахта атқарылады. Авариялық партия (топ) № 1 жауынгерлік әзірлікте, қалған бөлімше корабль командирі көрсеткен әзірлікке келтіріледі.

Егер тиеу (түсіру) көлік құралында жүргізілсе, авария қаупі жағдайында оларды корабль бортынан дереу әкету (кетуі) қамтамасыз етіледі.

490. Оқ-дәріні тиегенде (түсіргенде) жеке құрамнан жұмыс істеу қағидаларын жақсы білетін үйретілген вахташы қойылады. Олар жұмыс жетекшісіне бағынады және тиеу (түсіру) бойынша жұмысқа қатыспайды, жеке құрамның тиеу (түсіру) қағидаларын нақты сақтауын қадағалайды, өрт сөндіру құралдарына және жанған заттарды борт сыртына (егер жағдай мүмкін болса) лақтыратын жерде жолды бөгеуге жол берілмейді.

491. Теңізде корабль жүзгенде жанған мина (бомба) борт сыртына мүмкіндігінше артқы жағынан лақтырылады, бұл ретте корабль жүрісін барынша арттырады.

Швартовта (зәкірде, бөшкеде) тұрғанда жанған мина борт сыртына корабль мен кеме тұрмаған жағынан лақтырылады, бұл жағдайда корабль қабырғадан дереу әкетіледі, зәкірге тартылады және мүмкіндігінше тез жүріп кетеді.

492. Іске қосу қондырғысындағы, контейнердегі немесе шахтадағы зымыранмен жарылу қаупін тудыратын авариялық жағдай туындағанда корабль командирінің шешімі бойынша зымыранды корабль мен объектілер үшін қатерсіз бағытта авариялық жіберу (тастау) жүргізіледі немесе арнайы нұсқаулықта көзделген шара қабылданады.

493. Корабльді докқа қойғанда зымыран, торпеда мен оқ-дәрі және жарылғыш заттар, құрама командирінің арнайы нұсқауымен айқындалатынды қоспағанда, жағалық қоймаға тапсырылады. Бұл ретте, тексеру актісін жасаумен жауынгерлік қорды сақтауда жарылыс-өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін корабль қондырғысы мен барлық жүйесінің ақауын іс жүзінде тексеру жүзеге асырылады. Барлық ақаулық пен бұзылу корабль доктан шыққанға және корабльге қосалқы оқ-дәріні қабылдағанға дейін жойылады.

494. Жауынгерлік әзірліктен артиллериялық қондырғыны алғанда оғы алынады, ал оқ-дәрісі беру желісінен жиналады. Жоғары палубада орналасқан минаға, олар қандай жағдайда болса да, вахташы қойылады.

**7-параграф. Қару мен техникалық құралдың төзімділігін қамтамасыз ету**

495. Қару мен техникалық құралдың зақымдануы анықталғанда бөлімшенің және жауынгерлік бекеттің командирі оларды жою шараларын жедел қабылдайды.

Жауынгерлік жағдайда немесе авария болғанда корабль командирі (жауынгерлік бөлім командирі, қызмет бастығы) ақаулы қару мен техникалық құралды пайдалану туралы шешім қабылдайды.

Ақаулы материалдық бөлшекті күнделікті жағдайда пайдалануға жол берілмейді.

Корабльге теңізге шығуға немесе оның кез келген жағдайда техникалық жай-күйінен жүзу қауіпсіздігі қамтамасыз етілмесе, жүзуге (жүзу ауданы, теңіздің жай-күйі бойынша) шектеу қойылады.

Корабльдің теңізге шығуына тыйым салу, шектеу қою туралы шешімді және оны алуды ӘТК бас қолбасшысы қабылдайды.

496. Корабль әртүрлі жауынгерлік әзірлік дәрежесінде және зақымданғанда, сондай-ақ төзімділікпен күресуге басшылық жасау үшін жабдықталған жауынгерлік бекет пен командалық пункт техникалық құралды пайдалану және төзімділік үшін күресу жөніндегі құжаттамамен қамтамасыз етіледі. Құжаттама корабльдің нақты жағдайына сәйкес келуі, уақтылы түзетілген, төзімділік үшін күресте, корпустың ауыр зақымдануында және зақымдаушы фактордың (суға түсу, ауаның жоғары қысымы және өрт) кешенді ықпалынан қару және техникалық құралды қолдану бойынша ұсыныс болады.

Корабльде ықтимал зақымдану нұсқасында (авариялық жағдайда) және жауынгерлік әзірліктің әртүрлі дәрежесінде қаруды және техникалық құралды пайдалануды ұйымдастыру бойынша құжаттар болады.

Корабль командирі ықтимал зақымдану нұсқасында (авариялық жағдайда) қаруды және техникалық құралды пайдалану тәсілін алдын ала пысықтауды ұйымдастырады.

497. Корабльде қосалқы бөлшектің және керек-жарақтың толық жиынтығы болады. Корабль базада тұрғанда қосалқы бөлшектің және керек-жарақтың борттық жиынтығын қолдануға жол берілмейді, ал корабль теңізде болғанда оны қолдануға рұқсатты корабль командирі береді. Корабль базаға оралғанда қолданылған жиынтық дереу толықтырылады.

498. Корабль корпусының, оның арматурасының, төзімділік үшін күрес құралдарының ақауы анықталғанда жеке құрам оларды жою шараларын дереу қабылдауға және ол туралы өз бөлімшесінің командиріне, кейіннен электр-механикалық қызмет бөлімінің командиріне баяндайды.

## 8-тарау. Корабльдік наряд қызметін атқару

### 1-параграф. Жеке құрамның корабльде өзін ұстауы

499. Жаңадан тағайындалған әскери қызметшілерге корабльге келгенде корабльде өзін ұстау және корабльдегі қауіпсіздік талаптары бойынша нұсқау беріледі.

Корабльде уақытша болатын адам қатысты бөлігінде осы Нұсқаулықпен, ал кеме жөндеу кәсіпорнының немесе өнеркәсіп кәсіпорнының өкілі корабльге келгенде, жөндеу жұмысын орындау кезіндегі қауіпсіздік талаптарымен таныстырылады.

500. Корабльде жеке құрамға:

1) осы үшін арналмаған трап (баспалдақ) арқылы корабльге көтерілуге немесе одан түсуге;

2) жоғары палубадағы және қондырмадағы арналмаған орында болуға (бұл орын корабль командирінің бұйрығымен белгіленеді);

3) трапта, баспалдақта немесе тар өтпеде тоқтауға;

4) қызметтік міндеттерін орындаудағы (вахтадағы, кезекшіліктегі, жұмыстағы) адаммен сөйлесуге және оларды алаңдатуға;

5) егер оның міндеттеріне кірмесе, желдеткішті немесе механизмді, аспапты, құрылғыны қосуға және сөндіруге;

6) күн тәртібінде белгіленбеген уақытта төсекке сыртқы киімімен және аяқ киіммен жатуға;

7) отыру үшін арналмаған заттарға отыруға және сүйенуге (желдеткіш қақпағына, былғары қапқа, леерлік қоршауға, планширге, кнехтаға және т.б);

8) шомылу үшін белгіленбеген уақытта корабль бортының сыртында шомылуға;

9) тұрғынжайда киім-кешек пен аяқ киімді тазалауға;

10) арналмаған орында корабльдік кестемен көзделмеген уақытта кір жууға, борттан, траптан немесе шлюпкадан кір шаюға;

11) арналмаған орында заттарын (жеке заттарын) кептіруге (кірді арнайы кір жаятын леерде немесе кептіретін орында кептіруге);

12) карта ойнауға;

13) қандай да бір құмар ойынын ақшаға немесе затқа ойнауға;

14) корабльге есірткі заттарын әкелуге және оларды пайдалануға;

15) қоқысты борт сыртына тастауға жол берілмейді.

501. Корабльде жеке құрамға алдын ала рұқсатсыз:

1) сыртқы трапта жүруге және кез келген шлюпкаға отыруға, діңгекке көтерілуге, жебемен жүруге немесе корабль бортына түсуге;

2) жағадағы, корабльдің жанынан өтіп бара жатқан шлюпкадағы, сондай-ақ зәкірде тұрған немесе корабльдің жанынан өтіп бара жатқан корабльдегі адаммен сөйлесуге;

3) корабль жүзгенде немесе түнгі уақытта иллюминаторды ашуға;

4) қандай да бір заттарды (оның ішінде жеке) корабльге тиеуге немесе одан түсіруге ;

5) корабль бортынан немесе айлақта тұрған корабль бортындағы шлюпкадан балық аулауға;

6) жеке азық-түлікті тамақ дайындау үшін камбузға беруге;

7) корабльге қызметтік қажеттілікте шақырылған жағдайды қоспағанда, атыс, газ және басқа да қару мен оқ-дәріні әкелуге және сақтауға жол берілмейді.

502. Қарсы ағысты болдырмау үшін жеке құрам дабыл бойынша: корабльдің алдыңғы жағына жүзгенде оң жақ бортпен, артқы жағына жүзгенде сол жақпен қозғалады.

Суық уақытта сыртқы жауынгерлік бекеттің жеке құрамы дабыл бойынша орнына орналасқанда өзінде қажетті киім-кешегі болады.

503. Корабльде темекі шегуге тек корабль бойынша бұйрықпен айқындалған орында жол беріледі. Темекі шегуге:

1) қарап-тексеру, дабыл, оқу-жаттығу, сабақ пен жаппай жұмыс уақытында, сондай-ақ корабльдік наряд бекетінде;

2) корабль бортында тұрған катер мен жүзу құралында;

3) жеңіл отынмен жұмыс істейтін қозғалтқышы бар катерде жол берілмейді.

Темекі шегу үшін белгіленген орында күлсалғыш пен суы бар урна орнатылады.

504. Авария мен жазатайым оқиғаны болдырмау үшін корабльдің барлық үй-жайында қандай да бір аспапты, материалды, киім-кешек немесе жеке пайдаланатын заттарын механизмге, жетекке, желдеткіш жүйесіне және оларға тікелей жақын ұстауға жол берілмейді. Сондай-ақ электр желісі мен құбыр желісіне электр желісінің техникалық құжаттамасында көзделмеген қандай да бір затты бекітуге жол берілмейді.

505. Жеке адамға тиесілі атыс қаруы мен оқ-дәрі арнайы жабдықталған орынға немесе корабльдік арсеналға сақтауға тапсырылады.

506. Корабльде жеке құрамға жануарларды ұстауға тек корабль командирінің рұқсатымен ғана жол беріледі.

Жануарлар, егер олардан адам денсаулығына қауіпті аурудың пайда болғаны туралы күдіктенсе, сондай-ақ егер жеке құрамның жеткілікті түрде жақсы қарамауы мен қорлауы байқалса, корабльден дереу әкетіледі.

507. Корабльден әкететін немесе корабльге әкелетін заттарды вахталық офицер ( корабль бойынша кезекші) қарап-тексереді. Бұл ретте сәлемдеме жағада ашылады.

Команда старшинасы корабльден жеке заттарын алуға рұқсат етілген, жағалауға сейілдемеге жіберілген старшиналар мен матростардың тегін вахтаға хабарлайды.

508. Корабльден ақша немесе қандай да бір зат тауып алған әскери қызметші оларды вахталық офицерге (корабль бойынша кезекшіге) тапсырады, ал соңғысы бұл туралы вахталық журналға жазады.

509. Корабль командирінің рұқсатынсыз корабльде жеке фотоаппаратты, кино, бейне камераны, радиоқабылдағышты, жазатын машинаны, көшірме және факсимильді құрылғыны, дербес компьютерді, жеке мобильдік байланыс құралдарын және электрондық құралдарды пайдалануға жол берілмейді. Көрсетілген заттар тіркеледі және корабль командирінің көмекшісінде сақталады.

Аталған құралдарды сақтау және фотожұмысты ұйымдастыру үшін жауапты адам тағайындалады.

Осы заттар кубрикте, каютада және тікелей жауынгерлік бекетте сақталмайды. Суретке түсіру және фотосуретті, кино-бейне және аудиожазбаны фотоаппарат, магнитофон, кино-бейнекамера иелерінің рұқсатымен қолдану корабль командирінің нұсқауына сәйкес жүргізіледі.

510. Спорттық іс-шаралар (оқ ату, жүзу, шлюпкада жүзу, судағы ойын) тек корабль командирінің немесе оның аға көмекшісінің рұқсатымен жүргізіледі. Осы іс-шаралар қауіпсіздігін қадағалауды вахталық офицер, ал ол болмаса корабль бойынша кезекші немесе тағайындалған офицер (старшина) жүргізеді.

**2-параграф. Корабль катері мен шлюпканы пайдалану**

511. Корабльдегі әрбір катер мен шлюпка офицерге бекітіліп беріледі. Оған көмекке старшина тағайындалады.

512. Бекітілген офицер оның ақаусыздығын, жабдықтау заттарымен толық жабдықталуын және тиісті реттілікте ұсталуын бақылайды, катерді немесе шлюпканы дербес басқаруға рұқсаттамасы болады.

513. Катердің және шлюпканың старшиналары болып арнайы даярлықтан өткен және катерді немесе шлюпканы жүргізуге жіберілген старшиналар және матростар тағайындалады. Оларға катерді (шлюпканы) жүргізуге рұқсат ету туралы құрама (1, 2-дәрежелі корабль) бойынша бұйрықпен жарияланады және тиісті куәлік беріледі.

514. Катердің (шлюпканың) старшинасы оған тапсырылған катердің (шлюпканың) ақаусыз және таза ұсталуына, қаруы мен мүлкінің сақталуына жауапты болады. Барлық кемшілік пен ақаулық, сырлау немесе жөндеу қажеттілігі туралы ол катер немесе шлюпка бекітіліп берілген офицерге баяндайды.

515. Шлюпканы корабльден жібергенде оған шлюпканың старшинасы және ескекшінің толық саны тағайындалады. Егер шлюпканың күрделі жағдайда жүзуі болжалатын болса, даярланған офицерлерден немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет атқаратын старшиналардан шлюпка командирі тағайындалады. Егер шлюпкаға тағайындалған старшина (командир) осы шлюпканың басқарушысынан оның қаруы мен мүлкін қабылдайды, ал корабльге қайтып оралғанда осы тәртіппен шлюпканы тапсырады.

516. Шлюпкаға ескекші болып тағайындалған барлық жеке құрам шлюпка старшинасына бағынады. Айлақ құрылысжайында (жағада) болған уақытта шлюпканың старшинасы мен ескекшіі одан тек қарамағына шлюпка берілген адамның рұқсатымен кете алады. Бұл ретте шлюпкаға вахташы қалдырылады, ол шлюпканың старшинасы мен ескекшінің қайда болатынын білуі қажет.

517. Катер (шлюпка) корабльден тек командирдің немесе оның көмекшісінің, командирдің орынбасарының және вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) нұсқауымен жіберіледі.

518. Катерге (шлюпкаға) артық жүк салынбайды. Олардың әрқайсысы үшін таза және тынық ауа райында жүк көтергіштігі мен жолаушы сыйымдылығы айқындалады. Шлюпка үшін – ескекте және желкен астында. Осы деректер катерде – рубкада, шлюпкада-транецтік тақтайшаның ішкі жағында боялады және олар туралы вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) білуі қажет.

Шлюпка желкенмен жүргенде, сондай-ақ оны тіркеп сүйрегенде жеке құрам түбінде (рыбинада) орналастырылады.

519. Катер немесе шлюпка корабльден жөнелткенде табель бойынша тиесілі мүлікпен толық жабдықталады.

520. Катерді немесе шлюпканы жөнелткенде вахталық офицер (корабль бойынша кезекші):

1) шлюпканы жөнелткенде – ескекшінің толық санына, байланыс, дабылдама құралдарының, қолшамның және құтқару құралының болуына;

2) катерді жөнелткенде – оның жеткілікті мөлшерде отынмен, сумен және өртке қарсы мүлікпен жабдықталуына, сондай-ақ жарықтың ақаусыздығына және байланыс, дабылдама құралдарының, қолшамның және құтқару құралының болуына көз жеткізеді .

Катерді (шлюпканы) айлақ (рейд) шегінен тыс жөнелту кезінде вахталық офицер ( корабль бойынша кезекші) катер старшинасының алға қойылған тапсырмаларды толық түсінуіне, құбылнаманың, ауданның картасы мен схемасының, дректовы бар дректің, белгі беретін зымыранның болуын және корпусы мен механизмінің ақаусыздығына көз жеткізеді. Катерге рациясы бар радист және сигнал беруші бөлінеді.

521. Офицерлері бар катердің (шлюпканың) старшинасы олардың үлкенінің нұсқауы бойынша кетеді.

Өз кораблі командирінің көмекшісін (орынбасарын) қоспағанда, барлық дәрежедегі корабль командирі мен жоғары бастықтан офицерлер кетуге бұйырым беруден бұрын вахталық офицерден рұқсат сұрайды.

Егер кететін адамдарды жоғары бастық шығарып салса, осы рұқсатты одан сұрау қажет.

Старшиналар мен матростар корабльден түскенде катердің (шлюпканың) старшинасы борттан вахталық офицердің нұсқауы немесе рұқсаты бойынша кетеді.

522. Офицер, адмирал мен генерал катерге (шлюпкаға) келгенде немесе одан түскенде катердің (шлюпканың) старшинасы: "Тік тұр" командасын береді және сәлемдеседі. Шлюпкадағы адамдар отыра береді және тыныштық сақтайды. Катерде ( шлюпкада) үлкен бастық болғанда катердің (шлюпканың) старшинасы "Тік тұр" командасын бермейді.

523. Катердегі (шлюпкадағы) жеке құрам катердің (шлюпканың) жүзуі кезінде корабль бортының жанында немесе айлақ құрылысжайында тоқтап тұрғанда бастықты катердегі (шлюпкадағы) үлкенінің командасы бойынша: "Тік тұр, назар оңға (солға)" әскери сәлемдесуді орындайды. Осы команда бойынша барлығы басын бастық жаққа бұрады, адмирал, генерал, офицерлер қолын бас киіміне апарады.

Әскери сәлемдесуді орындағанда шағын катердегі (барлық шлюпкадағы) адам орнынан тұрмайды. Ескекпен жүретін шлюпкадағы ескекші әскери сәлемдесуді орындау командасы бойынша ескегін көтеріп қояды. Сүйрегенде, шамалы толқын кезінде команда берілмейді.

Катер старшинасы катерді басқару кезінде әскери сәлемдесуді орындамайды.

524. Катер (шлюпка) траптан (қабырғадан, айлақтан) кеткенде және барлық жүзу жолында катердің (шлюпканың) старшинасы катердің (шлюпканың) сыртқы жай-күйін, тудың қалпын, борт сыртында кранецтің, аркан ұшының және осыған ұқсас заттардың болмауын бақылайды. Катер (шлюпка) қозғалғанда катер старшинасы (шлюпка)

вахталық офицерден (корабль бойынша кезекшінің) жөнелткенде алған нұсқауын басшылыққа алады.

Катер (шлюпканың) старшинасы теңіз практикасынан қалыптасқан барлық сақтық шараларын сақтайды, метрологиялық жағдайдың өзгеруін бақылайды және ауа райы өзгергенде қажетті қауіпсіздік шараларын алдын ала қабылдайды. Катер (шлюпка) аварияға ұшырағанда старшина оның төзімділігі үшін күреске басшылық жасайды және жеке құрамды құтқару үшін барлық шараны қабылдайды. Қараңғы уақытта барлық катер (шлюпка) орнатылған жарығын жағады. Катердің (шлюпканың) старшинасы аварияға ұшыраған катер (шлюпка) мен судағы адамға жәрдем көрсетеді.

525. Зәкірде тұрған корабльді қарап шыққанда сағат тілінің бағытына қарсы корабльді айналып өтуші катер (шлюпка) өз бағытын корабльден сағат бағыты бойынша корабльді айналып өтуші қарсы келе жатқан катердің (шлюпканың) олар мен корабльдің арасынан еркін өтетіндей, ал катер (шлюпка) сол жақ бортымен өтетіндей аралықта ұстайды.

526. Катердің (шлюпканың) старшинасы жанынан катер (шлюпка) жүзіп бара жатқан корабльдің трапына немесе бортына жақындауға бұйырым алып, осы нұсқауды орындайды (ол қатысушы бастықтың өзге өкімін алған жағдайды қоспағанда). Катердің (шлюпканың) старшинасы жедел тапсырмасы (тапсырысы) болғанда, жақындағанда бұл туралы шақырылып алынған корабльдің вахталық офицеріне баяндайды және бұдан әрі оның нұсқауына сәйкес әрекет етеді. Жолда кідіру кезінде, егер себебі оған белгілі болса, ол туралы қайтып келісімен дереу өз кораблінің вахталық офицеріне баяндайды.

527. Жүзіп келе жатқан корабльдің катері (шлюпкаы) олардың кемесіне берілген жалауды алып жүреді. Катердегі (шлюпкадағы) жалау корабль бортынан немесе айлақтан кетер алдында көтеріледі және катердің (шлюпканың) белгіленген орынға келуімен тәулік уақытына қарамастан түсіріледі.

528. Катермен және ескекпен жүзіп келе жатқан шлюпка жалауын арт жақтағы жалау штогына көтереді. Шлюпканы бір уақытта тартқанда жалауды тек артқы шлюпка алып жүреді. Желкенмен келе жатқан шлюпкада жалау артқы шкаторинаға нокбензель бұрышына бекітіледі (екі діңгекті шлюпкада гротта, бір діңгекте фокта). Корабльдік шлюпка, егер ол борт сыртына құлаған адамды құтқару үшін жіберілсе, жалауды алып жүрмейді. Мұндай жағдайда жалау адамды шлюпкаға көтергеннен кейін көтеріледі.

529. Әрбір катерге және шлюпкаға катерде рубкада, шлюпкада транецтік тақтайшаның ішкі жағында алып жүрілетін ерекше шақыру жалауы беріледі.

Корабльдік катер мен шлюпканың транецтік тақтайшасының сыртқы жағында және екі бортының алдыңғы жағында нысанын, өлшемі мен түсін ӘТК бас штабы белгілейтін корабльдік флюгарка (тану белгісі) салынады.

530. Катерге (шлюпкаға) қажеттілік болмаса трапта тұруға жол берілмейді. Олар жебе астына тартылады, бакштовқа беріледі, егер ерекше бұйырым алынбаса,

корабльдің траверзасында ұсталады. Шлюпка онда кемінде екі ескекші болғанда бакштовқа беріледі.

531. Түнде ашық рейдтте тұрғанда, сондай-ақ ашық ауа райы болғанда катер ( шлюпка) корабльге көтеріледі немесе тұрақтың бүркемеленген жеріне жіберіледі.

Жабық бухтада, айлақта тұрғанда қараңғы уақытта суда шлюпканың қажетті санын қалдыруға жол беріледі. Бірақ вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) олардың дұрыс бекітілуін тексереді және оларды ұдайы қадағалайды.

**3-параграф. Жазатайым оқиғаның алдын алу**

532. Жауынгерлік бөлім командирі (қызмет бастығы) олардың бөлімшесінде жүргізілетін жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

533. Жазатайым оқиғаны болдырмау үшін жұмыс басталар алдында жұмысқа қатысатын жеке құрамға қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқау беру жүргізіледі, ол туралы вахталық журналда жазба жасалады. Жүк көтеру жұмысы орнында жұмысқа қатыспайтын жеке құрамды сақтандыру үшін вахташы қойылады. Жеке құрам өтетін жолда ашық люк мен механизмнің шығып тұратын бөлігі леермен қоршалады.

534. Ол жылына бір рет жүк көтеру құрылғысын тексеруді ұйымдастырады. Кранда, жебеде, шлюпка көтергіші мен тальда жүк көтергіштігі мен кезекті сынақ күні жазылады.

535. Көтерілетін ауырлық астында, зымыран контейнері, мұнара қақпағынан және оларды пайдаланғанда құрылғыдан қауіпті жерде, шығарылатын немесе бұралатын арқанның және зәкір шынжырының жолында болуға, иллюминатордан басын шығаруға және планшир мен леерге сүйенуге жол берілмейді.

536. Жұмыс жасау үшін адамды жоғарыға көтеру алдында жұмыс жетекшісі осы мақсат үшін қолданылатын құралдардың беріктігіне және сенімділігіне көз жеткізеді. Вахталық офицерден (корабль бойынша кезекшісінен) рұқсат алуы, ал антенна орнатылған жерде жұмыста олар отырған бөлімше командирін хабардар етуі қажет. Жоғарыда жұмыс істейтін адамдар қолданатын құрал мен жабдықтың төменге құлауын болдырмау үшін штертпен бекітіледі.

537. Борт сыртына тек вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) рұқсатымен беседкада құтқару кеудешесін киіп және сақтандыру арқанын байлап түсуге болады. Борт сыртына түсу жұмыс істеуші борт сыртынан жоғары палубаға дейін көтерілгенге дейін түсу орнында болуы қажет арнайы тағайындалған матрос ( старшина) жүргізеді.

538. Корабль айлақ құрылысжайында немесе докта тұрғанда борттық қоршаудың ақаусыздығына, сондай-ақ баспалдақтың, трап пен докты тақтайдың мықты бекітілгеніне ерекше назар аударылады. Түнгі уақытта трап пен баспалдаққа жарық түсіріледі.

539. Теңізге шығар алдында шайқалудың әсерінен қозғалуы мүмкін барлық заттар сенімді бекітіледі. Тұрақты және дауылдық леер тексеріледі және тартылады, ал олардың бағандары бекітіледі.

Жоғары палубада болатын жеке құрам дауылда және палубада мұз қатқанда, ал шағын корабль мен катерде – теңізге шыққанда үнемі құтқару кеудешесін киеді.

Швартовты команда ауа райына қарамастан корабль кестесі бойынша міндеттерін орындағанда құтқару кеудешесін және каскасын киеді.

540. Корабль үй-жайында өрт сөндіру, сондай-ақ түтіндеген және газдалған үй-жайда жұмыс істеу тек тыныс алу мүшесін оқшаулайтын қорғаныс құралдарында жүргізіледі. Осындай үй-жайға кемінде екі адам кіріп, онда жұмыс істейді. Жұмыс істейтін адамдарға жедел көмек көрсету және олармен байланысты ұстау үшін үй-жайдың жақын жердегі есігіне "дайын" күйінде болатын оқшаулау қорғаныш құралымен арнайы вахта қойылады.

Тыныс алу мүшесін оқшаулау қорғаныс құралдарымен жұмыс істегенде қауіпсіздік шараларын қатаң сақталады, оқшаулау қорғаныс құралының ақаусыздығы тексеріледі, жұмыс істеушінің өзара сақтандырылуы ұйымдастырылады, олармен тұрақты байланысты ұстауға, жұмыс ұзақтығын бақылауға және жұмыс жағдайына байланысты қажетті қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылады.

Ауқымды химиялық өрт сөндіру жүйесін пайдаланғанда авариялық үй-жайдағы жеке құрамның тыныс алу мүшесі қорғалады.

541. Зиянды заттардың әсеріне ұшыраған жеке құрамды жұмыс аяқталғаннан кейін аварияны жойғаннан соң корабльдік дәрігер қарап-тексереді немесе жағадағы медициналық мекемеде тексеруден өтеді.

Зиянды заттардың әсеріне ұшыраған жеке құрамды медициналық тексеруден өткеннен кейін ғана жұмысқа немесе вахтаға тағайындайды.

542. Түпаралық қоршау, отын және май цистернасы, зымыран контейнері, ешкім тұрмайтын оқшауланған үй-жайға адамды кіргізу алдында мұқият желдетіледі.

Осы үй-жайда болатын адам үшін ауа құрамы зиянсыз, олардағы жұмыс тыныс алу мүшесін оқшаулайтын қорғау құралдарымен жүргізіледі. Жалғыз адамға осындай үй-жайға кіруге рұқсат етілмейді немесе онда сақтандырушы адаммен үздіксіз байланыста жұмыс жасайды.

Осы үй-жайда жұмыс істейтіндер оларды қажет болғанда шұғыл көтеру үшін ұшы арнайы тағайындалған вахташыда болатын сақтандыру арқанымен байланады.

543. Сүңгуір жұмысында сүңгуірлік түсу мен жұмыс бойынша қауіпсіздік талаптары орындалады.

544. Механизм іске қосылғанда ешкімге қоршауды, күзетілетін тұтқа мен сақтандыру құрал-сайманын ашуға және оларға өтуге жол берілмейді.

Барлық сақтандыру құрылғысы (сақтандыру клапаны, реттегіші) үнемі ақаусыз жай-күйде ұсталады және кезең-кезеңімен тексеріледі.

Гидравликалық және әуеде сақтандыру құрылғысы іске қосылмағанда жол берілмегеннен артық қысымды көтеруге жол берілмейді. Сақтандыру құрылғысы қайтадан реттеледі.

545. Корабль үй-жайына (үй-жайынан) қысым жоғары болғанда немесе ол азайғанда кіруге (шығуға) жол берілмейді. Бұл жағдайда алдын ала сыртқы үй-жайда қысымды теңелту қажет.

546. Механизмді, құбыр желісін, арматура мен цистернаны ашар алдында оларда газ және сұйық қысымының болмауына алдын ала көз жеткізу қажет.

547. Ішкі оталу қозғалтқышын, газ құбырын, құбыр желісін, жүйені, арматураны бұдан әрі жөндегенде осы тетік қосылған клапанның немесе қысымды учаске жүйесінің жабық болуына және: "Тиіспе! Өмірге қауіпті!" деген жазуы бар тақтайшамен жабдықталуын бақылау жүзеге асырылады.

Құбыр желісінің ашық ұшы осы құбырды теңдей сенімді бекітеді.

548. Цистернаны, шахтаны және бұдан әрі ауа қысымымен сынауда есік, люк және мойын жанына вахташы қойылады және "Тиіспе! Өмірге қауіпті!" деген жазуы бар тақтайша ілінеді.

549. Жұмыс жүргізуге жауапты адамның, ал ол болмағанда – жауынгерлік бөлім ( корабль) бойынша кезекшінің рұқсатынсыз ашылған механизм, бу жүйесінің арматурасы немесе жоғары қысымды ауасы бар үй-жайда болуға жол берілмейді.

550. Үй-жай буланғанда су бүрку жүйесі және сору желдеткіші іске қосылады. Осындай үй-жайдан арнайы есік арқылы немесе есігі төменгі жақта болатын көрші үй-жай арқылы шығарылады.

551. Бу және газ құбырының термикалық оқшаулағышы бұзылғанда қалпына келтіріледі. Осы талап тұрғынжайда, жеке құрамның жұмыс орнында орындалады.

552. Корабльде сақтандыру торы бар алып жүрілетін шамды және тек кернейлігі 27 вольттан аспайтын желіден электр құралын қолдануға жол беріледі. Осындай желі жоқ корабльде алып жүрілетін шам орнына аккумулятор қолшамы пайдаланылады.

Электр жабдығы орнатылған дымқыл үй-жайда жұмыс істейтіндер резеңке қолғапта және галошта (резеңке етікте) болады.

553. Адамның өміріне қауіпті электр кернеуінде болатын механизм мен құрылғыға адамның жанасуы мүмкін орында қоршалған болады және: "Тиіспе! Өмірге қауіпті!" деген жазумен жабдықталады. Тарату қалқаны мен агрегатты үй-жайда оларды ашатын кілт, резеңке төсеніш пен қолғап болады.

554. Электр механизмімен және құрылғымен (тарату қалқаны, желі) жұмыс істеу алдында оларда кернеудің болмауына көз жеткізіледі.

Кернеу болатын электр механизмімен және құрылғымен жұмысқа жол берілмейді.

Күнделікті жағдайда қуатты радиолокациялық станция және радиоэлектрондық құралды іске қосу алдында жеке құрам жоғары палубаның және қондырғының қауіпті сәулелену учаскесінен шығарылады. Антенналық құрылғыға жанасуға жол берілмейді.

Ұрыста немесе аварияда корабль командирінің рұқсатымен кернеу алынбағанда жұмыс істеуге жол беріледі. Бұл ретте барлық қажетті сақтандыру шаралары қабылданады.

555. Аккумулятор батареясымен жұмыс істейтін жеке құрам арнайы киіммен жабдықталады.

Аккумулятор батареясымен жұмыста оқшауланбаған құралды пайдалануға жол берілмейді. Алып жүрілетін шамда сақтандыру торы болады.

Электролит денеге, киімге немесе аяқ киімге тигенде одан тазарту үшін аккумуляторлық шұңқырда оқшаулайтын заттың жеткілікті қоры болады.

556. Жоғары қысымды, оттегі, ацетилен және газ бар баллонды корабльге қабылдағанда және онда сақтағанда мынадай талаптар сақталады:

1) баллон тек паспорты, олардың сыналғаны туралы таңба, сақтандыру шығыршығы мен қалпақтары, баллонды соққыдан сақтандыратын бастиек болғанда қабылданады, баллон арнайы жабдықталған стеллажда ұяшықта сақталады және сенімді бекітіледі;

2) қосқанда жарылу немесе жанатын қосынды түзілетін оттегі және жанатын газы бар баллонды, сондай-ақ газы бар баллонды бір үй-жайда сақтауға жол берілмейді;

3) жарылғыш және тез тұтанатын материалмен бір үй-жайда баллонды сақтауға жол берілмейді;

4) баллон сақталатын үй-жай жүйелі түрде желдетіледі, ал баллон бүтіндігіне үнемі тексеріледі;

5) баллонды жылытылатын аспапқа жақын орналастыруға жол берілмейді;

6) баллонның құлауын немесе соққы беруін болдырмайтын шара қабылданады;

7) корабльде жарылу қаупі бар газ баллонын (оттегі, ацетилен және лары) бояуға ( қалпына келтіруге) немесе баллонның белгіленген бояуын өзгертуге жол берілмейді.

557. Жарылғыш, өрт қаупі бар, улы заттар мен агрессивті заттар бар офицерлер мен старшиналар олардың сақталуы мен пайдалануына жауапты болады.

Улы және адам денсаулығына қауіпті немесе зиян келтіретін заттар олар үшін бөлінген орында сақталады және сақтандыру жазбасы бар ақаусыз ыдыста ұсталады.

Улы техникалық сұйықтық сақталатын үй-жай құлыпқа жабылады және мөрленеді.

558. Кез келген тетікті (құрылғыны) бұру немесе қосу алдында осы механизммен ( құрылғымен) жұмыс істейтін және жанында тұрған жеке құрам ескертіледі, сондай-ақ механизмнің (құрылғының) жұмыс істеуі қадағаланады.

559. Егер механизммен (құрылғымен) қандай да бір жұмыс жүргізетін жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы немесе олармен байланысты механизм (құрылғы) іске қосылмаған (тогы алынған, тоқтатылған) жай-күйде болуы қажет болса, онда көрсетілген механизмді (құрылғыны) өшіргеннен кейін бекетте жұмыстың барлық уақыты ішінде: "Тиіспе! Өмірге қауіпті!" деген жазуы бар тақтайша ілінеді.

Тар жағдайда қозғалып тұрған механизмді және құрылғыны жұмыс істеп тұрғанда қорғаныш керек-жарағынсыз (тор, былғары қап, қоршау) қарап-тексеруге жол берілмейді.

560. Корабльде уақытша болатын адам, оның ішінде өнеркәсіп кәсіпорнының өкілдері корабльге келгеннен кейін дереу корабльдік нұсқаулықтармен және қауіпсіздік шаралармен таныстырылады. Ол осы адамның корабльде жөндеу (реттеуіш, жөндейтін) жұмысына мүдделі бастықтың міндеті болып табылады.

561. Әрбір корабльде белгіленген нормаға сәйкес жеке және ұжымдық құтқару құралдарының (құтқару кеудешесі, белдік, катер, шлюпка), жеке қорғану құралдарының толық жиынтығы болады.

Құтқару құралдары, құрылғы мен жеке қорғану құралдары қолдануға үнемі дайын, белгіленген орында болады және тек тікелей арналуы бойынша пайдаланылады. Олар нөмірленген және корабль жеке құрамына бекітілген болады.

562. Корабльдік үй-жайдың ионизациялау сәулесінің кез келген көзі (учаскесі) жоғары палубада және қондырмада күзетте және есепке алынған, ұдайы бақылауда болады. Корабльде жүргізілетін барлық жұмыс ионизациялау сәулесінің көзі мен радиоактивті заттардың ықпал ету жағдайында радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау қызметінің бақылауымен корабль командирінің рұқсатымен жоспарлы тәртіппен ұйымдастырылады және жүргізіледі.

563. Корабльде ықтимал қауіпті химиялық құрамнан тұратын қондырғыны пайдалану тәртібін бұзу және улы техникалық сұйықтықтың ағуын, улы газ концентраттары мен аэрозольдың пайда болуынан қорғау шараларын уақтылы қабылдау және авариялық жағдайды болдырмау бойынша іс-шараларды қосатын химиялық қауіпсіздік қағидалары қатаң сақталады.

Корабльде газды бақылау жүргізілетін жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үй-жайдың газ ортасындағы құрамын тексеру қажеттілігі кезінде жүргізіледі.

Корабльдің жауынгерлік бекетінің барлық жеке құрамында өзімен бірге тыныс алу ағзасын шұғыл қорғау үшін алып жүруге ыңғайлы құралдары ұдайы болады. Осы құралдар өрт шыққанда улы техникалық сұйықтықтың ағуы және басқа жағдайда пайда болатын улы газ мен аэрозольдің пайда болуын тоқтату үшін бөліктің (үй-жайдың) үлкенінің командасы бойынша немесе жеке құрамның өздігінен дереу іс-қимыл жасауымен жүргізіледі.

Бөлік (үй-жай) бір уақытта корабль бойынша ластанған ауаның тарауын болдырмау үшін толық герметизацияланады және авариялық жағдайдың себебін жою және анықтау бойынша шара қабылданады.

Қысқа мерзім ішінде жеке құрам авариялық бөлікте (үй-жайда) портативті қорғаныш құралынан тыныс алу ағзасын оқшаулау құралына ауысады.

Авариялық бөлікте (үй-жайда) жұмыс алдында жеке қорғану құралдарында жеке құрамның және жұмыскермен үздіксіз байланыста болу ұзақтығын есепке алу

жүргізіледі. Қажет болғанда шұғыл көмек көрсету үшін авариялық үй-жайдың жақын жердегі есігіне "дайын" күйінде болатын оқшаулау қорғаныш құралымен арнайы вахта қойылады.

Авариялық бөлікте (үй-жайда) жұмыс істейтін барлық жұмыскер бір-бірінің көңіл-күйін бақылап, өзара кепілдікті жүзеге асырады. Қойылған міндеттерді орындағанда құрылғы мен жабдықты қолданғанда қауіпсіздік талаптары қатаң сақталады.

Егер аварияны жою шаралары, сондай-ақ оның салдары тиісті нәтиже бермесе және бұдан әрі авариялық жағдайда онда болу қауіпті болса, жеке құрам корабль командирінің рұқсатымен авариялық бөліктен (бөлімшеден) шығарылады. Бұл ретте аралас бөліктің (үй-жайдың) қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қабылданады.

Авариялық бөліктен (үй-жайдан) шығару физиологиялық көрсеткіш бойынша бөлікте (үй-жайда) жеке құрамның келуге берілген уақытқа дейін қолданылатын оқшаулау қорғаныс құралдарының әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін алдын ала ұйымдастырылады.

## 9-тарау. Әскери-теңіз жоралғысы (жалауы, әскери сәлемдесу және салтанат)

### 1-параграф. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы және Әскери-теңіз жалауы

564. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы Қазақстан Республикасы мемлекеттік егемендігінің нышаны болып табылады.

565. Ұрыс уақытында және қарсылас көрінгенде корабль грот-стеньгада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, ал діңгек-стеньгада корабльге берілген Әскери-теңіз жалауын көтереді.

566. ҚР ҚК ӘТК кораблінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы корабль тек зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда грот-стеньгада:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі күні;

2) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы келгенде;

3) корабльге (корабль құрамасына) мемлекеттік наград тапсырғанда көтеріледі.

Егер шет мемлекеттің ұлттық мерекесінде корабль олардың аумақтық теңізінде немесе ішкі суында болса, онда ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтереді.

567. ҚР ҚК ӘТК кораблінде көтерілген Әскери-теңіз жалауы корабльдің Жауынгерлік туы болып табылады. Ол оның астында жүзетін корабльдің мемлекеттік тиесілігін және қол сұғылмаушылығын, сондай-ақ корабльдің теңіз шебінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесін қорғауға әзір екенін білдіреді.

Әскери-теңіз жалауы әскери абырой, айбындылық пен даңқ нышаны болып табылады, корабль экипажының әрбір мүшесіне Отанын қорғаудағы ерлік дәстүрі мен қасиетті борышы туралы еске салады.

568. Егер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы немесе Әскери-теңіз жалауы ұрыста құлатылса, оны басқасымен ауыстырады.

Ұрыста құлатылған жалауды ауыстыруды қамтамасыз ету үшін қосымша жалау дайын болады, ол БКП-да сақталады. Егер мән-жай белгіленген орында қосымша жалауды көтеруге мүмкіндік бермесе, оны корабльдің кез келген жеріне тутұғырға көтереді.

569. ҚР ҚК ӘТК кораблі мен кемесіне Әскери-теңіз жалауы беріледі.

Гвардиялыққа ие болған корабльге Гвардиялық Әскери-теңіз жалауы беріледі.

Қазақстан Республикасының орденімен наградталған корабльге корабль наградталған орденнің суреті бар Ордендік Әскери-теңіз жалауы беріледі.

570. Корабль құрамасы гвардиялыққа қайта құрылғанда осы құраманың барлық кораблі Гвардиялық Әскери-теңіз жалауын алып жүреді.

Корабль құрамасы Қазақстан Республикасының орденімен наградталғанда осы құраманың корабліне Ордендік Әскери-теңіз жалауы табыс етілмейді.

Гвардиялық құрама құрамынан шығарылған корабль Гвардиялық Әскери-теңіз жалауын алып жүрмейді.

571. Әскери-теңіз жалауы корабльге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі бұйрығының негізінде тапсырылады.

Корабльдегі Әскери-теңіз жалауын көтеру корабльді ӘТК құрамынан шығарғанда бұйрық бойынша тоқтатылады.

Экипаж тұрмайтын жөндеуде немесе консервациялауда тұратын корабльде (кемеде) Әскери-теңіз жалауы көтерілмейді.

ҚР ҚК ӘТК құрамына қабылданатын жаңа корабльге Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесін қорғауда ерекше көзге түскен корабльдің Әскери-теңіз жалауын және атауын беруге жол беріледі.

Әскери-теңіз жалауын спорттық кемеде, спорттық базада, сондай-ақ ғимаратта көтеруге жол берілмейді.

572. Корабльде көтерілген гюйс ол корабльдің 1 немесе 2-дәрежеге жататынын білдіреді. Гюйс корабль зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрған уақытында гюйс-тұғырда көтеріледі. Гюйс Әскери-теңіз жалауын көтерумен және түсірумен бір уақытта көтеріледі және түсіріледі.

573. Вымпел Әскери-теңіз жалауы берілген және кампанияда болатын корабльдің грот-стеньгасында (фор-стеньга – бір діңгекте) алып жүріледі. Ол ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысының бұйрығымен көтеріледі және түсіріледі.

Вымпел күндіз де, түнде де, кез келген ауа райында, жүзгенде және зәкірде ( бөшкеде, швартовта) тұрғанда ұдайы алып жүріледі. Ол, егер корабльдің бір діңгегінің

стеньгасында жалау немесе лауазымды адамның брейд-вымпелі көтерілгенде түсіріледі
.

574. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жоғары лауазымды адамының, ӘТК бас қолбасшысының, ӘТК бас штабы бастығының жалауы грот-стеньгада (фор-стеньга – бір діңгекте) көтеріледі.

Корабль құрамасы командирінің жалауы фор-стеньгада көтеріледі.

Корабль құрама командирінің брейд-вымпелі грот-стеньгада (фор-стеньга – бір діңгекте) көтеріледі.

Рейдтегі үлкеннің брейд-вымпелі лауазымды адам жалауының астында немесе вымпел астында көтеріледі.

575. Лауазымды адамның жалауы ол берілген командирдің (бастықтың) бұйрығы бойынша осы адам ресми болатын корабльде көтеріледі және түсіріледі.

Корабльде лауазымды адамның жалауын көтергенде басқа корабльде көтерілген осы командирдің (бастықтың) жалауы түсіріледі. Корабльде үлкен бастықтың жалауын көтергенде ондағы кіші бастықтың көтерілген жалауы түсіріледі.

Корабль құрамасының командирі оған берілген жалауды немесе брейд-вымпелді тек өз құрамасының кораблінде және олардың бағынысындағы корабльде көтереді.

576. Лауазымды адамның жалауы мен брейд-вымпелі күндіз және түнде, сондай-ақ осы адам қысқа уақытта болмағанда көтерілген күйде тұрады.

Бейбіт уақытта түнде флагмандық корабль зәкірде тұрғанда және жүзгенде грот-діңгекте лауазымды адамның жалауымен және флагмандық отымен жүзеді.

577. Ресми жағдайда лауазымды адам катерде (шлюпкада) жүзгенде оған берілген лауазымды жалау (брейд-вымпел) оның бұйырымы бойынша алдыңғы жақта тутұғырда немесе діңгекте көтеріледі.

578. Салтанатты жағдайда корабль діңгек қадалары арасында олардан штевняға қарай жалаушамен безендіріледі.

Техникалық себеп бойынша осындай тәртіппен безендіруге болмайтын корабльге тек фок-діңгек қадасынан форштевняға қарай безендіруге жол беріледі.

579. Егер ауа райы жағдайы бойынша рейдтегі үлкен командирдің (бастықтың) бұйрығы бойынша олар бұрын түсірілмесе, безендіретін жалау корабльде Әскери-теңіз жалауын көтерумен бір уақытта көтеріледі және онымен бірге түсіріледі.

Зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алғанда безендіретін жалау зәкірден (бөшкеден, швартовтан) алғанға дейін 30 минут бұрын түсіріледі.

Зәкірге (бөшкеге, швартовқа) қойғанда безендіретін жалау гюйсті көтергенде ( жалауды ауыстырғанда) бірге көтеріледі.

Жүзу барысында безендіретін жалау көтерілмейді.

Қолайсыз ауа райында корабль зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда салтанатты жағдайда тек стеньгадағы жалау көтеріледі.

580. Корабльдің жеке құрамы жағалаудағы парадқа ағаш сапқа бекітілген Әскери-теңіз жалауымен қатысады. Бұл жағдайда Әскери-теңіз жалауын шығару (әкету ) тәртібі жалау ұстаушы взводты тағайындамай, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары саптық жарғысының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте әскери қызметшілер Әскери-теңіз жалауын Жауынгерлік Ту сияқты қарсы алады.

**2-параграф. Әскери-теңіз жалауын көтеру және түсіру**

581. Корабльдегі Әскери-теңіз жалауы:

жүзгенде – гафельде (арт жақтағы тутұғырда);

зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда – арт жақтағы тутұғырда көтеріледі.

582. Зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрған корабльде Әскери-теңіз жалауын көтеру жазда да, қыста да жұмыс күні сағат 08.00-де, ал демалыс және мереке күні – сағат 09.00-де жүргізіледі.

Күннің батуымен Жалау түсіріледі.

583. Теңізде жүзіп келе жатқанда, сондай-ақ жергілікті әскери жанжал аймағындағы корабль күндіз және түнде оны түсірмей, Әскери-теңіз жалауымен жүреді.

Күн батқаннан кейін теңізге шыққан жағада және сағат 08.00-ге (09.00-ге) дейін корабль Әскери-теңіз жалауын "зәкірде (бөшкеде, швартовта)" қалпынан "жүзуде" қалпына ауысқан сәтте көтереді.

Корабль теңізден қайтқанда немесе портқа (айлаққа) кіргенде түнгі уақытта және таң атқаннан сағат 08.00-ге (09.00-ге) дейін корабльдегі жалау "жүзуде" қалпынан " зәкірде (бөшкеде, швартовта)" қалпына ауысқан сәтте түсіріледі.

Бұл жағдайда жалауды көтергенде және түсіргенде "Тік тұр" командасы берілмейді. Корабль рейдте және айлақта орын ауыстырғанда түнгі уақытта және таң атқаннан сағат 08.00-ге (09.00-ге) дейін жалау көтерілмейді.

584. Рейдте бірнеше корабль болғанда жалау құрама командирінің немесе рейдтегі үлкен командирдің (бастықтың) сигналы бойынша көтеріледі және түсіріледі.

585. Әскери-теңіз жалауын көтеру (түсіру) салтанатты және күнделікті болады.

Жалауды салтанатты көтеру:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері жарияланған күні, ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысының бұйрығы бойынша басқа мереке күні;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ӘТК құрылған күні, корабльге Әскери-теңіз жалауын тапсырғанда және оны корабльде бірінші көтергенде, корабльдің (құраманың) жылдық мерекесі күні; ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысының бұйыруы бойынша басқа атаулы күні жүргізіледі.

Корабльді ӘТК құрамынан шығарғанда жалау салтанатты түрде түсіріледі. Бұл жағдайда жалауды құрама командирінің қатысуымен корабль командирі өзі түсіреді.

586. Әскери-теңіз жалауын салтанатты көтергенде стеньгалық жалау мен безендіру жалаулары көтеріледі.

Стеньгалық жалау барлық діңгек стеньгасында көтеріледі, бұл ретте онда көтерілген лауазымды адамның жалауы стеньгалық жалаудан төмен орналасады.

587. Жалауды салтанатты көтеру (түсіру) тәртібі мынаны қамтиды:

корабльде жалауды көтеруден (түсіруден) 15 минут бұрын "Шақыру" сигналы ойналады.

Құрама командирінің (рейдтегі үлкеннің) кораблінде жалау көтерілгенге ( түсірілгенге) дейін 5 минут бұрын вахталық офицердің "Жартысына дейін орында" командасы бойынша екі жалаудан тұратын "Орында" деген сигнал жартысына дейін көтеріледі.

Құраманың командирінің кораблінде осы сигнал жаттықтырылады, ал қалған корабльде "Жауап беру вымпелі" жартысына дейін көтеріледі.

"Үлкен жиын" сигналы бойынша сапқа тұрғызу схемасына сәйкес жарияланған киім нысанында корабльдің экипажы Осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес сапқа тұрады және көтерілетін жалаудың арқанына сигнал берушілер жіберіледі, ал вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) байланыс құралдарын пайдаланып, корабль командиріне және құрама командиріне: "5 минуттан кейін жалау салтанатты көтеріледі (түсіріледі)" деп баяндайды.

Корабль (құрама) командирі жоғарғы палубаға шыққанда "Тік тұр" командасы беріледі. Аға көмекшінің баяндауын қабылдап, корабль (құрама) командирі жеке құраммен сәлемдесіп, оны құттықтайды. Бұдан кейін "Еркін тұр" командасы беріледі.

Құрама командирдің (рейдтегі үлкені) кораблінде жалауды көтергенге (түсіргенге) дейін 1 минут ішінде "Орында" сигналы орнына дейін көтеріледі. Барлық корабль рейдтегі үлкеннің әрекетіне қарап, көрсетілген сигналды немесе "Жауап беру вымпелін " орнына дейін көтереді. Вахталық офицер (корабль бойынша кезекші): "Жалауға, гюйске, стеньгалық жалауға және безендірілген жалауға. Тік тұр" деген команда береді.

Осы команда бойынша жеке құрам "тік тұру" қалпын қабылдайды, бұл ретте офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет атқаратын старшиналар қолын бас киіміне апармайды. Егер жалау түсірілсе, кернейші "Заря" сигналын ойнайды.

Корабль командиріне (құрама командирі, үлкен бастық) "Уақыт болды" баяндауынан кейін жалауды көтеру (түсіру) үшін тура сағат 08.00-де (09.00-де) (күн батқанда) немесе бұйрықпен белгіленген уақытта "Орында" немесе "Жауап беру вымпелі" сигналын тез түсіреді және вахталық офицер: "Жалау, гюйс, стеньгалық жалау мен безендіру жалауы көтерілсін (түсірілсін)" деген команда береді. Жалау жазылған күйде баяу көтеріледі (түсіріледі).

Оркестр "Қарсы алу" маршын ойнайды. Жеке құрам басын жалау жаққа бұрады, ал офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін старшиналар қолын бас киіміне апарады.

Оркестр жалауды орнына көтергенге (түсіргенге) дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын ойнайды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны ойнатылып болғаннан кейін корабль командирінің (құрама командирінің, үлкен бастықтың) рұқсатымен "Еркін тұр" командасы беріледі. Корабль экипажы вахталық офицердің "Тара" командасы бойынша таралады. Оркестр марш ойнайды.

588. Базада жалауды әдеттегі көтеру (түсіру) тәртібі мынаны қамтиды:

Корабльде жалауды көтеруден 15 минут бұрын "Хабарландыру" сигналы ойналады.

Құрама командирінің немесе рейдтегі үлкеннің кораблінде жалау көтерілгенге ( түсірілгенге) дейін 5 минут бұрын вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) " Жартысына дейін орында" командасы бойынша "Орында" жалауы жартысына дейін көтеріледі.

Құрама командирінің кораблінде "Орында" сигналына жаттықтырылады, ал қалған корабльде "Жауап беру вымпелі" жартысына дейін көтеріледі және мынадай әрекет орындалады:

барлық корабльде "Орында" ("Жауап беру вымпелі") сигналын жартысына дейін көтерумен жоғарыға кернейші шақырылады, жалау мен гюйс бауына, сигнал беруші жіберіледі; вахталық офицер байланыс құралын пайдаланып, корабль командиріне және құрама командиріне: "5 минуттан кейін жалау көтеріледі (түсіріледі)" деп баяндайды.

"Үлкен жиын" сигналы бойынша жалауды көтергенде сапқа тұрғызу схемасына сәйкес корабль экипажы сапқа тұрады.

Корабль командирі жоғарғы палубаға шыққанда "Тік тұр" командасы беріледі. Аға көмекшінің (көмекшінің) баяндауын қабылдап, корабль командирі жеке құраммен сәлемдеседі. Содан кейін "Еркін тұр" командасы беріледі.

Құрама командирінің немесе рейдтегі үлкен командирдің кораблінде жалауды көтергенге (түсіргенге) дейін 1 минут ішінде "Орында" сигналы орнына дейін көтеріледі. Барлық корабль рейдтегі үлкеннің әрекетіне қарап, көрсетілген "Орында" немесе "Жауап беру вымпелі" сигналын орнына дейін көтереді, ал вахталық офицер ( корабль бойынша кезекші): "Жалауға және гюйске. Тік тұр" деген команда береді.

Осы команда бойынша жеке құрам "тік тұр" қалпын қабылдайды, бұл ретте офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін старшиналар қолын бас киіміне апармайды. Егер жалау түсірілсе, кернейші "Заря" сигналын ойнайды.

Корабль командиріне "Уақыт болды" деп баяндағаннан кейін жалауды көтеру ( түсіру) үшін белгіленген уақытта вахталық офицер: "Жалау (және гюйс) көтерілсін ( түсірілсін)" деген команда береді. Жалау (және гюйс) жазылған күйде баяу көтеріледі ( түсіріледі), ал "Орында" немесе "Жауап беру вымпелі" сигналы тез түсіріледі. Бұл ретте:

кернейші "Жалауды көтеру (түсіру)" сигналын ойнайды;

жеке құрам басын жалау жаққа бұрады, ал офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін старшиналар қолын бас киіміне апарады.

Кернейші ойнауды аяқтағаннан кейін вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) корабль командирінің рұқсатымен: "Еркін тұр. Кернейші төмен" командасын береді.

Кораблъді ұрысқа және жорыққа дайындағанда, жауынгерлік әзірлікте болғанда, сондай-ақ ауқымды жинау, жаппай жұмысты орындау күні және жалауды әдетте түсіргенде корабль экипажы сапқа тұрғызылмайды. Осындай жағдайда вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) жалауды көтеруге (түсіруге) дейін 2 минут бұрын: "Бортқа тұр" командасын береді.

Осы команда бойынша жоғары палубадағы жеке құрам корабльдің ішіне қарап, сапқа тұрады. Қалған жағдайда жалауды көтеру тәртібі экипажды сапқа тұрғызумен жалауды көтеру (түсіру) кезіндегідей.

Барлық командалық сөздер мен дыбыстық сигнал қоңыраумен және кернеймен осы Нұсқаулыққа 12-13-қосымшаларға сәйкес беріледі.

589. Жалауды көтергенде (түсіргенде) кораблъге жақын жердегі, қабырғадағы, пирс пен айлақтағы матростар мен старшиналар жұмысын тоқтатады және кораблъге қарап, "тік тұр" қалпында сапқа тұрады, ал офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін старшиналар жалауды көтеру (түсіру) сәтінде қолын бас киіміне апарады.

590. Кораблъге жақын жердегі шлюпкада жалауды көтеру (түсіру) сәтінде, егер жағдай мүмкіндік берсе, шлюпка старшинасының командасы бойынша ескекші ескегін көтереді. Шлюпка старшинасы, сондай-ақ ондағы офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін старшиналар орындығынан тұрмай, қолын бас киіміне апарады.

**3-параграф. Кораблъді қарсы алғанда әскери сәлемдесу**

591. Тәуліктің жарық уақытында теңізде немесе рейдте кораблъді қарсы алғанда әскери сәлемдесу мынадай тәртіппен орындалады:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Әскери-теңіз жалауы немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Жағалау күзетінің жалауы астында келе жатқан әскери кораблъді қарсы алғанда кораблъде "Кір" және "Орында" сигналы ойналады.

"Кір" сигналы, корабль штевені теңескен сәтте ойналады, бұл ретте "Кір" сигналы бірінші төменгі дәрежедегі немесе кіші (бағынысты) бастықтың жалауы (брейд-вымпел ) астындағы кораблъде ойнайды. Осы сигнал бойынша жоғары палубадағы жұмыспен айналыспаған барлық адам өтіп бара жатқан кораблъге бұрылып қарайды және "Тік тұр " қалпын қабылдайды, ал офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер бас киіміне қолын апарады.

"Орында" сигналы ең алдымен аға бастықтың жалауының (брейд-вымпелінің) астында кетіп бара жатқан корабльде ойналады;

2) бірдей дәрежедегі немесе тең лауазымды адамдар жалауының немесе брейд-вымпелінің астында келе жатқан әскери корабльді қарсы алғанда "Кір" және " Орында" сигналы бір уақытты екі корабльде де ойналады;

3) қамтамасыз ету кемесімен жауынгерлік корабльді қарсы алғанда "Кір" сигналы ең алдымен қамтамасыз ету кемесінде ойналады.

Кернейші жоқ корабльде "Кір" сигналы қол ысқырықпен орташа созылыңқы бір ысқырық берумен, ал "Орында" қол ысқырықпен екі қысқа сигналмен алмастырылады.

592. Құрама командирінің үлкені болып ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысының бұйрығымен, ал корабль командирі мен дивизион командирінің арасында үлкені болып құрама командирінің бұйрығымен жарияланады.

593. Лауазымды адамдармен теңізде немесе рейдте кездескенде, егер ол оған тапсырылған жалау (брейд-вымпел) астындағы корабльде болса немесе корабльге ( катерге) дейінгі арақашықтық 2 кабельттіктен аспаса, әскери сәлемдесу жүргізіледі.

594. ҚР ҚК ӘТК кораблі Қазақстан Республикасы азаматтық ведомствосының кемесімен және шет мемлекеттердің жауынгерлік емес кемесімен кездескенде, егер көрсетілген кеме арт жақтағы жалауын төмен түсірумен әскери корабльге сәлемдесуді орындаса, яғни жалауымен сәлемдессе, вахталық офицердің командасы бойынша оларға Әскери-теңіз жалауын бір рет тутұғыр (бау) ұзындығының үштен бір бөлігіне төмен түсірумен жауап береді.

Сәлемдесу кезінде жалау баяу төмен түсіріледі және сол сияқты баяу көтеріледі.

**4-параграф. Келген лауазымды адамды қарсы алу**

595. Корабльге келген мынадай лауазымды адамдарды қарсы алу және әскери сәлемдесу үшін:

1) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының төрағаларын , Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрін – "Үлкен жиын" сигналы бойынша корабль экипажы, құрмет қарауылы және оркестр жоғарғы палубада сапқа тұрады. Қарауыл құрамы 30 адам: қарауыл бастығы – капитан-лейтенант атағынан төмен емес офицер;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығын, Әскери-теңіз күштерінің бас қолбасшысын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің бас қолбасшыларын – "Үлкен жиын" сигналы бойынша корабль экипажы, құрмет қарауылы және оркестр жоғарғы палубада сапқа тұрады. Қарауыл құрамы 20 адам: қарауыл бастығы – аға лейтенант атағынан төмен емес офицер.

3 және 4-дәрежелі корабль құрамасында жеке құрам, құрмет қарауылы мен оркестр айлақта (қабырғада) сапқа тұрады.

Корабль командирі (құраманың флагмандық кораблінде – корабль құрамасының командирі) "Тік тұр, оң-ҒА (сол-ҒА, орта-ҒА) түзел" командасын берумен қарсы алады және баяндайды.

Мысалы: "Армия генералы мырза. "Қазақстан" зымыран кораблінің экипажы қарсы алу үшін сапқа тұрғызылды. Корабль командирі 3-дәрежелі капитан Сұлтанов".

Егер лауазымды адамды қарсы алу үшін тек құрмет қарауылы сапқа тұрғызылса, корабль (құрама) командирі оларға өзін таныстырады және келген адаммен корабльде бірге жүреді. Қарсы алатын адам жақындағанда карабинмен қаруланған құрмет қарауылының бастығы: "Қарауыл – Түзел", "Тік тұр", "Оң жақтан (сол жақтан, маңдайшептен) қарсы алу үшін қарауыл-ҒА", ал автоматпен қаруланған қарауылға – " қарауыл – Түзел", "Тік тұр", "Назар – оң-ҒА (сол-ҒА, орта-ҒА)" командасын береді.

Осы команда бойынша құрмет қарауылы қаруды "қарауылға" алады немесе қарсы алатын адам жаққа басын бұрады; оркестр "Қарсы алу маршын" орындайды, құрмет қарауылы бастығы қолын бас киіміне апарып, қарсы алатын адамға саптық адыммен келеді және оған дейін екі-үш адым қалғанда тоқтап, баяндайды.

Мысалы: "Адмирал мырза! Сіздің келу құрметіңізге құрмет қарауылы сапқа тұрғызылды. Қарауыл бастығы капитан-лейтенант Маратов".

596. Корабльге келген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарларын, Қазақстан Республикасы жергілікті өкілдік және атқарушы орган басшыларын корабль командирі қарсы алып, баяндайды және корабльде олармен бірге жүреді.

Корабльге келген армия генералдары, адмиралдар, генерал-полковниктер және барлық тікелей бастықты корабль командирі қарсы алады және баяндайды. Егер ол инспекциялау (тексеру) мақсатында келсе, жоғарыда көрсетілген адамды қарсы алу үшін корабль экипажы "үлкен жиын" сигналы бойынша сапқа тұрады.

Флагмандық корабль командирі құрама командирін осы күні ол корабльге алғаш келгенде қарсы алады.

Ұлы Отан соғысына қатысушылар, жауынгер-интернационалистер, Қарулы Күштер ардагерлері, еңбек сіңірген ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлері, Қазақстан Республикасы қоғамдық ұйымдарының, шет мемлекет өкілдері және құрметті келушілерді корабльге шақыру бойынша келгенде корабль командирі қарсы алады, өзін таныстырады және баяндамай бірге жүреді.

597. Алдыңғы тармақта аталмаған корабльге келген қалған офицерлерді корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) қарсы алады, ол келген адамға өзін таныстыруы қажет.

598. Корабльге катерде (шлюпкада) келген адамды қарсы алғанда "Кіру" сигналы ойналады, Осы Нұсқаулыққа 14-қосымшаға сәйкес кеме экипажы лауазымды адамды қарсы алу үшін сапқа тұру схемасына сәйкес сапқа тұрады. Ол келе жатқан адамы бар катер (корабль) 2 кабельтке жақындағанда ойналады. "Тік тұр" командасы келген адам

төменгі траптың алаңына кіргенде беріледі, ал келуші палубаға көтерілгенде баяндалады.

Осы адамды айлақ құрылысжайында (қабырғада, пирста) тұрған корабльден жағада қарсы алғанда "кіру" сигналы ойналмайды.

599. Корабльге инспекциялау үшін келген адамды қарсы алғанда 1-дәрежелі корабльде (оркестрі бар) "Кіру" сигналынан кейін оркестр "қарсы алу маршын" ойнайды.

Құрмет қарауылы бастығы адамға баяндағаннан кейін оркестр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын ойнайды.

600. Корабльден кететін адамды корабль командирі шығарып салады. Кететін адам траптың жоғарғы алаңына шыққанда "Тік тұр" командасы беріліп, катер (шлюпка) траптан кеткен сәтте "кіру" сигналы ойнатылады.

Жоғарыда көрсетілген адам жағаға шыққанда айлақ құрылысжайында (қабырғада, пирста) тұрған корабльден "кіру" сигналы ойналмайды.

601. Корабльге келген корабль командирін корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) қарсы алады. Қарсы алушы "тік тұр" командасын береді және осы күні командир корабльге келісімен командирге баяндайды. Корабль командирі корабльге әрбір келген (түскен) кезде "Тік тұр" командасы беріледі.

602. Корабльге корабль командирінің орынбасарлары (көмекшісі) бірінші келгенде корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) трапта қарсы алады және өзін таныстырады.

603. Корабль экипажы "үлкен жиын" сигналы бойынша сапқа тұрғызылғанда 1-дәрежелі корабльде (оркестрі бар) корабль командирі мен оның тікелей бастығына құрмет көрсетілгенде оркестр "қарсы алу маршын" ойнайды.

604. Қарсы алу (шығарып салу) кезінде егер трапқа (баспалдаққа) жақын жерде келген адамның тікелей бастығы болса, "кіру" сигналы ойналмайды және "Тік тұр" командасы берілмейді.

605. Корабль экипажы, құрмет қарауылы және оркестр корабльге келетін адамды қарсы алуға сапқа тұрғызылмайды және "Кіру" сигналы мынадай жағдайда ойналмайды:

Цельсий бойынша -10°С төмен температурада;

Әскери-теңіз жалауын түсіргеннен кейін және көтергенге дейін;

жаппай жұмыс, жауынгерлік оқу-жаттығу, жаттығу, жауынгерлік әзірлікті арттыру, түскі ас, кешкі ас және түстен кейін демалып жатқан уақытта.

**5-параграф. Корабльдегі әскери қызметшілердің әскери сәлемдесуі**

606. Корабльге (корабльден) кіргенде (түскенде) барлық әскери қызметші Әскери-теңіз жалауына оны көтергеннен түсіргенге дейінгі кезеңде әскери сәлемдесуді орындайды.

Траптың (баспалдақтың) жоғары алаңына кіргенде әскери қызметшілер жалау жаққа басын бұрады және қолын бас киіміне апарады.

607. Әскери қызметші корабльдің жоғарғы палубасында, корабльдің тұрғын және өзге де үй-жайында бастықпен кездескенде оған бетімен бұрылып, қолын бас киіміне апармай-ақ, "тік тұр" қалпын қабылдайды.

608. Командир (бастық) корабльді қарап өткенде әскери қызметшілер қатысушылардың үлкені немесе келген командирді (бастықты) бірінші көргеннің "тік тұр" командасы бойынша сәлемдеседі.

Осы команда бойынша барлық қатысушы келген бастық жаққа бұрылады және "тік тұр" қалпын қабылдайды, ал бас киім киген офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер оған қолын апарады және "еркін тұр" командасына дейін сол қалыпта қалады.

Қатысушылардың үлкені келген бастыққа келіп баяндайды.

Мысалы: "2-дәрежелі капитан мырза. Электр-механикалық жауынгерлік бөлім мамандығы бойынша сабақта. Жауынгерлік бөлім командирі капитан-лейтенант Әбдірахманов".

"Тік тұр" командасы командир (бастық) үй-жайға әрбір келген сайын беріледі, ал баяндау осы күні тек бірінші келгенде жүзеге асырылады. Үлкен бастық болғанда кіші бастыққа "тік тұр" командасы берілмейді және баяндалмайды.

609. Әскери сәлемдесуді орындау үшін команда:

1) дабыл мен оқу-жаттығу уақытында;

2) жинау, жаппай жұмыс және қару мен техникалық құралды пайдаланумен байланысты жұмыс уақытында;

3) тамақтану уақытында, "ұйқыға жат" белгісінен "ұйқыдан тұр" белгісіне дейін, түстен кейін демалу уақытында;

4) науқастарға арналған үй-жайда берілмейді.

Аталған жағдайда бастық немесе үлкені келген командирге (бастыққа) тек баяндайды.

Салтанатты жиналыс пен конференцияда, сондай-ақ спектакльде, концерт пен кинода әскери сәлемдесу үшін команда берілмейді және командирге (бастыққа) баяндалмайды.

Жеке құрамның жалпы жиналысында әскери сәлемдесуді орындау үшін "Тік тұр" командасы беріледі және командирге (бастыққа) баяндалады.

Бастық немесе үлкен әскери қызметшілерге тікелей тіл қатқанда, науқастар мен қолданыстағы механизмге қызмет көрсетушіні қоспағанда, олар "Тік тұр" қалпын қабылдайды және өзінің лауазымын, әскери атағы мен тегін атайды.

Қол алысу кезінде лауазымы (әскери атағы) бойынша үлкені қолын бірінші болып береді. Егер үлкені қолғапсыз болса, кіші қол алысар алдында оң қолынан қолғабын

шешеді. Бас киімсіз әскери қызметші қол алысуды басын алға қарай жеңіл еңкетумен бірге жасайды.

610. Корабль (бөлімше) экипажы сапта болғанда бастықпен әскери сәлемдесу: "Тік тұр, оң-ҒА түзел (сол-ҒА, орта-ҒА)" командасы бойынша орындалады. Келген бастықты корабль (бөлімше) командирі немесе қатысушылардың үлкені қарсы алады және оған баяндайды.

Мысалы: "Контр-адмирал мырза. "Маңғыстау" зымыран-артиллериялық кораблінің экипажы қарау үшін сапқа тұрғызылды. Корабль командирі 3-дәрежелі капитан Яхьяров".

**6-параграф. Салют, парад пен салтанат**

611. ҚР ҚР ӘТК кораблі мынадай артиллериялық салют жасайды:

1) мерекелік салют – ерекше нұсқау бойынша халықаралық, мемлекеттік және әскери маңызы бар маңызды оқиға құрметіне. Белгіленген мереке күні корабльге отшашу да жасауға жол беріледі;

2) ұлттық салют – корабль (корабль құрамасы) шетелдік портқа келгенде;

3) жеке салют:

қарсы корабльдегі лауазымды адам құрметіне;

корабльге келген лауазымды адам құрметіне;

4) қаралы салют – ерекше нұсқау бойынша әскери қызметшінің теңізде қаза табуы немесе корабльмен оның денесін жөнелту кезінде, сондай-ақ көрнекті мемлекет қайраткерін жерлеу кезінде.

612. ҚР ҚК ӘТК кораблі мерекелік салют пен отшашуды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығы бойынша жасайды. Мерекелік салют кезінде оркестр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындайды.

Мерекелік салюттегі ату арасындағы аралық 15 – 20 секунд, өзгесінде 7 – 10 секунд.

613. Салют жасау үшін ӘТК бас қолбасшысы (құрама, әскери-теңіз базасы командирі) түтін дәрісімен жарақталған, бос оқпен ататын, гильзамен оқталатын арнайы салютпен қаруланған 1 немесе 2-дәрежелі корабльді тағайындайды.

614. Мерекелік немесе ұлттық салютті атар алдында "үлкен жиын" сигналы бойынша корабльдің жеке құрамы жоғарғы палубада сапқа тұрады.

Жүзіп келе жатып салют ататын корабльде жоғарғы палубада жүзудегі вахтада қызмет атқарудан және жауынгерлік даярлық жөніндегі міндеттерді орындаудан бос жеке құрам сапқа тұрғызылады.

Сапқа тұрғызылған жеке құрам қарсы алатын шетелдік корабль немесе салют батареясы жаққа бетімен бұрылып, "тік тұр" қалпын қабылдайды.

615. Жеке салют кезінде фор-стеньгада оның құрметіне жеке салют жасалып жатқан лауазымды адамның құрметіне жалау көтеріледі, жалау салют біткенде түсіріледі.

Салют осы жалауды орнына дейін көтерумен басталады. Бұл ретте фор-стеньгада көтерілген корабльдегі лауазымды адамның жалауы түсірілмейді.

**7-параграф. Корабльдер парады**

616. Корабльдер парады ерекше нұсқау бойынша мемлекеттік мерекені және мемлекеттік және әскери мақсаттағы маңызды оқиғаны атап өткенде өткізіледі.

617. Корабльдің уақыты, орны, құрамы, олардың диспозициясы мен парадты өткізу тәртібі алдын ала ӘТК бас қолбасшысының бұйрығымен жарияланады.

Парадқа қолбасшылық ету үшін парад қолбасшысы тағайындалады.

618. Парад үшін белгіленген күні корабльде жалауды салтанатты көтеру жүргізіледі .

Корабльді иллюминациялау ерекше бұйырым бойынша жүргізіледі. Қараңғы түсісімен құрама командирі (рейдтегі үлкен) кораблінің әрекетіне қарап, корабльде иллюминация қосылады. Иллюминация таң атысымен немесе сол тәртіппен басқа уақытта сөндіріледі.

619. Парадқа қатысатын корабль экипажы парадтың басталуы белгіленген уақытқа дейін кешіктірілмей 15 минут бұрын жоғарғы палубада сапқа тұрғызылады.

620. Экипажды сапқа тұрғызу борттың бойымен жалпы саптық есептоп дәрежесі бойынша жүргізіледі, қапталда офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер сапқа тұрады. "Үлкен жиын" сигналы бойынша сапқа тұрғызудан осы сәтте вахталық қызмет пен кезекшілік атқаратын адам босатылады.

Құрама штабының офицерлері мен келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, сондай-ақ корабль құрамына кірмейтін жауынгерлік бөлім мен қызмет әскери қызметшілері корабль экипажынан бөлек сапқа тұрғызылады.

Оркестр парадты қабылдаушымен бірге катерді қарсы алатын борт бойынша сапқа тұрғызылады.

Жеке құрамды тутұғыр мен гюйс-тұғыр жанында сапқа тұрғызу кезінде боцмандық сыбызғысы бар бір матростан (старшинадан), корабльдің жүріс арқалығында екі сигнал берушіден қойылады.

621. Парад қолбасшысы парадты қабылдаушы катерді алдын ала белгіленген орында ол корабльдің жақын маңдағы сызығына 3 кабельт жақындағанға дейін қарсы алады. Бұл ретте парад қолбасшысы, егер ол тоқтаса, парадты қабылдаушының катеріне ауысады немесе ізімен оның артынан тоқтағанға дейін жүріп отырады ( корабльді зәкірге қойғанға дейін), содан кейін парад қабылдаушының катеріне ауысады .

Парад қолбасшысы онымен жағалауда алдын ала кездесіп, парад қабылдаушымен бірлесіп жүреді.

Құрметті қонақтар мен шақырылған адам парад қабылдаушының катерінің ізімен басқа катермен жүреді.

622. Парадты қабылдаушымен кездескенде парад қолбасшысы баяндайды.

Мысалы: "Контр-адмирал мырза! Құрамында 10 вымпелі бар ӘТК кораблі ... атап өтуге арналған парадқа сапқа тұрғызылды. Парад қолбасшысы 1-дәрежелі капитан Ниязбеков".

Одан әрі парад қолбасшысы парадты қабылдаушымен корабльді қарап шығу кезінде бірге жүреді.

623. Парадты қабылдаушы бар катер әрбір корабльге 1 кабельтке жақындағанда корабльде "Кіру" сигналы ойналады. Жеке құрам команда бойынша парадты қабылдаушы бар катер жаққа бұрылады. Оркестр "Қарсы алу маршын" ойнайды.

624. Катер корабльге жақындағанда "Қарсы алу маршын" ойнау тоқтатылады, парадты қабылдаушы корабль экипажына сәлемдеседі және құттықтайды. Корабль экипажының құттықтау жауабынан кейін "Қарсы алу маршын" ойнау жалғасады.

625. Парадты қабылдаушының "Армысыздар, әскери теңізшілер" деген сәлемдесуіне корабль экипажы: "Саулығыңызды тілейміз, контр-адмирал мырза" деп жауап береді.

Егер бастық рахмет айтса, корабль экипажы: "Қазақстан Республикасына қызмет етеміз!" деп жауап береді, егер құттықтаса, экипаж үш дүркін созылыңқы дауыспен " ура" деп жауап береді, ол корабль жанынан неше рет өтсе де, парадты қабылдаушы бар катер әрбір өткен сайын сонша рет айтылады.

626. Парадты өткізу жоспарына сәйкес парадты қабылдаушы корабльдің біреуінен бұйрық оқиды немесе сөз сөйлейді, ол барлық корабль бойынша таратылады. Бұл жағдайда сөз сөйлеу аяқталғаннан кейін оркестр Мемлекеттік Әнұранды орындайды, бір уақытта (егер ол көзделсе) артиллериядан салют жасалады. Корабльдің жеке құрамы салют басталғанда командасыз "тік тұр" қалпын қабылдайды және үш дүркін " Ура" деп айтады. Егер ерекше нұсқау болмаса, Мемлекеттік Әнұранды орындап болғаннан кейін жеке құрам рейдтегі корабль үлкенінің белгісі бойынша жіберіледі.

**8-параграф. Корабльде салтанатты жиынды өткізу**

627. Корабль қатарға қосылғанда Әскери-теңіз жалауын салтанатты көтеру жүргізіледі.

Әскери-теңіз жалауын корабльге ӘТК бас қолбасшысы немесе ол тағайындаған оның орынбасарларының бірі тапсырады. Әскери-теңіз жалауын тапсыру үшін келген адам корабльдің қатарға қосылғаны туралы бұйрықты оқиды және корабль командиріне жалау мен бұйрықты тапсырады.

628. Корабль командирі Әскери-теңіз жалауын барлық экипаж сабының алдынан қолында ұстап өтеді, одан кейін оны гафельде (артқы тутұғырға) көтеру үшін бекітеді.

Корабль құрамасының командирі салтанатты жиынды өткізу үшін корабльге келген адамның бұйрығын алғаннан кейін: "Әскери-теңіз жалауы, гюйс, стеньга жалауы мен безендіретін жалау көтерілсін" командасын береді.

Жалауды көтеру тәртібі жалауды салтанатты көтергендей сияқты. Әскери-теңіз жалауын осы жағдайда корабль командирі көтереді. Жалауды көтеру уақытында корабль экипажы Әскери-теңіз жалауын созылыңқы дауыспен "Ура" деп қарсы алады, ол жалау орнына жеткенде тоқтатылады.

629. Корабльге гвардиялық және Ордендік Әскери-теңіз жалауын тапсыру, оларды корабльде көтеру жағдайы бойынша салтанатты өткізу тәртібі.

Бұл жағдайда Әскери-теңіз жалауы Гвардиялық және Ордендік Әскери-теңіз жалауы орнына дейін көтерілгеннен кейін түсіріледі.

630. Қазақстан Республикасының ордендерін корабльге (құрамаға) табыс етуді және құрметті атау беруді жариялауды ӘТК бас қолбасшысы немесе ол тағайындаған оның орынбасарларының бірі жүргізеді.

631. Ордендерді табыс ету және берілген құрметті атауды жариялау кезінде "Үлкен жиын" сигналы бойынша схемаға сәйкес корабль экипажы сапқа тұрады. Осы күні корабльде (құрамада) жалау салтанатты көтеріледі.

632. Орденді табыс ететін адам орденмен наградтау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің құрметті атауды беру туралы бұйрығын оқиды. Орденмен бірге корабльге Ордендік Әскери-теңіз жалауы қоса тапсырылады. Оркестр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындайды.

Оркестр ойнауын тоқтатқаннан кейін орденді табыс еткен адам жеке құрамды наградасымен құттықтайды. Жеке құрам құттықтауға үш мәрте созылыңқы дауыспен " Ура" деп жауап береді.

633. Корабльдің (құраманың) жылдық мерекесі әскери қызметшілерді Отанына, әскери антқа, жауынгерлік дәстүрге шексіз адал болу рухында тәрбиелеу және әскери жолдастықты нығайту мақсатында өткізіледі. Корабль (құрама) тарихындағы мынадай естелік күнді атап өтуде ҚР ҚК ӘТК бас қолбасшысы оны өткізу күнін белгілейді:

құрама құрылған күн;

корабльді қатарға қосқан күн (Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз жалауын алғаш көтерген күн);

орденмен наградталған күн;

"гвардиялық" атағын немесе құрметті атауды берген күн.

Жылдық мерекелер 1, 2 және 3-дәрежелі корабль үшін және 4-дәрежелі корабль құрамасы үшін белгіленеді.

634. Жылдық мерекелер белгіленген күнге жақын жұмыс емес күні өткізіледі. Осы күні корабльде Әскери-теңіз жалауы салтанатты түрде көтеріледі. Жылдық мереке күні басқа да салтанатты, мәдени және спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Мерекеге әскери бөлім мен қоғам өкілдері, әскери қызметшілердің отбасы мүшелері және корабль (құрама) ардагерлері қатысуға жол беріледі.

**9-параграф. Әскери қызметшілерді экипаж құрамына қабылдау және запасқа босату**

635. Корабльге келген жас буынды қабылдау салтанатты жағдайда жүргізіледі.

Корабль экипажы белгіленген уақытта сапқа тұру схемасына сәйкес "Үлкен жиын" сигналы бойынша сапқа тұрады. Келген буын белгіленген орында саптың алдына сапқа тұрады. Корабль командирі жас матростарды корабльге келуімен құттықтап, корабльдің тарихы туралы қысқаша анықтама береді.

Бөлімше командирі корабль командирі аға көмекшісінің командасы бойынша экипажға олардың бөлімшесіне келген жас матростарды таныстырады, оларға " Жауынгерлік нөмір" кітапшасын және міндеттерді өздігінен орындауға жіберуге сынақ парағын тапсырады, содан кейін жас матростар экипаж сабына тұрады. Корабль бойынша кезекшінің (вахталық офицердің) командасы бойынша сап таратылады.

Экипаж құрамына жас буынды салтанатты қабылдаған күні корабль командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарының жетекшілігімен жас матростардың корабльді қарап көруі, әскери даңқ каютасында болуы ұйымдастырылады және корабльмен және экипажбен таныстыруға бағытталған тәрбие жұмысы іс-шаралары өткізіледі.

636. Әскери қызметші атағының беделін түсіретін теріс қылығы үшін босатылғанды қоспағанда, әскери қызметшілерді запасқа шығару салтанатты жағдайда корабль экипажының сабы алдында өткізеді.

Запасқа шығарылған әскери қызметшіні шығарып салу үшін корабль экипажы күнделікті киім нысанында белгіленген орынға сапқа тұрғызылады. Сапқа тұрғызылғаннан, корабль командирін қарыс алғаннан кейін запасқа шығарылған әскери қызметші командирдің командасы бойынша саптан шығады және бөлімше бойынша сап алдына сапқа тұрғызылады, содан кейін команда бойынша ортаға жиналады.

Корабль командирінің аға көмекшісі әскери қызметшіні запасқа шығару және ерекше көзге түскенді көтермелеу туралы бұйрықты жариялайды. Наградтауды корабль командирі жүргізеді. Осыдан кейін запасқа шығарылған бірнеше әскери қызметшіге және басқа әскери қызметшілерге сөз беріледі.

Корабль командирі запасқа шығарылған әскери қызметшілерге қызметі үшін алғыс айтады. Шығарып салу аяқталғаннан кейін корабль командирінің аға көмекшісі запасқа шығарылғандарға корабльден шығуға команда береді.

Корабльден запасқа шығарылғандар кеткеннен кейін сап таратылады.

**10-параграф. Жағалауда салтанатты жиынды өткізу**

637. ӘТК бас қолбасшысының (ӘТБ немесе құрама командирінің) немесе рейдтегі үлкеннің (жеке жүзудегі) нұсқауы бойынша жағалаудағы парадқа және салтанатты жиынға қатысу үшін корабль жеке құрамының жартысы (бірақ үштен бірінен аспайды) жағалауға апарылады.

638. Корабль жеке құрамының жағалаудағы парадқа қатысу тәртібі туралы (парад орны, басталу уақыты, офицерлер, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер және матростар саны, киім нысаны мен қару-жарағы туралы, корабльден жеке құрамның келуі үшін тағайындалған айлақ құрылысы, корабльге өткеру мен қайтып оралу тәртібі туралы) барлық нұсқауды гарнизон бойынша бұйрықтың негізінде алдын ала құрама командирі немесе рейдтегі үлкені береді.

639. Корабльдің жеке құрамы жағалаудағы парадқа корабльге немесе корабль құрамасына берілген Әскери-теңіз жалауымен және оркестрмен келеді. Бұл ретте жалау ұстаушы взвод тағайындалмайды.

**11-параграф. Әскери құрмет көрсету**

640. ҚР ҚК ӘТК кораблі корабльдің даңқты жеңісі мен ерлікпен қаза тапқан орнында әскери құрмет көрсетеді. Әскери құрмет көрсету орны Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің (ӘТК бас қолбасшысының) бұйрығымен жарияланады.

Корабль әскери құрмет көрсету орнына 5 кабельттікке жақындағанда "Үлкен жиын" сигналы ойналады. Вахтадан бос жеке құрам жоғары палубада белгіленген орынға сапқа тұрғызылады.

1 кабельттік арақашықтықта "Кіру" сигналы ойналады және Әскери-теңіз жалауы жартысына дейін түсіріледі.

Құрмет көрсету орнынан корабль 2 кабельттікке алыстағанда "Орындау" сигналы ойналады, Әскери-теңіз жалауы орнына дейін көтеріледі және жеке құрамның сабы таратылады.

"Үлкен жиын" сигналы бойынша жеке құрам сапқа тек қолайлы ауа райында тәуліктің жарық уақытында тұрғызылады.

641. Қайтыс болған адамның мәйіті бар корабльде Әскери-теңіз жалауы жартысына дейін түсіріледі және мәйітті теңізге түсіргеннен кейін немесе мәйітті жағалауға апаратын катер (шлюпка) борттан кемінде 2 кабельтікке алшақтағанда оны орнына дейін көтереді.

Қайтыс болған (қаза тапқан) құрама командирін жерлегенде флагмандық корабльде оның жалауы жартысына дейін түсіріледі.

642. Қайтыс болған (қаза тапқан) адамның мәйіті бар корабль (катер, шлюпка) жанынан өтіп бара жатқанда барлық корабль оларға көрсетілген корабль (катер, шлюпка) 2 кабельтікке жақындағанда артқы жағындағы өз жалауын жартысына дейін түсіреді және корабль (катер, шлюпка) 2 кабельтікке алшақтағанда орнына дейін көтереді.

Қайтыс болған (қаза тапқан) құрама командирінің мәйітін жеткізгенде корабльдің ( катердің, шлюпканың) алдыңғы жағындағы тутұғырда оның жалауы (брейд-вымпелі) жартылай көтеріледі.

Рейдте тұрған корабльдің жанынан қайтыс болған (қаза тапқан) адамның мәйіті бар корабль (катер, шлюпка) өтіп бара жатқанда экипаж бен қаралы маршты ойнайтын оркестр жоғарғы палубада сапқа тұрғызылады.

Соғыс уақытында корабльдегі жалау түсірілмейді.

643. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші (немесе әскери қызметшінің мәйіті) бар табыт ютта биіктеу жерге орнатылып (қойылып), Әскери-теңіз жалауымен жабылады, оның үстіне қайтыс болған (қаза тапқан) адамның фуражкасы қойылады, ал офицер мәйітінің табытына сүйір бұрышымен айқыш тәрізді жиналған қынабы бар қанжар қойылады. Қаза тапқан (қайтыс болған) адамның ордендері мен медальдары жастықшаға бекітіліп, тұғырықта табыт жанына (жоғары) қойылады. Табыт (жоғары) жанына құрмет қарауылы қойылады.

Мәйіті (теңізге) жерлеу алдында жалау, орден, медаль мен қанжар алынады.

644. Қайтыс болған (қаза тапқан) адамның табыты бар катер (шлюпка) борттан кетер алдында корабльдің жеке құрамы "Үлкен жиын" сигналы бойынша жоғары палубаға сапқа тұрғызылады. Қаралы митинг өткізіледі. Оркестр қаралы маршты ойнайды.

Қайтыс болған (қаза тапқан) адамның табыты бар катер (шлюпка) борттан кеткенде атыс қаруынан бос патронмен үш дүркін қаралы салют жасалады. Ерекше нұсқау бойынша артиллериялық қаралы салют жасалуы мүмкін. Салюттің бірінші дүркінімен оркестр Мемлекеттік Әнұранды орындайды.

Соғыс уақытында қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің отбасына белгіленген нысан бойынша хабарлама жіберіледі.

645. Жағалауда қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшіні жерлеу кезінде әскери құрмет көрсету Жарғыға сәйкес жүргізіледі.

## 10-тарау. Корабльдік нарядтың қызмет атқаруы

### 1-параграф. Жалпы ережелер

646. Корабльдік нарядтың қызметі:

1) корабльде белгіленген жауынгерлік әзірлікті және жорыққа әзірлікті ұстайды;

2) корабльдегі қызмет және тіршілік ету күн тәртібін сақтайды;

3) корабльдің сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

4) корабльдің төзімділігін қамтамасыз ететін барлық іс-шараның орындалуын бақылайды;

5) сыртқы және ішкі байланысты ұстайды;

6) корабльдің тіршілік әрекеті қажеттілігімен және жағдаймен айқындалатын құралдарға қызмет көрсетеді;

7) әртүрлі жұмыстың орындалуын қамтамасыз етеді және қауіпсіздік талаптарының орындалуын қадағалайды;

8) корабльдің кезекші және резевтегі техникалық құралы аварияcыз пайдалануды қамтамасыз етеді.

647. Өз тағайындалуы бойынша наряд корабльдік және арнаулы (жауынгерлік бөлімде және қызметте), ал түрі бойынша кезекшілік, вахта және жұмыс наряды болып бөлінеді.

Ерекше жағдайда құрама командирінің (корабль командирінің) бұйырымы бойынша корабльде қарауыл жасақталады. Бұл ретте қарауылдық қызмет корабльдік ұйымының ерекшелігін ескеріп, Жарғы талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

648. Корабльдің кезекші және вахталық, оның ішінде арнайы бекетінің табелін корабль командирі (бір типті корабль үшін – құрама штабы) әзірлейді, оларды құрама командирі бекітеді.

649. Тәуліктік нарядқа тағайындалатын офицер, старшина мен матрос саны корабльдің жеке құрамының үштен бір бөлігінен аспауға тиіс.

650. Корабльдік немесе арнайы наряд қызметін өткеруге даярлықтан және олардың білімін тиісті тексергеннен кейін әскери қызметшілер корабль (құрама) бойынша бұйрықпен кезекші немесе вахталық қызмет бекетінің сол немесе өзге де міндеттерін орындауға жіберіледі.

Бұл ретте олар қызметі бойынша орындалатын міндеттеріне қатысты бөлігінде мыналарды білуге тиіс:

корабльдің, бөліктің (үй-жайдың, жауынгерлік бекеттің) құрылымын;

корабльдің кезекші және вахталық қызмет бекетінің (жауынгерлік бөлімнің, қызметтің) орналасуын және арналуын;

корабль командирі бекітетін корабльдің, бөліктің (үй-жайдың), жауынгерлік бекеттің төзімділігін, суға батпауын және тіршілік әрекетін қамтамасыз ету жүйесін, корабльдің, бөліктің (үй-жайдың), жауынгерлік бекеттің төзімділігі үшін күрес құралдары құрылымын және тиісті пайдалану нұсқаулығын;

белгіленген сигналды және корабль ішіндегі байланысты ұйымдастыруды.

651. Корабльдік наряд жасақталатын бөлімше командирі жеке құрамды іріктеуді және қызмет атқаруға даярлауды, нұсқау беруге және таралымға уақтылы келуін қамтамасыз етеді.

Нарядқа түсетін күні күн тәртібінде көрсетілген сағатта жеке құрамға қызмет атқаруға даярлану, өз міндеттерін білуін тексеру, оның ішінде іс жүзінде жаттығуымен үшін кемінде 3 сағат және демалу (ұйықтау) үшін кемінде 1 сағат беріледі.

Ауысқан тәуліктік наряд ауысым күні сабақтан және жұмыстан босатылады.

652. Жүзу барысында барлық корабльде корабльдік кезекші және вахталық қызмет басында вахталық офицер тұрады.

Корабль швартовта (бөшкеде) тұрғанда кезекші және вахталық қызметке корабль бойынша кезекші басшылық жасайды.

1-дәрежелі корабльде зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда жоғарғы вахтадағы вахталық офицер басшылық жасайды.

2 және 3-дәрежелі корабль зәкірде (бөшкеде) тұрғанда вахталық офицер қойылады, корабль бойынша кезекші тағайындалмайды.

653. Корабльдік кезекші және вахталық қызмет вахталық офицерге қайта бағындырылған сәтте "Кезекші және вахталық қызмет жорықтық бойынша кіріс" командасымен айқындалады, ол зәкірден (бөшкеден, швартовтаудан) алу белгіленген уақытқа дейін 1 сағат бұрын беріледі. Кезекші және вахталық қызметті корабль бойынша кезекшіге қайта бағындыру "Кезекші және вахталық қызмет зәкір ( швартовтау) бойынша кіріс" командасымен айқындалады, ол корабльді зәкірге ( бөшкеге, швартовтауға) қойғаннан кейін беріледі.

## 2-параграф. Корабльдік наряд қызметіне тағайындауды ұйымдастыру

654. Корабльдік наряд қызметін өткеруге аға көмекшіден (көмекшіден), корабль командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарынан, электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирінен және медицина қызметінің бастығынан басқа, корабльдің барлық жеке құрамы тартылады.

655. Корабль құрамасы бойынша кезекшілікті өткеру кезектілігін құраманың штаб бастығы жүргізеді. Корабльдік нарядтың қызметіне команда офицерлері мен старшиналарын тағайындау кезектілігін корабль командирінің көмекшісі жүргізеді.

Команда старшинасы өз бағыныстыларын корабльдік және арнайы наряд қызметіне тағайындау кезектілігін жүргізеді.

656. Офицерлерді нарядқа тағайындау кезінде мынадай нормаларға сүйенеді:

1) корабль құрамасы бойынша кезекшілік кемінде төрт кезектілікпен атқарылады;

2) корабль бойынша кезекшілік кемінде үш кезектілікпен атқарылады;

3) вахталық офицер мен вахталық инженер-механик кемінде үш кезектілікпен вахта атқарады.

Офицерлер корабль бойынша кезекшілікті үш кезектілікпен қамтамасыз етпесе, кезекшілікке даярланған старшиналарды жіберуге рұқсат етіледі.

657. Корабль командирінің көмекшісі офицерлерге вахтаны атқару кестесін бір офицердің тәуліктің бір және сол уақытында вахтаны атқармайтындай етіп жасайды.

658. Жүзу вахтасын дербес атқаруға офицерлер тиісті сынақ тапсырғаннан кейін жіберіледі. Жүзу вахтасын дербес атқаруға жіберілген офицерлердің тізімі корабль ( құрама) командирінің бұйрығымен жарияланады.

Штурмандық жауынгерлік бөлімінің және топтың офицерлері теңізге және жорыққа шығатын күннің қарсаңында корабльдік вахтаға, кезекшілікке және жұмысқа тағайындалмайды.

659. Суүсті корабльдің төменгі жағы бойынша кезекші болып старшиналар тағайындалады. Жүзудегі 1-дәрежелі корабльге төменгі жақ бойынша кезекші болып офицерлерді тағайындауға жол беріледі.

660. Корабльдік кезекшілік және вахта кестесін корабль командирінің көмекшісі осы Нұсқаулыққа 15 және 16-қосымшалардағы нысан бойынша бір аптаға жасайды, оны белгіленген орынға іледі.

Арнайы кезекшілік пен вахта кестесін жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) командирі бір аптаға жасап, бөлімшенің жеке құрамына жеткізеді.

661. Тәуліктік (корабльдік және арнайы) нарядқа тағайындалған адамдардың тізімі белгіленген мерзімде корабль командирінің көмекшісіне ұсынылады.

Алдағы тәулікке корабльдік және арнайы наряд корабль командирінің бұйрығымен тағайындалады және кешкі тексеру аяқталғаннан кейін жеке құрамға жарияланады. Тәуліктік наряд адамдарының тізімі таралымға дейін 4 сағат бұрын корабль бойынша түсетін кезекшіге беріледі.

Қызметке және жұмысқа наряд есебін старшиналар мен матростар осы Нұсқаулыққа 17-қосымшалардағы нысан бойынша наряд парағында жүргізеді, ол жыл бойы сақталады, содан кейін жойылады.

**3-параграф. Тәуліктік нарядты атқару кезіндегі лауазымды адамның әрекеті**

662. Тәуліктік (корабльдік және арнайы) нарядқа тағайындалған корабльдің жеке құрамы осы Нұсқаулықтың талаптарына қатаң сәйкестікте қызмет атқарады.

663. Нарядқа тағайындалған жеке құрам белгіленген киім нысанында әртүрлі түсті үш жолақтан тұратын жеңдегі айырым байламасымен болады:

1) вахта үшін – қызыл, ақ, қызыл;

2) кезекшілік үшін – көк, ақ, көк.

Байламаның жалпы ені 4,5 сантиметр, ал әрбір жолақ – 1,5 сантиметр.

Құрама бойынша кезекшінің және оның көмекшісінің, корабль (казарма) бойынша кезекшінің және вахталық офицердің байламасында алтын түстес жұлдыз, ал төменгі жақ бойынша кезекшінің, команда бойынша кезекшінің байламасында қызыл жұлдыз жапсыра тігіледі. Жұлдыздың көлемі мен суреті офицердің киім-кешегінің жеңдегі белгісі сияқты.

Жауынгерлік бөлімде және қызметте арнайы наряд атқаратын адам үшін байламасында тиісті жауынгерлік бөлімге (қызметке) берілген айырым қара түсті цифрлары (әріптері) жапсыра тігіледі.

664. Кезекші және вахталық қызмет адамы:

1) құрама бойынша кезекші, құрама штабы бойынша кезекші, корабль бойынша кезекші, казарма бойынша кезекші мен төменгі жақ бойынша кезекші – жарақтандырылған екі оқжатары бар пистолетпен;

2) зәкірдегі (швартовтағы) вахталық офицер –жарақтандырылған екі оқжатары бар пистолетпен;

3) кіреберіс трап (баспалдақ) жанындағы вахталық бекет командирі – қынабына салынған сүңгі пышақпен (сүңгі);

4) айлақ құрылысжайы, порттағы корабль тұрағы ауданын күзету жөніндегі қаруланған вахташы –жарақтандырылған екі оқжатары бар автоматпен қаруланады.

Корабль жүзгенде вахталық офицер мен төменгі жақ бойынша кезекші қару тақпайды.

665. Кезекші және вахталық қызмет адамы кезекшілікке (вахтаға) түскенде:

1) ауысатын адамнан кезекшілік (вахта) бойынша алған бұйырымды қабылдайды;

2) тізім бойынша бекеттің материалдық бөлігінің жай-күйін, тапсырылатын мүліктің қолда барын тексереді;

3) кезекшілік және вахта атқару кезінде өз міндеттері аясы бойынша олар бағынысты болатын бастыққа кезекшілікті (вахтаны) қабылдағаны туралы баяндайды.

666. Корабль бойынша кезекшінің (жауынгерлік бөлім немесе қызмет бойынша кезекшінің) ерекше рұқсатынсыз немесе бұйырымынсыз корабльдік нарядта қызмет атқаратын адамдар бекетті тастап кетуге немесе өз міндеттерін біреуге тапсыруға.

Корабльде дабыл жарияланғанда кезекші және вахталық қызмет адамы осы Нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес әрекет етеді.

667. Корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) корабльдің немесе бөлімшенің барлық жеке құрамына қатысты бұйрықты радиотарату желісі арқылы береді. Бұл ретте маңайындағы жағдайды ескеруі және корабльдің ұйымдастырылуы мен қызметін ашатын команда жоғары палубадағы радиотарату желісі арқылы берілмеуі керек.

Басқа адамдар корабльдік радиотаратуды тек авария кезінде немесе корабль командирінің рұқсатымен пайдаланады.

668. Корабль бойынша кезекші және төменгі жақ бойынша кезекші корабльді тексеру уақытында өз бекетіндегі телефонға корабль құрылымын және корабльдің ішкі байланыс құралдарын пайдалануды жақсы білетін матростар қатарынан шабарманды қалдырады және өзінің болатын жері туралы хабардар етеді. Қандай жағдай болса да корабль бойынша кезекшінің немесе төменгі жақ бойынша кезекшінің болатын жерінің белгісіз болуына жол берілмеуі керек.

669. Кезекші қызметтің барлық адамы корабльде белгіленген кезектілікпен сағат 24.00-ден бастап жатып демалады (ұйықтайды) және оятуға дейін жарты сағат бұрын тұрады. Өз міндеттеріне байланысты олар кезең-кезеңімен түні бойы өзіне ведомстволық бағынысты бекеттің және бөлменің жай-күйін тексеріп қарайды.

Корабль (жауынгерлік бөлім, қызмет) бойынша кезекші және төменгі жақ бойынша кезекші әрқайсысы шешінбей және жарағын алмай, кезекшілік уақытында кезекпен төрт сағат демала (ұйықтай) алады. Олар түнде кемінде екі рет жеке құрамның қызмет атқаруын тексеруі қажет.

Вахтадан және кезекшілік ауысымынан бос адамға және тәуліктік кезекшіге, камбуз бойынша кезекшіге және кезекші кернейшіге шешінуге және ұйқыға жатқаннан тұрғанға дейін демалуға (ұйықтауға) жол беріледі.

**4-параграф. Тәуліктік наряд таралымы**

670. Корабльдік және арнайы кезекшілік және вахта тәуліктің нарядының таралымы белгіленген бір уақытта жүргізіледі. Таралымнан жарты сағат бұрын "Кезекшілікке және вахтаға жасақталған, таралым үшін дайындалсын; нөмір (мынадай) киім нысаны" командасы беріледі. Таралымға дейін 20 минут бұрын "Түсетін кезекші, вахта мен оркестр, таралым үшін (ана жерге) сапқа тұр" командасы беріледі.

671. Тәуліктік нарядтың таралым орнын құрама (корабль) командирі белгілейді.

Корабльде қолданылатын тәуліктік нарядты үлгілік сапқа тұрғызу тәртібі мынадай: таралымның оң жақ қапталына оркестр, содан кейін корабльдік кезекшілікке түсетін адам мынадай тәртіппен сапқа тұрғызылады, кезекші боцман және кернейші, төзімділік бойынша шолғыншы және үй-жай бойынша тәуліктік кезекші; одан кейін корабль вахтасының жеке құрамы, вахталық бекет командирі (бағынысты вахташымен), одан әрі жауынгерлік бөлім мен арнайы кезекшілік пен вахта тәртібінде сапқа тұрады. Көрсетілген топ арасындағы арақашықтық – бір адым.

Вахталық сигналшы, штурмандық электрик, радиотелеграфшы, радиометрист, гидроакустик пен камбуз және асхана бойынша наряд таралымға шықпайды, өз нұсқаулығына сәйкес вахтаға түседі.

Жұмысқа нарядтың таралымы, сондай-ақ жеке құрамға қауіпсіздік талаптары бойынша нұсқау беру тікелей жұмыс алдында (жұмыс орнына жіберу алдында) өткізіледі.

672. Корабль зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда корабльдік вахтаға тағайындалған вахталық офицер түседі, төменгі жақ бойынша кезекшілікке түсетін кезекші корабльдік кезекшілікке тағайындалған адамдардың, өз жауынгерлік бөлімінің (қызметінің) арнайы нарядына тағайындалған жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша түсетін кезекшінің болуын тексереді. Сонымен бір уақытта бағыныстылардың өз міндеттерін білуі және олардың киім нысаны тексеріледі.

Тексеру аяқталғаннан кейін төменгі жақ бойынша кезекші корабль бойынша түсетін кезекшіге корабльдік нарядтың таралымға дайын екені туралы шабарман арқылы баяндайды.

673. Корабль бойынша түсетін кезекшіні қарсы алғанда төменгі жақ бойынша кезекші: "Тік тұр, назар оңға (солға, ортаға)" командасын береді. Осы уақытта оркестр " Қарсы алу маршын" орындайды. Төменгі жақ бойынша кезекші корабль бойынша кезекшіге екі-үш адым жетпей тоқтап баяндайды.

Мысалы: "Капитан-лейтенант мырза. Тәуліктік наряд таралым үшін сапқа тұрғызылды. Төменгі жақ бойынша кезекші бас старшина Жәкенов".

"Тік тұр" командасымен барлық нарядтың корабль бойынша түсетін кезекшінің бағынысына өткені айқындалады.

Егер төменгі жақ бойынша кезекші старшина атағында болса, ал тәуліктік нарядта офицер болғанда тәуліктік нарядты сапқа тұрғызу мен баяндауды офицер жүзеге асырады.

674. Корабль бойынша кезекші наряд жеке құрамымен сәлемдеседі және "Еркін тұр " командасын беріп, төменгі жақ бойынша кезекшімен тәуліктік нарядты, сыртқы пішінін, вахталық және кезекші қызмет адамының өз міндеттерін білуін тексеріп, қарап шығады, қызмет атқару бойынша нұсқау береді.

Тексеру аяқталғаннан кейін төменгі жақ бойынша кезекші сапқа тұрады, ал корабль бойынша кезекші: "Түзел", "Тік тұр", "Оркестр, жиынды ойна" ("Дағырашы, жиынды соқ") командасын береді.

"Жиынды" ойнау аяқталғаннан кейін корабль бойынша кезекші тәуліктік нарядтың бір тәулікке міндеттерін нақтылайды, қызмет атқару ерекшеліктерін және қауіпсіздік талаптарын еске салады. Содан соң: "Оркестр, таралымды ойна" командасын береді. Ойнау аяқталған соң кезекші: "Орынға" командасын береді. Бірінші ауысымға түстетін адамдар кызмет атқару орнына тарайды, ал бос адамдар тұрғын үй-жайға кетеді.

Жағада 3 және 4-дәрежелі корабль құрамасы тәуліктік нарядының таралымы кезінде команда Жарғыға сәйкес беріледі.

Барлық жоғарыда аталған корабль бойынша кезекші мен төменгі жақ бойынша кезекшінің әрекетін тиісінше құрама және казарма бойынша кезекші орындайды. Ауысу туралы құрама бойынша ауысатын және түсетін кезекші құрама командиріне баяндайды.

675. Бекетте түскен ауысымды тексергеннен кейін вахталық офицер, төменгі жақ бойынша кезекші және жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша кезекші корабль бойынша түсетін кезекшіге жаңа нарядтың түскені және анықталған кемшіліктер туралы баяндайды. Осыдан кейін корабль бойынша түсетін және ауысатын кезекші корабль командиріне ауысқаны туралы баяндайды, негізгі орналасу пунктінде тұрғанда корабль бойынша түскен кезекші корабль құрамасы бойынша кезекшіге де баяндайды.

676. Корабльдің жүзуі барысында түсетін вахталық офицер, вахталық инженер-механик пен төменгі жақ бойынша кезекші корабль бойынша бұйрықпен белгіленген орында жауынгерлік бөлім кезекті жорықтық вахтасының, үй-жай бойынша тәуліктік кезекшінің таралымын өткізеді.

Жауынгерлік бекетте вахтаны атқаратын жеке құрамды ауыстыру вахтаның командасы бойынша жүргізіледі.

**5-параграф. Кезекшілік**

677. Кезекшілік:

1) белгіленген жауынгерлік және жорықтық әзірлікті ұстауға;

2) белгіленген күн тәртібінің орындалуын және жоспарланған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етуге;

3) жеке құрамның қызмет бойынша міндеттерін, корабльдік қағидаларды және белгіленген киім нысанын сақтауын бақылауға және тиісті түрде олардың қызметін бағыттауға;

4) тетіктің, жүйе мен құрылғының ақаусыз жұмыс істеуін қадағалауға және оларға кезең-кезеңімен қызмет көрсетуге;

5) тұрғын және қызметтік үй-жайда тәртіп пен тазалықты ұстауға;

6) корабльдің жарылыс-өрт қауіпсіздігін және суға батпауын қамтамасыз етуге, жеке құрамның қауіпсіздік шараларын талаптарын орындауын қамтамасыз етуге тиіс.

678. Кезекшілікті ауыстыру құрама немесе корабль командирі (жеке жүзуде) белгілеген сағатта жүргізіледі.

Камбуз және асхана бойынша кезекші түсетін кезекші келесі күнге тамақ дайындау үшін азық-түлікті қабылдайтындай және осы азық-түліктен дайындалған тағамды таратқаннан кейін ауысатындай есеппен ауысады.

Кезекшіліктен ауысқаннан кейін жеке құрам алдағы түнге нарядқа тағайындалмайды.

679. Корабль құрамасында кезекші қызмет құрамына мыналар кіреді:

1) корабль бойынша кезекші;

2) төменгі жақ бойынша кезекші;

3) төзімділік бойынша шолғыншы;

4) кезекші боцман;

5) камбуз және асхана бойынша кезекші;

6) кезекші кернейші;

7) жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша кезекші;

8) тұрғын үй-жай бойынша тәуліктік кезекші;

9) бақылау-өткізу пункті бойынша кезекшісі (бұдан әрі – БӨП);

10) БӨП бойынша кезекшінің көмекшісі;

11) кезекші катер (шлюпка) командасы;

12) десант немесе әскери команда бойынша кезекші (корабльде десант, әскери команда болған жағдайда);

13) казарма бойынша кезекші;

14) команда бойынша кезекші.

3 және 4-дәрежелі корабль құрамасында кезекші қызметке құрама бойынша кезекші және құрама бойынша кезекшінің төзімділік бойынша көмекшісі басшылық етеді.

Ұзақ жүзгенде корабльдік вахтаның ауысымы сағатында ауысып, қызметті екі-үш ауысыммен өткеруі мүмкін төменгі жақ бойынша кезекшіні қоспағанда, кезекші қызметті бір ауысыммен атқарады.

Құрама бойынша корабльдің кезекшілігі күні кезекші корабльден кезекші бөлімше тағайындалады.

680. 3 және 4-дәрежелі корабль экипажын жағалық казармада орналастырылғанда және жағалық асханада тамақтануын ұйымдастырғанда кезекшілік қызметі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнизондық және қарауылдық қызмет жарғысына сәйкес атқарылады.

**6-параграф. Кезекшілік атқаратын адамның әрекеті**

**Корабльдер құрамасы бойынша кезекші (жеке тұрған корабльдер тобы бойынша)**

681. Құрама бойынша кезекші корабль командирінен, корабль командирінің аға көмекшісінен (көмекшісінен), құрама штабының офицерлерінен (егер олар жедел кезекшілік өткермесе) тағайындалады.

Құрама бойынша кезекші құрама командиріне бағынады, ал оған барлық тәуліктік наряд бағынады. Құраманың ішкі қарауылына қатысты ол Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары гарнизондық және қарауылдық қызметі жарғысының ережелерін басшылыққа алады.

Құрама бойынша кезекші:

1) корабль тұрағының қауіпсіздігіне;

2) айлақтағы және жағалау базасы аумағындағы өрт қауіпсіздігіне;

3) құрамада күн тәртібінің орындалуына;

4) құрамада ішкі тәртіпті ұстауға;

5) тәуліктік нарядтың қызмет өткеруіне;

6) кезекшінің үй-жайында орналасқан қарудың, оқ-дәрі мен құжаттардың сақталуына;

7) дабыл немесе жеке құрамға жиын жарияланғаны туралы құрама қолбасшылығын және корабльді уақтылы хабардар етуге жауап береді.

Түсетін кезекші (егер таралым құрама ауқымында өткізілсе, таралыммен) түсер алдында белгіленген уақытта құрама штабының бастығына нұсқау алуға және пароль алуға келеді.

Құрама бойынша түсетін кезекші таралымда нарядтың сандық құрамын, қару-жарағын тексереді, барлық тәуліктік наряд адамы белгіленген нысан бойынша киім үлгісін кигенін қадағалайды, олардың өз міндеттерін білуін тексереді, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде нұсқау беріп, келесі тәулікте қызмет өткеру тәртібін жеткізеді.

Түсетін кезекші таралымнан кейін бұрынғы кезекшіден мыналарды қабылдайды:

1) құжаттарды;

2) каруды;

3) кезекші үй-жайында орналастырылған қару мен оқ-дәріні (қаруды данасы, нөмірі мен жиынтығы бойынша қабылдайды);

4) мынадай тиісті мәліметтерді:

корабльдің жауынгерлік және жорықтық әзірлігі;

құрама корабльдерінің орналасуы, техникалық жай-күйі мен онда жүргізілетін жұмысты;

құрама командирінің тәулікке берілген бұйырымын;

корабльдің және құрама бөлімдерінің дабыл жарияланған және жауынгерлік әзірлікті аттырған жағдайда әрекет ету тәртібін;

құрамада кезекші және вахталық қызмет барлық бекетінің орналасуын және арналуын;

құрамадағы байланыс құралдарының жай-күйін, ағымдағы және келесі тәулікке барлық хабардар ету түрі сигналын.

Техникалық дабылдама құралының, радиациялық және химиялық барлау аспабының ақаусыздығын тексереді.

Қарауыл бастығы кезекшілікті тапсырғаннан және қабылдағаннан және қарауыл ауысымы туралы баяндауынан кейін түсетін және ауысатын кезекші құрама командиріне келіп, кезекшілікті тапсыру және қабылдау туралы баяндайды.

Мысалы: "1-дәрежелі капитан мырза. 3-дәрежелі капитан Ергебеков, құрама бойынша кезекшілікті тапсырдым".

"1-дәрежелі капитан мырза. Капитан-лейтенант Имашев, құрама бойынша кезекшілікті қабылдадым".

Содан кейін құрама бойынша түсетін кезекші ауысатын тәуліктік наряд жоя алмайтын кезекшілікті қабылдау кезінде анықталған барлық кемшілік туралы құрама командиріне хабарлайды.

682. Құрама бойынша кезекші:

1) құрама бойынша кезекшінің төзімділік бойынша көмекшісінен, корабль, казарма бойынша кезекшіден, кезекші және вахталық қызметтің түскені туралы және түн ішінде анықталған кемшіліктер туралы баяндауды қабылдайды;

2) кезекші және вахталық қызмет арқылы корабль мен бөлімнің күн тәртібін орындауын және құрамада белгіленген киім нысанын сақтауын қамтамасыз етеді;

3) кезекші және вахталық қызмет арқылы айдында, аумақта, тұрғын және қызметтік үй-жайда тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етеді, күндіз және түнде бір реттен сиретпей құрама кораблiндегі және бөлімшесіндегі тәуліктік нарядтың қызмет өткеруін өзі тексереді;

4) құрама командиріне құрамада болған оқиға мен оларға алғышарттар туралы, оның ішінде жағалауға өз еркімен кеткен немесе көрсетілген мерзімде келмеген әскери қызметшілер туралы жедел баяндайды;

5) жеке құрам жағалауға сейілдемеге кеткен күні сейілдемеге кеткен адам саны, босату нәтижесі және жеке құрамды кешкі тексеру туралы баяндауды қабылдайды;

6) құрама жеке құрамының шығысы туралы мәліметтерді білуге, сондай-ақ жүзу құралының қайтып оралуын бақылауға тиіс, ол кешіккен жағдайда құрама командиріне баяндап, іздестіру шаралар қабылдайды;

7) құрамадан жасақталатын бөлімше (команда) мен қарауылды тексереді, оларды уақтылы жібереді және ол туралы құрама штабы бастығына баяндайды;

8) өзара ақпарат алмасу мақсатында ӘТБ (құрама) жедел кезекшісімен байланысты ұстайды, оны жедел кезекшінің міндеттеріне қатысты мәселе бойынша хабардар етеді;

9) құрама бойынша кезекшінің үй-жайында болады, қызметтік ісі бойынша кеткенде үй-жайда өзінің көмекшісін қалдырып, оған қайда, қандай мақсатпен, қанша уақытқа кеткенін хабарлайды;

10) құрама орналасқан немесе оған жақын жерде өрт, зілзала болғанда адамды, қаруды, құпия құжаттарды, техниканы, оқ-дәрі мен мүлікті құтқаруға шаралар қабылдайды, өрт шыққанда өрт сөндіру командасын шақырады және ол келгенге дейін өрт сөндіруді ұйымдастырады;

11) дабыл немесе жеке құрамды жинау сигналын алғанда осы белгіні корабльге және құрама бөлімшесіне жеткізеді, құрама командирін, штаб бастығын, құрама командирінің орынбасарларын және лауазымды адамды хабардар етеді;

12) жұмылдыру туралы хабарлама алғанда ол туралы құрама командиріне және штаб бастығына жедел баяндайды және оның нұсқауына сәйкес әрекет етеді;

13) құрама командирі белгілеген тәртіпке сәйкес құрама штабының офицерлері мен старшиналарына жеке қару мен оған оқ-дәріні береді, ол туралы қару мен оқ-дәріні беру кітабына жазба жасайды және олардың уақтылы тапсырылуын бақылайды;

14) құрама корабльдері экипажын жағалау казармасына (жүзу базасына) орналастыруда кезекші дәрігермен (фельдшермен) бірлесіп, тағамды таратар алдында оның сапасының дұрыс болуын тексереді, дайындалған тағамның сапасын бақылау кітабына тиісті жазба жасайды және оны таратуға рұқсат береді, тағамның сапасының дұрыстығына күмәнданған жағдайда ол туралы құрама командиріне баяндайды, тағамды тарату және қабылдау уақытында асханада өзі болады және нормаға сәйкес жеке құрамға таратылуын қадағалайды;

15) құрама командирі бірінші келгенде оны күтіп алып, "тік тұр" командасын береді және оған баяндады.

Мысалы: "1-дәрежелі капитан мырза, менің кезекшілігім кезінде оқиға болған жоқ ( немесе мынадай оқиға болды), құрама бойынша кезекші 3-дәрежелі капитан Ергебеков" ;

16) корабль теңізге кеткенде (келгенде) айлақ құрылысжайында швартовтау жұмысына басшылық жасайды.

683. Құрама бойынша кезекші корабль экипажы жағалау казармасына кеткен уақыттан бастап:

1) корабльдің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, корабльдің кезекші және вахталық қызметі адамдарының міндеттерін орындауын тексереді;

2) құрама кораблінде, аумағында, айлақта немесе акваторияда авария немесе өрт болғаны туралы командирге баяндайды;

3) авария болған корабльге, егер қажет болса, дабыл жариялап және өрт сөндіру командасын немесе әскери-теңіз базасының (ӘТК) авариялық-құтқару кемесін шақыртып, корабльдің және жағалау бөлімшесі авариялық-құтқару тобының көмек көрсетуіне басшылық жасайды;

4) құрама қолбасшылығы келгенге дейін корабльді қайта швартовтауға басшылық жасайды.

**7-параграф. Құрама бойынша кезекшінің төзімділік жөніндегі көмекшісі**

684. Құрама бойынша кезекшінің төзімділік жөніндегі көмекшісі электр-механикалық мамандығы бар офицерлерден тағайындалады және құрама бойынша кезекшіге бағынады. Оған құраманың суға батпау, өрт және жарылыс-өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша барлық тәуліктік наряд бағынады. Құрама бойынша кезекшінің төзімділік жөніндегі көмекшісінің болу орны құрама командирінің бұйрығымен айқындалады.

Таралымнан кейін түсетін құрама бойынша кезекшінің төзімділік жөніндегі көмекшісі ауысушыдан мыналарды қабылдайды:

1) құжаттар (арнайы тізбе бойынша);

2) мынадай мәліметтерді:

корабльдің жауынгерлік әзірлігі және ол қандай техникалық құралдың әрекетімен ұсталатыны туралы;

корабльдің техникалық жай-күйі, онда жүргізілетін жұмыс және оған кім басшылық жасайтыны туралы;

корабльдегі қордың бар болуы туралы.

Құрама бойынша кезекшінің төзімділік жөніндегі бұрынғы көмекшісімен бірлесіп, корабль бойынша кезекшінің корабльді қабылдау дұрыстығын тексеріп, кемені қарап өтеді және олардан баяндауды қабылдайды.

Қарап өткеннен кейін құрама бойынша кезекшіге келіп, баяндайды.

Мысалы: "3-дәрежелі капитан мырза. Капитан-лейтенант Әбдірахманов төзімділік бойынша кезекшілікті тапсырды".

"3-дәрежелі капитан мырза. Капитан-лейтенант Құрманәлиев төзімділік бойынша кезекшілікті қабылдады".

Құрама бойынша кезекшінің төзімділік жөніндегі жаңа көмекшісі ауысатын тәуліктік наряд жоя алмайтын кезекшілікті қабылдауда анықталған кемшіліктер туралы баяндайды.

685. Құрама бойынша кезекшінің төзімділік жөніндегі көмекшісі:

1) түнгі уақытта, ал мереке және демалыс күні және күндіз бір реттен сиретпей корабльдегі кезекші және вахталық қызмет адамының міндеттерін орындауын және оның корабльдің төзімділігін қамтамасыз ететін құралдардың белгіленген техникалық әзірлігін жеке өзі тексереді;

2) құрама кораблінде өрт шыққанда немесе авария болғанда құрама қолбасшылығы келгенге дейін авариялық-құтқару тобының әрекетіне басшылық жасайды;

3) корабльдің сыртқы және ішкі қауіпсіздігін, сондай-ақ корабльдегі, айлақ құрылысжайы мен акваториясындағы тәртіп пен тазалықты бақылайды;

4) пирсте, айлақта электр энергиясын, жоғары қысымдағы ауаны, суды, жанар-жағар май материалын бақылайды, ақаулық туралы құрама бойынша кезекшіге, құраманың электр-механикалық қызметінің бастығына (құрама командирінің МТҚ жөніндегі орынбасарына) баяндайды.

**8-параграф. Корабль бойынша кезекші**

686. Корабль бойынша кезекші корабль швартовта (зәкірде, бөшкеде) тұрғанда сынақ тапсырған және корабль командирінің бұйрығымен жіберілген даярланған офицерлер қатарынан тағайындалады.

Корабль бойынша кезекші корабль командиріне, құрама бойынша кезекшіге және корабльдің төзімділігін қамтамасыз ету мәселелерінде оның төзімділік жөніндегі көмекшісіне бағынады. Қызмет пен күнделікті тәртіпті ұйымдастыру мәселелері бойынша корабль командирі аға көмекшісінің және корабль командирі көмекшісінің нұсқауын орындайды.

Корабль командирінің көмекшісі тікелей корабль бойынша кезекшінің қызметіне басшылық жасайды. Командирдің көмекшісі оған корабльдік нарядтың қызмет атқару, корабльдің сыртқы пішінін ұстау және жүзу құралдарын пайдалану мәселелері бойынша нұсқау береді.

Корабль бойынша кезекшіге корабльдің барлық тәуліктік наряды бағынады.

Ол:

1) корабль тұрағының қауіпсіздігін;

2) белгіленген әзірлікті ұстауды;

3) ішкі тәртіпті сақтауға;

4) корабльдік нарядтың қызмет атқаруына;

5) корабль бойынша кезекшінің үй-жайында сақталатын қарудың, оқ-дәрінің сақталуына;

6) кестеге немесе алынған өкімге (корабль бойынша бұйрыққа) сәйкес бекітулі немесе ашулы ұсталуға тиіс су өткізбейтін есіктің, люктің, мойынның, сыртқы желдеткіш қақпақтың және иллюминатордың жай-күйін қамтамасыз етеді.

687. Түсер алдында корабль бойынша кезекшілікке түсетін кезекші белгіленген уақытта корабль командирінің аға көмекшісіне нұсқау алуға келеді.

Нұсқауды алғаннан кейін корабль бойынша ауысатын кезекшіден мыналарға қатысты мәліметтерді қабылдайды:

корабльдің жауынгерлік әзірлігіне;

оның жорыққа әзірлігіне және минаға қарсы қорғау құралдарының жай-күйіне;

берілген зәкірдің жай-күйіне, клюздегі зәкір шынжырының санына, екінші зәкірді, іске қосылған швартовты беруге;

корабль орнына (жергілікті жер және карта бойынша);

тереңдікке, топыраққа, ағысқа және ауа райына;

отын және су қорына;

күн тәртібіне, жүргізілудегі немесе белгіленген жұмысқа, сабаққа және т.б.;

корабль командирінің, корабль командирі аға көмекшісінің, құрама командирінің және оның орынбасарларының болу орнына;

корабль командирі мен оның көмекшісінің орындалмай қалған немесе ағымдағы тәулікке қатысы бар бұйырымына;

қолданыстағы тетіктің және кезекшілік құралдардың жай-күйіне;

су өткізбейтін есіктің, люк пен мойынның жай-күйіне;

бортта жоқ және онда бар корабльдік катердің (шлюпканың) жай-күйіне;

жарияланған киім нысанына;

корабль экипажының жоқ адамына;

корабль экипажының құрамына кірмейтін бөгде адамның корабльде болуына қатысты мәліметтерді қабылдайды.

Таралымда корабль бойынша түсетін кезекші:

нарядтың, қару-жарақтың сандық құрамын, тәуліктік нарядтың барлық адамының белгіленген киім нысаны бойынша киінуін бақылайды;

олардың өз міндеттерін, атыс қаруын қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптарын және оны қолдану тәртібін білуін тексереді;

анықталған кемшіліктерді жою мерзімін белгілейді.

Таралымнан кейін корабль бойынша кезекшілікке түсетін кезекші бұрынғы кезекшіден мыналарды қабылдайды:

құжаттарды (арнайы тізім бойынша);

корабль бойынша кезекшінің үй-жайындағы қару мен оқ-дәріні (қару данамен нөмірі бойынша және жиынтығы бойынша қабылданады);

дабылдама құралының, радиациялық және химиялық барлау (бақылау) аспабының техникалық ақаусыздығын тексереді.

688. Кезекшілікті тапсыру мен қабылдау аяқталған соң және жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша кезекшіден ауысым туралы баяндауды қабылдағаннан кейін корабль бойынша түсетін және ауысатын кезекші корабль командиріне, ал ол болмағанда командирдің аға көмекшісіне келеді және кезекшілікті тапсыру және қабылдау туралы баяндайды.

Мысалы: "2-дәрежелі капитан мырза. 3-дәрежелі капитан Тәшенов корабль бойынша кезекшілікті тапсырды".

"2-дәрежелі капитан мырза. Капитан-лейтенант Жұмабаев корабль бойынша кезекшілікті қабылдады".

Содан кейін корабль бойынша түсетін кезекші кезекшілікті қабылдау кезінде анықталған ауысатын тәуліктік наряд жоя алмаған барлық кемшілік туралы баяндайды.

689. Корабль бойынша кезекші қызметтік міндеттерін орындауға кірісіп, корабль командирінің аға көмекшісіне келеді, ол күн тәртібі, алдағы оқу-жаттығу, сабақ пен жұмыс бойынша алдағы тәулікке, сондай-ақ корабль бойынша және корабльден қосымша наряд туралы өкім береді. Корабльдік наряд қызметіне қатысты ол арқылы берілген өкімдердің уақтылы және тиісті түрде орындалуын бақылайды.

690. Корабль командирінің аға көмекшісінен өкімді алып, корабль бойынша кезекші тәуліктік нарядқа барлық қажетті бұйырымды береді, содан кейін корабльді қарап шығып, анықталған кемшіліктерді жою үшін шаралар қабылдайды. Оның құқығының шегінен тыс іс-шараларды өткізу туралы команда бойынша баяндайды және ол туралы тиісті жауынгерлік бөлімнің командиріне (қызмет бастығына) хабарлайды.

691. Корабль бойынша кезекшіге ұдайы болуы үшін байланыс және дабылдама құралдарымен жабдықталған арнайы үй-жай (бекет) бөлінеді.

Арнайы үй-жайды жабдықтау мүмкін болмайтын корабльде корабль бойынша кезекшінің болу орны құрама (корабль) бойынша бұйрықпен айқындалады.

692. Корабль бойынша кезекшінің үй-жайында (бекетінде) корабльдің сызбасы ( палубаны, су өтпейтін бөлікті, үй-жайды, цистернаны көрсетумен диаметрлік жазықтығы бойынша қимасы) және арнайы тізбемен айқындалған құжаттар болады.

693. Корабль бойынша кезекші:

1) корабльдің құрылымын зерделейді және оның төзімділігі үшін күресуге басшылық жасайды;

2) корабльдің белгіленген жауынгерлік әзірлігі мен оның жорыққа әзірлігін ұстайды ;

3) корабльдің сыртқы қауіпсіздігін бақылайды және авариядан сақтандыратын шараларды қабылдайды, ашық оттың жанындағы және іргелес үй-жайдағы жұмыс орны жанына, өртке қатысты анағұрлым қауіпті орында вахташының қойылуын бақылайды;

4) қоршаған ортаны ластанудан қорғау жөніндегі шаралардың сақталуын, корабль борты жанындағы су бетінің тазалығын қадағалайды, борт сыртына құрамында мұнай бар және ластайтын сұйықтықты ағызуға жол бермейді;

5) күн тәртібіне және тәуліктік жоспарға сәйкес корабльдің күнделікті тіршілік әрекетін бағыттайды;

6) корабль тәуліктік нарядының қызметіне басшылық жасайды, күндіз бір реттен сиретпей және түнде екі реттен сиретпей кезекші және вахталық қызмет адамдарының өз міндеттерін орындауын және барлық корабльді қарап өтумен ішкі тәртіптің сақталуын тексереді; склянканың уақтылы соғылуын бақылайды;

7) корабльдің күнделікті мұқтажына қызмет көрсететін техникалық құралдың ақаусыз жұмыс істеуін қадағалайды;

8) корабль бойынша кезекшінің үй-жайында болады, қызметтік іс бойынша кеткенде өз орнына төменгі жақ бойынша кезекшіні қалдырады және оған қайда және қанша уақытқа кететінін хабарлайды;

9) корабльге келген және одан кететін барлық офицер, команда және экипаж құрамына кірмейтін бөтен адамдар туралы біледі;

10) жағаға сейілдемеге шығатын жеке құрамның сыртқы пішінін қарап-тексереді; сейілдемеге кететін жеке құрамды жіберуді және қабылдауды ұйымдастырады;

11) корабль жеке құрамының шығысы туралы, сондай-ақ жүзу құралының болу орны туралы мәліметтерді біледі;

12) вахталық офицер (вахталық бекет командирі) арқылы жүзу құралдарының бортқа қайтып оралуын бақылайды, корабль командиріне олардың рейсте кідіру жағдайы туралы баяндайды, жүзу құралдарын іздестіру мен бортқа қайтып оралу шараларын қабылдайды;

13) дәрігермен (фельдшермен) бірлесіп, тағам дайындау сапасын тексереді, дайындалған тағам сапасын бақылау кітабына өз қорытындысын жазады, жеке құрам тамақтанардан 15 минут бұрын корабль командиріне тағамның әзірлігі туралы баяндайды және оны таратуға рұқсат сұрайды, тамақ тарату және тамақтану кезінде асханада болады, асхана болмағанда тамақ тарату кезінде камбуздың қасында болады, тамақтану аяқталғаннан кейін үй-жай мен тамақтану орнын қарап шығады;

14) өрт шыққан немесе су кірген жағдайда авариялық дабыл жариялайды, корабль командиріне баяндайды және аварияны немесе өртті жоюға шаралар қабылдайды;

15) корабльдің жай-күйі туралы түбегейлі мәліметтерді біледі;

16) жеке құрамды ұйқыдан тұрғызу кезінде және кешкі тексеруден кейін корабльді қарап шығады, жеке құрамның дене шынықтыру жаттығуына, таңертеңгі жинауына, жуынуына, кешкі тексеруге және жалпы барлық жиыналуына басшылық жасайды;

17) үй-жайда тәртіп пен тазалықты қадағалайды;

18) командирдің көмекшісіне немесе корабльдің командиріне тікелей корабльдің қауіпсіздігіне әсер ететін барлық аса маңызды жағдай туралы баяндайды;

19) дабыл сигналын алғанда корабль командирін, корабль командирінің аға көмекшісін хабардар етеді, корабль бойынша сигнал береді, үй-жайды, қаруды төменгі жақ бойынша кезекшіге тапсырады және ауыспай, кестеге сәйкес өз орнына орналасады;

20) корабль командирі келгенде оны қарсы алады, "Тік тұр" командасын береді, және оған баяндайды.

Мысалы: "2-дәрежелі капитан мырза. Менің кезекшілігім уақытында оқиға болған жоқ (немесе мынадай болды). Корабль бойынша кезекші 3-дәрежелі капитан Құрбанов" .

Корабль командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары және командирдің көмекшісі корабльге келгенде корабль бойынша кезекші тек өзін таныстырады;

21) вахталық журналды жүргізеді және басқа журнал мен кітапқа кезекшілікке қатысты жазбаның уақтылы енгізілуін қадағалайды;

22) корабльдік және гарнизондық нарядтың қаруы мен оқ-дәрісін тапсыруын бақылайды.

**9-параграф. Төменгі жақ бойынша кезекші**

694. Төменгі жақ бойынша кезекші корабльдегі офицерлер және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер қатарынан тағайындалады.

Төменгі жақ бойынша кезекші корабль бойынша кезекшіге, ал жүзгенде вахталық офицерге бағынады.

Төменгі жақ бойынша кезекшіге корабльдің ішкі үй-жайында қызмет атқаратын корабль кезекшілігіндегі барлық адам бағынады.

Арнайы кезекшілік пен вахталық қызмет атқаратын жеке құрам корабльдің төзімділігін қамтамасыз ету және ішкі тәртіп қағидаларын орындау жөніндегі іс-шараларға қатысты төменгі жақ бойынша кезекшінің нұсқауын орындайды.

Төменгі жақ бойынша кезекші:

ішкі тәртіпті ұстауды және тәуліктік нарядтың қызмет атқаруын;

жеке құрамның үй-жайды су басуының алдын алу және кеменің ішкі үй-жайындағы өртке қарсы қағидалар жөнінде іс-шараларды орындауын қамтамасыз етеді.

695. Таралым аяқталғаннан кейін төменгі жақ бойынша түсетін кезекші ауысатын кезекшіден:

корабльдің белгіленген жауынгерлік әзірлігіне және оның жорыққа әзірлігін, су өткізбейтін есіктің, люктің және мойынның жай-күйіне;

өткізілетін немесе белгіленген сабақты, жұмысты және іс-шараларды;

орындалмаған өкімге және нұсқауға, жарияланған киім нысанына;

экипаж құрамына кірмейтін адамның корабльде болуына (кім және қанша уақытқа дейін оларға корабльде жүруге рұқсат етті) қатысты мәліметтерді қабылдайды.

Төменгі жақ бойынша кезекші корабльдің тұрғынжайы мен ортақ пайдаланылатын үй-жайды қарап шыққаннан кейін корабль бойынша кезекшіге кезекшілікті қабылдағаны және кезекшілікті қабылдау кезінде анықталған, ауысатын тәуліктік наряд жоя алмайтын кемшіліктер туралы баяндайды.

696. Төменгі жақ бойынша кезекші:

1) жеке құрамның күн тәртібін орындауын және ішкі үй-жайдағы корабльдік қағидаларды сақтауын бақылайды;

2) ішкі үй-жайда корабль наряды қызметін атқарушы жеке құрамға, оның ішінде төзімділік бойынша шолғыншыға басшылық жасайды;

3) корабль құрылымын және ішкі үй-жайдың орналасуын, сондай-ақ корабль командирінің бұйрығымен белгіленген су өтпейтін есікті, люкті, мойынды, иллюминаторды ашу және жабу қағидаларын зерделейді және олардың жай-күйін жүйелі түрде тексереді;

4) авариялық құралдарды пайдалану тәртібі мен қағидаларын зерделейді;

5) корабль командирі белгілеген уақытта тәуліктік наряд жеке құрамының тамақтануын және жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша кезекшіден шығысқа өтінімді жинауды ұйымдастырады;

6) корабль бойынша кезекшіге анықталған оқиға және корабль қағидаларының өрескел бұзылуы туралы баяндайды;

7) күндіз бір реттен және түнде екі реттен сиретпей корабль кезекшілігі адамының қызмет атқаруын, белгіленген тәртіппен су өтпейтін есікті, люкті, мойын мен иллюминаторды ашу және жабу тәртібінің орындалуын және олардың жай-күйін, корабль қызметтік, тұрғын үй, мәдени-демалыс, шаруашылық, тұрмыстық және ортақ пайдаланудағы үй-жайының жай-күйін тексереді;

8) кешкі тексеруден кейін корабль бойынша кезекші палубаны қарап шыққан кезде онымен бірге жүреді;

9) сигнал мен команда бойынша жеке құрамның уақтылы әрекет етуін бақылайды.

697. Жұмыс аяқталғаннан кейін төменгі жақ бойынша кезекші үй-жайды қарап шығады және корабльдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жай-күйге келтірілгенін тексереді. Жұмыстан тыс уақытта жұмыс жүргізілетін үй-жайды жүйелі бақылайды.

698. Төменгі жақ бойынша кезекші кеменің жүзуі барысында:

1) корабль командирінің аға көмекшісінен алдағы тәулікке, күн тәртібінде белгіленген жоспарланған оқу-жаттығу, сабақ мен жұмыс, сондай-ақ корабль бойынша қосымша наряд туралы өкім алады;

2) күн тәртібіне және жауынгерлік даярлық жоспарына сәйкес корабль үй-жайындағы күнделікті өмірді бағыттайды;

3) дәрігермен (фельдшермен) бірлесіп, тағам дайындау сапасын тексереді, дайындалған тағам сапасын бақылау кітабына өз қорытындысын жазады, жеке құрам тамақтанардан 15 минут бұрын корабль командиріне тағамның әзірлігі туралы

баяндайды және оны таратуға рұқсат сұрайды, тамақ тарату және тамақтану кезінде асханада болады, асхана болмағанда тамақ тарату кезінде камбуздың қасында болады, тамақтану аяқталғаннан кейін үй-жай мен тамақтану орнын қарап шығады;

4) корабль қауіпсіздігіне әсер ететін барлық маңызды жағдай туралы вахталық офицерге дереу баяндайды және оларды жою бойынша шаралар қабылдайды.

699. Дабыл бойынша төменгі жақ бойынша кезекші корабль бойынша кезекшіден және қаруланған вахташыдан қаруды қабылдап, корабль бойынша кезекшінің үй-жайын жабады, оны мөрлейді және ауыспай, кестеге сәйкес өз орнына тұрады.

**10-параграф. Төзімділік бойынша шолғыншы**

700. 1, 2 және 3-дәрежелі корабльде төзімділік бойынша шолғыншы зымыран-артиллериялық, мина-торпедалық және электр-механикалық жауынгерлік бөлім старшиналары мен матростары қатарынан тағайындалады. Ол төменгі жақ бойынша кезекшіге бағынады. Төзімділік бойынша шолғынға корабльдің дәрежесіне және ерекшелігіне байланысты тәулігіне кемінде екі адам тағайындалады.

4-дәрежелі корабльдегі шолғыншының міндеттерін арнайы кезекшіліктегі және вахтадағы адам орындайды.

701. Төзімділік бойынша шолғыншы:

1) корабль құрылымын, корабль корпусының су өткізбеуін ұстау шараларын және өрт қауіпсіздігі шараларын; өрт сөндіру құралдарының орналасуын, ішкі үй-жайда өрт шыққан және борт сыртындағы су кіргенде қауіпті орынды; ашық отты пайдалану ережесін; корабльде кезекшілік қызметін ұйымдастыруды, ішкі корабльдік байланыс құралдарын және оларды пайдалану тәртібін зерделейді;

2) 21.00-ден 07.00-ге дейін әрбір 2 сағат сайын, қалған уақытта әрбір 4 сағат сайын корабль командирі бекіткен бағыт бойынша корабльді қарап шығады;

3) корабль бойынша кезекшінің бұйырымына және олардың таңбалануына сәйкес есіктің, люктің, мойынның, сыртқы желдеткіш қақпағы мен иллюминатордың жай-күйін (бекітілгенін немесе ашылғанын) тексереді;

4) ашылған есіктің, люктің, мойынның, сыртқы желдеткіш қақпағы мен иллюминатордың дереу жабуға әзірлігін тексереді;

5) жеке құрамның бөлікті (үй-жайды) су басудың алдын алу жөніндегі іс-шараларды және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды орындауын бақылайды;

6) бөліктің, үй-жайдың, трюмнің, қоршаудың жай-күйін тексереді;

7) барлық байқалған кемшілікті арнайы журналға жазады.

Дабыл бойынша төзімділік бойынша шолғыншы ауыспай, кестеге сәйкес өз орнына тұрады.

702. Бөлікті (үй-жайды) су басудың алдын алу шараларын және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуды анықтағанда шолғыншы бөлік (үй-жай) меңгерушісінен кемшілікті

жоюды талап етеді және олар туралы төменгі жақ (корабль) бойынша кезекшіге баяндайды.

Корабль бөлігіне (үй-жайына) су кіргенде немесе өрт болғанда (түтін, күйік иісі шыққанда) шолғыншы (өзі немесе кезекшілік қызметінің жақын тұрған адамы арқылы) корабль бойынша кезекшіге, төменгі жақ бойынша кезекшіге баяндайды және аварияны жоюға іс-шаралар қабылдайды.

703. Корабльде корпустың су өткізбеуінің бұзылуымен немесе ашық отты пайдаланумен байланысты жұмыста шолғыншы жеке құрамның осы және көрші үй-жайдағы төзімділікті сақтау жөніндегі шараларды орындауын, вахташының жұмыс орнында апаттық мүліктің, өрт сөндіру құрал-сайманы мен құралдарының болуын тексереді.

Осы жұмыс аяқталғаннан кейін шолғыншы үй-жайды қарап шығады және 12 сағат ішінде оған бақылауды жүзеге асырады.

**11-параграф. Үй-жай бойынша тәуліктік кезекші**

704. Үй-жай бойынша тәуліктік кезекші осы үй-жайда тұратын матростардан тағайындалады.

Ол төменгі жақ (жауынгерлік бөлім, қызмет) бойынша кезекшіге бағынады.

Үй-жай бойынша кезекші:

1) үй-жайдағы электр жабдығының, жүйесінің ақаусыз жай-күйін;

2) матростар мен старшиналардың жеке заттары мен мүлкінің сақталуын;

3) қызмет атқару ауданында корабльдің (казарманың) қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

705. Қызмет шартына байланысты тәуліктік кезекші тәулігіне бір, екі немесе үш ауысымға қойылады.

706. Үй-жай бойынша тәуліктік кезекші:

1) үй-жай бойынша үлкеннің қызмет атқаруға қатысты барлық нұсқауын орындайды;

2) төменгі жақ (команда, жауынгерлік бөлім, қызмет) бойынша кезекшінің рұқсатынсыз үй-жайдан ешқайда кетпейді;

3) үй-жайдың тазалығы мен тәртібін қадағалайды және жеке құрамнан олардың сақталуын талап етеді;

4) матростардың жарияланған киім нысанын сақтауын және олардың корабль қағидаларын орындауын қадағалайды;

5) төменгі жақ (команда, жауынгерлік бөлім, қызмет) бойынша кезекшіге барлық болған оқиға, байқалған ақаулық мен өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу туралы баяндайды;

6) вахтадан берілген барлық команданы қайталайды, команданың уақтылы орындалуын талап етеді;

7) кезекші жарықты пайдалану қағидаларын сақтайды;

8) корабль бойынша кезекші, бөлімше командирі және одан жоғары тікелей бастық үй-жайға келгенде "Тік тұр" командасын беріп, өзін таныстырады.

Мысалы: "3-дәрежелі капитан мырза. № 1 кубрик бойынша тәуліктік кезекші матрос Кененов";

9) үй-жай бойынша үлкеннің рұқсатынсыз мүлік пен заттарды үй-жайдан шығаруға рұқсат етпейді;

10) су өткізбейтін есіктің, люктің, мойын мен иллюминатордың және олардағы жауынгерлік қақпақтың уақтылы жабылуын (дабыл немесе бұйырым бойынша) қадағалайды;

11) бөшкеде қайнаған судың болуын қадағалайды.

707. Үй-жайдан кету қажет болса, тәуліктік кезекші төменгі жақ (команда, жауынгерлік бөлім, қызмет) бойынша кезекшінің рұқсатымен вахтаға бағынысты ауысым адамының біреуімен (бір ауысымда қызмет атқару кезінде матростардың біреуімен) ауысады. Дабыл бойынша барлық жеке құрам үй-жайдан шыққаннан кейін тәуліктік кезекші ауыспай, кестеге сәйкес өз орнына тұрады.

## 12-параграф. Кезекші боцман

708. Кезекші боцман 1 және 2-дәрежелі суүсті кораблінде старшиналар мен боцмандық команданың анағұрлым даярланған матростарынан тағайындалады.

Ол вахталық офицерге, ал ол жоқ жерде корабль бойынша кезекшіге бағынады.

Кезекші боцман:

1) теңіз практикасы қағидаларының орындалуын;

2) жоғарғы палубада жұмыста қауіпсіздік шараларын сақтауды;

3) швартовтың, зәкір шынжырының дұрыс ұсталуын және олардың бекітілуін қамтамасыз етеді.

Кезекші боцман дабыл бойынша ауыспай, кестеге сәйкес өз орнына тұрады.

709. Кезекші боцман:

1) старшиналар мен матростардың жоғарғы палубада тәртіптің, тазалықтың және корабль қағидаларының сақталуын қадағалайды;

2) жүк көтеру құралының көмегімен корабльге жүктерді тиеуге және оларды корабльден түсіруге басшылық жасайды;

3) күн тәртібімен белгіленген уақытта кір жаятын сым арқанды бекітеді;

4) катер мен шлюпканы көтеруге және түсіруге басшылық жасайды;

5) кеме мен жүзу құралы корабльге жақындап келгенде және одан кеткенде арқан ұшы вахташысының әрекетіне басшылық жасайды, лақтырылатын арқан ұшын, кранецті, дауыл трапын дайындайды;

6) корабльге жақындап келген баржаны қарап тексереді және оның корабль үшін өртке немесе өзгеге қатысты қауіп тудырмайтынын анықтайды;

7) вахталық офицерге (корабль бойынша кезекшіге) жоғарғы палубадағы барлық оқиға, байқалған ақаулық, кеме қағидасының бұзылуы туралы баяндайды.

710. Кезекші боцман корабльдің жүзуі барысында заттардың жорықтық бекітілуін тексереді және корабльдің ішкі үй-жайының жоғарғы палубада орналасқан есік мен люк арқылы суға толып кетпеуін қадағалайды.

711. Корабль мұзға тоқтағанда кезекші боцман корабль айналасындағы тәртіп пен мұздағы және мұз ойығы мен жылымдағы тазалықты қадағалайды, ал корабль докта тұрғанда сым арқан қоршауының ақаусыздығына ерекше назар аударады.

**13-параграф. Кезекші катердің (шлюпканың) старшинасы**

712. 1 және 2-дәрежелі корабльде штаттық жүзу құралдары қатарынан командасымен бір тәулікке кезекші катер (шлюпка) тағайындалады.

Ол вахталық офицерге, ал ол болмаған кезде корабль бойынша кезекшіге бағынады.

713. Кезекші катердің (шлюпканың) старшинасы:

1) кезекші катердің (шлюпка) рейстерінің кестесін біледі және белгіленген уақытта трапқа жақындау үшін дайын болады;

2) қатысушылардың үлкенінің рұқсатын алып, кестемен белгіленген тура уақытта траптан немесе айлақтан кетеді.

Мысалы: "Капитан-лейтенант мырза, уақыт болды";

3) катерге (шлюпкаға) жүк артық тиелген немесе жолаушылар артық отырғызылған кезде ол туралы катердегі (шлюпкадағы) корабльдік құрам адамының үлкеніне, ал корабль жөнетілгенде вахталық офицерге баяндайды;

4) катерде (шлюпкада) табельдік мүліктің болуын бақылайды;

5) офицер катерге кіргенде және түскенде "Тік тұр" командасын беріп, әскери сәлемдесуді орындайды.

714. Дабыл бойынша кезекші катердің (шлюпканың) жеке құрамы тек вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) рұқсатымен кестеге сәйкес өз орнына тұрады .

**14-параграф. Камбуз бойынша кезекші**

715. Камбуз бойынша кезекші старшиналардан тағайындалады және корабль бойынша кезекшіге (корабльдің жүруі кезінде төменгі жақ бойынша кезекшіге) бағынады. Оған камбузда, асханада, наубайханада, ыдыс жуатын жерде жұмыс істеуге тағайындалған барлық тәуліктік наряд және кок бағынады.

Ол:

1) қоймадан әкелінетін азық-түлікті норма бойынша уақтылы алуды, қазанға толық салынуын;

2) тамақтың белгіленген норма бойынша таратылуын;

3) камбуз бен асханада тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді.

716. Камбуз бойынша кезекші тамақ дайындау технологиясына, камбуз бен асханада тазалық пен тәртіпті сақтауға қатысты командирдің тыл жөніндегі орынбасарының, ал жарылыс-өрт қауіпсіздігіне байланысты камбуздың электр жабдығы мен техникалық құралын пайдалану мәселелері бойынша корабльдің электр-механикалық жауынгерлік бөлімі командирінің нұсқауын орындайды.

717. Камбуз бойынша кезекші түсер алдында наряд құрамын тексереді және белгіленген уақытта оны медициналық қарап-тексеруге береді.

Камбуз бойынша түсетін және ауысатын кезекші кезекшілікті тапсыру және қабылдау туралы корабль командирінің көмекшісіне (корабль командирінің жабдықтау жөніндегі көмекшісіне) және корабль бойынша кезекшіге баяндайды.

718. Камбуз бойынша кезекші:

1) үлесте тұрған адам санын біледі;

2) қоймадан азық-түлікті алғанда қатысады және азық-түліктің салмағы бойынша тура берілуін және сапасы дұрыс болуын бақылайды (қажет болса дәрігерді немесе фельдшерді шақырады);

3) азық-түліктің өңделуін, сондай-ақ ет пен балықты тек штаттық коктың өңдеуін бақылайды;

4) жабдықталымда тұрған адам саны есебінен белгіленген нормаға қатаң сәйкестікте азық-түлікті қазанға салуды басқарады;

5) дайындалған ет пен балықты үлеске бөлуді басқарады, салмағын тексереді, тағамның дайындалу сапасын бақылау кітабындағы кок-нұсқаушының (аға коктың) жазбасының дұрыстығын бақылайды;

6) медициналық қарап-тексеруден өтпеген матростарды камбуз бен асханадағы жұмысқа жібермейді, олардың камбуздық наряд адамының жұмыста жеке гигиена қағидаларын сақтауын қадағалайды;

7) асханада жұмыс істеу үшін тағайындалған матростар арасында міндеттерді бөледі;

8) тамақтану уақытында асханадағы тәртіпті сақтайды, матростар мен старшиналарды бас киімде, шинельде, және арнайы киімде асханаға кіргізбейді;

9) үстелді уақтылы жасауды және жинауды, сондай-ақ асханада, камбузда, ыдыс жуатын жерде тазалық пен тәртіптің ұсталуын қадағалайды;

10) тағамның уақтылы және дұрыс таратылуын және бөлімшеге (бөшкеге) тамақты беруде кезектіліктің дәл сақталуын қадағалайды;

11) азық-түлікті өңдегеннен кейінгі қалдықты уақтылы жинауды, белгіленген орынға шығаруды, сондай-ақ ыдыстың сапалы жуылуын (зарарсыздандырылуын) ұйымдастырады, асханадан және камбуздан ыдысты шығаруға рұқсат бермейді;

12) төменгі жақ (команда) бойынша кезекшінің берген өтінімі бойынша тағам шығысын қалдырады, тағамды белгіленген мерзімнен асып сақтауға жол бермейді;

13) асхана мен камбузға бөтен адамды жібермейді;

14) камбуздың электр жабдығын пайдалану қағидаларының және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

15) барлық кемшілік туралы корабль бойынша кезекшіге немесе төменгі жақ бойынша кезекшіге баяндайды;

16) камбузға немесе асханаға тікелей бастық – корабль командирінің жабдықтау жөніндегі көмекшісі және одан жоғары, сондай-ақ корабль бойынша кезекші немесе төменгі жақ бойынша кезекші келгенде оларға өзін таныстырады.

Мысалы: "2-дәрежелі капитан мырза. Камбуз бойынша кезекші 2-ші сатылы старшина Жұмаев".

719. Камбуз (асхана) бойынша кезекшінің құжаттары:

1) камбуз (асхана) бойынша кезекшінің, аға коктың, нан кесушінің, асхана бойынша , ыдыс жуатын және нан кесетін жұмысшының нұсқаулықтары;

2) дабыл жағдайына және өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша нұсқаулық;

3) күн тәртібі;

4) бөлімшенің, тәуліктік нарядтың тамақтану кезектілігінің және шығысының кестесі;

5) кезекшілікті қабылдау және тапсыру кітабы;

6) камбузда және асханада бар мүлік мен жабдықтың тізбесі;

7) дайын тамақтың шығысы және азық-түлікті өңдеу кезіндегі қалдық нормалары;

8) азық-түлікті пісіру ұзақтығының кестесі;

9) нан, май және қант беру нормалары;

10) дайындалған тамақтың сапасын бақылау кітабы.

720. Камбуз (асхана) бойынша кезекші дабыл бойынша тағайындалған адам оны ауыстырғаннан кейін кестеге сәйкес өз орнына тұрады.

**15-параграф. Кезекші кернейші**

721. Кезекші кернейші корабль бойынша кезекшіге (вахталық офицерге) бағынады.

Ол үй-жайда немесе корабль бойынша кезекшінің үй-жайына жақын жоғарғы палубада болады және корабль бойынша кезекшінің (вахталық офицердің) бұйырымы бойынша сигнал береді.

Бастықты қарсы алуда және шығарып салуда кезекші кернейші осы Нұсқаулыққа 18 -қосымшаға сәйкес кезекші және вахталық қызмет адамының орналасу схемасына сәйкес орында тұрады.

**16-параграф. Құраманың жағалау объектісінде кезекшілік атқаратын адамның әрекеті**

722. Казарма бойынша кезекші казармада тұратын корабль офицерлерінен, экипаждан тағайындалады. Ол корабльдер құрамасы бойынша кезекшіге, ал оған казармадағы кезекшілік қызметіндегі барлық адам бағынады.

Ол:

1) өрт қауіпсіздігін;

2) казармадағы ішкі тәртіпті ұстауды;

3) казармада күн тәртібінің сақталуын, тәуліктік нарядтың қызмет атқаруын қамтамасыз етеді.

Казарма бойынша кезекші дабыл бойынша корабльге экипажды жіберуге басшылық жасайды, жағалауға кететін жеке құрамды хабардар етуді ұйымдастырады және ауыспай кестеге сәйкес орында тұрады.

Таралымнан кейін түсетін кезекші бұрынғы кезекшіден мыналарды қабылдайды:

1) кезекшінің үй-жайында орналасқан құжаттарды, қаруды және оқ-дәріні (қару мен оқ-дәрі дана бойынша нөмірімен және жиынтықта қабылданады);

2) техникалық дабылдама құралдарын, олардың жабдығымен және өрт сөндіру құралдарымен тұрғын және казарманың қызметтік үй-жайын;

3) вахталық және кезекшілік қызметке қатысты барлық бұйырымды;

4) ағымдағы және алдағы тәулікке жарияланған киім нысаны туралы өкімді;

5) құрама бойынша кезекшінің, құрама командирі мен оның орынбасарларының болатын орны туралы мәліметтерді;

6) жағалық авариялық-құтқару тобының жабдықталуын, оның мүлкі мен техникалық дабылдама құралдарының ақаусыздығын тексереді.

723. Жағалау базасы бойынша кезекші:

1) күн тәртібін орындалуын, киім нысанын, үй-жайда, аумақта, әсіресе, ортақ пайдаланылатын орнында (дәретханада, жуынатын бөлмеде, моншада, темекі шегетін орында және т.б) тазалық пен тәртіптің сақталуын қадағалайды;

2) казарманың жеке құрамының күн тәртібін орындауын қадағалайды;

3) кемінде күндіз бір рет және түнде бір рет тәуліктік нарядтың қызмет атқаруын, бөлімшеде ішкі тәртіптің сақталуын және өрт сөндіру құралдарының жай-күйін тексереді;

4) құрама бойынша кезекшіге казармада болған барлық оқиға туралы баяндайды;

5) кезекшінің бөлмесінде болады, қызметтік іспен кеткенде өзінің орнына көмекшісін қалдырып, оған қайда және қанша уақытқа кететінін хабарлайды;

6) казарма жеке құрамының шығысы туралы мәлімет болады;

7) бөлім орналасқан жерден сейілдемеге шығатын казарма әскери қызметшілерінің сыртқы пішінін қарайды, сейілдемеге шыққан адамның келгені және алған ескертуі туралы баяндауын қабылдайды;

8) белгіленген уақытта құрама бойынша кезекшіге кезекшілік және вахталық қызмет туралы, сондай-ақ жеке құрамның сейілдемеден қайтып келгені туралы баяндайды;

9) құрама бойынша кезекшіні, құрама командирін және оның тікелей бастығын қарсы алады және бірге жүреді;

10) казармада немесе оған жақын жерде зілзала, өрт болғанда құрама бойынша кезекшіге баяндайды, адамдарды эвакуациялау, қару-жарақ пен техниканы, оқ-дәрі мен мүлікті құтқаруға шаралар қабылдайды, өрт болғанда өрт сөндіру командасын шақырады және ол келгенге дейін өрт сөндіруге басшылық жасайды;

11) казарма офицерлеріне жеке қаруды және оған оқ-дәріні береді;

12) табиғи ортаны ластанудан қорғау шараларының сақталуын қадағалайды.

**17-параграф. Команда бойынша кезекші**

724. Команда бойынша кезекші казармада тұратын корабль экипажының старшиналары қатарынан тағайындалады.

Команда бойынша кезекші казарма бойынша кезекшіге, ал ішкі қызмет тәртібімен кеме командиріне және кеме командирінің аға көмекшісіне (көмекшісіне) бағынады. Оған тәуліктік кезекші бағынады.

Команда бойынша кезекші:

1) команда үй-жайының өрт қауіпсіздігін;

2) командадағы ішкі тәртіптің сақталуын және күн тәртібінің нақты орындалуын;

3) команда мүлкінің, матростар мен старшиналар жеке затының бүтіндігі мен сақталуын;

4) тәуліктік кезекшінің дұрыс қызмет атқаруын қамтамасыз етеді.

725. Таралым алдында команда бойынша түсетін кезекші команданың тағайындалған тәуліктік наряды құрамын тексереді, оны қарайды және корабль командирінің көмекшісіне береді. Корабль командирінің көмекшісі міндеттерін білуін тексеріп, қарағаннан кейін ол команда бойынша бұрынғы кезекшіден адамның болуы мен шығысы туралы мәліметті қабылдайды және тәуліктік нарядты таралымға алып келеді.

726. Таралымнан кейін түсетін кезекші ауыстыратын кезекшімен тізізілім бойынша мүлікті және құжаттарды қабылдайды, өрт сөндіру және дабылдама құралдарының болуы мен ақаусыздығын тексеріп, мыналарға қатысты мәліметтерді қабылдайды:

1) белгіленген киім нысаны;

2) ағымдағы және алдағы тәулікке жұмыс және сабақ жоспары;

3) жеке құрамға және кезекшілік қызметке қатысты бұйырым;

4) дабыл бойынша іс-қимыл.

Осыдан кейін түсетін кезекші ауысатын кезекшімен бірге кезекшілікті тапсыру және қабылдау кітабына қол қояды және корабль командиріне, ол болмағанда аға

көмекшіге (көмекшісіне) кезекшілікті тапсыру (қабылдау) туралы баяндайды. Түсетін кезекші таралымда құрама бойынша кезекші жасаған барлық ескерту мен өкім туралы, сондай-ақ кезекшілікті қабылдау кезінде анықталған кемшіліктер туралы баяндайды.

727. Команда бойынша кезекші:

1) командада күн тәртібінің орындалуын қадағалайды, команда жеке құрамының болатын орнын (нарядтағы және іссапардағы, сырқаттанған, тұтқындалған, бөлім орналасқан жерден сейілдемеге шыққан, жұмыстағы) біледі;

2) корабль қолбасшылығына және казарма бойынша кезекшіге барлық оқиға және қабылданған шаралар туралы баяндайды, команда үй-жайындағы өрт сөндіру құралының болуына және ақаусыз жай-күйіне, өрт қауіпсіздігі қағидалары талаптарының (шылым шегуге және киім-кешекті кептіруге тек арнайы бөлінген орында рұқсат етуге) сақталуын қадағалайды;

3) өрт болғанда казарма бойынша кезекшіге баяндайды, өрт сөндіруді, жеке құрам эвакуациялауды және мүлікті құтқаруды ұйымдастырады;

4) тәуліктік кезекшіні уақтылы ауыстырады, сондай-ақ барлық науқастанған және дәрігердің карауы керек адамдарды медициналық пунктке жібереді;

5) кешкі тексеруді уақтылы жүргізеді, тексеру нәтижесі туралы корабль командиріне, ал ол болмағанда аға көмекшіге (көмекшіге) және казарма бойынша кезекшіге баяндайды.

Мысалы: "3-дәрежелі капитан мырза. Командада кешкі тексеру жүргізілді, демалыстағы 2 адамды және нарядтағы 3 адамды қоспағанда, барлығы түгел. Команда бойынша кезекші бас старшина Серіков";

6) белгіленген уақытта жеке құрамның сейілдемеден қайтып келгені және түндегі ескерту туралы казарма бойынша кезекшіге баяндайды;

7) казарма бойынша кезекшіге нарядта тұрған немесе қызметтік іс бойынша жоқ адамға тамақ қалдыруға уақтылы өтінім береді;

8) команда жеке құрамының тамақтануы кезінде қатысады және тәртіпті қадағалайды;

9) команда үй-жайын мұқият жинауды және ұстауды, онда белгіленген ауа температурасын ұстауды, үй-жайға жарық беру тәртібін сақтауды, желдетуді, бөшкеде ауыз судың болуын, сондай-ақ командаға бекітіліп берілген аумақ учаскесінің жиналуын қадағалайды;

10) командаға корабль командирі және одан жоғары тікелей бастық, құрама бойынша кезекші, сондай-ақ инспекциялайтын (тексеретін) адам келгенде "тік тұр" командасын беріп, оларға баяндайды және команда орналасқан жерде олармен бірге жүреді.

Мысалы: "1-дәрежелі капитан мырза. Менің кезекшілігім уақытында ешқандай оқиға болған жоқ (немесе мынадай болды). Команда корабльде. Команда бойынша кезекші бас старшина Серіков".

Үй-жайда әскери қызметшілер болмағанда "тік тұр" командасы берілмейді, тек баяндалады. Басқа офицерлерге кезекші баяндамайды, тек өзін таныстырады;

11) дабыл немесе жиын жарияланғанда жеке құрамды көтеріп, корабльге жібереді, құрама бойынша кезекшіге казарманы тапсырып, ауыспай, кестеге сәйкес өз орына барады.

728. Корабль экипажын жүзу базасына орналастырғанда команда бойынша кезекші орналасқан үй-жай ауданда су өткізбейтін есіктің, люктің, мойын мен иллюминатордың жай-күйін қадағалайды және жеке құрамның корабльдік қағидалар мен оның төзімділігін қамтамасыз ету мәселесінде жүзу базасы бойынша кезекшінің бұйырымын орындауын қамтамасыз етеді.

**18-параграф. Вахта**

729. Вахта – ол үздіксіз қырағылық және бекеттен ешқайда кетпеу талап етілетін ӘТК кораблiндегi кезекшiлiктiң ерекше түрi.

Корабльдік вахта құрамына:

1) вахталық офицер;

2) вахталық офицердің көмекшісі;

3) вахталық бекет командирі;

4) трап (баспалдақ) жанындағы қарулы вахташы;

5) құтқару шлюпкасының командирі;

6) шлюпкадағы вахташы;

7) арқан ұшындағы вахташы;

8) шабарман кіреді.

730. Корабльдік вахтаға басшылық жасауды вахталық офицер жасайды, ал егер вахталық офицер тағайындалмаса, тұрақта корабль бойынша кезекшіге жүктеледі.

Сонымен қатар, оған корабльді басқаруды, қаруды қадағалауды және қолдануды қамтамасыз ететін командалық пункт пен жауынгерлік бекетте арнайы вахтаға басшылық жасайды.

Жауынгерлік бөлім мен қызметтегі арнайы вахтаға жауынгерлік бөлім командирі мен қызмет бастығы басшылық жасайды.

731. Корабль зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда жеке құрам вахтаға бір тәулікке тағайындалады және оны үш ауысымда, корабльдің жүзуі кезінде жүзу ұзақтығына және корабль шешетін міндеттерге байланысты екі немесе үш ауысымда жүргізеді.

Корабльді жорыққа дереу әзірлеу, сондай-ақ 1 сағатқа дейін әзірлікке келтіруде кезекшілік және вахталық қызмет жорықтық бойынша атқарылады.

Ауысқан жеке құрам вахтаға бағынысты болып табылады.

732. Вахтаның ұзақтығы 4 сағат. Жағдайға байланысты корабль командирінің бұйырымымен жеке бекетте оның ұзақтығы 1 сағаттан 6 сағатқа дейін бекітіледі.

Рульдегі және бақылау бекетіндегі вахтаның ұзақтығы 2 сағат.

733. Корабль мен әскери мүлікті күзету үшін қаруланған вахташы қойылады.

Қаруланған вахташы бекеті әдетте трапта (баспалдақта), айлақ құрылысжайында, батопортта (докта тұрғанда), корабль жанындағы мұзда және осыған қажеттілік туындағанда орнатылады.

Бекет санын және вахта уақытын корабль командирі белгілейді.

734. Корабльде вахташы офицердің (корабль бойынша кезекшінің) қарамағына шабарман тағайындалады. Флагмандық корабльде шабарман, құрама командирінің және оның орынбасарының қарамағына тағайындалады.

735. Үй-жай бойынша тәуліктік кезекші ауысыммен түсетін матростардың ( старшиналардың) болатын орнын біледі. Түнгі уақытта ол жарықты қоспай, қатты команда бермей, оларды көтереді.

Егер жеке құрамға жоғары палубада ұйықтауға рұқсат етілсе, вахтаға түсетін матрос (старшина) өзінің болу орны мен вахтаға түсу уақыты туралы вахталық бекет командиріне хабарлайды.

736. Вахтаға кезекті ауысым түсер алдында вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) белгіленген орында оның таралымын жүргізеді.

Таралымнан кейін түсетін ауысым ауысушыдан вахтаны қабылдайды, вахталық бекет командирі, сондай-ақ вахталық инженер-механик (электр-механикалық жауынгерлік бөлім бойынша кезекші) вахталық офицерге кезекті ауысымның түскені туралы баяндайды. Оның командасы бойынша ауысқан жеке құрам өзінің бекетіне кетеді және жаңа ауысым вахталық міндеттерді орындауға кіріседі.

## 19-параграф. Вахтаны атқаратын адамның әрекеті

### Вахталық офицер

737. Вахталық офицер сынақ тапсырған және корабль командирінің бұйрығымен жүзу (зәкір) вахтасын дербес атқаруға жіберілген офицерлерден тағайындалады. Вахталық офицер корабльдің жүзуі кезінде корабль командиріне немесе соңғысы корабль командирін ауыстырып, БКП-да (жүзу көпірінде) болғанда аға көмекшіге ( көмекшіге) бағынады. Корабль зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда вахталық офицер корабль командирінің аға көмекшісіне және корабль бойынша кезекшіге бағынады.

Вахталық офицерге мыналар бағынады:

1) корабльді басқаруды, өзін-өзі қорғауға корабль қаруын қолдануды және қадағалауды қамтамасыз ету бойынша жауынгерлік әзірлікте тұрған командалық пункттің және жауынгерлік бекеттің жеке құрамы;

2) егер корабль бойынша кезекші тағайындалмаса, корабльдік вахта наряды, корабльдік кезекшілік наряды.

738. Вахталық офицер бағынатын адамды қоспағанда, кеменің жеке құрамы вахталық офицердің талаптарын орындайды.

739. Вахталық офицер:

1) өзінің қызметтік міндеттерін орындағанда корабльдік кестені және корабльдің жауынгерлік және күнделікті қызметін айқындайтын құжаттарды басшылыққа алады;

2) корабльдің белгіленген жауынгерлік әзірлігін ұстайды;

3) корабльдік вахталық қызметті басқаруда көру және техникалық қадағалау бекеті вахташысының қырағы қызмет атқаруына ерекше назар аударады;

4) жүзу ауданын біледі және орынды және жол есебін айқындау үшін техникалық корабльді жүргізу құралын пайдалануды біледі;

5) корабльдің сыртқы қауіпсіздігін қадағалайды және аварияның және алғышарттың алдын алатын шаралар қабылдайды;

6) корабльдің көру мен техникалық байланыс және қадағалау құралының жай-күйін біледі, оларды пайдалана алады, тану сигналын дұрыс қолданады;

7) корабль командирінің немесе оны ауыстыратын адамның бұйырымы бойынша, ал ол болмағанда кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда дербес дабыл жариялайды;

8) корабльдің бас энергетикалық құрылғысының жай-күйін біледі;

9) жоғары палубада болатын тетік мен құрылғының ақаусыз жұмыс істеуін бақылайды;

10) корабльдің азық-түлік, жанар-жағармай материалын, тұщы су қорын біледі;

11) жел және теңіз толқыны күшейген, көріну нашарлаған, тұман түскен, тропикалық циклон (тайфун, дауыл) кезде қолданылатын шараларды біледі;

12) кезекші құтқару құралдарының қолдануға ұдайы әзір болуын қадағалайды;

13) күн тәртібіне сәйкес команда мен сигнал береді және олардың орындалуын бақылайды;

14) корабльге келетін лауазымды адамға, сондай-ақ қарсы кездесетін және жанынан өтетін корабльге әскери сәлемдесуді ұйымдастырады;

15) вахтаның соңында онда жасалған жазбаға қол қоюмен вахталық журналды жүргізеді.

740. Вахталық офицер – корабльдің төзімділігі үшін күреске басшылық жасауға дайын. Ол жарылыс болған, өрт шыққан, бөлікті (үй-жайды) су басқан, қатты буланған, жоғары қысымды ауа құбыры желісі, гидравлика жарылған, руль сыналанған және газдың (зиянды заттардың) қауіпті концентрациясы пайда болғанда авариялық дабылды жариялайды. Ал радиациялық жағдай нашарлағанда вахталық офицер "Радиациялық қауіп" сигналын береді және БКП-ға корабль командирі немесе оның орнындағы адам келгенге дейін корабльдің төзімділігі үшін күреске басшылық жасауды жүзеге асырады.

741. Кездейсоқ жағдайда немесе вахталық офицер корабльдің қауіпсіз жүзуіне күдік туындаған жағдайда, сондай-ақ егер корабль командирінің (корабль командирі

көмекшісінің) көмегі немесе қатысуы қажет болғанда ол оны күндіз де, түнде де шақырады.

Мысалы: "3-дәрежелі капитан мырза, жоғарыға (БКП-ға келуіңізді) шығуыңызды өтінемін".

Авариялық жағдайда вахталық офицер оқиға немесе оған алғышарт туралы корабль командирін және жағдайға байланысты адамдарды хабардар етіп дербес әрекет етеді.

742. Вахтаны қабылдау кезінде түсетін вахталық офицер ауысушыдан дүрбіні, секундөлшегішті, ысқырықты, мегафонды, жазба кітапшасы мен қарындашты, сондай-ақ корабль командирі бекіткен құжаттар тізбесін қабылдайды.

743. Дабыл бойынша вахталық офицер өз міндеттерін корабль командирінің аға көмекшісіне немесе арнайы тағайындалған адамға тапсырады және кесте бойынша орнына тұрады.

744. Вахталық офицер вахтаға түскенде мыналарға қатысты мәліметтерді қабылдауға тиіс:

1) корабльдің белгіленген жауынгерлік әзірлігін, кезекші техникалық құрал мен қарудың әзірлігін;

2) корабль орны (жергілікті жер және карта бойынша), құрама, топ құрамында жүзгенде саптағы (ордердегі) белгіленген орнын;

3) нақты және болжанатын гидрометрологиялық жағдайды;

4) тану сигналы мен оны ауыстыру уақытын, қолданыстағы радио және радиотехникалық құралды қолдану режимін;

5) қолданыстағы тетікті;

6) техникалық қадағалау құралдары мен навигацияның жай-күйі мен жұмыс режимін;

7) корабль командирінің және корабль командирі аға көмекшісінің, сондай-ақ құрама командирінің және оның орынбасарларының болатын жерін;

8) корабль командирінің немесе құрама командирінің вахта бойынша берілген бұйырымы мен өкімін;

9) корабльде өткізілетін сабақты, оқу-жаттығу мен жұмысты;

10) бас энергетикалық құрылғының жұмыс режимі мен жай-күйін;

11) корабльдің азық-түлік, жанар-жағармай материалы, тұщы су қорының жай-күйін.

745. Вахталық офицер жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, маневр жасау, қарсыласпен кенеттен кездескенде қару қолдану, сүңгуір қайық, ұшақ, тікұшақ және жауынгерлік катер шабуылынан, сондай-ақ табылған мина мен торпедадан ауытқу мәселесінде корабль командирінің тікелей көмекшісі болып табылады.

746. Корабльдің жүзуі барысында вахталық офицер:

1) белгіленген курс пен жылдамдықты, қозғалыс режимі мен тегін дәл ұстауды қадағалайды, корабльді белгіленген жерде сапта (ордерде) ұстайды;

2) корабльдің орнын кезек-кезеңімен айқындаумен және оны картаға салумен корабльдің белгіленген маршрутта жүзу дәлдігі мен қауіпсіздігін бақылайды;

3) жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ЖАП жұмысына басшылық жасайды ;

4) қарсы келе жатқан корабльге (кемеге), жүзу құралдарына пеленгтің өзгеруін қадағалайды және одан алшақтау және онымен соқтығысу қаупі жағдайын айқындайды ;

5) жүріс шамын қосады (сөндіреді) және оның ақаусыз жұмыс істеуін, ал шамсыз жүзгенде корабльдің толық қараңғылануын қадағалайды;

6) құбырдан түтін мен ұшқын шыққанда оны тоқтату, сондай-ақ түнгі уақытта қараңғылау бойынша шаралар қабылдайды;

7) көтеру-түсіру құрылғысының орналасуына және оларды орынның тереңдігіне, толқынға және корабльдің жүзу жылдамдығына байланысты пайдалану мүмкіндігін қадағалайды;

8) курс, жүзу жылдамдығы өзгергенде, корабль маневр жасауда, ұшу аппараты ұшқанда және қонғанда, сондай-ақ көру нашарлағанда көтеруге және сигнал беруге басшылық жасайды;

9) жүзу қауіпсіздігіне немесе қойылған міндетті орындауға ықпал етуі мүмкін барлық анықталған туралы, сондай-ақ жүзу шарты мен жағдайының өзгеруі туралы корабль командиріне (командирдің аға көмекшісіне) баяндайды. Олар баяндауға ешқандай әрекет жасамаған және қауіптен жалтару бойынша ұсыным бермеген жағдайда корабльдің вахталық журналына жазба жасайды және корабльдің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзінің жарғылық міндеттерін орындауды жалғастырады;

10) вахталық штурманды (ЖАП, ұшу аппаратының старттық командалық пунктін) жаңа курсқа бұрылудың басталуы мен аяқталуы, рульді басқару, жүзу жылдамдығы режимнің өзгеруі, маршруттың өзгеруіне байланысты алынған бұйырым, саптағы ( ордердегі) орын, жағалаудың және навигациялық жабдықтың пайда болуы және жоғалуы, гидрометеорологиялық жағдайдың күрт өзгеруі, борт сыртындағы жабдықтың көтерілуі мен түсірілуі және әрекет ету туралы хабардар етеді;

11) вахталық штурманнан міндетті орындауға қажетті анықтамалық деректі, 5 минут, 1 минут бұрын және бұрылудың басталу сәтін есептеуде жаңа курсқа бұрылу уақыты, жаңа курста болу ұзақтығы және оның қауіпсіздігі туралы ақпаратты алады;

12) магнитсіздендіретін құрылғының ақаусыз жұмысы мен қайта қосылуын бақылайды;

13) электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирін корабльдің белгіленген орынға (зәкір тұрағына, тар өтпеге) келуіне дейін 30 минут бұрын, сондай-ақ ол қажет деп санаған жағдайда ескертеді;

14) сапта (ордерде) бірлесіп жүзу, сондай-ақ ұшу аппаратының ұшуы және қонуы кезінде маневр жасау есебін жүргізеді.

747. Корабль командирі вахталық офицер арқылы корабль курсы мен жылдамдығын белгілейді.

Вахталық офицер корабль командирінің рұқсатынсыз тек корабльге қауіп төнгенде (басқа корабльмен соқтығысуды болдырмау үшін, жақын жердегі қауіп анықталғанда, корабльге келе жатқан қарсыластың күтпеген шабуылынан жалтару үшін), сондай-ақ борт сыртына құлаған адамды құтқару үшін корабль курсын және жылдамдығын өзгертеді, бұл ретте жүзу курсын, жылдамдығын өзгерту себебі және қабылданған шаралар туралы корабль командиріне баяндайды.

748. Корабль жүзіп келе жатқанда вахталық офицер жүзу көпірінде болады. Вахталық офицерлер ауысымы, оның ішінде оларды қысқа мерзімге ауыстыру корабль командирінің (корабль командирі аға көмекшісінің) рұқсатымен жүргізіледі.

749. Корабль жүзгенде вахталық офицер вахтаға түседі, мыналарға қатысты мәліметтерді қабылдайды:

1) корабль орнына (алдын ала бақыланған немесе есептелген), курсқа (негізгі және резервтегі курс көрсету құралдары бойынша) және белгіленген жүзу жылдамдығы, олардың алдағы өзгеру уақытына, сабы сипатына немесе ордер нөміріне және саптағы ( ордердегі) корабль орнына, курс көрсеткішінің және жылдамдық өлшегіштің түзетілуін ескеріп, дрейф және ағынмен әкету элементтерін;

2) жүзу ауданындағы жағдайды (жағадағы және жүзбелі навигациялық жабдық пен жағалық техникалық бақылау, тереңдік, навигациялық қауіп құралдары, көрінетін немесе радиолокациялық көріну шегіндегі корабль мен кеме мен оның алшақтығы және онымен соқтығысу қаупі);

3) корабль қозғалысқа келтірілетін және ол басқарылатын машина мен құрылғы.

Түсетін вахталық офицер вахтаны қабылдау кезінде саптағы (ордердегі) корабльдің орнын, курсын, жылдамдығы мен жай-күйін тексереді (айқындайды), эхолотпен тереңдікті өлшейді, алдағы вахта бойы жүзу маршруты бойынша жағдайды зерделейді.

750. Вахталық офицер зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда:

1) корабль командиріне (аға көмекшісіне) және корабль бойынша кезекшіге рейдке кірген және рейдтен шыққан барлық корабль мен кеме туралы, сондай-ақ корабль тұрағының қауіпсіздігіне ықпал ететіннің барлығы туралы баяндайды;

2) корабль катері мен шлюпканың дұрыс пайдаланылуын қадағалайды, оларды жөнелтуге және қабылдап алуға басшылық жасайды, артық отырғызуды болдырмай, оларға адамды отырғызуды жүргізеді;

3) корабль және жүзіп өтетін катер мен шлюпка жеке құрамының рейдтік және порттық қағидаларды орындауын тексереді;

4) корабль бортында катер мен шлюпканың қауіпсіз тұрағы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды;

5) апатқа ұшыраған шлюпкаға көмек көрсетуге, сондай-ақ суға батқанды құтқаруға шаралар қабылдайды;

6) жеке құрамнан корабльдік қағидаларды, белгіленген киім нысанын, корабльдің жоғарғы палубасында және бортында тазалық пен тәртіптің сақталуын талап етеді;

7) Әскери-теңіз туының көтерілуі мен түсірілуіне, сондай-ақ зәкір жарығын қосуға ( сөндіруге), МППСС-72-ге сәйкес көтеруге және сигнал беруге басшылық жасайды;

8) ту көтерілгенге дейін 30 минут бұрын корабль командирінің аға көмекшісіне көрсетілген нысан бойынша жазбаша түрде таңертең баяндайды;

9) склянканы уақтылы соғылуын бақылайды.

751. Вахталық офицер корабль зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда:

зәкір шынжырына және тұрақ шартына және ауа райы жағдайына әрқашан сәйкес келуі тиіс болатын оның босатылған мөлшерін;

швартовты;

екінші зәкірді беруге дайын болуын қадағалайды.

Жел күшейгенде вахталық рульді басқарушыдан әрбір сағат немесе әрбір 30 минут сайын оған жел бағыты мен күшінің өлшемін баяндауды талап етеді, жағдайды бақылай отырып, катер мен шлюпка көтеруге шаралар қабылдайды немесе оны корабль командирінің (командирдің аға көмекшісінің) рұқсатымен таса жерге жібереді. Вахталық офицер навигациялық РЛС бақылау пеленгісі мен өлшемі бойынша жағадағы бағдарға дейінгі қашықтықты анықтап, оны арнайы планшетке салып, сондай-ақ борт сыртына тасталған баллистинаны пайдаланып, корабльдің орнын өзі анықтаумен корабльдің ағынмен жүзуін бақылайды. Ағынмен жүзуін анықтаған жағдайда ол корабль командиріне баяндайды.

752. Вахталық офицер корабльді бортқа жабдықтау кораблі мен кемесін қабылдауды (трапты, катер мен шлюпканы жинау, шлюпка көтергішін, кранды, жебені еңкейту, кранецті жинау), швартовты қабылдауды және жақындап келген корабльдің ( кеменің) аз уақыт тұруын қамтамасыз ететін қорды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

753. Толқын қарқынында сынау айналымын беру алдында вахталық офицер шлюпкаға (катерге) және артқы жақтағы арқан ұшына қатысты қажетті сақтық шарасын қабылдайды, швартовты және зәкір шынжырын бақылайды. Машина телеграфының әзірлігіне көз жеткізіп, корабль командирі көмекшісінің басқаруымен ол энергетика және төзімділік бекетіне сынақ айналымын беру туралы рұқсат береді.

754. Вахталық офицер корабль зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрғанда жоғарғы палубада көбіне ютта немесе кіру (шығу) трапында болады. Ашық ауа райында дереу жүзуге әзір тұрған машинасы бар корабльде толқын қарқынынан бұрылу уақытында және қоршаған жағдайды жеке өзі бақылау қажет болғанда вахталық офицер басқару көпірінде болады.

755. Зәкірде (бөшкеде, швартовта) тұрған корабльдің вахталық офицері вахтаға түскенде мыналарға қатысты мәліметтерді қабылдайды:

1) корабльдің жорыққа әзір болуына;

2) клюздегі (перлинь бөшкесіне немесе швартовтың айлақ құрылысжайына бекітілген) зәкір шынжыры санына;

3) екінші зәкірді беруге әзірлікке;

4) тереңдікке, топырақ пен ағысқа;

5) экипаждың жоқ адамына, сондай-ақ корабль экипажы құрамына кірмейтін бөтен адамның болуына;

6) жоқ және бортта тұрған катер мен шлюпкаға;

7) рейдте тұрған корабльдер диспозициясына, рейд үлкенінің болу орнына;

8) дабыл сигналын алуға.

756. Вахталық офицер жеке құрамның корабльден кетуі мен қайтып оралуын, әртүрлі жүкті, жабдықты әкелуді және оны корабльге жеткізуді бақылайды.

Старшиналар мен матростар бар катерді (шлюпканы) қабылдағанда вахталық офицер катерден (шлюпкадан) одан келген соңғы адам шыққанша траптың ( баспалдақтың) жоғарғы алаңында қалады.

757. Корабльден жеке құрамды жөнелткенде вахталық офицер трап (баспалдақ) жанында адамдардың топталуына жол бермейді. Катерге (шлюпкаға) отырғызу басталғанға дейін жағалауға кететін старшиналар мен матростар сапта тұруы қажет. Трапқа катер (шлюпка) келісімен вахталық офицер белгіленген нормадан асырмай, бірінші кезекте матростар мен старшиналарды, содан кейін офицерлерді отырғызады.

Жеке құрамды катерге (шлюпкаға) отырғызғаннан және олар борттан (траптан) кеткенге дейін вахталық офицер корабльде траптың (баспалдақтың) жоғарғы алаңында болады, бұл жағдайда ол трапқа (баспалдаққа) ауысатын рульді басқарушы-сигналшыны (боцманды) шақыртады.

758. 1-дәрежелі корабльде вахталық офицердің көмекшісін тағайындауға жол беріледі.

Вахталық офицердің көмекшісіне вахталық офицердің міндетіне қатысты барлығын білу қажет және қажет болғанда оны ауыстыруға дайын болуға тиісті.

**20-параграф. Вахталық бекет командирі**

759. Вахталық бекет командирі старшиналар қатарынан тағайындалады және вахталық офицерге (корабль бойынша кезекшіге) бағынады.

Вахталық бекет командирі:

бекет ауданында корабльдің сыртқы қауіпсіздігін;

жоғарғы палубадағы жеке құрамның корабль қағидаларын орындауын, жоғарғы палубада тазалық пен тәртіпті және жеке құрамның нысанды киімді кию қағидаларын сақтауын;

корабльге жіберу және корабльден түсу тәртібін сақтауды, бакштовта және бекет ауданындағы жебе астында тұрған катер (шлюпка) қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Оған трап (баспалдақ) жанындағы қаруланған вахташы бағынады.

Вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) бұйырымы бойынша бортқа швартовталатын корабльден арқан ұшын қабылдауды басқаратын вахталық бекет командиріне кезекші боцман мен арқан ұшындағы вахташы бағынады.

Таралым аяқталғаннан кейін түсетін вахталық бекет командирі ауысатын адамнан швартовтың, кранецтің, жебенің, траптың (баспалдақтың), бекет маңындағы жоғарғы палубадағы люк пен мойынның, борт жанындағы катер мен шлюпканың жай-күйіне, корабль командирінің және аға көмекшінің (көмекшінің) болатын орнына қатысты мәліметтерді қабылдайды, бекет маңындағы жоғарғы палубаны қарап-тексереді.

760. Вахталық бекет командирі бекетті қабылдап, түсетін вахталық офицерге ( корабль бойынша кезекшіге) баяндайды.

Мысалы: "Лейтенант мырза. 2-сатылы старшина Айдаров бактағы (юттағы, шкафуттегі) вахталық бекетті қабылдады".

Содан кейін вахтаны қабылдау кезінде анықталған, ауысатын вахта жоя алмаған барлық кемшілік туралы баяндайды.

761. Вахталық бекет командирі:

1) ұдайы жоғарғы палубада белгіленген орында болады, өз бекетінің маңын кезең-кезеңімен қарап шығады, егер вахта трап (баспалдақ) қасында болса, онда қарап шығу вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) рұқсатымен жүргізіледі;

2) бекет маңында вахтадан жарияланатын команданы жеке құрамның тез және корабльде белгіленген тәртіпке сәйкес орындауын қадағалайды;

3) жоғарғы палубада болатын жеке құрамның корабльдік қағидалар талаптарын және белгіленген киім нысанын сақтауын бақылайды;

4) швартовтың, кранецтің, жебе мен траптың (баспалдақтың) тиісті жай-күйде ұсталуын қадағалайды;

5) оның бекеті маңындағы бакштовтағы катердің (шлюпканың) қауіпсіздігін қадағалайды, түнгі уақытта катердегі (шлюпкадағы) вахташыны дауыстап шақырады, ол болмаса, осы мақсат үшін вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) бөлген адамдармен сағатына бір реттен сиретпей бақылайды;

6) борт сыртында жұмыс істейтін адамдардың сақтандыру арқаны ұшымен байлаулы болуын, жеке құтқару құралдарының болуын және олардың жұмысын арнайы бөлінген жеке құрам қамтамасыз етуін қадағалайды, борт сыртына адам құлаған жағдайда вахталық бекет командирі дереу құтқару құралдарын лақтырып, " Борт сыртында адам" деп дауыстап хабар береді және болған оқиға туралы вахталық офицерге (корабль бойынша кезекшіге) баяндайды;

7) вахталық офицердің рұқсатымен корабльге келген және кеткен катерді ( шлюпканы) қарсы алады және шығарып салады, катерге (шлюпкаға) арқан ұшының уақтылы берілуін, сондай-ақ жұмыс аяқталған соң арқан ұшының жиналуын және реттеп салынуын бақылайды;

8) вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) болмағанда катерді (шлюпканы) қарсы алуға және шығарып салуға басшылық етеді. Бұл жағдайда болған адамдардың ішіндегі үлкеніне вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) қызметпен айналысып жатқанын, корабльдің мынадай жерінде екенін баяндайды;

9) күн шыққаннан батқанға дейін оған тапсырылған корабльдің бөлігіндегі корабль шамының дұрыс жұмыс істеуін, жарықсыз тұрақта тұрғанда жоғарғы палубаға шығатын люк пен есіктің, сондай-ақ бекет маңындағы иллюминатордың жабық болуын және ішкі үй-жайдағы жарықтың сыртқа түспеуін бақылайды;

10) айналадағы жағдайды ұдайы бақылайды, вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) рұқсатынсыз катердің, шлюпканың бортқа жақындауына, жүзушілердің жақын жүзіп келуіне жол бермейді;

11) барлық қолжетімді құралмен корабльдің ағынмен жүзуіне бақылау жасайды; вахталық офицерге (корабль бойынша кезекшіге) корабль тұрағының қауіпсіздігіне өзінің күмәнді екені туралы баяндайды;

12) вахталық офицерден (корабль бойынша кезекшіден) корабльге экипаж құрамына кірмейтін адамдарды жіберуге, сондай-ақ әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін экипаж мүшелерінің корабльден түсуіне рұқсат сұрайды;

13) вахталық офицерге (корабль бойынша кезекшіге) бекет маңындағы барлық оқиға және оған алғышарт, метеожағдайдың өзгеруі және жеке құрамның корабль қағидаларын өрескел бұзуы туралы баяндайды.

762. Бактағы вахталық бекет командирі зәкір құрылғысын (зәкір шынжырының жай-күйін, зәкірдің бекітілуін) бақылайды және вахталық офицердің (корабль бойынша кезекшінің) рұқсатынсыз зәкір құрылғысы мен шпильдің жанындағы жұмысқа жол бермейді.

763. Вахталық бекет командирі дабыл бойынша қаруды тапсырып, ауыспай кестеге сәйкес орынға орналасады.

**21-параграф. Қаруланған вахташы**

764. Корабльде қаруланған вахташы құрама командирінің (жеке жүзуде корабль командирінің) ерекше нұсқауы бойынша корабльді, жеке үй-жай мен бекетті күзету үшін қойылады.

765. Қаруланған вахташыға оған немесе күзетілетін объектіге шабуыл жасалған, сондай-ақ өрт шыққан және дабыл жарияланған жағдайда әрекет ету тәртібі және оған қандай жағдайда қару қолдануға болатыны және корабльге адамды жіберу тәртібі айқындалады.

766. Қаруланған вахташы матростар қатарынан тағайындалады. Ол корабльдің ( үй-жайдың, бекеттің) сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қаруланған вахташы корабль бойынша кезекшіге, төменгі жақ бойынша кезекшіге және егер ол трап ( баспалдақ) жанына қойылса, вахталық бекет командиріне бағынады.

767. Қаруланған вахташы:

1) өз бекетін қырағылықпен күзетіп, тұрақты қорғайды;

2) қызмет атқару уақытында оқталған және әрқашан қолдануға дайын қаруы ( патронды патрон салғышқа оқ салмай) болады;

3) қаруды қолынан шығармайды және өзі бағынатын адамды қоса алғанда, оны ешкімге бермейді;

4) ауыстырылғанға және алынғанға дейін, тіпті өз өміріне қауіп төніп тұрса да бекетті қалдырмайды;

5) рұқсат етілмеген орында шылым шегуге, өрт қауіпсіздігі талабын сақтамай, айлақ құрылысжайында от жағуға рұқсат етпейді; бұл ретте ол бекеттегі өрт сөндіру құралдарын қолдана білуі қажет;

6) тұтану ошағы, басқа корабльдің қауіпті маневр жасауы, гидрометеожағдай күрт бұзылғанда, көрші корабльде авария болғанда және корабльге немесе бекетке жақын жерде тәртіп бұзылғанда корабль бойынша кезекшіні шақыртады;

7) нақты бекетте қызмет атқару ерекшелігін біледі.

768. Қаруланған вахташыға немесе ол күзететін объектіге шабуыл жасалған жағдайда, сондай-ақ корабльге (қорғалатын үй-жайға, бекетке) бөтен адам жақындаған кезде әртүрлі жағдай шартында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары гарнизондық және қарауылдық қызметтері жарғысының талаптарына сәйкес бекетте сақшы ретінде әрекет етеді.

769. Қаруланған вахташыны ауыстыруды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнизондық және қарауылдық қызметтері жарғысына сәйкес корабль бойынша кезекші жүргізеді. Күрделі метеорологиялық жағдайда қаруланған вахташының қызмет атқару ұзақтығын бір сағатқа дейін қысқартуға жол беріледі.

770. Егер өзге бұйырым алмаса, қаруланған вахташы дабыл бойынша бекетті қалдырады және қаруды тапсырып, кестеге сәйкес өз орнына тұрады.

**22-параграф. Құтқару шлюпкасының (катерінің) командирі**

771. Құтқару шлюпкасының (катерінің) командирі корабльдік қызметтің кіші офицерлерінен немесе келісімшарт бойынша қызмет өткеретін даярланған старшиналардан тағайындалады және вахталық офицерге бағынады.

Құтқару шлюпкасының (катерінің) командирі:

1) ескекшілер (катер) командасының белгіленген орында болуын және онда жеке құтқару құралдарының болуын;

2) шлюпка (катер) мүлкінің, қару-жарақтың дұрыс орналасуын және штаттық тығынның шлюпка түбіне бекітілуін;

3) румпельдің дұрыс жай-күйін (ол корабльге қаратылып орнатылып, бортқа бекітіледі);

4) шлюпканың (катердің) дұрыс бекітілуін және оның іске қосуға әзір болуын қамтамасыз етеді.

Оған шлюпка старшинасы мен ескекші бағынады.

772.

а.

і.

772. Құтқару шлюпкасының (катерінің) командирі:

1) "Борт сыртында адам" немесе "Құтқару шлюпкасын (катерін) түсір" командасы бойынша бірінші болып шлюпкадағы орнына отырады және мынадай жүйелілікті сақтап, ескекшілердің (катер командасының) отыруына басшылық жасайды: ортаңғы банкаға белгіленген екі ескекші шлюпкаға алдыңғы және артқы шлюпка көтермесімен бір уақытта, олардан кейін – артқы шлюпка көтермесі бойынша ескекшілер және бактағы ескекшімен бір уақытта – алдыңғы шлюпка көтермесі бойынша ескекшілермен бірге көтеріледі;

2) мүмкіндігінше шлюпканы түсіргенге дейін вахталық офицер қойған міндетті нақтылайды; егер борт сыртына құлаған адамды құтқару қажет болса, ескекшінің ( катер командасының) әрекет етуіне басшылық жасайды, шлюпканы (катерді) түсіру уақытында және ол корабльден кеткенде шлюпкада (катерде) құтқару объектісін және құтқару объектісіне бағытты көрсететін корабльдегі сигналшыны бақылауды ұйымдастырады;

3) белгіленген орынға қысқа мерзімде келетіндей шлюпканы (катерді) басқарады, борт сыртына құлап кеткен адамды көтерген сәтте Әскери-теңіз туы бар тутұғырды береді.

773. Құтқару шлюпкасының (катерінің) командасы вахталық офицердің рұқсатымен тағайындалған бекеттен кетпей, толық жарақта демалады, ал қолайсыз ауа райында құтқару шлюпкасына (катеріне) жақын үй-жайда бүркемеленеді.

**23-параграф. Шлюпкадағы (катердегі) вахташы**

774. Шлюпкадағы (катердегі) вахташы матростардан тағайындалады. Ол шлюпканың (катердің) сенімді бекітілуін, онда тазалық пен тәртіпті ұстауды, оның мүлкі мен қару-жарағының сақталуын қамтамасыз етеді. Шлюпкадағы (катердегі) вахташы вахталық офицерге және вахталық бекет командиріне бағынады.

Міндеттерін орындау кезінде ол бетін оның алдыңғы жағына қаратып, шлюпканың ( катердің) артқы жағындағы орындыққа отырады. Егер вахташының күзетінде бірнеше шлюпка (катер) болса, ол шлюпканың (катердің) артқы жағында болады.

775. Шлюпкадағы (катердегі) вахташы:

1) шлюпканың (катердің) бекітілуін бақылайды, оған бөгде адамды жібермейді;

2) шлюпканың (катердің) сақталуын қадағалайды;

3) шлюпка (катер) командасының тазалық пен тәртіпті сақтауын қадағалайды ( команда шлюпкаға аяқ киімін шешіп, ал суық жыл мезгілінде оны шаңнан және кірден тазартып отырады), банка бойынша жүруге рұқсат етпейді.

776. Шлюпкадағы (катердегі) вахташы дабыл бойынша өз бекетінен тек вахтадан бұйырым бойынша кетеді.

**24-параграф. Жүзу құралдары бойынша вахташы**

777. Жүзу құралдары бойынша вахташы құрама старшиналары мен матростарынан, пирсті (айлақты) пайдалану және қызмет көрсету командасынан тағайындалады. Құрама бойынша кезекшіге және оның көмекшісіне бағынады. Жүзу құралдары бойынша вахташыға жүзу құралдарында атқаратын вахта бағынады.

Таралым аяқталғаннан кейін жүзу құралдары бойынша түсетін вахташы ауысатыннан: жүзу құралдарына және олардың вахтаны атқаруына қатысты қолбасшылықтың бұйырымын, кренсіз және дифферентсіз айлақ құрылысжайы жанында тұрған катер мен шлюпканы, айлақ құрылысжайында тұрған байланыс құралын, өрт сөндіру мүлкін қабылдайды, олардың ақаусыздығын, швартовтың, траптың (баспалдақтың) және кранецтің жай-күйі мен бекітілуін, пирс құрылысжайындағы тазалық пен тәртіпті тексереді.

778. Жүзу құралдары бойынша вахташы вахтаны атқару кезінде:

1) өз бекетінен кетпей, оның маңында болады;

2) жүзу құралдарының сыртқы қауіпсіздігін және айлақ құрылысжайында болатын мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

3) швартовтың тартылуын, баспалдақтың бекітілуін қадағалайды;

4) бұл үшін белгіленбеген орында темекі шегуге және от жағуға рұқсат етпейді, өрт шыққанда жағалық база бойынша кезекшіге баяндап, оны сөндіруге шаралар қабылдайды;

5) құрама бойынша кезекшіге жүзу құралдарына қауіп төндіретін ауа райының бұзылуы туралы, сондай-ақ катерде крен мен дифференттің пайда болуы туралы баяндайды;

6) құрама командирімен белгілеген сағатта жүзу құралдарына ешкімді жібермейді;

7) катер старшиналарының рұқсатынсыз катерден мүлікті алып кетуге жол бермейді ;

8) жүзу құралдары тұрағы маңында тазалық пен тәртіпті қадағалайды, катерден борт сыртына және пирс құрылысжайына қоқыс тастауға рұқсат етпейді;

9) бекетке келген өзі бағынатын кезекші қызмет адамына, құрама қолбасшылығына жүзу құралдарының және вахтаның жай-күйі туралы баяндайды.

**25-параграф. Арқан ұшындағы вахташы**

779. Корабльде арқан ұшындағы вахташы матростар қатарынан тағайындалады, вахталық бекет командиріне бағынады.

Арқан ұшындағы вахташы:

1) арқан ұшын белгіленген тәртіппен ретпен жиналған және беруге үнемі әзір күйде ұстайды;

2) арқан ұшының катердің бұрандасына тиіп кетпеуін мұқият қадағалап, катерге ( шлюпкаға) береді;

3) берілген арқан ұшын сенімді және дұрыс бекітеді;

4) кранецті борт сыртына түсіреді;

5) бортта арқан ұшының, кранецтің, қажеті жоқ заттардың салбырап тұрмауын қадағалайды;

6) оған белгіленген ауданда тазалықты ұстайды;

7) адам борт сыртына құлап кеткенде оған арқан ұшын, құтқару дөңгелегі мен буйканы лақтырады.

**26-параграф. Шабарман**

780. Шабарман матростар қатарынан құрама бойынша кезекшінің, корабль бойынша кезекшінің және вахталық офицердің қарамағына тағайындалады. Олар бұйырымды, баяндауды немесе хабарламаны корабль ішіндегі байланыс құралдары арқылы беру мүмкін болмаған жағдайда оған тапсырма береді.

781. Вахталық офицердің нұсқауы бойынша шабарман жүзу көпірінде орналасады. Егер вахталық офицер нұсқау бермесе, шабарман өзі сұрайды.

Мысалы: "Аға лейтенант мырза. Қайда тұруды бұйырасыз?".

Ішкі үй-жайда шабарманға бос уақытта отыруға және оқуға жол беріледі. Офицерлер мен старшиналар өтіп бара жатқанда шабарман, егер отыруға рұқсат берілмесе, орнынан тұрып, олармен сәлемдеседі.

782. Барлық өкімді шабарман жүгіріп жүріп орындайды. Егер шабарман тапсырмамен жіберілген адамды таппаса, кезекші немесе вахталық қызмет адамына көмек сұрап жүгінеді. Тапсырылған тапсырманы орындағаннан кейін шабарман бұйырым берген бастыққа баяндайды.

Мысалы: "3-дәрежелі капитан мырза. Сіздің (осындай) бұйырымыңыз орындалды". Тапсырманы орындамаған жағдайда оны орындауға кедергі болған себептер туралы баяндайды.

783. Қандай да бір бастықтың қарамағына бөлінген шабарман оған берілген бұйырымды орындағаннан кейін вахталық офицердің қарамағына келеді.

**27-параграф. Арнайы наряд**

784. Арнайы наряд (кезекшілік пен вахта):

1) қару мен техникалық құралдарды белгіленген жауынгерлік әзірлікте, корабльді жорыққа әзірлікте ұстау;

2) қоршаған ортаны қадағалау, анықталған нысананы тану және төнген қауіп туралы ескерту;

3) қару мен техникалық құралға қызмет көрсету;

4) корабльдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төзімділік үшін күрес құралдарын ұдайы әзірлікте ұстау;

5) жеке құрамның күнделікті өмірін және қызметін қамтамасыз ету;

6) зақымдалған техникалық құралды дереу жөндеуге шаралар қабылдау;

7) оқ-дәрінің, жарылғыш, жанатын және улы заттардың дұрыс сақталуын бақылау;

8) корабльді энергия жеткізгішпен, бақылау құралдарымен, сондай-ақ сыртқы және ішкі байланыспен үздіксіз қамтамасыз ету үшін тағайындалған.

785. Арнайы кезекшілік құрамына:

1) жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша кезекші;

2) ангар және ұшу палубасы бойынша кезекші;

3) байланыс бойынша кезекші;

4) бақылау бойынша кезекші;

5) кезекші синоптик, рульді басқарушы, штурмандық электрик және гидрометеобақылаушы;

6) оқ-дәрі бар жертөле бойынша шолғын командирі мен шолғыншылар;

7) зениттік атыс құралдары бекетіндегі кезекші, кезекші торпедашы;

8) машина, машина-қазандық және қазандық бөлігі бойынша тәуліктік кезекші;

9) кезекші машинист және қазандық машинисі;

10) кезекші моторист;

11) кезекші трюмші;

12) корабльдік шеберхана бойынша кезекші;

13) кезекші электрик;

14) кезекші машинист-су дайындаушы;

15) кезекші санитар;

16) кезекші кок кіреді.

786. Арнайы вахта құрамына:

1) жауынгерлік ақпараттық бекеттің (ЖАП) вахталық офицері (старшинасы);

2) жауынгерлік ақпараттық басқару жүйесінің (ЖАБЖ) вахталық офицері;

3) вахталық инженер-механик;

4) вахталық штурман, вахталық штурманның көмекшісі, вахталық рульді басқарушы, қолданыстағы техникалық навигация және гидрометеорология құралдары вахташысы;

5) жауынгерлік әзірліктегі қару мен аспап жанындағы вахташы;

6) жоғарғы палубадағы оқ-дәрі жанындағы вахташы;

7) өрт қауіпсіздігі жөніндегі вахташы;

8) вахташы радиотелеграфист, сигналшы, радиометрист пен гидроакустик;

9) радиотрансляция бойынша вахташы;

10) комиллиметрутатор жанындағы вахташы телефонист;

11) трюм вахташысы, электрик, моторист (машинист), зымыран бөлігінің вахташысы, торпеда вахташысы;

12) іске қосылған қосалқы қазандық жанындағы вахташы;

13) іске қосылған басты және қосалқы энергия қондырғысы механизмі жанындағы вахташы;

14) іске қосылған генератор жанындағы вахташы;

15) корабльді пайдалану жүйесі бойынша вахташы;

16) электр станциясындағы вахташы;

17) радиациялық-химиялық бақылау бекетіндегі вахташы кіреді.

787. Арнайы наряд жеке құрамы жауынгерлік бөлім және қызмет бойынша кезекшіге, ал олар жауынгерлік бөлім командиріне және қызмет бастығына бағынады.

Корабль бойынша кезекші және төменгі жақ бойынша кезекші арнайы наряд қызметін атқаратын адамға корабльдің күн тәртібін орындауға, үй-жайдағы ішкі тәртіп пен тазалықты сақтау, бөлікті су басудың және өрт шығудың және қарумен авариялық жағдайдың болуының алдын алу жөніндегі талаптарға қатысты бұйырым береді.

788. Арнайы нарядтың барлық адамы өз міндетін орындағанда нұсқаулықты, сондай-ақ құрама флагмандық мамандары жасаған және құрама командирі бекіткен үй-жай мен жауынгерлік бекетті қарап шығу схемасын басшылыққа алады.

789. Іске қосылған механизмге қызмет көрсететін адамдарды және тек Жауынгерлік дабыл бойынша кестеде көзделген адам оны ауыстырғаннан кейін өз бекетінен кететін оқ-дәрі бар жертөле бойынша шолғыншыны қоспағанда, арнайы нарядтың барлық адамы дабыл бойынша ауыспай, кесте бойынша өз орнында болады.

**28-параграф. Арнайы наряд атқаратын адамның әрекеті**

**Жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша кезекші**

790. Жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша кезекші кезекшілікке түскені туралы жауынгерлік бөлім командиріне (қызмет бастығына) және корабль бойынша кезекшіге баяндайды, бұл ретте:

1) жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) жай-күйін, қару мен техникалық құралдың әзірлігін;

2) жертөледегі, шахтадағы, контейнердегі микроклимат параметрін;

3) іске қосылған механизмді;

4) жауынгерлік бөлімде (қызметте) жүргізілетін жұмысты және жоспарланған оны аяқтау мерзімін;

5) жеке құрамның шығысы туралы көрсетеді.

791. Жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша кезекші:

1) жорыққа белгіленген әзірлікті ұстайды;

2) жауынгерлік бөлімнің (қызметтің) қаруы мен техникалық құралының белгіленген әзірлігін қамтамасыз етеді;

3) жауынгерлік бөлім (қызмет) арнайы наряд адамының қызмет атқаруына басшылық жасайды;

4) жауынгерлік бөлімнен (қызметтен) жұмысқа тағайындалған команданы корабльден жіберуге басшылық жасайды;

5) жауынгерлік бөлім (қызмет) жеке құрамының күн тәртібін орындауын бақылайды;

6) жауынгерлік бөлім (қызмет) тұрғын және қызметтік үй-жайында тазалықты және ішкі тәртіпті ұстайды, сондай-ақ сабақтан және жұмыстан бос уақытта жауынгерлік бөлім (қызмет) жеке құрамының әрекет етуін бақылайды.

Бөлімшедегі оқиға мен оған алғышарт туралы кезекші жауынгерлік бөлім командиріне (қызмет бастығына) және корабль бойынша кезекшіге (вахталық офицерге , төменгі жақ бойынша кезекшіге) баяндайды.

### 29-параграф. Іске қосылған механизм жанындағы вахташы

792. Іске қосылған механизм, жүйе жанындағы вахташы:

1) оларды дұрыс пайдалану мен қолдануды;

2) корабльде белгіленген оларға бекітілген жұмыс кестесін нақты сақтауды;

3) олар қызмет көрсететін механизм орналасқан қызметтік үй-жайдың жай-күйін қамтамасыз етеді.

### 30-параграф. Оқ-дәрі бар жертөле бойынша шолғын командирі және шолғыншы

793. Оқ-дәрі бар жертөле бойынша шолғын командирі сынақ тапсырған және корабль командирінің бұйрығымен міндеттерін атқаруға жіберілген зымыран-артиллериялық, мина-торпедалық және авиациялық жауынгерлік бөлімше ( командалар старшинасы) қатарынан тағайындалады; тиісті жауынгерлік бөлім командиріне және корабль бойынша кезекшіге бағынады.

794. Оқ-дәрі бар жертөле бойынша шолғын командирі:

1) жертөлені және оқ-дәрі бар сақтау орнын жертөле бойынша шолғыншының уақтылы қарап шығуын, температура мен ылғалдылықты өлшеуді, тиісті журналға жазба жасауды;

2) жарылыс-өрт қауіпсіздігі жүйесінің пайдалануға әзірлігін қамтамасыз ететін оқ-дәрі бар жертөле шолғыншысын бақылауды қамтамасыз етеді.

Ол кезекшілік атқару кезінде екі реттен сиретпей жауынгерлік бөлім бойынша командирге және корабль бойынша кезекшіге тексеруге ұсынатын арнайы бақылау журналын жүргізеді.

795. Оқ-дәрі бар жертөле бойынша шолғыншы анағұрлым даярланған және тәртіпті, сынақ тапсырған және корабль командирінің бұйрығымен шолғыншының міндетін атқаруға жіберілген зымыран-артиллериялық, мина-торпедалық және авиациялық жауынгерлік бөлімнің келісімшарт бойынша әскери қызметшілері мен матростарынан тағайындалады.

Олар шолғын командиріне бағынады. Кезекшілік кезінде жертөле бойынша шолғыншы дабылдама құралдарымен арнайы жабдықталған үй-жайда (жертөлені бақылау бекетінде) болады.

796. Оқ-дәрі бар жертөле бойынша шолғыншы:

1) мұнара, зымыранды іске қосу құрылғысы, торпеда аппараты, оқ-дәрі мен қару бар жертөле мен сақтау орны есігінің, люгінің, қақпағының, мойыны мен есіктегі және люктегі бекітпенің ақаусыздығы мен бүтіндігін;

2) жертөледе бөгде заттардың, әсіресе майланған кендірдің, майдың және өзге де жанармай материалының болмауын;

3) оқ-дәріні, зымыранды, торпеданы сақтауда жарылыс-өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің толықтығын тексеруді;

4) кестеге және белгіленген ұйымдастыруға сәйкес жертөленің, зымыранды іске қосу қондырғысының, торпеда аппаратының, оқ-дәрі бар үй-жайдың уақтылы желдетілуін қамтамасыз етеді. Жертөлені, зымыранды іске қосу қондырғысын, торпеда аппаратын, оқ-дәрі бар үй-жайды кестеде көзделмеген уақытта желдетуді қосу тек электр-механикалық, зымыран-артиллериялық немесе мина-торпедалық жауынгерлік бөлім бойынша кезекшінің рұқсатымен, ал кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда аталған адамға кейіннен баяндаумен дербес жүргізіледі.

797. Оқ-дәрі бар жертөле бойынша шолғыншы:

1) мыналарды:

корабльдің және корабль бөліктерінің құрылымын, жертөленің және онымен іргелес үй-жайдың орналасуын, оларға жақындауды және кіретін жерді;

оқ-дәріні сақтау кезінде жарылыс-өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін корабльдік жүйенің арналуын, құрылымын, орналасуын, пайдалану нұсқаулығын және жай-күйін (жертөлеге су жіберу және шаю жүйесі, шаю жүйесін автоматты түрде немесе қашықтан қосу үшін қозғау жүйесі, шығару қақпағы, желдету және температуралық-дабыл дабылдамасы жүйесі);

корабльдің кезекші және вахталық қызметі бекетінің арналуы мен орналасуын, олармен байланысу және корабльдің ішкі байланысын ұйымдастыру құралдарын;

жертөлені ұстауды және оқ-дәріні сақтауды, ведомстволық бағынысты люкті, есікті ашуды және жертөлеге кіруді;

жертөледе қалыпты температура мен ылғалдылықты ұстау тәртібін;
шолғын қызметін ұйымдастыру және атқару тәртібін біледі;
2) мыналарды:
оқ-дәрінің жай-күйін, оларды сақтау шартын, жертөле мен оқ-дәріні сақтауда жарылыс-өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйенің жай-күйін тексеруді;
жертөледе температура мен ылғалдылықты тіркейтін аспапты қолдануды, жертөлені желдету үшін желдету жүйесін пайдалануды және жертөлені желдетуді жүзеге асыруды және белгіленген қағидаларға сәйкес рұқсат етілген шекте температура мен ылғалдылықты ұстауды;
оқ-дәрімен авариялық жағдай туындағанда шаю және су жіберу жүйесін іске қосуды, өрт сөндіру құралдарын қолдануды және оқ-дәрімен авариялық жағдайда әрекет етуді;
шолғыншы қызметін атқарудың белгіленген тәртібін орындауды және оқ-дәрісі бар жертөлені тексеруді, жертөленің кілтін қолдануды және белгіленген кілтті беру тәртібін жүзеге асыруды, жертөлені ашуды және оған адамдарды кіргізуді;
корабльдік байланыс құралдарын пайдалануды біледі;
3) бекітілген қарап өту схемасы мен кестесіне сәйкес жертөлені қарап өтуді жиі ( әрбір 2 сағат сайын сиретпей) жүргізу және барлық көрсетілген үй-жайды, сондай-ақ зымыранды іске қосу қондырғысы мен торпедалық аппаратты қарап тексеруді;
4) жертөледегі, іске қосу қондырғысындағы, торпедалық аппараттағы температуралық-дабылдама сигналының, температура мен ылғалдылықтың ақаусыздығын ұдайы бақылау, жертөледегі, іске қосу қондырғысындағы, торпедалық аппараттағы температураны, ылғалдылықты және желдетуді өлшеу журналын жүргізуді. Температура мен ылғалдылық шекті нормадан ауытқыған жағдайда ол шолғын командиріне, жауынгерлік бөлім бойынша кезекшіге және корабль бойынша кезекшіге дереу баяндап, жертөледегі ауа температурасы мен ылғалдылығын қалыпты мәнге дейін түсіру бойынша шаралар қабылдайды;
5) оқ-дәріні сақтауда жарылыс-өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйенің ақаусыздығын, жай-күйін және қолдануға әзірлігін бақылауды;
6) жертөленің, оқ-дәрінің жай-күйін бақылауды, жертөледегі жұмыс кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауды;
7) шолғын бекетінде температуралық-дабыл дабылдамасы жүйесі аспабын ұдайы бақылауды;
8) корабль бойынша кезекшімен және электр-механикалық жауынгерлік бөлім бойынша кезекшімен байланысты жүзеге асыруды;
9) белгіленген тәртіппен жертөлеге жеке құрамды кіргізуді бақылауды және жүзеге асыруды;
10) корабль бойынша бұйрықпен жертөлені ашуға рұқсат етілген адамға күнделікті жағдайда жертөленің кілтін беруді;

11) шолғын қызметінің құжаттамасын жүргізуді;

12) оның оқ-дәрісімен авариялық жағдай туындағанда оны жою бойынша шұғыл шаралар қабылдауды және шолғын қызметінің нұсқаулығына сәйкес әрекет етуді;

13) жертөле температурасы 70°С дейін көтерілгенде жертөлеге су жіберу жүйесін қосуды біледі.

Төзімділік бойынша шолғыншы дабыл бойынша ауыспай, кестеге сәйкес өз орнына орналасады.

798. Шолғын қызметін ауыстыру кезінде түсетін және ауысатын шолғын командирі жауынгерлік бөлім бойынша кезекшімен бірге жертөлені қарап өтеді және оның жай-күйін тексереді. Жертөлені одан әрі тексеру екі шолғыншымен не шолғыншымен және корабль бойынша кезекшімен бірге жүргізіледі.

Жертөлені қарап өту кезінде бір шолғыншы (корабль бойынша кезекші) авариялық жағдай туындағанда кіреберісті күзету, жертөледегі жағдайды бақылау және қажетті іс-қимылды орындау үшін жертөле кіреберісінде қалады, екінші шолғыншы жертөлені тексереді, журналға жазба жазады және бақылау биркасын ауыстырады.

799. Жертөлені және жарылыс-өрт қауіпсіздігі жүйесін тексеру нәтижесі бойынша ескерту шолғын командирінің журналына жазылады және шолғын командиріне баяндалады.

Жертөлені, жарылыс-өрт қауіпсіздігі жүйесін ұстауда немесе оқ-дәріні сақтауда бұзушылық анықталған жағдайда шолғын командирі бұл туралы жауынгерлік бөлім бойынша кезекшіге, корабль бойынша кезекшіге және жауынгерлік бөлім командиріне, ал кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда тікелей корабль командиріне баяндайды.

Барлық ескерту мен бұзушылықты дереу жою керек, ал дереу жоюға техникалық мүмкіндік болмағанда корабль командирі (ЖБ-2, 3 командирі) бұзушылықты жою мерзімін белгілеуі және ол бойынша қажетті шараларды, сондай-ақ оқ-дәріні қауіпсіз сақтауды қамтамасыз ету бойынша қосымша шараларды айқындауы қажет.

800. Шолғын қызметі құрамының табелін корабль командирі (бір типті корабль үшін – құрама штабы) әзірлейді, оны құрама командирі бекітеді.

Шолғын бекетінде шолғын қызметі адамының вахтаны атқару кезеңділігі, оның жертөлені қарап өту кестесі және ауысу тәртібі корабльде шолғын қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен айқындалады.

**31-параграф. Жұмысқа наряд**

801. Корабльдегі шаруашылық жұмысы, қорды, мүлік пен материалды жағадан қабылдау және жағаға тапсыру жұмысын нарядқа жұмыс істеуге тағайындалған жеке құрам жеке орындауы керек.

Жұмысқа нарядты тағайындау кезінде қандай корабль бөлімшесінен екені және жеке құрамның қандай саны бөлінетіні, жұмыс түрі және ұзақтығы, қай уақытта және

қайда келуі, жұмысқа басшылық жасау кімге жүктелетіні немесе жеке құрам кімнің өкіміне жіберілетіні көрсетілуі керек.

20 адамнан астам корабльді жөнелту кезінде жұмысқа нарядқа басшылық жасауға офицер немесе келісімшарт бойынша қызмет өткеретін старшина тағайындалады.

802. Жағада жұмыс істеу үшін тағайындалған жеке құрамның санын корабль командирінің аға көмекшісі, ал егер жұмысты штаб айқындаса, штаб бастығы айқындайды. Барлық жағдайда жұмыс істеуге корабль экипажының төрттен бірінен асырмай тағайындалады.

803. Жеке құрамды корабльден жағаға жүзу құралдарымен және одан әрі көлікпен жұмыс объектісіне, сондай-ақ кері корабльге жеткізуді қамтамасыз етуді жеке құрам өкіміне тағайындалған командир (бастық) қамтамасыз етеді. Жұмыс объектісі 2 км аз орналасқанда команда жаяу ретпен жүреді. Түнде қайғылы оқиғаны болдырмау үшін колонна басында (ақ түсті) және артында (қызыл түсті) кіші сигнал шамы, ал күндізгі уақытта сигналдық жалау (қызыл түсті) болуы керек.

804. Жағадағы жұмысты ұйымдастыруды және оның қауіпсіздігін қарамағына әскери қызметшілер бөлінген командир (бастық) қамтамасыз етеді. Жұмыс нарядын басқару жүктелген офицер (старшина) жұмыс объектісіне және кері қара қайтып оралғанда әскери реттілікті, жүру жолында және жұмыс уақытында әскери тәртіпті және белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтауға жауап береді.

805. Қалада немесе басқа елді мекенде жұмысты орындағанда наряд жеке құрамы жұмыста қоғамдық тыныштық пен тәртіпті бұзбауы керек.

806. Егер жағадағы жұмыс жалғасатын болса, онда жұмысқа нарядты жеке құрам корабльдік күн тәртібімен белгіленген уақытта түскі ас және кешкі ас ішетіндей есеппен ыстық тамақпен жабдықтау ұйымдастырылады.

807. Ерекше жалғасатын жұмысты корабльден алдын ала ауысымды жіберіп, ауысым бойынша жүргізу керек.

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
1-қосымша

**Командалық пункт, жауынгерлік бекет пен жауынгерлік нөмірді белгілеу**

1. Командалық пунктіні, жауынгерлік бекетті схемада, кестеде, нұсқаулықта және құжатта белгілеу үшін мынадай қысқартулар қабылданды:

1) командалық пункт:

| | |
|---|---|
| БКП | -бас командалық пункт; |
| ҚКП | - қосалқы командалық пункт; |
| | |

| | |
|---|---|
| ОКП | - орталық командалық пункт; |
| КП 1 | - штурман жауынгерлік бөлімінің командалық пункті; |
| ҚП 5 | - электр-механикалық жауынгерлік бөлімінің қосалқы командалық пункті; |
| КП М | - медицина қызметінің командалық пункті. |

Егер жауынгерлік бөлімде (қызметте) бірнеше командалық пункт бар болса, оларға жауынгерлік бөлімде (қызметте) санмен жазылатын тиісті реттік нөмір беріледі, мысалы:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1-КП 2 | 2-КП 4 | 4-КП 5 | |

2) жауынгерлік бекет:

| | |
|---|---|
| ЖБ-12<br>1 | рульді авариялық басқару жауынгерлік бекеті (ЖБ-1<br>). |
| ЖБ-1<br>Х | радиациялық және химиялық бақылау құралдарына қызмет көрсету жауынгерлік бекеті (Х-қызм.). |

2. Әрбір старшина мен матросқа көрсетілген үлгіге сәйкес жауынгерлік нөмір беріледі. Жауынгерлік нөмірді белгілеу үшін мынадай қысқартулар қабылданды, мысалы:




| | |
|---|---|
| 2 | жауынгерлік бөлімнің сандық белгісі (қызметтің әріптік белгісі). |
| 15 | жауынгерлік бекет нөмірі. |
| 21 | жауынгерлік ауысымның сандық белгісі, онда:<br>2 – жауынгерлік ауысымның нөмірі;<br>1 – жауынгерлік ауысымдағы старшина, матростың реттік нөмірі. |

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
2-қосымша

**Корабльде кернеймен, дыбысты сигнал немесе қоңыраумен берілетін сигнал. Корабльде склянканы соғу тәртібі**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| Р/с № | Сигнал атауы | Кернеймен берілетін сигнал | Дыбысты сигнал, қоңыраумен берілетін сигнал | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Дыбысталу ерекшелігі | Беру тәртібі |
| 1. | Корабльді ұрысқа және жорыққа дайында | Ойналмайды | Қоңыраумен екі қысқа дыбыс ( .. .. .. ) | 2 секунд аралықпен үш рет қайталанады |
| 2. | Жауынгерлік дабыл | № 1 | Бір үздіксіз сигнал ( ________ ) | Қоңыраумен беріледі |
| 3. | Оқу-жаттығу дабылы | № 13 және 1 | Қоңыраумен үш қысқа және бір үздіксіз дыбыс ( . . . ___________ ) | Бір рет беріледі |
| 4. | Авариялық дабыл | Ойналмайды | Қоңыраумен 25-30 қысқа дыбыс ( . . . . . . . . . . . . . ) | Бір рет беріледі |
| 5. | Химиялық дабыл | Ойналмайды | Қоңыраумен төрт қысқа және бір ұзақ дыбыс (. . . . _________ ) | 2 секунд аралықпен үш рет қайталанады |
| 6. | Радиациялық қауіп | Ойналмайды | Бір қысқа және екі ұзақ дыбыс (. ___ ___ ) | Корабльде қоңыраумен 2 секунд аралықпен үш рет қайталанады |
| 7. | Үлкен жиын (аврал) | № 2 | Қоңыраумен бір қысқа және бір ұзақ дыбыс ( . ___ ) | Аралықсыз 12-15 рет қайталанады |
| 8. | Шағын жиын (барлығың тыңда) | № 3 | Қоңыраумен үш қысқа дыбыс (………..) | 2 секунд аралықпен екі рет қайталанады |
| 9. | Дабылды тоқтату ( немесе жарияланған әрекетті аяқтау) | № 21 | Қоңыраумен үш ұзақ дыбыс ( ____ ____ ____ ) | Бір рет беріледі |
| 10. | Сабақтың және жұмыстың басталуы , үзіліс және жалғастыр | Ойналмайды | Қоңыраумен бір ұзақ дыбыс ( ____ ) | Бір рет беріледі |
| 11. | Дауыс зорайтқыш байланыс істен шықты | Ойналмайды | Қоңырау және дыбысты сигналмен бір уақытта төрт ұзақ дыбыс ( __ __ __ __ __ __ _ _ __ ) | Бір рет беріледі |
| 12. | Дабылдаманы және авариялық жарықты тексер | Ойналмайды | Қоңырау және дыбысты сигналмен кезектесіп төрт ұзақ дыбыс | Бір рет беріледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | (__ __ __ __ ), ( __ _ _ __ __ ) | |
| 13. | Қару мен техникалық құралды қарап-тексеруде және тексеруде қоңырауды тексер | Ойналмайды | Қоңыраумен үш қысқа дыбыс ( . . . ) | Бір рет беріледі |

Ескертпе:

1. Дыбысталу үні өзгертілетін сигналды беру құрылғысы жоқ корабль мен кемеде " Жауынгерлік дабыл" сигналы қоңыраумен беріледі (қоңырау қатты соғылады).

2. Оқу-жаттығу мақсатында жарияланған жауынгерлік және оқу-жаттығу дабылының нақты дабыл сигналынан айырмашылығы "Барлығың тыңда" сигналы (№ 10 – бір рет) – қоңыраумен және "Оқу-жаттығу" деген сөзбен – трансляция бойынша дыбыспен шамаланады.

3. Дыбыс ұзақтығы:

үздіксіз – 25 – 30 секунд;

ұзақтығы – 2 – 5 секунд;

қысқасы – 0,5 – 0,7 секунд.

Сигнал дыбысының арасындағы аралық ұзақтығы – 0,2 – 0,5 секунд.

4. Қоңырау тізбегі ақаулы болған жағдайда авариялық дабыл сигналы корабльдік қоңыраумен (жиі соғу қатары) беріледі.

5. Кернеймен берілетін сигналдардың ноталары осы Нұсқаулықтың "Командалық сөздер" қосымшасында көзделген.

Корабльде склянканы соғу тәртібі

08.00 – 8 склянка соғылады (корабльдік қоңырауды төрт рет қосарлап соғу);

08.30 – 1 склянка соғылады (бір рет соғу);

09.00 – 2 склянка соғылады (бір рет қосарлап соғу);

09.30 – 3 склянка соғылады (бір рет қосарлап және бір рет соғу) және бұдан әрі 12.00-ге дейін.

12.00 – "рында" соғылады (3 үш рет корабльдік қоңырау соғу).

Келесі жарты сағатта 12.30-дан бастап 16.00-ге дейін, 16.00-ден бастап 20.00-ге дейін және 20.00-ден бастап 23.00-ге дейін, тоқтатылғанға дейін жаңа склянка есебі басталады.

23.00 – 6 склянка соғылады.

Корабль командирі өз бұйрығымен кезекші және вахталық қызмет құрамының қайсысы склянка соғу керектігін айқындайды.

ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
3-қосымша

**Корабльде уақытша болатын команда және адам туралы ереже. Әскери білім беру мекемесі жеке құрамының корабльде болу тәртібі**

1. Әскери-теңіз институтының (училищесінің) жеке құрамы оқу практикасынан (тағылымдамадан) өту, сондай-ақ практикаға басшылық ету үшін корабльге келген сәттен бастап корабль командиріне бағынады.

2. Курсанттардың оқу практикасы (тағылымдамасы) әскери-теңіз институтының (училищесінің) оқу жоспарына сәйкес өткізіледі. Бұл ретте осы Нұсқаулықтың қағидаларын іс жүзінде меңгеруге, корабльдік қызметте мықты дағдыға ие болуға, жақсы теңіз тәжірибесін алуға, сондай-ақ бөлімшеде жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеу дағдысын дарытуға ерекше назар аударылуға тиіс.

Практиканың (тағылымдаманың) маңызды міндеті курсант бойында Әскери-теңіз күштеріне тиесілілігіне мақтаныш, теңізге және қызметке деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу болып табылады.

3. Корабль командиріне көмекке институт офицерлерінен курсанттар практикасының (тағылымдамасының) жетекшісі тағайындалады. Егер корабльде практиканың (тағылымдаманың) бірнеше жетекшісі тағайындалса, олардың ішіндегі басшысы практиканы (тағылымдаманы) ұйымдастыру және оның сапасын тексеру мәселелері жөнінде корабль командирінің көмекшісі болып табылады. Ол қызметті ұйымдастыруға, курсанттардың әскери тәртібіне және практика (тағылымдама) бағдарламасының сапалы орындалуына жауап береді. Практика жетекшісі (оқытушылары) корабль командирі мен офицерлеріне курсанттарды оқытып-үйретуді ұйымдастыруға, жоспарлауға және іс жүзінде іске асыруға әдістемелік көмек көрсетеді.

Практика жетекшісі курсанттарды оқытып-үйрету барысын күнделікті бақылайды, олардың оқу практикасы бағдарламасын меңгеруін тексереді және кемшіліктерді жоюға шаралар қабылдайды. Практика барысы және оны жетілдіру жөніндегі өз ұсыныстары туралы олар корабль командиріне баяндайды.

4. Әскери-теңіз институтының (училищесінің) курсанттары корабль бөлімшелеріне бөлінеді және корабльдік кесте бойынша тиісті мамандыққа сәйкес келісімшарт бойынша әскери қызметтегі әскери қызметшілердің және матростардың дублері ретінде жазылады.

Бітіруші курс курсанттары бастапқы лауазымдағы офицерлердің жұмысын қайталайды және топ командиріне (жауынгерлік бөлім командиріне) тікелей бағынады.

5. Корабльдің жеке құрамы әскери-теңіз институтының (училищесінің) курсанттарына оқу практикасының бағдарламасы мен тапсырмасын орындауына,

курсанттардың корабльдік қызмет және корабльдік нарядта қызмет атқару дағдысын меңгеруіне барынша көмек көрсетуге міндетті.

Курсанттарды іс жүзінде оқытып-үйрету іс-шаралары корабльдің жауынгерлік даярлықтың апталық және тәуліктік жоспарында көзделуге тиіс.

6. Әскери-теңіз институты (училищесі) курсанттары практикасының ( тағылымдамасының) нәтижесі, оның жетекшісінің баяндамасы бойынша корабльдің жауынгерлік даярлық қорытындысын бағалау кезінде ескеріледі.

7. Жүзу уақытында практика жетекшісі, офицер-тағылымдамадан өтетін, офицер-тыңдаушы және бітіруші курс курсанттары бөлек каютада немесе корабльдің жалпы үй-жайында (кубрикте), оның мүмкіндігіне байланысты орналастырылады.

8. Корабльдің тіршілігі және қызметінің барлық жағдайында курсанттар оқытып-үйрету жылына байланысты корабль жеке құрамының тиісті санатына теңестіріледі.

Курсанттар корабльдің келісімшарт бойынша әскери қызметтегі әскери қызметшілермен және матростарымен жалпы үй-жайда орналастырылады және олармен қатар тамақпен қамтамасыз етіледі.

9. Курсанттар жағалауға қайталайтын лауазымы бойынша корабль жеке құрамына бірдей негізде босатылады.

Корабльде десант жеке құрамы мен әскери команданың болу тәртібі

1. Тасымалдау үшін корабльге қабылданған әскери бөлім (бөлімше) жеке құрамы Десантты қабылдау мен түсіру және корабльдік десант бөлімшесін жинау кестесіне сәйкес корабль командирінің көмекшісі әзірлеген және корабль командирі бекіткен жоспарға сәйкес үй-жайларға орналастырылады. Әскери бөлім офицерлері олардың қызмет бабына сәйкес мүмкіндігінше каютаға, ал басқа әскери қызметшілер корабльдің келісімшарт бойынша әскери қызметтегі әскери қызметшілерімен және матростарымен бірдей негізде мүмкіндігінше арнайы бөлінген үй-жайда орналастырылады.

2. Жеткізілетін әскери бөлімнің (бөлімшенің) немесе десанттың жеке құрамын оларға арналған үй-жайға орналастырар алдында, үй-жай мұқият тазартылады және желдетіледі.

Егер корабльдік лазарет жеткілікті түрде сыйымды болмаса, сырқаттанғандар ( жарақаттанғандар) үшін үй-жайды дайындауға ерекше назар аудару қажет.

3. Корабль командирінің көмекшісі жеткізілетін әскери бөлімнің (бөлімшенің) немесе десанттың жеке құрамы үшін үй-жайды бөлумен қатар, олардың қаруын, жауынгерлік техникасын, жабдығы мен мүлікін орналастыру үшін орынды белгілейді.

Адамды түсіру, қару-жарақ, әскери техника және жүкті қабылдау мен тиеу тәртібі арнайы нұсқаулықтарға және Десантты қабылдау мен түсіру және корабльдік десант бөлімшесін жинау кестесіне сәйкес айқындалады.

4. Әскери бөлімнің (бөлімшенің) немесе десанттың барлық жеке құрамы корабльде болған уақытта осы Нұсқаулықтың талаптарын және корабльді басқару ісіне кіріспей,

корабльде белгіленген күн тәртібін және корабль экипажы құрамындағы адамдардың өкімін қатаң сақтауға міндетті.

5. Жеткізілетін әскери бөлімнің (бөлімшенің) немесе десанттың жеке құрамы корабль командирінің қарауы және әскери бөлім (бөлімше) немесе десант командирінің келісімі бойынша корабльдік жұмысқа тартылады.

6. Әскери бөлім (бөлімше) немесе десант жеке құрамының тәртіпті және белгіленген қағидаларды сақтауын бақылау әскери бөлім (бөлімше) немесе десант құрамынан арнайы тағайындалған кезекшіге жүктеледі.

7. Жеткізілетін әскери бөлім (бөлімше) немесе десант жеке құрамының санына қарай корабльді қосымша құтқару құралдарымен қамтамасыз ету қажет.

8. Әскери бөлімнің (бөлімшенің) немесе десанттың жеке құрамы корабльдің жеке құрамымен қатар жалпы негізде корабльден берілетін тамақпен қамтамасыз етіледі немесе өздігінен үлеске қойылады. Үлеске қою тәртібі жеткізілетін әскери бөлімнің ( бөлімшенің) немесе десанттың басшылығымен келісілгеннен кейін құрама немесе корабль командирінің алдын ала өкімімен белгіленеді.

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
4-қосымша

**Жаңадан тағайындалған командирдің корабльді басқаруға кірісу рәсімі**

1. Корабль командирі лауазымына тағайындалған офицер корабль құрамасының командиріне өзін таныстырады, ол оны корабль офицерлеріне жеке өзі таныстырады ( немесе таныстыруды өз орынбасарларының біріне тапсырады) және оларға жаңадан тағайындалған командирге ісі мен лауазымын қабылдауға көмек көрсету бойынша міндеттер қояды.

2. Ісі мен лауазымын қабылдағаннан кейін құрама командирі белгілеген уақытта (ісі мен лауазымын қабылдау туралы актіге қол қойған күні) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет жарғысына сәйкес жаңадан тағайындалған командирдің корабль қолбасшылығына кірісу салтанатты рәсімі өткізіледі. Корабль қолбасшылығына кірісу рәсіміне құрама штабының барлық офицерлері қатысады.

3. Рәсімді өткізу үшін корабль экипажы Әскери-теңіз жалауын көтеруге сапқа тұру схемасы бойынша тұрғызылады.

4. Корабль командирінің аға көмекшісі ісі мен лауазымын тапсырушы корабль командирін қарсы алады. Одан кейін кезекші қызметтің адамы арқылы ол экипаждың сапқа тұрғызылғаны туралы құрама командиріне баяндайды.

5. Құрама командирі жоғары палубаға шыққан (белгіленген орынға жақындаған) кезде ісі мен лауазымын тапсырушы корабль командирі "Тік тұр" командасын береді және мына нысан бойынша оған баяндайды:

"Бірінші дәрежелі капитан мырза! Корабль қолбасшылығына кірісу рәсіміне " Маңғыстау" зымыран-артиллериялық корабль экипажы сапқа тұрғызылды. Корабль командирі 3-дәрежелі капитан Яхьяров".

Ісі мен лауазымын қабылдаушы корабль командирі сәл артта және құрама командирінен оңға қарай жүреді және ол баяндауды қабылдағаннан кейін корабль командирінің аға көмекшісі алдына қатарға тұрады.

6. Құрам командирі өзіне ілесіп келе жатқан ісі мен лауазымын тапсырушы корабль командирімен сапта тұрған жеке құрамның қатарын айналып шығады және экипажмен амандасады. Осыдан кейін "Еркін тұр" командасы беріледі.

7. Құрама командирі "Тік тұр" командасын береді және жаңадан тағайындалған командирлер туралы бұйрықты жариялайды. Одан кейін ол "Еркін тұр" командасын береді және ісі мен лауазымын тапсырушы бұрынғы корабль командирінің жетістігін атап өтіп, қысқаша сөз сөйлейді. Корабль құрамасының командирі оған өз тілегін айтып, қызметі үшін алғыс білдіреді. Одан кейін жаңадан тағайындалған корабль командирін таныстырып, оның атқарған қызметі туралы қысқаша сипаттама береді және егер онда "Корабль командирі" деген ерекшелік белгісі болмаса, оған сол төсбелгіні тапсырады.

8. Корабль құрамасының командирі корабль командирлеріне ісі мен лауазымын қабылдау және тапсыру туралы баяндауға бұйрық береді.

Ісі мен лауазымын тапсырушы корабль командирі "Тік тұр" командасын береді және ісі мен лауазымын қабылдаушы командирмен бірге корабль құрамасының командиріне жақындайды және оған мына нысан бойынша баяндайды:

"Бірінші дәрежелі капитан мырза! Үшінші дәрежелі капитан Яхьяров "Маңғыстау" зымыран-артиллериялық кораблі командирінің ісі мен лауазымын тапсырды". "Бірінші дәрежелі капитан мырза! Капитан-лейтенант Бағдабаев "Маңғыстау" зымыран-артиллериялық кораблі командирінің ісі мен лауазымын қабылдады".

Ісі мен лауазымын қабылдаған корабль командирі құрама командирінің рұқсатымен "Еркін тұр" командасын береді және "Тара" командасы бойынша экипажды жібереді.

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
5-қосымша
Нысан

**Тәуліктік ведомость**

Қызмет бабында пайдалану үшін
(толтыру бойынша)

**ТӘУЛІКТІК ВЕДОМОСТЬ ____________________________________________________________________**

**(құрама, корабль атауы) 20 __ ж. ________________ жағдай бойынша (күні)**

1. Жеке құрам бойынша мәлімет

| | Әскери қызметшілер | | | |
|---|---|---|---|---|
| | келісімшарт бойынша | | әскерге шақыру бойынша | |
| | Офицерлер | Старшиналар, матростар | Старшиналар | Матростар |
| Штат бойынша | | | | |
| Тізім бойынша | | | | |
| Емделудегі науқас адамдар: | | | | |
| а) корабльде | | | | |
| б) корабльден тыс | | | | |
| Іссапарда | | | | |
| Демалыста | | | | |
| Сотталғаны | | | | |
| Барлығы шығыс (корабльдік наряд қызметін атқаратындар) | | | | |
| Нақты бары | | | | |
| Іссапарға жіберілгені | | | | |
| Жабдықталымда тұрғаны | | | | |

2. Материалдық құрал қоры:

| | |
|---|---|
| Жанармай: ______________________ | Жақпамай: ________________________ |
| | Машиналық ________________________ |
| Дизельдік отын ___________________. | Турбиналық ________________________ |
| Керосин ________________________ | Моторлық __________________________ |
| Бензин _________________________ | Азық-түлік __________________ тәулікке |
| Су: ____________________________ | оның ішінде ________________________ |
| Қазандық _______________________ | Ет _______________________________ |
| Жуу ___________________________ | Нан ______________________________ |
| Ауызсу _________________________ | Кассадағы ақша _____________________ |

3. Микроклимат және газ анализінің барынша параметрі:

| Қойма (үй-жай) | Температура, (°С) | Ылғал, (%) | Зымыран буының концентрациясы |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| жерқойма мен контейнерде: | | | |
| қанатты зымыран | | | |
| зениттік зымыран | | | |
| әмбебап калибр | | | |
| ШЗА | | | |
| миналы | | | |
| керосин қоймасында | | | |
| рефрижераторлық камерада | | | |

Корабль командирінің аға көмекшісі ________________ (қолтаңбасы)

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
6-қосымша

Нысан

## Вахталық офицердің таңертеңгілік баяндауы

## Вахталық офицердің таңертеңгілік баяндауы (07.00-дегі жағдай бойынша)

20 __ ж. "____" _________________ (күні) (айы)
Рейд ____________________ _____________________
(бухта, шығанақ) (корабль атауы)

1. Ауа-райының жай-күйі:

| Жел күші мен бағыты (метр/секунд) | Теңіз толқуы (балл) | Бұлттылық (балл) | Сыртқы ауа температурасы ( Цельсий) | Су температурасы ( Цельсий) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

2. Рейдте корабльдің (кеменің) қозғалысы туралы мәлімет:

| Теңізден келді | Теңізге кетті |
|---|---|
| | |

3. Белгісіз себеппен болмағандар және кешіккендер:

| Жауынгерлік бөлім (қызмет) | Инициалдары мен тегі |
|---|---|
| | |

4. Түнде қабылданған және баяндалмаған сигнал мазмұны:

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

5. Вахта бойынша түнде болған ерекше жағдай және ескерту:

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Вахталық офицер ___________________________________________________
(әскери атағы, қолтаңбасы, инициалдары мен тегі)

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
7-қосымша

## Авариялық арнаулы затар мен мүліктің ерекшелік бояуы

| Авариялық арнаулы заттар мен мүлік | Бояу түсі | Ерекшелік белгісінің (жазба) түсі |
|---|---|---|
| Ауа және вакуумдау баллоны | Қара | "Қысылған ауа", ақ |
| Көмірқышқылды баллон | Қара | "Көмірқышқыл", сары |
| Оттегі баллоны | Көгілдір (зарядтау станциясы бояйды) | "Оттегі" немесе "Мед. оттегі", қара |
| Ацетилен баллоны | Ақ (зарядтау станциясы бояйды) | "Ацетилен", қызыл |
| Сутекті баллон | Жасыл | "Сутегі", ақ |
| Гелий баллоны | Қоңыр | "Гелий", ақ |
| Азотты баллон | Қара | "Азот", сары |
| ГВД баллоны | Қызғылт сары | "Азот", қара |
| Хладоны бар баллон | Сұрғылт | "Хладон", қара |
| Суару және су себу ауа жүйесінің баллоны | Қызыл | |
| Өрт сөндіру сұйықтық резервуары | Қара | |
| Ингибиторлық жүйе сұйықтығы бар резервуар | Қара | |
| Өрт сөндіргіш керней | Қызыл | Керней нөмірі, ақ |
| Өрт сөндіру құбыртүтігі | Боялмайды | Біріктіргіш сомынның ішкі бөлігі қызыл түспен боялады. Өрт сөндіру құбыртүтігі жалғанған керней нөмірі, қызыл |
| Өрт сөндіргіш баған | Қызыл | |
| Ауа-көбік баған | Қызыл | |
| Көбік генераторы | Қызыл | Көбік генераторының нөмірі ақ |
| Өртсөндіргіш | Қызыл | Өртсөндіргіш нөмірі ақ |
| Авариялық құрал-сайман | Қызыл – тұтқа, жұмыс бөлігі боялмайды | Бөлік нөмірі ақ |
| Шет жақ жерқойманың су басу және суару төлкесінің кілті | Қызыл | Жерқойма нөмірі ақ |
| Қисық бөліктің су басу және құрғату төлкесінің, сутөкпе және жүйе кілті | Жасыл | Эжектор мен клапан нөмірі,оларға қатысты осы немесе өзге де ақ түсті кілт |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Авариялық (штаттық) бөрене мен тақтай | Ақшыл-сұр | Жауынгерлік бекет нөмірі ақ |
| Сына, тығын | Ақшыл-сұр | |
| Сырғымалы металл тіреуіш | Қызыл | Жауынгерлік бекет нөмірі ақ |
| Су ағатын тасымалданатын сорғы | Жасыл | Жауынгерлік бекет нөмірі ақ |
| Құтқару салы | Қызғылт сары, ал контейнер – шар түстес | |
| Іске қосқыш тұтқа, сермер, батырма мен педаль, суару, су себу, көбікпен сөндіру жүйесін қолмен қосатын, көлемді химиялық сөндіру, ингибиторлық клапаны, сондай-ақ тез жасыратын және тез әрекет ететін клапан, бұрылма жапқыш және суару және су себу жүйесінің қайтарылмас тиектік клапаны | Қызыл | |
| Жеке құтқару құралы | Қызғылт сары | Жауынгерлік нөмір (лауазым атауы) ақ (қара) |
| Техникалық құралдың (кілттің, сермердің және т.б.) әрекетін қашықтықтан тоқтату құрылғысы | Қара | Ақ немесе қызыл түсті техникалық құрал атауы |
| Өрт сөндіру бағаны | Қызыл | |
| Авариялық құрал-сайман бар тақта | Қызыл | Тақтада тұрған авариялық құрал-сайман тізімі |
| Сырғымалы металл тіреуіш, бұрандама, тығын, бүгіл, резеңке металл жабыстырғыш | Қызыл, жұмыс бөлігі және бұрандалы қосылысы боялмайды | Бөлік нөмірі ақ |
| Сермерлер және бөлікті, бөлмені, қоршауды, зымырандық шахтаны (контейнерді) авариялық құрғату, авариялық үрлеу, су басу және суару клапанының жетегі, өрт сөндіру кернейінің, құтқару жүйесі мен құрылғысының клапан сермері | Қызыл | Клапанның (жетектің) арналуын көрсетумен ерекшелік планкасы, сондай-ақ айналым күнін білдіретін "Ашық" және "Жабық" айналатын жағының көрсеткіші, авариялық құрғату клапаны мен жетегі, бұдан басқа, "Қайтарымсыз" қалыпқа дейін айналым саны |
| Авариялық (аккумуляторлық) жарықты ажыратқыш | Сол жағы – қызыл, оң жағы – қара | "Авариялық жарық", планкада жарқырайтын құрам |

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
8-қосымша

# Құбыржолдың ерекшелік бояуы және қысқартылған белгісі

| Құбыржол жүйесі | Белгісі | Ерекшелік бояуы |
|---|---|---|
| Құрғату<br>Су ағызу<br>Қайта іске қосу және<br>Ағызу | Құр.<br>Су ағызу<br>Қайта қосу және<br>Ағызу |  |
| Балластты<br>Дифферентті<br>Қисайма<br>Борт сыртындағы сумен салқындату<br>Кеме жабдығын салқындату | Балласт.<br>Диф.<br>Қис.<br>Борт сырт. су. салқ.<br>Жаб. салқ. |  |
| Ауыстыру танкілерін жуу | Ауыс. т. жуу |  |
| Өртке қарсы сулы<br>Сумен суару<br>Спринклерлі<br>Су себу | Өрт. су.<br>Суару<br>Спринкл.<br>Су себу |  |
| Су басу<br>Көпірікпен сөндіру | Су басу<br>Көпір. сөнді. |  |
| Бумен сөндіру | Бум. сөнд. |  |
| Ұнтақпен сөндіру | Ұнтақ. сөнд. |  |
| Сұйықтықпен ( химиялық) сөндіру<br>Көмір қышқылымен сөндіру<br>Инертті газ<br>Ингибиторлық | Сұйық. сөнд.<br>Көм. қыш. сөнд.<br>Инерт. газ<br>Ингиб. |  |
| Тұрмыстық тұщы су<br>Ауызсу<br>Тұрмыстық ыстық су<br>Өндірістік тұщы су | Тұрм. тұщ.<br>Ауызсу<br>Тұрм. ыст. Өндір. тұщ. |  |
| Жуынатын су<br>Тұрмыстық борт сыртындағы су<br>Өндірістік борт сыртындағы су | Жуын. су<br>Тұрм. борт. сырт.<br>Өндір. борт. сырт. |  |
| Ағынды<br>Фанды | Ағын.<br>Фан. |  |
| Бумен жылыту<br>Шаруашылық бу жабдықтау<br>Сұйықтықты ысыту<br>Отын цистернасын булау | Бу. жыл.<br>Шару. бу жабд.<br>Сұй. ыс.<br>Отын. цист. бу. |  |
| Сумен жылыту | Су. жыл. |  |

| | | |
|---|---|---|
| Мұздатқыш агенті ( сорушы) | Мұзд. аг. сор. |  |
| Құбыржол жүйесі | Белгісі | Ерекшелік бояуы |
| Мұздатқыш агенті ( сұйықтық) | Мұзд. аг. сұй. |  |
| Мұздатқыш агенті ( сығағыш)<br>Жүк таситын (газ)<br>Сығылған газ бен газды қоспа<br>(оттегі, азот, гелий) | Мұзд. аг. сық.<br>Жүк. газ.<br>Оттегі<br>(азот, гелий) |  |
| Суық жеткізуші | Суық. |  |
| Қысылған ауадағы жоғары қысым | АЖҚ |  |
| Қысылған ауадағы орташа қысым | АОҚ |  |
| Қысылған ауадағы төменгі қысым | АТҚ |  |
| Желдету | Желд. |  |
| Химияға қарсы желдету | Хим. қ. ж. |  |
| Жүк таситын ( мұнай өнімі)<br>Отынды<br>Кеме көлігі құралдары үшін отынды<br>Құйылмалы құбыр<br>Тазарту | Жүк.<br>Отын.<br>Көл. құр. отын.<br>Құйыл.<br>Тазар. |  |
| Гидравлика | Гидравл. |  |
| Ауа құбыры<br>Өлшем құбыры<br>Газ өткізгіш | Ауа құб.<br>Өлш. құб.<br>Газ өтк. |  |
| Қызған бу | Қыз. бу |  |
| Қанық бу | Қан. бу |  |
| Конденсатты-нәрлі<br>Дистиллят немесе Бидистиллят | Конд. нәр.<br>Дист. немесе Бидист. |  |
| Пайдаланылған бу<br>Жоғары қысымды үрлеу<br>Төмен қысымды үрлеу<br>Тығыздаманы нығыздау және<br>Буды сору | Пайдал. бу<br>ЖҚ үрл.<br>ТҚ үрл.<br>Тығызд. нығыз. және бу сору<br>Атм. құб. |  |

| | | |
|---|---|---|
| Атмосфералық құбыр | | |
| Майлы | Май. |  |
| Тұщы сумен салқындату | ТСС |  |
| Жүк таситын ( химиялық өнім) | Жүк. |  |
| I контурдағы жылутасығыш циркуляциясы | I к. жылутас. |  |

| Құбыржол жүйесі | Белгісі | Ерекшелік бояуы |
|---|---|---|
| I контурдағы жылутасығышты тазалау<br>Реакторды авариялық төгу<br>I контурдағы жылутасығышты үстемелеу<br>Белсенді суды ағызу, сақтау, беру (жою)<br>I контурдағы сорбентті (фильтрді), сақтау , түсіру және қайта тиеу<br>I контурдағы жылутасығыш сынамасын іріктеу | I к. жылутас. таз.<br>Ав. төгу<br>I к. жылутас. үстем.<br>Бел. су ағыз. немесе Бел. су сақ. немесе Бел. су беру немесе Бел. су жою<br>Сорб. сақт. немесе Сорб. түсіру немесе Сорб. тиеу.<br>I к. жылутас. сын. ірік. |  |
| I контурда қысым көлемін өзгерту және оны ұстау компенсациясы | I к. комп. |  |
| I контурдағы құбыр жолынан ауаны жою | I к. ауа. жою |  |
| Бу генераторын үрлеу | БГ үрл. |  |
| Атомдық бу өндіретін құрылғының ( АБӨҚ) тығыз еместігін анықтау | Тығыз. анық. |  |
| АБӨҚ жабдығын тұщы сумен салқындату<br>"Шатырлауық қоспаны" кетіру | III к.<br>"Шат. қосп." кет. |  |
| Авариялық және жөндеумен салқындату | Салқ. |  |
| Вакуумдау | Вакуум. |  |
| АБӨҚ үй-жайын құрғату | АБӨҚ құрғ. |  |

Ескертпе.



белгісіндегі таңба күміс-сұр бояумен жазылады.

Құбыржол жүйесіне ерекшелік және ескерту белгісін салу

1. Ерекшелік белгісі негізгі және қосымша болып бөлінеді. Негізгі белгі жүргізілетін ортаны айқындайды, ал негізгі және қосымша тіркесім құбырдың арналуын белгілейді.

2. Ескерту белгісі өрт жүйесі құбырына және жүргізілетін ортаға санитариялық қағидасы мен қауіпсіздік техникасы қағидасының ерекше талаптары қойылатын құбыр жолы жүйесіне салынады.

Ескерту белгісінің түсі:

| | |
|---|---|
| | |

| | |
|---|---|
| | Өртке қарсы құбыржол үшін |
| | Уландырғыш және инертті газ, радиоактивті зат құбыржолы үшін |
| | Ауызсу, тағам өнімі құбыржолы үшін |

3. Ерекшелік және ескерту белгісі түрлі түсті шеңбер түрінде боялған құбырдың үстіне салынады. Ерекшелік шеңбердің ені – 25 немесе 50 миллиметр, ескерту – 50 миллиметр.

Тек қана ерекшелік белгісін салғанда шеңбер арасындағы қашықтық 25 миллиметр болуға тиіс. Ескерту белгісіндегі шеңбер ерекшелік белгісі шеңберлерінің арасына саңылаусыз салынады.

4. Ерекшелік және ескерту белгісі қажетті түстегі бояумен немесе жабысқақ лентамен салынады. Бұл реттебояу мен лента да кемені пайдалану талаптарына тиіс болуға міндетті.

5. Газ және түтін шығару құбырына ерекшелік және ескерту белгісі салынбайды.

6. Диаметрі 150 миллиметрден асатын құбырға құбырдың көрінетін бөлігі жағына жарты шеңбер түрінде ерекшелік және ескерту белгісі салынады.

7. Ерекшелік белгісінің түсі құбырдың түсімен сәйкес келмеуге тиіс. Түстері сәйкес келгенде ерекшелік белгісі ақ түспен қосалқы шеңберге салынып, қосалқы шеңбердің ені әрбір жағынан 75 миллиметрге ерекшелік шеңбердің енінен аспауға тиіс.

8. Ерекшелік және ескерту белгісі палубаға, платформаға, қабырғаға, механизмге, аппаратқа, цистернаға, клапанға, клинкетке, қорапқа жақын, сондай құбырдың тоғысу орнына салынады. Құбырдың ұзынырақ түзу сызықты учаскесіне ерекшелік белгісі бір-бірінен 6 м-ден аспайтын қашықтықта салынады. Жабынды астына құбырды орнату кезінде ерекшелік және ескерту белгісі алынатын ойымша, қалқан астына салынады.

9. Өртке қарсы жүйе арматурасы қызыл түспен боялады.

10. Құбыр, әдетте, техникалық құжаттама бойынша айқындалған үй-жай түсімен боялады. Сумен жылыту құбыры және бу құбырының бүкіл ұзындығы күміс-сұр түспен боялады.

11. Өткізілетін орнын анықтау үшін құбыржолына түсіндіру жазбасы салынады.

Мысалы: толық атауы – тұшы су;

қысқартылған атауы – ТС;

химиялық символ – H2O.

Түсіндірме жазба құбырға немесе құбырға бекітілетін арнайы қалқаншадағы ерекшелік белгісінің жанына салынады.

Белгі мен жазбаны салу үлгісі:





- Салқындатқыш



- Азот



- Азот

12. Қажет болғанда өткізілетін ортаның қозғалыс бағытын меңзермен белгілейді.

13. Жазба мен меңзер ерекшелік белгінің жанындағы басты бояуға қара немесе ақ бояумен салынады. Қаріп – МЕМСТ бойынша 2.304-68.

14. Ерекшелік және ескерту белгісі түстерінің сипаттамасы, сондай-ақ таңбаланатын қалқанша көлемі – МЕМСТ бойынша 14202-69.

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
9-қосымша

**Корабльдік электр қондырғысы мен кабельді таңбалау**

Корабльде электр қондырғысы мен кабель мынадай бөлім бойынша таңбаланады:

Электр қуатын бөлу:

Э – ұдайы тоқ;

П – ауыспалы тоқ;

Е – жоғары жиілікті ауыспалы тоқ;

АН – авариялық қуат көзі және авариялық дизельгенератор жүйесі;

Б – электр қозғалысы аккумуляторлық батареясы;

СБ – қуаттау желісі;

АГ – атомға қарсы қорғану.

Жарықтандыру және сигналдық-ерекшелік жарығы:

ЯЭ, ЯП, ЯЕ – жарықтың бастапқы желісі (ток түріне байланысты);

ЯР – жеткізілетін жарық;

ЯА – авариялық жарық беру;

Я – ішкі жарық беру;

ЯН – сыртқы жарық беру;

ЯВ – ұшу-қону алаңына (ҰҚА) жарық беру;

ЯС – сигналды-ерекшелік жарығы;

ЯИ – иллюминация.

Ескертпе. Кіші корабль мен кеме үшін жеткізілетін және сыртқы жарық беру желісін Я индексімен индекстеуге болады.

Үйірқұбылнама және навигациялық кешен:

НК – навигациялық және арнайы үйір құбылнама;

НА – автотөсегіш;

НЭ – эхолот, жаңғырық өлшеуіш және навигациялық гидроакустикалық аспап;

НЛ – лаг;

НР – анеморумбометр және кемелік гидрометеостанция;

НТ – жылу пеленгаторы және басқа да ұқсас құрылғы;

НВ – навигациялық есептеуіш машина;

НГ – гироазимутгоризонт (гировертикаль);

НС – дыбыспен сигнал (тифон, сирена).

Автоматтық басқару және реттеу:

УР – автоматтық және қолмен рульді басқару;

ПУ – корабльдік жүйе және құрылғы (өрт сөндіру, химиялық қорғау) автоматикасы;

УК – кешенді орталықтандырылған бақылау, автоматтық реттеу, жалпыкемелік жүйені басқару;

Д – механизмді, құрылғыны қашықтықтан басқару.

Кемені басқару аспабы:

У – барлық бағыттағы телеграф, ескіш білік тахометрі, МВ және ГР жүйесі, реттеу қадамымен бұрама (РҚБ) көрсеткіші және рульдік көрсеткіш, білік айналымының санауышы, кемені басқару пульті.

Кеме ішіндегі байланыс:

Т – корабльдік автоматтық телефон станциясы (КАТС) және барлық бағыттағы комммутатор, телефон тобы;

ГС – дауыс зорайтқыш байланыс.

Радиотехникалық және гидроакустикалық кешен:

РС – радиобайланыс;

РЛ – радиолокация;

ГА – гидроакустика;

РР – радиобарлау;

РТ – радиотрансляция;

ТВ – теледидар;

РН – радионавигация және радиопеленгатор.

Ескертпе. Дауыс зорайтқыш және радиотрансляциның бірлескен схемасы кезінде ГС және РТ екі индексінің орнына РТ индексін ғана көрсетуге болады.

Дабылдама:

СС – дыбыспен және жарықпен (мынадай белгілеуге болады: СА – дыбыспен, СС – жарықпен):

қауырт;

өрт сөндіру;

клинкет, люк, клапан қалпы;

КС – энергия қондырғысын бақылау;

СК – арнайы мақсаттағы энергия қондырғысын бақылау;

ЭЧ – электр сағаты;

УУ – деңгейді өлшейтін қондырғы;

ЭС – электрондық оптика қондырғысы.

Қару-жарақ:

А – атысты басқару аспабы (АБА), торпедалық атысты басқару аспабы (ТАБА);

У Г – тербелісті толастатқыш және гиротұрақтандырғыш;

СУ – арнайы қару-жарақ.

Жылу құрылғысы:

ТК – температура жылуын бақылау:

басты қозғалтқышты;

дизель-генератор;

азық-түлік бөлмесі;

мұнай цистернасы;

ТС – машиналық-казандық қондырғыны басқару және автоматтық реттеу;

Г – жылытқыш құрылғысы (электрлі кеме асханасы, электрлік жылытқыш, электр пеші);

ТП – жанармай, май, тұтқыр сұйықтықты жылыту.

Электржелдеткіш, рефрижераторлық қондырғы мен кондиционер:

РХ – рефрижераторлық және тоңазытқыш қондырғысы;

В – ауаны шартқа сәйкестендіру, электрлік желдету, ауаны үрлеу.

Заттарды талдау аспабы мен шығын өлшеуіш:

ДМ – түтін өлшегіш, тұздылықты өлшегіш, мұнай өлшегіш;

Ж – газ анализаторы;

ДБ – дозиметрлік бақылау.

Электр жетек:

М – барлық бағыттағы электр жетек;

Ф – кеменің арналуы бойынша кәсіптік зауыт, шеберхана және құрылғының электр жабдығы;

Н – жалпыкорабльдік арнаулы желі үшін түрлендіргіш;

ЭД – электр қозғалыс.

Ескертпе:

1.Жоба жасаушының ниеті бойынша М индексіне электролит жүйесін индекстеу кезінде Л индексін қосуға болады, МЛ – электролит.

2. Жеке тұтынушы үшін түрлендіргіш тұтынушы индексімен таңбаланады.

3. Жалпыкемелік арнаулы қарапайым электржетекті қоректеуші желісі дипексімен таңбалауға болады.

Әртүрлі арнаулы жүйе:

С – дәнекерлеуші;

КТ – катодты және өзге де қорғаныс;

К – қорғаныстық жерлендіру;

БЛ – мұздануға қарсы;

ДУ – ДУ жүйесі.

Кабельді жалпы таңбалау:

1. Кабельді таңбалау кезінде индексті ыңғайлы құру үшін мынадай корабльдік және кемелік жүйе тобы белгіленді:

1) қуатты, желдету, жылыту құрылғысы және жарықтандырудың бастапқы желісінің жүйесі. Мысалы, қуатты, желдету, жылыту құрылғысы және жарықтандырудың бастапқы желісінің жүйесі үшін индекстің құрылымдық түзілісі – 5П-2, онда 5П – таратқыш құрылғының нөмірі және жүйеге тиесілігі, 2 – таратқыш құрылғы кабелінің реттік нөмірі;

2) барлық мақсаттағы жарықтандыру жүйесі. Мысалы, 5Я4-2, онда 5Я – таратқыш құрылғының нөмірі және жүйеге тиесілілік, 4 – таратқыш құрылғы фидерінің нөмірі, 2 – фидердегі кабельдің реттік нөмірі;

3) дербес таратқыш құрылғысы жоқ жүйе. Мысалы, Т-5, онда Т – жүйеге тиесілігі, 5 – жүйедегі кабельдің реттік нөмірі.

2. Корабльде немесе кемеде бірдей индекспен белгіленетін бірнеше тектес жүйе болғанда бастапқыда өнеркәсіп-жоба жасаушы айқындайтын жүйенің реттік нөмірі көрсетіледі. Мысалы, 5-КС-2, онда тектес жүйенің реттік нөмірі, КС – жүгеге тиесілігі, 2 – жүйедегі кабельдің реттік нөмірі.

3. Басты тарату қалқанынан, турбо және дизель-генератор, аудандық қалқаннан шығатын кабельдерді жүйе индексімен (П, Э, Е) таңбалау қажет; авариялық генератор қалқанынан шығатын кабельді – АЛ индексімен жүйедегі кабельдің реттік нөмірін сызықша қою арқылы таңбаланды. Мысалы, П-1, мұнда П – жүйеге тиесілігі; 1 – жүйедегі кабельдің реттік нөмірі.

Кабельді штаттық таңбалау:

1. Биркамен штаттық таңбалауға барлық магистральдық кабель жатады. Су, газ өткізбейтін арақабырға немесе палуба арқылы өтетін кабельдерге биркалар:

бумалап тарту кезінде – кабельдің ұшына, яғни аппаратурадан (бұйымнан) кабельдің кіретін және шығатын жеріне;

жеке тарту кезінде – тығыздамадан 0,5 метр алшақ емес арақабырғаның екі жағына бекітіледі.

2. Барлық бағыттағы жергілікті кабельді биркамен штаттық таңбалауға тиесілі емес.

3. Жағалаудан тартылған қуаттау кабельіне және авариялық желі тұтаспаларына ( екі жақ ұшына) кабельдің қимасын, талшықтығын, ұзындығын және оны сақтау орнын көрсетумен бирканы бекіту қажет.

4. Жағалаудан тартылған қуаттау кабельі талсымының қабықшасына және аварриялық желі тұтаспаларына (екі жақ ұшына) тұрақты тоқтағы талсым желісінің полярлығын көрсетумен, ауыспалы үшфазалы тоқ желісі үшін фазаның әріптік белгісін көрсетумен бирканы бекіту қажет.

5. Тығыздағыш құрылғыға (корабльдік қорап пен топтық тығыздамаға) жақын арақабырға мен палубаның екі жағынан оған жұмыс құжаттарында берілген, тығыздағыш құрылғының нөмірін жазумен және топтық тығыздама арқылы кабельдің өтуі кезінде бумада өзара орналасуын ескеріп, кабельдік қорап арқылы кабельдің өтуі кезінде олардың бумада өзара орналасуын ескермей, кабельдің индекс тізбесін жазумен шағын тақта орнатылады.

Шағын тақтаға индекс әліпбилік тәртіппен, сондай-ақ нөмірдің (санның) өсімімен бағана түрінде жазылады.

Ескертпе. Штаттық таңбалауға жататын кабельдің жобалық таңбаға сәйкес биркаға салынатын индексінің құрылымдық түзілісі болады.

Электр жабдығын таңбалау:

1. Корабль мен кемеде тек қана штаттық орнатылған электр жабдығының таңбасы болады.

Қатыстылығы мен тағайындалуын көрсететін электр жабдығын таңбалау, ол электр жабдығында өндіруші-зауыттың таңбасы болмаса, монтаждау кезіндегі орны бойынша бекітілген шағын тақтада орындалады.

2. Шартты белгі түрінде корабльде (кемеде) орындалған электр жабдығын таңбалаудың негізі әріптік-сандық белгімен индекстелген сол немесе өзге де жүйеге тиесілілігі болып табылады.

3. Мынадай үлгідегі тарату құрылғысы:

ГРЩ – басты тарату қалқан;

ЩТГ – турбогенератор қалқаны;

ДГҚ – дизель-генератор қалқаны;

АСҚ – аудандық қалқан;

АГҚ – аварриялық генератор қалқаны болады.

Қалған тарату құрылғысының осы қосымшаның 1-тармағына сәйкес тиесілігін білдіретін индекс астында қақпағының бет жағында шағын тақтасы болуға тиіс. Шағын

тақтада жүйе бойынша тарату құрылғысының нөмірі және қорек көзінің нөмірі жазылады. Мысалы, 2П ГРЩ1 немесе 2П ГРЩ1, мұнда 2П – жүйе бойынша тарату құрылғысының нөмірі; ГРЩ1 – қорек көзі.

4. Тарату құрылғысының реттік нөмірі: алдыңғы бөліктен артқы бөлікке, төменнен жоғарыға дейін; сол жақ борт – жұп, оң жақ борт – тақ болады.

5. ГРЩ, ЩТГ, ЩДГ және ЩРС-тан тікелей қуат алатын аппаратура (арматура) қуаттау кабельінің индексімен, бірақ сызықшасыз таңбаланады. Мысалы, кабельдің шартты индексі кезінде П-1 аппараттың шартты индексі П1 болады.

6. Ажыратып-қосқыш үшін штаттық шығыршықта немесе жанында орнатылған шағын тақтада, ал байланыс үшін аппарат қаптамасының бет жағында бекітілген шағын тақтада тарату құрылғысының нөмірі және негізгі мен қосалқы қорек көзі (тетігі ) көрсетілген. Мысалы, 18П ГРЩ1 – нег. қос., ГРЩ2 – қосал. қос., мұнда 18П – тарату құрылғысының нөмірі және жүйеге тиесілілігі.

7. Тармақтандырушы (қосушы) қорап қақпағында немесе оның табандығы жағында тарату құрылғысының немесе коммутатор нөмірі және топтың қысқартылған атауын көрсетумен шағын тақта түрінде таңбалау жасалады. Мысалы:

1) радиохабар тарату қорабы үшін – 1РТ-ОФ, мұнда 1РТ – тарату құрылғысының ( коммутатор) нөмірі, ОФ – офицерлер тобы;

2) тарату құрылғысына байланған бірнеше тектес жүйе болғанда дабылдама қорабы үшін – 2-ЗСС, мұнда 2 – дабылдама жүйесінің нөмірі, ЗСС – тарату құрылғысы ( коммутатор) нөмірі;

3) жарықтандыру қорабы үшін – 5Я2, мұнда 5Я – тарату құрылғысы нөмірі, 2 – фидер нөмірі;

4) желдету қорабы үшін – 5В, мұнда 5В – тарату құрылғысы нөмірі.

8. Жарықтандыру жүйесі мен сигналдық-ерекшелік жарықтан басқа ажыратқышты таңбалау қуат алатын тарату құрылғысының нөмірін көрсетіп, орнату табандығының астына немесе арматураға тікелей жақын жерде шағын тақтаны (бирканы) бекітуден тұрады. Мысалы, 5В, мұнда 5В – тарату құрылғысы нөмірі.

9. Сигналдық-ерекшелік жарық жүйесінен басқа жарықшамды, ажыратқышты және ашалық розетканы таңбалауда аппаратурадан (арматурадан) тікелей жақын орналасқан шағын тақтада тарату құрылғысы нөмірі және жүйеге тиесілілігі, фидер номері көрсетіледі.

Мысалы, 5Я2, мұнда 5Я – тарату құрылғысы нөмірі және жүйеге тиесілілігі, 2 – фидер нөмірі.

Ашалық розетка үшін кернеу шамасы қосымша көрсетіледі. Мысалы, 5Я2 – 220 В немесе 5Я2/220 В.

Жабындының астына арматураны орнату кезінде шағын тақта жабындыға орнатылады.

10. Сигналдық-ерекшелік жарық жүйесінің ашалық розеткасы мен жалғағыш қорабы олардың жанында орналасқан шағын тақтада: ашалық розетка үшін – жарық атауы және кернеу шамасы, қораптар үшін – сигналдық-ерекшелік жарық жүйесі индексі таңбаланады.

11. Электрлік жылытқыш пен ұқсас аспаптарды таңбалау шағын тақтасында қуат алатын тарату құрылғысының нөмірі болады. Мысалы, 3Г, мұнда 3Г – тарату құрылғысы нөмірі және жүйеге тиесілілігі.

12. Аспаптың корпусына немесе табандығының астына шағын тақта бекітіледі, қоңырау батырмасының жанында топқа тиесілілігін көрсетумен шағын тақта орнатылады. Мысалы: "Буфет", "Шабарман".

13. Реостат, іске қосқыш, басқару станциясы және батырмалық бекеттің (электр желдеткіштен басқа) қақпағына немесе табандығының астына аспап және қорек көзі тиесілі жетектің атауын көрсетумен шағын тақта орнатылады.

Мысалы, 3П ауызсу сорғышы, мұнда 3П – тарату құрылғысы нөмірі және жүйеге тиесілілігі.

14. Электр желдеткіш жүйесінің реостаты, іске қосқышы, басқару станциясы мен батырмалық бекетінің қақпағында және табандығының астында желдету тобының индексі, кемелік нөмірі, желдеткіштің арналуы (сору, үрлеме), осы желдеткіш қызмет көрсететін үй-жай және тарату құрылғысының нөмірі көрсетілген шағын тақта орнатылады.

Мысалы: Б5 үрлеме, № 1 агрегат, 3В, мұнда Б – желдету тобының индексі ( жауынгерлік); 5 – желдеткіштің кемелік нөмірі; үрлеме – желдеткіш бағыты; № 1 агрегат – осы желдеткіш қызмет көрсететін үй-жай; 3В – тарату құрылғысы нөмірі.

15.Әрбір трансформатор қаптамасында трансформатор нөмірін; тұтынушының атауын; трансформатордан тұтынушыға энергия беретін тарату құрылғысы нөмірін көрсетумен шағын тақта орнатылады.

Мысалы: ТР № 1 – 5Н ішкі жарықтандыру, мұнда ТР № 1 – трансформатор нөмірі; ішкі жарықтандыру – трансформатор бағыты немесе тұтынушының атауы; 5П – тарату құрылғысы нөмірі және жүйеге тиесілілігі.

16. ДУ қорабы мен жәшік қақпағына қорап пен жәшік нөмірін көрсетумен шағын тақта орнатылады.

Мысалы: ДУ20ШТ, мұнда ДУ – жүйеге тиесілі жабдық; 2 – қорап нөмірі; ОШТ – орауға тиесілі жабдық.

17. Авариялық қуаттау және стационарлық дәнекерлеу жүйесі қорабының қақпағына қораптың тиесілілігі мен оның нөмірін көрсетумен шағын тақта орнатылады .

Мысалы: № 5 авариялық қуат көзі, № 2 дәнекерлеу жүйесі.

18. Сутөккіш сорғы мен ауыспалы электржелдеткіш қорапының қақпағына тұтынушының атауын, тұтынушының нөмірін және тарату құрылғысы нөмірін көрсетумен шағын тақта орнатылады.

Мысалы: № 1 5П сутөккіш сорғы, № 5 3В ауыспалы желдеткіш, мұнда 5П және 3В – тарату құрылғысы нөмірі және жүйеге тиесілілігі.

19. Аккумулятор батареясының жәшігіне батарея нөмірін және тарату құрылғысы нөмірін көрсетумен шағын тақта орнатылады.

Мысалы: № 19 5Я, мұнда № 19 – батарея нөмірі; 5Я – тарату құрылғысы нөмірі және жүйеге тиесілілігі.

20. Корабльдік өрт сөндіру жүйесінің автоматика бергіші табандығының астына бергіш қосылған блоктың нөмірін және жүйедегі бергіштің нөмірін көрсетумен шағын тақта орнатылады.

Мысалы: 5БУ № 10, мұнда 5БУ – блок нөмірі; № 10 – бергіш нөмірі.

21. Өрт сөндіру бергішин басқару блогының зауыттық шағын тақтасына бергіштің зауыттық нөміріне қарсы схема бойынша оның нөмірі жазылады.

Мысалы:

1 № 12

2 № 13

3 № 14

4 № 15.

Кабельдің, электр жабдығының ерекшелік бояуы және жарық белгісін безерлеу:

1. Жағалаудан тартылған қуаттау кабелі және авариялық желі бітігінде, сондай-ақ талшық қабықшасы мен кабельдің ұшына боялған таңбалаудан басқа, олардың талшығының екі ұшында – шеңбер бойынша ені 30-40 миллиметр жолақ болады.

2. Түс белгісі, жарық белгісі және бояумен таңбалау электр жабдығына және электр қондырғысы бұйымына мынадай нұсқада салынады:

| | |
|---|---|
| ГРЩ, ЩТГ, ЩДГ, ЩРС және ЩАГ-тан басқа тарату құрылғысы | Қақпақтың беткі жағында немесе жеке шағын тақтада, таңбалау шағын тақтасының үстіне жарқылды (радиоактивті емес) құраммен әріптер көрсетіледі:<br>С – күштік жүйесі;<br>О – жарық беру жүйесі;<br>В – желдету жүйесі;<br>Е – күшті арттыру жүйесі. |
| Жауынгерлік қор жерқоймасы жарығын ажыратқыш | Қақпақ қызыл түске боялған |
| Аккумуляторлық жарықтандыру ажыратқышы, ашалық розетка | Қақпақ: сол жақ жартысы – қызыл түске, оң жағы – қара түске боялған |
| Кезекші жарықтандыруды ажыратқыш | Қақпақ көк түске боялған |
| Авариялық қуаттау және ауыспалы желдеткішті қосу қорабы | Әрбір қақпақта жарық белгісі орнатылған, авариялық қуаттау қорабының қақпағына бояумен қызыл жолақ салынған |
| | |

| | |
|---|---|
| Аккумуляторлық батареяны күту жабдығы | Жәшік қақпағына және жабдыққа қызыл бояумен әріптер жазылады:<br>К – қышқылды батарея үшін;<br>Щ – сілтілі батарея үшін. |
| Әртүрлі жүйедегі (желідегі) сүзгі | Сүзгі қақпағында қызмет көрсетілетін жүйе (желі) немесе сүзгі қосылған тарату құрылғысының индексі мен нөмірі қызыл бояумен көрсетіледі |
| Өрт сөндіруді басқару блогы | Шағын тақтаның үстіне схема бойынша басқару блогының нөмірі ақ бояумен жазылады |
| Қуаттау блогы және өрт сөндіру жүйесінің жалғаушы жәшігі | Блоктың қақпағына схема бойынша нөмірі және өрт сөндіру жүйесіне тиесілілігі ақ бояумен салынады |
| Автоматты ажыратқыш пен айырғы реостатының, жетегінің тұтқасы, жауапты жетектің батырмасы және басқару тетікшесі | Арнайы түссіз жарқыраған құраммен (радиоактивті емес) тұтқаның, батырманың, айырғының орналасқан жерін және олардың жұмыс қалпын білдіретін белгі салынады |
| Электржабдығының тысы | Электр жабдығының атауы және оның орналасқан жері қысқа мәтін түрінде қара бояумен салынады |

Ескертпе:

1. Көрсетілген электржабдық арналуы және тапсырыс берушінің ведомстволық құжаттамасына байланысты келтірілген мысалға ұқсас боялады.

2. Жарық белгісінің сызбасын тапсырыс берушінің ведомстволық құжаттамасына сәйкес корабльді (кемені) жобалаушы кәсіпорын әзірлейді.

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
10-қосымша

## Мойынды, люк пен есікті таңбалау

Корабльде барлық өткізбейтін есік, люк пен мойын (бұдан әрі – мойын) "Б", "З", "П " және "Т" әріптерімен таңбаланады.

| | |
|---|---|
|  | Жауынгерлік қор бар жерқоймаға, жарылғыш заттарды, жеңіл отынды сақтауға арналған үй-жайға , ангарға, гаражға, аккумуляторлық үй-жайға, сығымдалған (сұйыталған) газы бар үй-жайға апаратын мойын. "Б" әрпімен белгіленген мойынды қашанда бекітулі және осы үй-жайда адам болмағанда құлыпқа жабылған және мөр қойылған болуға тиіс. Әріптің және шығыршықтың түсі қара-көк. |

"Б" әрпімен белгіленген мойын бекітіледі:

кезекші қызмет жеке құрамының дабыл бойынша, кезекті ауысымға, жұмысқа және сабаққа өтуі үшін және кезекші қызмет адамдарының үй-жайды қарап-тексеруі үшін;

тиеу-түсіру жұмысын жүзеге асыру үшін;

үй-жайды желдету және салқындату үшін.

"Б" әрпімен белгіленген мойынды топ (жауынгерлік бөлім) командирінің рұқсатымен үй-жай меңгерушісі, ал оқ-дәрісі бар жерқойманы – сондай-ақ шолғын командирінің рұқсатымен жерқойма бойынша шолғыншы бекітеді.

| | |
|---|---|
|  | Түпаралық және борттық бөліктерге, отын (оның ішінде салынған) және май цистернасына, тұщы су цистернасына, балласттық, крендік және дифференттік цистернаға, мұнара астындағы түпаралық бөлікке, коффердамға, құрғақ бөлікке, электр тартылым дәлізіне, кингстондық және эжекторлық қалқаға, құбыр жолы дәлізіне, ауажинағыш қалқаға, форпикке және ахтерпикке апаратын мойын. Әріп және шығыршық түсі қара-көк.<br>"З" әрпімен белгіленген мойын әрқашан бекітілуге тиіс, кингстондық қалқа, мұнара астындағы бөліктер және тұщы су цистернасы мойны құлыпқа жабылуға тиіс. Бұл мойын БЧ-5 командирінің рұқсатымен, оны ашып тұру қажеттілігі өткеннен кейін бірден бекітіледі. |

"З" әрпімен белгіленген мойынды ашу және бекіту туралы рұқсат немесе бұйрық алған адам ол туралы корабль бойынша кезекшіге (вахталық офицерге) және БЧ-5 бойынша кезекшіге (вахталық инженер-механикке) баяндауға тиіс.

"З" әрпімен белгіленген мойынды ашу (жабу) уақыты мен себебі БЧ-5 тәуліктік журналына жазылады.

"З" әрпімен белгіленген ашық мойынға барлық жағдайда, сондай-ақ "Б" әрпімен белгіленген мойынға және желдету үшін ашылған үй-жайға вахташы қойылады, ол:

ашық тұрған мойын орналасқан жерге жақын ашық от жағуға жол бермеуге;

үй-жайда жұмыс істеушімен байланыста болуға;

ашық мойынға апаратын үй-жайға кіруге рұқсаты жоқ адамды кіргізбеуге;

ашық мойны бар үй-жайдың өткізбеушілігін және өртке қарсы қауіпсіздігін бақылауға, үй-жайда су мен түтіннің пайда болғаны, сондай-ақ бейқалыптылық туралы корабль бойынша кезекшіге (вахталық офицерге) және БЧ-5 бойынша кезекшіге ( вахталық инженер-механикке) дереу баяндауға тиіс.

"З" немесе "Б" әрпімен белгіленген мойын қажеттілігі өткеннен кейін дереу бекітілуге тиіс.

| | |
|---|---|
|  | Сусызықтың үстінен өтетін бірінші палубада орналасқан мойын, сондай-ақ осы палубадан төмен орналасқан өткізбейтін үй-жайға апаратын және "Б" мен "З" әрпімен таңбаланған мойын тобына енгізілмеген барлық мойын "П" әрпімен белгіленеді. Әріп пен шығыршық түсі қара-көк. |
| | "П" әрпімен белгіленген мойын мынадай жағдайда бекітіледі: |

"Корабль ұрысқа және жорыққа дайындалсын" командасы бойынша;

"Су өткізбейтін арақабырға бекітілсін" сигналы бойынша;
дабыл, оның ішінде "Радиациялық қауіп" сигналы бойынша;
корабльдер бірлесіп жүзгенде;
жүзу үшін қауіпті таяз жер мен ауданда;
портқа, шлюзге, докқа (порттан, шлюзден, доктан) кіру (шығу) кезінде;
көп кеме шоғырланған орында;
буксирлеу кезінде;
тұманда және дауылды ауа райы кезінде жүзгенде;
корабльдің жүзуі барысында сұйық және құрғақ жүкті қабылдау-тапсыру уақытында.

| | |
|---|---|
|  | Жеке құрамның демалуы үшін қалыпты жағдайды қамтамасыз ету мақсатында қара-көк шеңбер фонында салынған ақ түсті "П" әріппен белгіленген мойынның бір бөлігін, егер жағдай мүмкіндік берсе, корабль бойынша кезекшінің (вахталық офицердің) бұйрығы бойынша ашуға болады. |

Осы мойынның тізбесі корабль командирінің бұйрығы бойынша жарияланады. "П" әрпі бар қалған мойынның әрқашанда бекітулі болуын корабльдің кезекші және вахталық қызметтері қадағалауға тиіс.

"П" әрпімен белгіленген мойынды бекіту қажеттілігі болмағанда, "Су өткізбейтін арақабырға ашылсын" командасы бойынша ашылады.

| | |
|---|---|
|  | Сусызықтың үстінен өтетін, бірінші палубадан жоғары орналасқан және "Б" мен "З" әрпі бар мойын тобына кіретін, сондай-ақ осы палубадан төмен орналасқан герметикалық үй-жайға апаратын мойын "Т" әрпімен белгіленеді. Әріп пен шығыршық түсі қара-көк. |

Олар тек дабыл бойынша, оның ішінде "Радиациялық қауіп" сигналы бойынша бекітіледі.

| | |
|---|---|
| <br><br> | Дабыл және жауынгерлік әзірлікті атқару уақытында жеке құрамның өтуі және мұқтаждық үшін "Б", "П" және "Т" әріптерімен белгіленген мойынды ашу туралы бұйрық ГКП немесе ПЭЖ-ден беріледі.<br>Жауынгерлік әзірлікті ұзақ атқару кезінде қара-көк түсті екі шығыршықпен қоршалған қара-көк түсті " П" және "Т" әріптерінің бір бөлігін жеке құрамды өткізу және үй-жайды желдету үшін ашуға жол беріледі.<br>Корабльдің ішкі контуры мойнындағы "П" және "Т" қара-көк түсті әріптер белгісі қызыл квадрат негізіне салынады. Бұл мойын барлық дабыл бойынша, оның ішінде "Радиациялық қауіп" сигналы бойынша бірінші кезекте бекітілуге тиіс.<br>"Б", "З", "П", "Т" әріптерімен таңбаланған мойнды топқа бөлу және жеке құрамның өтуі және |

| | |
|---|---|
|  | жауынгерлік әзірлік, дабыл бойынша жеке құрамның тіршілік әрекетін қамтамасыз ету және оның демалысы үшін ашуға болатын мойынды тізбектеу корабльді салғаннан кейін және жаңғыртқаннан кейін айқындалады.<br>Мойынды жарамды қалыпта ұстауға және оларды әзірлік және дабыл бойынша бекітуге (ашуға) жауапты лауазымды адам біруақытта айқындалады. |
| Әріптер мен көмкерменің көлемі: | |
| әріп биіктігі – 65 миллиметр;<br>әріп ені – 40 миллиметр;<br>әріп қалыңдығы – 5 миллиметр;<br>кіші шығыршықтың ішкі диаметрі – 90 миллиметр;<br>кіші шығыршықтың сыртқы диаметрі – 100 миллиметр. | үлкен шығыршықтың ішкі диаметрі – 110 миллиметр;<br>үлкен шығыршықтың сыртқы диаметрі – 120 миллиметр;<br>қызыл квадрат жағы – 130 миллиметр;<br>қара-көк шеңбер диаметрі – 90 миллиметр. |

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
11-қосымша

## "Үлкен жиын" сигналы бойынша корабль экипажын сапқа тұрғызу схемасы




Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)

## Командалық сөздер. "Командалық сөздерді" қолдану үшін нұсқау

1. Нұсқаулықтың осы қосымшасында корабль экипажының күнделікті күн тәртібіне , қызметіне және тұрмысына қатысты команда берілген. Корабльдің жауынгерлік бөлімі мен қызметінде қаруды қолдану және техникалық құралды пайдалану кезінде корабльде берілетін арнайы командалар, олар арнайы қағидаларда келтірілетіндіктен енгізілмеген.

2. "Командалық сөздерде" "орындау" және "түсінік" деген бағандарда осы команда бойынша жеке құрамның әрекеті көзделген, сондай-ақ олар бойынша команда мен әрекетке берілетін команда бойынша толық айқындалатын жағдайды қоспағанда, командаға түсінік беріледі.

3. Кез келген команданы тиісті сигналмен қайталауға болады, сондай-ақ ол радиохабар тарату және телефон арқылы берілуі мүмкін.

Дыбыспен сигналды үлгілік қолдану командаға қарама-қарсы тиісті бағандарда көрсетілген.

4. Радиохабар тарату желісі арқылы команда мен сигналды жоғарғы палубаға беру кезінде қоршаған жағдайды ескеру қажет және кемедегі қызметті ұйымдастыруды ашатын команда (сигнал) радиохабар тарату арқылы берілмейді. Айлақ пен портта жоғарғы палубаға команда берілмейді.

5. Корабль құрамасы командиріне жүзудің жергілікті жағдайына және корабльде бар техникаға байланысты команда мәтініне де, оларды беру тәртібіне де қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі. Бұл командалар қайталануы мүмкін. "Командалық сөздермен" белгіленген дыбыспен сигналға басқа мағына беруге тыйым салынады.

6. Командирдің аға көмекшісіне қатысты "Командалық сөздердің" барлық қағидалары, сондай-ақ корабльде аға көмекші лауазымы көзделмеген командир көмекшісіне де қатысты болады.

7. Рейдте тұрған (жалауды көтеру, түсіру, жарығын сөндіру, зеңбіректен тысын алу және тағы басқа), сондай-ақ рейдте (қару қолданумен оқу-жаттығу, шлюпкалық оқу-жаттығу, сүңгуір жұмысы және тағы басқа) жүзу режиміне әсері бар барлық корабль үшін ортақ әрекет рейдтегі басшының (құрама командирінің) қозғалысына байланысты, оның сигналы немесе оның рұқсаты бойынша, ал жеке жүзуде дербес жүзеге асырылады.

## 1. Корабльді ұрысқа және жорыққа дайындау

| Команда | | Сигнал нөмірі | | | Түсінік |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Команданы кім береді | кернеймен | қоңыраумен | қол ысқырықпен | |
| 1. Корабльді ұрысқа және жорыққа дайындау | | | | | |
| "Корабльді ұрысқа және жорыққа дайында" | Командирдің аға көмекшісі ( корабль бойынша кезекші, вахталық офицер) | - | 1 | - | Корабль командирінің бұйрығы бойынша беріледі ( Нұсқаулықтың 210-тармағы). Корабль экипажы корабльді ұрысқа және жорыққа дайындау кестесі мен графигінде көзделген міндетті орындауға кіріседі |
| 2. Корабльді ұрысқа және жорыққа шұғыл дайындау | | | | | |
| "Жауынгерлік ( оқу-жаттығу) дабыл. Корабль ұрысқа және жорыққа шұғыл дайында" | Командирдің аға көмекшісі ( корабль бойынша кезекші, вахталық офицер) | 1 | 2 | - | Корабль командирінің ( жедел кезекшінің) бұйрығы бойынша жарияланады. Корабль экипажы жауынгерлік дабыл бойынша кесетеге сәйкес өз орнына орналасады және корабльді ұрысқа және жорыққа дайындау кестесінде, Нұсқаулықта және корабльді шұғыл дайындау графигінде көзделген іс-қимылды орындайды |
| 3. Жауынгерлік әзірлік | | | | | |
| Жауынгерлік әзірлікті төмендету<br>№ 1 жауынгерлік әзірліктен № 2 жауынгерлік әзірлікке өту | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| "№ 2 жауынгерлік әзірлік. Нұсқа нөмірі мынадай. Мынадай жауынгерлік ауысым түс" | Командирдің аға көмекшісі | - | - | - | Корабль командирінің бұйрығы бойынша жарияланады. Көрсетілген ауысымның түскені туралы командалық пунктіге мынадай нысан бойынша баяндалады: "Мынадай жауынгерлік бекет. № 2 әзірлік бойынша мынадай жауынгерлік ауысым түсті" |
| "Вахтаны тапсырушылар, орынды босат" | Сол сияқты | - | - | - | Командалық пунктіден (бөліктен) көрсетілген ауысымның түскені туралы баяндама жасалғанда беріледі |
| Ескертпе. Оқу-жаттығу мақсатында жарияланатын дабыл сигналы (жауынгерлік және оқу-жаттығудан басқа) іс жүзіндегі дабыл сигналынан айырмашылығы: дауыстап – "Оқу-жаттығу", кернеймен – № 13 сигнал, қоңыраумен – № 7 сигнал беріледі. | | | | | |
| Жауынгерлік әзірлікті арттыру<br>№ 2 жауынгерлік әзірліктен № 1 жауынгерлік әзірлікке өту | | | | | |
| "Жауынгерлік (оқу-жаттығу) дабыл" | Вахталық офицер | 1 | 2 | - | Корабль командирінің бұйрығымен, ал кейінге қалдыруды күттірмейтін жағдайда вахталық офицердің бұйрығы бойынша жарияланады. Корабль экипажы жауынгерлік дабыл бойынша кестеге сәйкес орнына орналасады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| № 2 жауынгерлік әзірлік бойынша вахта ауысымы | | | | | |
| Мысалы: "Мынадай жауынгерлік ауысым вахтаға дайында. Киім нысаны мынадай, жоғарғы вахта үшін нөмір мынадай" | Вахталық офицер | - | - | - | Кезекті жауынгерлік ауысым вахтаға түсерден 15 минут бұрын беріледі. Үй-жай бойынша тәуліктік кезекші кезекті ауысымның матростары мен старшиналарына, олардың вахтаға түсетіні туралы ескертеді |
| "Мынадай жауынгерлік ауысым, таралымға сапқа тұр" | Сол сияқты | - | - | - | Кезекті жауынгерлік ауысым түсерден 10 минут бұрын беріледі |
| "Мынадай жауынгерлік ауысым түс" | Сол сияқты | - | - | - | Жауынгерлік бекет командалық пунктіге кезекті жауынгерлік ауысымның түскені туралы баяндайды |
| "Вахтаны тапсырушылар, орынды босат" | Сол сияқты | - | - | - | Командалық пунктіден кезекті жауынгерлік ауысымның түскені туралы баяндама жасалғанда беріледі |
| № 2 жауынгерлік әзірлікті алу | | | | | |
| "Жауынгерлік (оқу-жаттығу) дабыл" | Командирдің аға көмекшісі | 1 | 2 | - | Корабль командирінің (жедел кезекшінің) бұйрығы бойынша жарияланады. Корабль экипажы жауынгерлік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дабыл бойынша кестеге сәйкес орнына орналасады |
| "Жауынгерлік ( оқу-жаттығу) дабылды тоқтат. Қару мен техникалық құралды бастапқы қалыпқа келтір" | Сол сияқты | - | 8 | - | Корабль экипажы қару мен техникалық құралды бастапқы қалыпқа келтіреді. Жауынгерлік бекет пен бөлімше командирлері қару мен техникалық құралдың бастапқы қалыпқа келтірілгені туралы баяндайды |
| "Вахталық және кезекші қызмет, зәкір бойынша ( швартов бойынша) түс" | Командирдің аға көмекшісі | - | - | - | Тәуліктік нарядқа тағайындалған жеке құрам кезекшілікке және вахтаға түседі |
| "Орынды босат" | Сол сияқты | - | - | 3 | |

## 2. Корабль жорығы және оның теңізде болуы Зәкірді көтеру (швартовты жинау) және зәкірді (швартовты) түсіру

| Уақыты | Командирдің аға көмекшісі беретін команда | Қоңырау сигналының нөмірі | Түсінік |
|---|---|---|---|
| 1. Зәкірді көтеруге (швартовты жинауға) дайындалу | | | |
| Зәкір көтерілген кезде | "Зәкір-шынжырды мынанша метрге жина" | - | Қойлайлы ауа райы жағдайында беріледі. Бас боцманның жетекшілігімен бүйірдегілер зәкір шынжырын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | көрсетілген метр санына дейін жинайды |
| Бөшкеден алғанда | "Алдыңғы бөліктегі (артқы бөліктегі) шығырды бөшкеге сал" | - | Кесте бойынша тағайындалған команда бридельді (зәкір-шынжырды) түсіру үшін шығыры бар сымарқанды бөшкенің ілгегіне салады |
| Швартовты жинағанда | "Мынадай швартовты шығырмен түсір"<br>"Мынадай швартовты сол (оң) жақтан ал" | - | Қолайлы ауа райы кезінде беріледі. Осы команда бойынша кеме аз уақыт тұрған кезде онсыз тұра алатын швартов алынады |
| | "Баспалдақ алынсын"<br>(Трап пен басқышты алу) | - | Кіші корабльде баспалдақ швартовты түсірумен қатар алынады |
| Шығыр түсірілгеннен кейін | "Мынадай шлюпканы көтер"<br>"Шлюпканы көтер" | - | Қару-жарағында шлюпка бар корабльде беріледі |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Зәкірді көтергенге ( швартовты жинағанға) дейін бір сағат бұрын | "Вахталық және кезекші қызметтер жорық бойынша түссін" | 7 | Корабльде беріледі |

| Уақыты | Корабль командирінің аға көмекшісі беретін команда | Сигнал нөмірі | | | Түсінік |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кернеймен | қоңыраумен | қол ысқырықпен | |
| 1. Зәкірді көтеру (швартовты жинау) | | | | | |
| | "Орнында тұр, зәкірді көтер (бөшкеден ал, швартовты жина)" | - | 6 | - | Жеке құрам кестеге сәйкес орнына орналасады. Вахталық офицер командирдің аға көмекшісіне вахтаны тапсырады және кесте бойынша өз орнына орналасады |
| | "Бүйірдегілер – бүйірге, юттағылар – ютқа. Зәкірді көтер" | - | - | - | Авралсыз зәкірді көтерген кезде корабльде беріледі |
| Бөшкеден алынғанда | "Шығырды алдыңғы ( артқы) бөшкеден босат" | - | - | - | Кеме командирінің бұйрығы бойынша беріледі. Бүйірдегі ( юттағы) топ командирі: " Шығырды босат", шығыр босатылғаннан кейін: "Шығырды ал" деп команда береді және орындалғаны туралы БКП-ға баяндайды |
| | "Мынадай шпильді дайында"<br>"Шпильді жібер" | - | - | 4 | Корабль командирінің бұйрығы бойынша беріледі. Бүйірдегі ( алдыңғы бөліктегі) топ командирі: "Шпиль жіберілді" командасын береді және зәкір шынжырын жинауға басшылық жасайды |
| Зәкір-шынжырды күту бойынша | "Клюзде қанша?"<br>"Зәкір-шынжыр қалай ?" | - | - | - | Бүйірдегі (алдыңғы бөліктегі) топ командирі: "Клюзде мынанша метр", "Зәкір-шынжыр қатты (бос) ", "Алға (артқа, жанға, штевень астына) қарап тұр", ал зәкір жерден көтерілгенде "Зәкір шықты" деп баяндайды |
| Швартов жиналғанда | "Мынадай швартовты босат (бірте-бірте босат, тоқта тұр, көтер )"<br>"Мынадай швартов шпильге" | - | - | 4-8 | Жағдайға байланысты беріледі |
| Ескертпе. Швартовтың ұшын корабльде бекіту орны бойынша: "алдыңғы бөлік", "борттық", "артқы бөлік" ; тартым бағыты бойынша: "алдыңғы", "тура", "артқы" деп атайды; корабльде бекіту орны мен тартым бағыты сәйкес келгенде бекіту орны бойынша алдыңғы бөліктен артқы бөлікке қарай есептеп, арқан ұшына нөмір беріледі, мысалы: "Екінші артқы бөліктегі алдыңғы" | | | | | |
| | | | | | Бүйірдегі (алдыңғы бөліктегі) топ командирі: "Артқы бөлікте таза" немесе "Артқы бөлікте мынадай-мынадай" немесе " |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Артқы бөлікте қалай? ... дейін арақашықтықты баянда" | - | - | - | Пирске дейін мынанша метр" деп баяндайды. Баяндау жалаушамен қайталанады: қызыл – артқы бөлікте таза емес және ақ – артқы бөлікте таза |
| | "Кранец борт сыртына "<br>"Кранецті ал" | - | - | - | Кранецті пайдалану қажеттілігіне байланысты беріледі |
| | "Гюйсті түсір, жалаудың орнын ауыстыр" немесе<br>"Зәкір жарығын сөндір , жүру жарығын жақ" немесе<br>"Жалауға. Жалауды көтер" | - | - | - | Жалауды ауыстыруға, жарықты жағу және сөндіруге қатысты және басқа команда "Зәкір шықты " баяндауын алысымен, сондай-ақ соңғы швартовты (перлинь бөшкеден) бергеннен кейін беріледі.<br>Бір уақытта шар орнына дейін көтеріледі |
| Зәкірді судан шығырлғанда | | - | - | - | Бүйірдегі топ командирі: "Зәкір таза" немесе "Зәкір таза емес" деп баяндайды |
| Зәкір клюзге жақындағанда | | - | - | - | Бүйірдегі топ командирі: " Шпильді тоқтат" деп команда береді, зәкірді түсіруге дайындағаннан кейін "Сол (оң) жақтағы зәкір түсіруге дайын" деп баяндайды |
| | "Мынадай зәкірді ( немесе екі зәкір де) түсіруге дайында" | - | - | - | Швартовты жинағанда немесе бөшкеден алғанда тар өтпеден өткенде ғана беріледі |
| | "Борт пен артқы бөлікті сыртын қарап тексер" | - | - | - | Бүйірдегі, шкафут және ют тобының командирлері бортты және артқы бөліктің сыртын қарап тексереді, кемшіліктерді жояды және мінбеге: "Борт (артқы бөліктің) сырты таза" деп баяндайды |
| | "Зәкірді (зәкірлерді) орнына қой. Жорықтық бекітпені сал" | - | - | - | Тар өтпеден өткеннен кейін беріледі |
| | "Жауынгерлік ( оқу-жаттығу) дабыл" | 1 | 2 | - | Жауынгерлік дабыл бойынша корабль экипажы кестеге сәйкес орнына орналасады |

2. Зәкірге (швартовқа) қоюға дайындау

| Уақыты | Вахталық офицер беретін команда | Түсінік |
|---|---|---|
| | "Корабльді зәкірге (зәкір мен швартовқа | |

| | | |
|---|---|---|
| | немесе швартовқа немесе бөшке мен швартовқа) қоюға дайында" | Кесте бойынша тағайындалған жеке құрам корабльді зәкірге (швартовқа) қоюға дайындайды |
| | "Жорықтық бекітпені ал" | Жағдаймен үйлестіріп, корабльде беріледі. Кесте бойынша тағайындалғандар шлюпкадан және басқадан жорықтық бекітпені алады |
| | "Мынадай шлюпканы (катерді) түсір" | Кезекші боцман шлюпканы дайындайды |

| Уақыты | Командирдің аға көмекшісі беретін команда | Белгі нөмірі | | | Түсінік |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кернеймен | қоңыраумен | қол ысқырықпен | |
| 3.Зәкірге (швартовқа) қою | | | | | |
| Корабль командирінің бұйрығы бойынша | "Орнына тұр, зәкірге (зәкірге және швартовқа немесе швартовқа немесе бөшке мен швартовқа) дайында" | - | 6 | - | Корабль экипажы кестеге сәйкес орнына орналасады |
| | "Бүйірдегілер – бүйірге, юттағылар – ютқа. Зәкірге тұр" | - | - | - | Корабльде авралсыз зәкірді түсіру кезінде беріледі |
| | "Мынадай шлюпка (катер) суға" | - | - | - | Корабльде бөшкеге жақындағанда беріледі |
| | "Оң (сол, екі) жақтағы зәкірді түсіруге дайында" | - | - | - | Бүйірдегі (алдыңғы бөліктегі) топ командирі зәкірді түсіруге дайындауға басшылық жасайды және ол дайын болысымен мінбеге: "Оң (сол, екі) жақтағы зәкір түсіруге дайын" деп баяндайды |
| | "Оң (сол) жақтағы арқан ұшын және | | | | Швартовтың дайын болғаны туралы бүйірдегі және юттағы топ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кранецті дайында" | - | - | - | командирлер: "Оң (сол) жақтағы швартов дайындалды" деп баяндайды |
| | "Лақтыру арқанын (жетекті) бер" | - | - | - | Бүйірдегі топ командирі жұмыс барысы туралы: "Лақтыру арқаны берілді", "Жетек бөшкеде", "Перлинь іске қосылды" деп баяндайды |
| | "Оң (сол) жақтағы зәкірді түсіруге тұр" | - | - | - | Бүйірдегі топ командирі: "Оң (сол) жақтағы шынжырдан алшақ кет" деп команда береді. Команда зәкір шынжыры өтетін жердің бәрінде оған жақын жердегіні сақтандыру үшін қайталанады |
| | "Оң (сол) жақтағы зәкірді шпиль арқылы мынадай метрге босат" | - | - | - | Егер зәкірді түсіру үлкен тереңдікте жүргізілсе беріледі |
| | "Зәкірді түсір" | - | - | - | Бүйірдегі (алдыңғы бөліктегі) топ командирі команданы қайталайды. Аға боцман (боцман) зәкірді түсіреді |
| | "Клюзге мынадай метр" | - | - | - | Зәкір шынжырының қанша метрге босатылуы керектігі көрсетіледі. Команда орындалысымен БКП-ге: "Клюзде мынадай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Корабль командирінің бұйрығы бойынша | | | | | метр" деп баяндалады |
| | "Арқан ұшы борт сыртына" | - | - | - | Көрсетілген орынға кранец салынады |
| | "Алдыңғы (артқы) бөліктегіні бер" | - | - | 4 және 5 | Корабль командирінің бұйрығы бойынша беріледі. Көрсетілген швартов қабырғаға (пирске) беріледі. Команда орындалысымен: "Алдыңғы (артқы) бөліктегі берілді" деп баяндалады |
| | "Гюйсті көтер, жалауды ауыстыр" немесе "Жалауға. Жалауды түсір" немесе "Жүзгендегі жарықты сөндір, зәкір жарығын жақ" | - | - | - | Зәкірді түсіргеннен немесе швартовты (перлиньді) бөшкеге салғаннан кейін бірден беріледі. Команданың орындалғаны туралы жүрістік мінбеге баяндалады |
| | "Басқыш пен трапты шығар" | - | - | - | |
| | "Зәкір-шынжырды ұстап тұр" немесе "Зәкір-шынжырды ұстама" | - | - | - | "Шынжыр тура төмен (артқа, алға, оңға, солға) қарай түсір", "Шынжыр тартылуда", "Шынжыр қатты", "Зәкір жылжуда", "Зәкір жиналды" - зәкір шынжыры қатты тартылғанда; "Зәкір-шынжыр тартылды" - зәкір шынжыры |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Зәкірге қойғанда | | | | | тартылып, өз салмағымен ілініп тұрғанда |
| | "Зәкір-шынжырды мынадай метрге дейін босат" немесе "Зәкір-шынжырды мынадай метрге дейін жина" | - | - | - | Бүйірдегі (алдыңғы бөліктегі) топ командирі зәкір шынжырын босатып немесе жинап, жүрістік мінбеге: "Клюзде мынанша метр" деп баяндайды |
| | "Клюзде қанша?" | - | - | - | Бүйірдегі (алдыңғы бөліктегі) топ командирі босатылған зәкір-шынжырдың санын баяндайды |
| Швартовқа немесе бөшкеге қойғанда | "Мынадай швартов шпильге" | - | - | - | Аталған швартов бөшкеге немесе қабырғаға оралғанда беріледі |
| | "Мынадай швартовты ал (тарт, ұстап тұр, босат, қайта жібер, ора, шпильге ал)" | - | - | 6-8 | Жұмысқа басшылық жасайтын адам команданы қайталайды және орындалғаны туралы: "Мынадай швартов босатылды (ұсталды, тартылды, алынды, қайта жіберілді, оралды)" деп баяндайды |
| | "Пирске (қабырғаға және басқаға) дейінгі арақашықтықты | | | | Бүйірдегі (алдыңғы бөліктегі) және юттағы (артқы бөліктегі) топтың командирлері көрсетілген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баянда немесе "Пирске (қабырғаға) дейінгі арақашықтық мынанша метрден кейін баянда" | - | - | - | пирске, қабырғаға, бөшкеге және бұдан әріге дейінгі арақашықтықты айқындайды және мінбеге: "Пирске (қабырғаға) дейін мынанша метр" деп баяндайды |
| Бөшкеге қойғанда | "Сол (оң) жақтағы зәкір-шынжырды аш" | - | - | - | Команда бөшкеге өз зәкір-шынжырына қойғанда беріледі |
| | "Зәкір-шынжырды бөшкеге бер" | - | - | - | Зәкір-шынжырды бөшкеге беру жұмысы басталады |
| | "Тоқтатқыны сал" | - | - | - | Команда зәкір жиналып, кеме зәкір шынжырына тоқтағанда және соңғысы қажетті ұзындыққа дейін жиналғанда беріледі |
| | "Баспалдақты түсір" | - | - | - | Команда кеме шватровқа тұрғанда беріледі. Команда орындалғаннан кейін: "Баспалдақ берілді" деп баяндалады |
| | "Қару мен техникалық құралды қарап-тексер" | - | - | - | Жеке құрам қару мен техникалық құралды тексеру үшін орынға орналасады |
| | "Қару мен техникалық | - | - | - | Нұсқаулыққа сәйкес орындалады. Орындалғаны туралы бөлімше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрал – бастапқы қалыпқа" | | | | командирі БКП-ге баяндайды |

## 3. Корабльді басқару

| Команда | Рульдегі адамның жауабы | Орындалуы | Рульдегі адамның баяндауы |
|---|---|---|---|
| 1. Рульді басқару | | | |
| "Мынанша градусқа руль оңға (солға)" | "Құп болады, мынанша градусқа руль оңға (солға)" | Руль оңға (солға) көрсетілген градус санына бұрылады | "Руль оңға (солға) мынанша" |
| "Руль оңға (солға)" | "Құп болады, руль оңға (солға)" | Руль көрсетілген жаққа 10-15° (осы кемеде белгіленгендей) бұрылады | "Руль оңға (солға) мынанша" |
| "Руль оңға (солға) бортта" | "Құп болады, руль оңға (солға) бортта" | Руль көрсетілген жаққа қарай белгіленген шекке дейін бұрылады | "Руль оңға (солға) бортта" |
| "Кеме қалай жүзуде ?" | | Рульдегі адам құбылнаманы қадағалап, корабльдің қозғалысы туралы баяндайды | "Оңға (солға) қарай жүзуде" немесе " Оңға (солға) баяу жүзуде" немесе " Тоқтады" немесе " Оңға (солға) жүзді" |
| "Бұр" | "Құп болады, бұруға" | Руль біртіндеп кеменің диаметрлік жазықтығына бұрылады | "Руль тура" |
| "Бұрып ұста" | "Құп болады, бұра ұстауға" | Руль корабль циркуляциясына кері жаққа қарай бұрылады | "Руль оңға (солға) мынанша градусқа" |
| "Руль тура" | "Құп болады, руль тура" | Руль корабльдің диаметрлік жазықтығына келтіріледі | "Руль тура" |
| "Руль қалай?" | | Рульдегі адам рульдің қалпын рульдік көрсеткіш бойынша байқайды | "Руль мынанша оңға (солға)" немесе "Руль бортта оңға ( солға)" немесе " Руль тура" |
| "Руль қалай қозғалады?" | | Рульдегі адам осы жағдайда корабльді белгіленген курста ұстау үшін рульді қандай қалыпта ұстау керектігін байқайды | "Руль оңға (солға) мынанша градусқа қозғалады" |
| "Руль мынанша градустан артық бұрылмасын" | "Құп болады, рульді мынанша градустан артық бұрмауға" | Рульдегі адам рульдің қалпын мұқият қадағалайды | |
| "Рульмен осылай басқаруға ауыс. Курс мынанша градус" | "Рульді осылай басқаруға ауыс" | Рульдегі адам рульді Нұсқаулыққа сәйкес көзделген басқаруға ауысады | "Руль осылай ( мысалы: "Руль қолмен") |
| "Мынадай бекеттен рульді басқаруға ауыс. Курс мынанша градус" | "Құп болады, мынадай бекеттен рульді басқаруға ауысуға" | Рульдегі адам Нұсқаулыққа сәйкес көрсетілген бекетке ауысады | "Мынадай бекеттен руль басқарылуда" |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| "Курс мынанша градус" | "Құп болады, курс мынанша градусқа" | Рульдегі адам корабльді белгіленген курсқа келтіреді және оны ұстап тұрады | "Румбта мынанша градус" |
| "Руль оңға (солға). Курс мынанша градусқа" | "Құп болады, руль оңға (солға). Курс мынанша градусқа" | Сол сияқты | Сол сияқты |
| "Құбылнама бойынша мынанша градусқа оңға (солға )" | "Құп болады, құбылнама бойынша оңға ( солға) мынанша градусқа" | Сол сияқты | Сол сияқты |
| "Румбта?" | | Рульдегі адам құбылнама бойынша курсты бағдарлайды | Сол сияқты |
| "Осылай ұста" | "Құп болады, осылай ұстауға" | Рульдегі адам құбылнама бойынша команда берген сәтте корабль жүзген курсты немесе жағалау бағдары бойынша бағытты градусына дейін дәл бағдарлайды және корабльді осы курста ұстайды | Сол сияқты |
| "Осындай құбылнама бойынша түзет" | "Құп болады, осындай құбылнама бойынша түзетуге" | Рульдегі адам көрсетілген құбылнаманың көрсеткішін басшылыққа алып, рульді басқарады | |
| "Кеме қалай жүзуде ?" | | Рульдегі адам құбылнама бойынша корабльдің қай жаққа және қандай бағытқа ауытқуын байқайды | "Оңға (солға) мынанша градусқа жүзіп келеді" |
| "Оңға (солға) жүзбе " | "Құп болады, оңға ( солға) жүзбеуге" | Рульдегі адам корабльді белгіленген курста ұстайды және корабльдің белгіленген курстан оңға (солға) қарай ауытқуына жол бермейді | |
| "Мынадай корабль кильватерді ұста" | "Құп болады, мынадай корабль кильватерді ұстауға " | Рульдегі адам корабльді алда келе жатқан корабльдің кильватерлік ағыспен ұстайды | |
| "Жармаға бағыт ал" | "Құп болады, жармаға бағыт алуға" | Рульдегі адам рульді дербес басқарып, корабльді жармаға шығарады және бағыт алады | "Жармада. Румбта мынанша градус" |
| "Жарма бойынша ұста" | "Құп болады, жарма бойынша ұстауға" | Рульдегі адам корабльді жарма бойынша ұстап тұрады | Сол сияқты |
| "Мынадай затқа бағыт ал" | "Құп болады, мынадай затқа бағыт алуға" | Рульдегі адам рульді бұрып, корабльді белгіленген затқа бағыттайды және соған қарай бағыт алады | "Румбта мынанша градус" |
| "Оң (сол) жақтан мынадай затты қалдыр" | "Құп болады, оң ( сол) жақтан мынадай затты қалдыруға" | Рульдегі адам белгіленген затты корабльден оң (сол) жақта қалдырып, рульді дербес басқарады | |
| "Рульдегі вахтаны қабылда" | Түсушінің жауабы: "Құп болады, вахтаны қабылдауға " | Рульдегі ауысатын адам түсетін адамға корабльдің курсы мен жүрісі туралы, машина жұмысы, рульдің қалай жүретіні, рульдің нөлдік қалпы және тағы басқа туралы деректі береді | Түсушінің рульді басқару бойынша қабылданған деректер туралы баяндауы |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| "Рульдегі адам ауыссын" | Ауысушының жауабы: "Құп болады, ауысуға" | Рульдегі ауысатын адам корабль белгіленген курста болған сәтте штурвалды түсушіге береді және бес минут бойы оның әрекетінің дұрыстығын қадағалайды | Ауысушының баяндауы: "Рульдегі адам курсты дұрыс ұстап тұр" |
| "Рульден кет" | "Құп болады, рульден кетуге" | Рульдегі ауысқан адам жауынгерлік бекеттен кетеді | |

| Команда | Түсінік |
|---|---|
| 1. Корабльдің (машинаның) негізгі қозғалтқышын басқару | |
| "Мынадай телеграфты тексер және келіс" | Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Команда кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| "Мынадай телеграф бойынша бұйрықты орында" | Кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| "Мынадай машина (мынадай машина немесе екі машина да), алға (артқа) дайындал" | Машиналық телеграф арқылы беріледі, телеграф ақаулы болғанда кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| "Мынадай машина (мынадай машина немесе екі машина да), алға ең төменгі (төменгі, орташа, жоғарғы, ең жоғарғы)" | Машиналық телеграф арқылы немесе кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі. "Ең жоғарғы", "Ең төменгі" бөлінісі жоқ телеграфтарда көрсетілген жүрісті қосу үшін телеграф тұтқасын "Жоғарғы", "Төменгі" бөлініске екі рет қояды |
| "Мынадай машина (мынадай машина немесе екі машина да), артқа ең төменгі (төменгі, орташа, жоғарғы, ең жоғарғы)" | Сол сияқты |
| "Мынадай машина (мынадай машина немесе екі машина) тоқта " | Машиналық телеграф арқылы немесе кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| "Барынша мүмкіндікпен алға (артқа) жүр" | Машиналық телеграф арқылы беру кезінде тұтқаны екі рет "Ең жоғарғы" бөлініске, ал ол жоқ жерде үш рет "Жоғарғы" бөлініске қояды |
| "Мынанша минуттан (сағаттан) кейін мынандай жүріске дайындал" | Кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| "Белгіленген жүріс мынанша өлшем. Орында" | Кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| "Мынанша айналымды ұста" | Сол сияқты |
| "Мынанша айналым артық (кем)" | Қоңырау немесе кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| "5 (10, 15) қуып жет немесе 5 (10, 15) қал" | Айналымның дифференциялық есептегіш арқылы беріледі |
| "Реверс" | Телеграф және кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| "Машина керек емес. Жорыққа әзірлік мынадай. Телеграфтан және рульден кет. Магнитсіздендіретін құрылғыны сөндір ( қосулы қалыпта қалдыр)" | Кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| | |

| | |
|---|---|
| "Мынадай телеграфты тоқтат. Телеграфтан кет" | Кораблышілік байланыс құралы арқылы беріледі |
| 3. Сигнал беру | |
| "Мынадай сигналды тер" | Вахталық офицер сигнал беру бекетінің командиріне сигнал мәтінін хабарлайды және егер қажет болса, қандай мәлімет бойынша оны теру тиесілігін көрсетеді. Сигнал беру бекетінің командирі команда орындалысымен "Сигнал терілді" деп баяндайды |
| "Сигналды көтер" немесе "Сигналды жартысына дейін" немесе "Сигнал орнына дейін" | Сигнал беру нұсқаулығына сәйкес орындалады. Жауынгерлік бекеттің командирі команданы қайталайды және сигнал берушіге береді |
| "Сигналды талқыла" | Сол сияқты |
| "Сигналды қайтала" | Сол сияқты |
| "Сигналды тазала" | Сол сияқты |
| "Сигналды тексер" | Сол сияқты |
| "Сигналды алып таста" | Сол сияқты |
| "Мынадай жалауды (сигналды) көтер (ал)" | Сол сияқты |
| "Мына жерге мынадай құралмен мынадай сигнал бер" | Сол сияқты |
| "Шарды тоқтат" | Корабль машинасы тоқтатылғанда беріледі |
| "Шарды ең төменгіге (төменгіге, орташаға)" | Жүрісін арттырып, алдымен машинаға жүрісін өзгерту туралы бұйрық береді, одан кейін шарларды босатады.<br>Жүрісін азайтып, алдымен шарларды көтереді және осыдан кейін машинаға бұйрық береді |
| "Шарды ал" | Машинаға жоғарғы жүріс беру туралы бұйрық беріледі және одан кейін шарлар босатылады |

## 4. Корабльдік күн тәртібі

| Корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) беретін команда | Сигнал нөмірі | | Команда берілетін сәт | Экипаждың әрекеті |
|---|---|---|---|---|
| | кернеймен | қоңыраумен | | |
| 1. Аптаның барлық күні (сенбі күнін қоспағанда) | | | | |
| 1) сағат 00-ден бастап ұйқыдан тұрғанға дейін | | | | |
| "Зәкір (жүзу) жарығын сөндір" | - | - | Күннің шығуымен, жүзгенде – корабль командирінің рұқсатымен, құрама құрамында жүзгенде – құрама командирі кораблінің | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | әрекетіне байланысты беріледі | |
| "Кернейші жоғары" | - | - | | |
| "Жарықты сөндір" | - | - | | |
| 2) ұйқыдан тұрғаннан бастап 15 сағатқа дейін | | | | |
| "Команда ұйқыдан тұр. Төсек жина ( төсекті ретте)" | 7 | 7 | Демалыс және мереке күні команда бір сағатқа кеш ұйқыдан тұрғызылады | |
| "Дене шынықтыру жаттығуындағы киім нысаны мынадай" | - | - | | |
| "Су өткізбейтін қабырғаны аш" | 18 сигналдың алғашқы екі ырғағымен бірге 14 | - | | |
| "Команда, дене шынықтыру жаттығуына" | 12 | - | | |
| "Дене шынықтыру жаттығуын аяқта" | 14 | - | | |
| "Команда жуын" | - | - | | |
| "Корабльдегі киім нысаны мынадай" | - | - | Біркелкі болу мақсатында мерзімді қызметтегі матрос пен старшина, офицер мен келісімшарт қызметінің старшинасы үшін бір күнге киім нысаны белгіленеді. Мысалы: " Офицерлер мен келісімшарт қызметінің старшиналары күртеше мен кепкада, мерзімді қызметтегі матростар мен старшиналар – жұмыс жейдесінде және пилоткада болсын" | |
| "Үстел жаса" | - | - | | |
| "Команда, таңғы асқа" | 15 | - | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Шағын жинауды баста" | 11 | - | | |
| "Кернейші жоғары" | - | - | Жалауды көтергенге дейін 20 минут бұрын | |
| "Күн тәртібін ойна" | 9 | - | Жалауды көтергенге дейін 15 минут бұрын | |
| "Тысын ал" | 8 | - | Ауа райы қолайлы болғанда жинау аяқталғанға дейін 10 минут бұрын немесе құрама командирі кораблінің әрекетіне байланысты | |
| "Шағын жинауды аяқта" | 14 | 8 | | |
| "Үлкен жиын" Әскери-теңіз жалауын көтеру | 2 | 6 | | |
| "Бөлімше бойынша жеке құрамды қарап-тексер" | | | | Старшиналар матростардың болуын, сыртқы келбетін және олардың жеке гигиена қағидаларын сақтауын тексереді. Медициналық көмекке мұқтаж жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша кезекші науқастар кітабына амбулаториялық қабылдауға жазады. Қарап-тексергеннен кейін старшиналар кемшілікті жою туралы бұйырым береді және топтың (команданың) тиісті старшиналарына қарап-тексеру нәтижесі туралы баяндайды.<br>Жауынгерлік бөлім командирі мен қызмет бастығы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | қарап-тексеру дұрыстығын бақылайды |
| "Қару мен техникалық құралды қарап-тексер" | 12 | - | Корабльде күн тәртібі бойынша уақытта беріледі | |
| "Қару мен техникалық құралды қарап-тексеруді аяқта" | 14 | 8 | | |
| "Сабаққа (жұмысқа) дайындал" | - | - | | |
| "Сабақты баста" немесе "Жеке құрам , жұмысқа таралым үшін сапқа тұр" | 12<br>3 | 9<br>6 | | |
| "Үзіліс жаса" | - | 9 | | |
| "Команда, хабардар етуге" | - | - | Аптасына үш рет күн тәртібінде белгіленген сағатта | |
| "Сабақты (жұмысты ) жалғастыр" | 12 | 9 | | |
| "Сабақты (жұмысты ) аяқта" | 14 | 11 | | |
| "Шағын жинауды жүргіз" | 11 | - | | |
| "Команда, қол жу" | - | - | | |
| "Үстел жаса" | - | - | | |
| "Команда, түскі асқа" | 15 | - | | |
| 3) 15-тен 19 сағатқа дейін | | | | |
| "Сабаққа дайындал" немесе "Жұмысқа таралым үшін дайындал" | - | - | Сабақ (жұмыс) басталғанға дейін 10 минут бұрын беріледі | |
| "Сабақты баста" немесе "Жеке құрам жұмысқа таралым үшін сапқа тұр" | 12 | 9 | | |
| "Жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша тәуліктік нарядқа даярлықты баста" | - | - | Таралымға дейін 3 сағат бұрын | |
| "Сабақты (жұмысты ) аяқта" | 14 | 9 | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Команда, қорытындылауға" | - | - | Жұма күні күн тәртібінде белгіленген сағатта | |
| "Шағын жинауды жүргіз" | 11 | - | | |
| "Команда, қол жу" | - | - | | |
| "Үстел жаса" | - | - | | |
| "Команда, кешкі асқа" | 15 | - | | |
| 4) 15-тен 24 сағатқа дейін | | | | |
| (Тәуліктік нарядтың таралымы) | - | - | | |
| (Жағалауға сейілдемеге шығу) | - | - | Күн тәртібінде белгіленген сағатта | |
| "Кернейші жоғары" | - | - | Жалауды түсіргенге дейін 20 минут бұрын | |
| "Күн тәртібін ойна" | 9 | - | Жалауды түсіргенге дейін 15 минут бұрын | |
| "Зәкір (жүзу) жарығын тексер" ( Жалауды түсір) | - | - | Жалауды түсіргенге дейін 15 минут бұрын | |
| "Зәкір (жүзу) жарығын жақ" | - | - | | |
| "Тысын кигіз" | 8 | - | Жалау түсірілгеннен кейін, ал ауа райы қолайсыз болғанда – кез келген уақытта немесе құрама командирі кораблінің әрекетіне байланысты беріледі | |
| "Команда, шай ішуге" | - | - | | |
| "Палубаны желдет және жина" | - | - | | |
| "Су өткізбейтін қабырғаны бекіт" | 18 | 7 | | |
| "Команда, кешкі серуендеуге сапқа тұр" (кешкі тексеру) | 3 | 7 | | |
| "Түнгі жарықты жақ " | - | - | | |
| 2. Сенбі күні | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1) сағат 00-ден бастап үлкен жинау басталғанға дейін | | | | |
| 1-бөлімде көрсетілген команда беріледі | | | | |
| 2) Үлкен жинау басталғаннан бастап 18 сағатқа дейін | | | | |
| "Үлкен жинауды баста" | 11 | - | Күн тәртібі бойынша | |
| "Кернейші жоғары" | - | - | Жалау көтерілгенге дейін 20 минут бұрын | |
| "Күн тәртібін ойна" (Жалауды көтеру) | 9 | - | Жалау көтерілгенге дейін 15 минут бұрын | Экипаж сапқа тұрғызылмайды |
| "Үлкен жинауды аяқта" | 14 | - | | |
| "Тысын ал" | 8 | - | | |
| "Материалдық бөлікті күтіп-ұстауды және такелаждық жұмысты баста" | 12 | - | | |
| "Материалдық бөлікті күтіп-ұстауды және такелаждық жұмысты аяқта" | 14 | - | | |
| "Команда, қол жу" | - | - | | |
| "Үстел жаса" | - | - | | |
| "Команда, түскі асқа" | 15 | - | | |
| "Өзіне-өзі қызмет көрсетуді және кір жууды баста" | 12 | 9 | | |
| "Жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша тәуліктік нарядқа дайындықты баста" | - | - | | |
| "Шағын жинауды жүргіз" | 11 | - | | |
| "Команда, қол жу" | - | - | | |
| "Үстел жаса" | - | - | | |
| "Команда, кешкі асқа" | 15 | - | | |
| 3) 18-ден 23 сағатқа дейін | | | | |
| Команда күн тәртібі бойынша беріледі | | | | |
| 3. Демалыс және мереке күні | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жоспарланған мәдени-бұқаралық іс-шараларға байланысты үлгілік апталық күн тәртібінде көзделген команда беріледі | | | | |
| 4. Тәуліктік наряд таралымы | | | | |
| "Кезекшілікке және вахтаға жарақталған таралым үшін дайындал. Киім нысаны мынадай" | - | - | Таралымға дейін 30 минут бұрын | Жаңа тәуліктік нарядтың жеке құрамы жарияланған киім нысанында сапқа тұруға дайындалады |
| "Жаңа кезекшілікке, вахтаға, оркестрге таралым үшін ана жерге сапқа тұр" | - | - | Таралымға дейін 20 минут бұрын | Жаңа тәуліктік наряд таралым үшін көрсетілген жерде сапқа тұрады |
| "Түзел", "Тік тұр", "Назар, оң-ҒА (сол-ҒА, орта-ҒА)" | - | - | | Төменгі жақ бойынша түсетін кезекші корабльдік кезекшілікке тағайындалғандардың, түсетін вахталық офицер – корабльдік вахтаның барлық ауысымына тағайындалғандардың, жауынгерлік бөлім (қызмет) бойынша түсетін кезекші – өз жауынгерлік бөлімінің (қызметінің) арнайы нарядына тағайындалғандардың болуын тексереді, бір уақытта бағыныстылардың өз міндеттерін білуі мен олардың киім нысаны тексеріледі |
| | | | | Төменгі жақ бойынша кезекші береді. Оркестр "Қарсы алу маршын" ойнайды. Төменгі жақ бойынша кезекші корабль |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Түзел", "Тік тұр", " Назар, оң-ҒА ( сол-ҒА, орта-ҒА)" | - | - | Корабль бойынша жаңа кезекшіні қарсы алғанда | бойынша кезекшіге саптық адыммен жақындап, оған баяндайды, мысалы: "Капитан-лейтенант мырза. Тәуліктік наряд таралым үшін сапқа тұрғызылды. Төменгі жақ бойынша кезекші бас старшина Арыстанов". Баяндау басталысымен оркестр ойнауды тоқтатады. Корабль бойынша кезекші баяндауды қабылдап, жеке құраммен амандасады, одан кейін: "Еркін тұр" командасын береді және төменгі жақ бойынша кезекшімен бірге киім нысаны мен міндеттерін білуін тексеріп, тәуліктік нарядты қарап шығады |
| "Кім тағайындауды түсінген жоқ, қол көтер" | - | - | Корабль бойынша кезекші тәуліктік нарядтың сабын қарап шыққаннан, киім нысаны мен міндеттерін білуін тексергеннен кейін | Осы командамен төменгі жақ бойынша кезекші сапқа тұрады |
| Тәуліктік наряд құрамында қарауыл болғанда "Орныңа" командасы алдында мынадай команда беріледі: | | | | |
| "Тік тұр". "Оркестр жиынды ойна" | - | - | | "Тік тұр" командасы бойынша корабль бойынша кезекші, төменгі жақ бойынша кезекші, жауынгерлік бөлім ( қызмет) бойынша кезекші және қарауыл бастығы қолын бас киіміне апарады және оркестр ойнауды аяқталысымен оны түсіреді |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Қарауыл бастығы, маған кел" | - | - | | Қарауыл бастығы саптық адыммен корабль бойынша кезекшіге жақындап, өзін таныстырады, мысалы: "Қарауыл бастығы 1-сатылы старшина Жарков". Корабль бойынша кезекші қарауыл бастығына оның қызметінің ерекшелігі туралы ескертеді және паролі бар жазбаны береді |
| "Қарауыл бастығы, сапқа тұр" | - | - | | Осы команда бойынша қарауыл бастығы саптағы өз орнына тұрады |
| "Қарауыл, қарауыл үй-жайына" | - | - | | Қарауыл бастығы: "Қарауыл, оң-ҒА (сол-ҒА)". "Адым БАС" деген команда береді. Оркестр марш орындайды, ал егер оркестр болмаса, кернейші "Қарауыл бойынша маршты" ойнайды (№ 16 сигнал). Қарауыл кеткеннен кейін корабль бойынша кезекші "Орныңа" командасын береді |
| "Орныңа" | - | - | | Түсетін ауысым өз орнына, ал босы – тұрғын үй-жайға тарайды. Оркестр марш орындайды және корабль бойынша кезекшінің бұйырымы бойынша ойнауды тоқтатады |
| Ескертпе. Егер төменгі жақ бойынша кезекші старшина атағында болса, онда тәуліктік наряд тұрады және тәуліктік наряд қатарынан офицер, ал офицер болмағанда – тәуліктік наряд қатарынан атағы бойынша үлкені баяндайды. | | | | |
| 5. Вахта ауысымы | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Кезекті ауысым, вахтаға дайындал. Киім нысаны мынадай, жоғарғы вахтаның нөмірі мынадай" | - | - | Вахта ауысымына дейін 15 минут бұрын | Ауысым белгіленген киім нысанын киеді |
| "Кезекті ауысым, таралым үшін сапқа тұр" | - | - | Вахта ауысымына дейін 10 минут бұрын | Вахтаға түсетіндер таралым үшін белгіленген орында сапқа тұрады |
| "Тік тұр. Таралымды баста" | - | - | Вахта ауысымына дейін 5 минут бұрын | Түсетін вахталық офицер команда беріп, корабльдік вахтаның таралымын жүргізеді. ЖБ-5 арнайы вахтасының таралымын түсетін вахталық инженер-механик ( ЖБ-5 бойынша кезекші) жүргізеді |
| "Орныңа" | - | - | Вахталық инженер-механиктен (ЖБ-5 бойынша кезекшіден) тексеру нәтижесі туралы баяндауды алысымен | Жеке құрам ауысу үшін бекеттегі өз орнына орналасады және міндеттерін қабылдайды |
| "Вахтаны тапсыратын адам, орныңнан кет" | - | - | Вахталық бекет командирінен және вахталық инженер-механиктен (ЖБ-5 бойынша кезекшіден) кезекті ауысымның түскені туралы баяндауды алысымен | Ауысқан жеке құрам өзінің жауынгерлік бекетінен кетеді және вахташының міндеттерін орындауға жаңа ауысым кіріседі |
| 6. Кешкі тексеру | | | | |
| "Шағын жиын" | 3 | 6 | | Корабльдің жеке құрамы жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша сапқа тұрады |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | | |
| "Бөлімше бойынша тексеруді баста" | - | - | | |
| "Орында" | 6 | - | | Команда старшиналары саптан шығады |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | және тексеруге кіріседі |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | | |
| "Тара" | - | - | | |
| "Орында" | 6 | - | | Жеке құрам кубрикке тарап кетеді |

# 5. Жалауды көтеру және түсіру

| Корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) беретін команда | Сигнал нөмірі | | Команда берілетін сәт | Экипаждың әрекеті |
|---|---|---|---|---|
| | кернеймен | қоңыраумен | | |
| 3. Жалауды салтанатты көтеру (түсіру) | | | | |
| "Күн тәртібін ойна" | 9 | - | Жалауды көтергенге ( түсіргенге) дейін 15 минут бұрын | Кернейші "Күн тәртібі" сигналын орындайды |
| "Үлкен жиын" | 2 | 6 | Жалауды көтергенге ( түсіргенге) дейін 5 минут бұрын | Құрама командирінің және рейдтегі үлкеннің кораблінде сигнал беруші екі жалаудан тұратын "Орында" деген сигналды жартысына дейін көтереді, ал қалған корабльде "Жауап ретіндегі вымпелді" жартысына дейін көтереді. Корабль экипажы жарияланған киім нысанында сапқа тұрғызу схемасына сәйкес сапқа тұрады . Сигнал беруші мен тағайындалған жеке құрам көтерілетін жалаудың фалына тарайды. Вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) корабль командиріне: "Бес минуттан кейін жалауды салтанатты көтеру (түсіру)" деп баяндайды |
| | | | | Командирдің аға көмекшісінің |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Тік тұр" | - | - | Корабль командирі жоғарғы палубаға шыққанда | баяндауын қабылдап, корабль командирі жеке құраммен сәлемдеседі және оны құттықтайды |
| "Еркін тұр" | - | - | Корабль командирі жеке құрамның сабын қарап шыққаннан кейін | |
| "Жалауға, гюйске, стеньга жалауына және безендіру жалауына тік тұр" | - | - | Жалауды көтергенге ( түсіргенге) дейін бір минут бұрын. " Орында, орында" немесе "Жауап ретіндегі вымпел" сигналын орнына дейін көтерумен | Жеке құрам "Тік тұр " қалпында тұрады. Жалауды түсіргенде кернейші № 17 " Заря" сигналын ойнайды |
| "Уақыт болды" | - | - | 9 сағат 00 минутта ( күн батқанда) | Сигнал беруші " Орында, орында" немесе "Жауап ретіндегі вымпел" сигналын тез түсіреді. Вахталық бекет командирі ( шабарман) склянканы соғады |
| "Жалауды, гюйсті, стеньга жалауы мен безендіру жалауын көтер (түсір)" | - | - | Жалауды көтеруге ( түсіруге) корабль командирінің рұқсатын алғаннан кейін | Жалау жазылған түрде баяу көтеріледі ( түсіріледі). Оркестр "Кешкі маршты" орындайды (оркестр болмағанда кернейші № 10 " Жалауды көтеру ( түсіру) сигналын ойнайды. Жеке құрам басын жалау жаққа бұрады, ал офицер мен келісімшарт қызметінің старшинасы қолын бас киіміне апарады . Жалауды орнына дейін көтерумен ( түсіруді аяқтаумен) оркестр Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимнін орындайды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Еркін тұр" | - | - | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні орындалғаннан кейін корабль командирінің рұқсатымен | |
| "Зәкір жарығын жақ" | - | - | Жалау түсірілгеннен кейін | |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | Жалау түсірілгеннен кейін | |
| "Орында" | 6 | - | | Корабльдің жеке құрамы тарап кетеді. Оркестр маршты орындайды |
| 2. Жалауды кәдімгі көтеру (түсіру) | | | | |
| "Күн тәртібін ойна" | 9 | - | Жалауды көтергенге (түсіргенге) дейін 15 минут бұрын | Кернейші "Күн тәртібі" сигналын орындайды |
| "Үлкен жиын" | 2 | 6 | Жалауды көтергенге (түсіргенге) дейін 5 минут бұрын | Құрама командирінің және рейдтегі үлкеннің кораблінде сигнал беруші екі жалаудан тұратын "Орында" сигналын жартысына дейін көтереді, ал қалған корабльде "Жауап ретіндегі вымпелді" жартысына дейін көтереді. Корабль экипажы жарияланған киім нысанында сапқа тұрғызу схемасына сәйкес сапқа тұрады. Сигнал беруші мен тағайындалған жеке құрам көтерілетін жалау фалына тарайды. Вахталық офицер (корабль бойынша кезекші) корабль командиріне: "Бес минуттан кейін жалауды көтеру (түсіру)" деп баяндайды |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Бортқа тұр" | - | - | Жалауды көтергенге (түсіргенге) дейін екі-үш минут бұрын | Егер жалауды көтеру жеке құрамды сапқа тұрғызусыз және жалауды түсіру кезінде жүргізілгенде беріледі. Осы команда бойынша палубадағы жеке құрам корабльдің ішіне қарап бортқа қарай тұрады |
| "Тік тұр" | - | - | Корабль командирі жоғарғы палубаға шыққанда | Командирдің аға көмекшісінің баяндауын қабылдап, корабль командирі жеке құраммен сәлемдеседі |
| "Еркін тұр" | - | - | Корабль командирі жеке құрамның сабын қарап шыққаннан кейін | |
| "Жалауға (және гюйске). Тік тұр" | - | - | Жалауды көтергенге (түсіргенге) дейін бір минут бұрын. "Орында, орында" немесе "Жауап ретіндегі вымпел" сигналын орнына көтерумен | Жеке құрам "Тік тұр" қалпында тұрады. Жалауды түсіру кезінде кернейші № 17 "Заря" сигналын орындайды |
| "Уақыт болды" | - | - | 8 сағат 00 минутта (күн батқан сәтте) | Сигнал беруші "Орында" немесе "Жауап ретіндегі вымпел" сигналын тез түсіреді. Вахталық бекет командирі (шабарман) склянканы соғады |
| "Жалауды (және гюйсті) көтер (түсір)" | 10 | - | Жалауды көтеруге (түсіруге) корабль командирінің рұқсатын алғаннан кейін | Жалау жазылған түрде баяу көтеріледі (түсіріледі). Жеке құрам басын жалау жаққа бұрады, ал офицер мен келісімшарт бойынша старшина |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | қолын бас киіміне апарады. |
| "Еркін тұр" | - | - | Кернейшілердің ойнауы аяқталысымен | |
| "Зәкір жарығын жақ" | - | - | Жалау түсірілгеннен кейін | |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | | |
| "Тара" | - | - | | |
| "Орында" | 6 | - | | Корабль экипажы тарайды |
| Ескертпе. Егер корабльде құрама командирі болса, осы тарауда корабль командиріне жазылған барлық іс-қимылды (баяндауды қабылдау, корабль экипажына сәлемдесу, жалауды көтеруге және түсіруге рұқсат беру және т.б.) құрама командирі жүргізеді | | | | |

# 6. Әскери сәлемдесу

| Корабль бойынша кезекші (вахталық офицер) беретін команда | Сигнал нөмірі | | Команда берілетін сәт | Экипаждың әрекеті |
|---|---|---|---|---|
| | кернеймен | қоңыраумен | | |
| 1. Корабльді қарсы алғанда әскери сәлемдесу | | | | |
| Теңізде (рейдте) корабльді (кемені) қарсы алғанда | | | | |
| "Кір" | 5 | 1 | Корабль штевні теңестірілген сәтте. "Кіру" сигналын алғаш рет төменгі дәрежелі немесе кішінің (бағыныстының) жалауы (брейд-вымпелі) астындағы корабльде ойнайды. Дәрежесі бірдей немесе тең лауазымды адамның жалауы немесе брейд-вымпелі астындағы әскери корабльді қарсы алғанда "Кіру" немесе "Орында" сигналын бір уақытта екі корабльде де ойнайды. Теңіз және рейдтік қамтамасыз ету кемесі бар жауынгерлік | Жұмыспен айналыспаған және жоғарғы палубадағы жеке құрам өтіп бара жатқан корабльге бұрылады және "Тік тұр" қалпында тұрады, офицер мен келісімшарт қызметінің |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | корабльді қарсы алғанда алғаш рет " Кіру" сигналын теңіз және рейдтік қамтамасыз ету кемесінде ойнайды | старшинасы қолын бас киіміне апарады |
| "Орында" | 6 | 2 | "Орында" сигналынан кейін үлкен командирдің ( бастықтың) жалауы (брейд-вымпелі) астындағы корабльде немесе жоғары дәрежелі корабльде корабль бір-бірінен алшақтағаннан кейін | Жеке құрам "Еркін тұр" қалпында тұрады |
| Ескертпе. Корабльді теңізде (рейдте) қарсы алғанда әскери сәлемдесу, егер олардың арасындағы қашықтық екі кабельттіктен аспаса, жүргізіледі. Осы қашықтықты өз жалауы (брейд-вымпелі) астындағы катерде жүзіп келе жатқан лауазымды адамға тиісті құрмет көрсетуде түсініспеушілікті болдырмау үшін үлгі ретінде қарау қажет. | | | | |
| Сауда кемесіне сәлемдесу | | | | |
| "Жалауға" | - | - | Қазақстан Республикасының көлік кемесі немесе шет мемлекеттің әскери емес кемесі жақындағанда | Вахталық сигнал беруші Әскери-теңіз жалауының фалына тұрады |
| "Жалаумен салют бер" | - | - | Егер кеме сәлемдесу үшін арт жақтағы жалауын шамалы түсірсе ( жалаумен салют берсе) | Сигнал беруші Әскери-теңіз жалауын жалау тұғыры (фал) ұзындығының үштен бір бөлігіне баяу түсіреді, одан кейін оны баяу көтереді |
| 2. Келетін лауазымды адамды қарсы алу | | | | |
| "Кернейші жоғарыға" | Хабар тарату арқылы дауыстап | | Катер корабльге жақындаған сәтте экипаж сапқа тұрғызылатындай есеппен алдын ала беріледі | Корабль экипажы ( бойы бойынша), құрметті қарауыл және оркестр сапқа тұрады |
| "Үлкен жиын" | 2 | 6 | | |
| | | | | Көрсетілген борттағы жеке құрам команданы орындайды. Корабль командирі траптың жоғарғы алаңындағы орынға |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Оң (сол) жақ борт, Артқа-БҰРЫЛ" | - | - | Катер екі-үш кабельттікке жақындағанда | тұрады. Корабль бойынша кезекші, вахталық офицер, вахталық бекет командирі және қаруланған вахташы бортқа қарап, траптың сол жағына тұрады. |
| "Кір" | 5 | - | Катер екі кабельттікке жақындағанда | "Кір" сигналын орындау аяқталғаннан кейін оркестр "Қарсы алу маршын" орындайды |
| "Тік тұр" | - | - | Катер трапқа жақындағанда | Оркестр маршты ойнауын тоқтатады |
| | | | Қарсы алатын адам траптың төменгі алаңына шыққан сәтте | Корабль командирі артқа бұрылады және палубадағы орнына тұрады. Карабинмен қаруланған құрметті қарауыл оларды қарауыл бастығының " Қарауыл-ҒА" командасы бойынша алады |
| | | | | Көрсетілген борттағы жеке құрам команданы орындайды және басын қарсы алатын адам жағына бұрады. Корабль командирі мынадай нысан бойынша баяндайды: " Адмирал мырза. " Батыс" корветінің экипажы қарсы алу үшін сапқа тұрғызылды. Корабль командирі 3-дәрежелі капитан Қайдаров". Корабль командирі баяндауды аяқтап, қарсы алатын адаммен бірге құрметті қарауыл сабына жүреді. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Оң (сол) жақ борт, Артқа БҰРЫЛ" | - | - | Қарсы алатын адам жоғарғы палубаға шыққанда | Қарсы алатын адам құрметті қарауылға жақындағанда қарауыл бастығы алдын ала саптан шығып, қарсы алатын адамға жақындайды және мынадай нысан бойынша баяндайды: " Адмирал мырза. Сіздің келуіңіздің құрметіне құрметті қарауыл сапқа тұрғызылды. Қарауыл бастығы аға лейтенант Болатов". Қарауыл бастығы баяндағаннан кейін оркестр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындайды, одан кейін қарсы алатын адам командирдің бірге жүруімен корабль экипажының сабын қарап өтуді жалғастырады |
| "Еркін тұр" | - | - | Қарсы алатын адам корабль экипажының сабын қарап өткеннен кейін және оның рұқсатымен | Жеке құрам "Еркін тұр" қалпында тұрады. Қарауыл бастығы карабинмен қаруланған қарауыл үшін: "Аяқ-ҚА" деп команда береді |
| "Орында" | 6 | - | | |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | | |
| "Қарауыл мен оркестр, үй-жайға" | - | - | Қарсы алатын адам жоғары палубадан кеткеннен кейін, корабль командирінің бұйрығы бойынша | |
| "Тара" | - | - | | Корабль экипажы өз үй-жайына тарайды |
| "Орында" | 6 | - | | |
| Ескертпе. Жағалаудан швартовта тұрған корабльге келетін адамды қарсы алғанда "Кір" сигналы ойналмайды. "Тік тұр", "Қарауыл-ҒА" командасы келетін адам баспалдаққа мінгенде беріледі | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. Салют | | | | |
| "Үлкен жиын бойынша салютке және сапқа тұруға дайындал. Киім нысанының нөмірі мынадай" | Хабар тарату арқылы дауыстап | | Салютке дейін 30 минут бұрын | Жеке құрам сапқа тұруға және салют жасауға дайындалады |
| "Салют зеңбірегінің есептобы, орныңа" | Сол сияқты | | Салютке дейін 20 минут бұрын | Салют зеңбірегінің есептобы кестеге сәйкес өз орнына тұрады және батарея командирінің жетекшілігімен зеңбіректі және бос патронның белгіленген санын атуға дайындайды |
| "Мынадай жалауды бекіт" | Сол сияқты | | Салютке дейін 20 минут бұрын | Сигнал беруші көрсетілген жалауды тиісті стеньга фалына бекітеді |
| "Үлкен жиын" | 2 | 6 | Салютке дейін 10 минут бұрын | Жеке құрам, құрметті қарауыл және оркестр жоғары палубада белгіленген орында сапқа тұрады |
| "Зеңбіректі оқта" | - | - | Салютке дейін 1 минут бұрын | Команданы зымыран-артиллериялық жауынгерлік бөлім командирі немесе тиісті батарея (топ) командирі береді |
| "Мынадай жалауды көтер" | Дауыстап | | Салютке дейін 1 минут бұрын | Сигнал беруші жалауды жазылған түрде салют дәл белгіленген уақытта ол орынға жететіндей есеппен көтереді |
| "Кір" | 5 | - | Жалау марсқа немесе осы сигналды беру уақыты үшін айқындалған діңгектегі басқа құрылғыға дейін жеткенде | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Салютті баста" | Дауыстап | | Команданы зымыран-артиллериялық жауынгерлік бөлім командирі корабль командирінің рұқсатымен жалау орнына дейін жеткенде береді | |
| "Бірінші", "Екінші" және одан әрі | Дауыстап | | | Батарея командирі белгіленген аралықпен атудың белгіленген санын жүргізеді. Мерекелік салют кезінде бірінші атумен оркестр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындайды. Ұлттық салют кезінде оркестр құрметіне салют жасалатын елдің мемлекеттік гимнін, ал одан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындайды. Гимн орындауды аяқтау салюттің аяқталуымен сәйкес келуге тиіс. Салют басталысымен жеке құрам "Тік тұр" қалпында тұрады, ал офицер мен келісімшарт қызметінің старшинасы салют және гимнді (гимндерді) орындау аяқталғанға дейін, сондай-ақ жауап ретіндегі салют аяқталғанға дейін осы қалпында қалып, қолын бас киіміне апарады |
| | | | Атудың белгіленген саны жүргізілгеннен кейін беріледі. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Салютті аяқта" | - | - | Батарея командирі: "Бытыра" деп команда береді. Зеңбірек ұңғысының арнасын жеке өзі қарайды, нәтижесі туралы БКП-ға баяндайды және рұқсат алып, зеңбіректі бастапқы қалпына келтіреді | |
| "Мынадай жалауды түсір" | Дауыстап | | Гимнді орындау аяқталғаннан кейін | |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | Корабль командирінің рұқсатымен | |
| "Қарауыл үй-жайға. Тара" | - | - | | |
| "Орында" | 6 | - | | Қарауыл үй-жайға кетеді. Экипаж тарайды. Оркестр маршты орындайды |
| 4. Әскери құрмет көрсету | | | | |
| 1) ҚР ҚК ӘТК кораблінің даңқты жеңісі мен ерлікпен қаза тапқан орнында | | | | |
| "Үлкен жиын" | 2 | 6 | Корабль әскери құрмет көрсету орнына бес кабельттікке жақындағанда | Вахтадан бос жеке құрам жоғары палубада белгіленген орында сапқа тұрады |
| "Кір" | 5 | - | | |
| "Жалауды шамалы түсір" | - | - | Әскери құрмет көрсету орнынан бір кабельт қашықтықта | Жеке құрам "Тік тұр " қалпында тұрады, ал офицер мен келісімшарт қызметінің старшинасы қолын бас киіміне апарады .<br>Сигнал беруші Әскери-теңіз жалауын жалау тұғыры (фал) ұзындығының үштен бір бөлігіне шамалы төмен түсіреді |
| "Жалауды көтер" | - | - | Корабль әскери құрмет көрсету орнынан екі кабельтке алшақтағанда | Жалау орынға дейін көтеріледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | | |
| "Тара" | - | - | | |
| "Орында" | 6 | - | | Жеке құрам үй-жай бойынша тарайды |
| Ескертпе: 1. Корабль әскери құрмет көрсету орнынан өтіп бара жатқанда суға гүлдесте (гүл) жіберуге болады<br>2. Жеке құрамды "Үлкен жиын" сигналы бойынша сапқа тұрғызу ауа райы қолайлы болғанда тәуліктің жарық уақытында жүргізіледі | | | | |
| 2) Әскери қызметшілерді теңізде жерлеу кезінде | | | | |
| "Үлкен жиын" | 2 | 6 | Корабль командирі белгілеген уақытта | Корабль экипажы, оркестр мен эскорт салют жасау үшін жоғары палубаға ( митингке сапқа тұрғызу схемасы бойынша) сапқа тұрады |
| "Тік тұр" | - | - | Марқұмның денесін корабльдің ішкі үй-жайынан алып шыққанда | Корабль экипажы мен эскорт "Тік тұр" қалпында тұрады. Оркестр қаралы маршты орындайды . Кенеппен қапталып тігілген марқұмның денесін арнайы тұғырға салады, Әскери-теңіз жалауымен жабады. Ордені мен медалін марқұмның аяқ жағына жастықшада арнайы тұғырға орналастырады. Марқұмның денесінің жанына құрметті қарауыл қойылады |
| "Еркін тұр" | - | - | Марқұмның денесі тұғырға жатқызылғаннан кейін | Қаралы митинг басталады |
| "Тік тұр" | - | - | Қаралы митинг аяқталғаннан кейін | Корабль экипажы " Тік тұр" қалпында тұрады. Оркестр қаралы маршты орындайды. Эскорт бос патронмен үш рет атып салют жасау үшін белгіленген орынға ауысады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Әскери-теңіз жалауын, орден мен медальды алып тастайды |
| | | | | Марқұмның денесін бортқа алып келіп, тақтайға жатқызады, аяқтарына жүк байлайды, одан кейін денені теңізге түсіреді. Марқұмның денесін су жапқанда эскорт салют жасайды. Бірінші дүркін атумен оркестр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындайды |
| "Жалауды көтер" | - | - | Салюттің бірінші дүркін атуымен | |
| "Еркін тұр" | - | - | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні аяқталысымен | |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | | |
| "Тара" | - | - | | |
| "Орында" | 6 | - | | Жеке құрам үй-жайға тарайды |
| Ескертпе. Жеке құрамды "Үлкен жиын" сигналы бойынша сапқа тұрғызу алдында Әскери-теңіз жалауы " Жалауға, Тік тұр", "Жалауды шамалы түсір" командасы бойынша (егер ол бұрын шамалы түсірілмеген болса) шамалы түсіріледі. | | | | |
| 3) Марқұмның денесін корабльде (катерде) жеткізу кезінде | | | | |
| "Корабль экипажы әскери құрмет көрсету үшін сол ( оң) жақтағы бортқа сапқа тұр" | 2 | 6 | Корабль командирінің бұйрығы бойынша беріледі | Вахта мен кезекшіліктен бос жеке құрам көрсетілген бортта бойы бойынша сапқа тұрады |
| "Жалауға. Тік тұр" | - | - | | Жеке құрам "Тік тұр " қалпында тұрады. Сигнал беруші жалау фалын қолына алады |
| "Жалауды шамалы түсір" | - | - | Қайтыс болған адамның денесі бар | Әскери-теңіз жалауы жалау тұғырының ( фалдың) жартысына дейін шамалы түсіріледі. Оркестр |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | корабль (катер) екі кабельтке жақындағанда | қаралы маршты орындайды |
| "Жалауды көтер" | - | - | Қайтыс болған адамның денесі бар корабль (катер) екі кабельтке алшақтағанда | Әскери-теңіз жалауы орнына дейін көтеріледі. Оркестр ойнауды тоқтатады |
| "Еркін тұр" | - | - | | |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | | |
| "Тара" | - | - | | |
| "Орында" | 6 | - | | Жеке құрам бөлімше бойынша тарайды |

## 7. Корабль өмірінің жеке жағдайы

| Команда | Команданы кім береді | Түсіндірме |
|---|---|---|
| 1. Корабльде қару мен техникалық құралды қарап-тексеру | | |
| "Қару мен техникалық құралды қарап-тексер" | Командирдің аға көмекшісі | Жеке құрам кестеге сәйкес өз орнына орналасады |
| "Сыртынан қарап-тексер. Механизмді қолмен айналдыр" | Командирдің аға көмекшісі, жауынгерлік бөлім командирі, қызмет бастығы | Тысын, тоқтатқышын, қақпағын алады, қаптамасын, қалқанын ашады және сол сияқты. Қару мен техникалық құралды сырттан қарап-тексереді және тазалайды. Авариялық мүлік пен қосалқы бөлікті қарап-тексереді. Қару мен техникалық құралды қолмен айналдыруды техникалық нұсқаулықтың қағидалары мен талаптарына сәйкес жүргізеді |
| "1-ші (2-ші) кезектегі тұтынушыны қуаттандыр. Қару мен техникалық құралды электрмен айналдыр" | Командирдің аға көмекшісі | Жауынгерлік бөлімнің тұтынушысын қуаттандыру корабль командирі бекіткен кестеге сәйкес беріледі. Қару мен техникалық құралды электрмен айналдыруды техникалық нұсқаулықтың қағидалары мен талаптарына сәйкес жүргізеді |
| "Авариялық топтың қоңырауын ( қатты соғатын қоңырауын), авариялық жарықты және ішкі байланыс құралын тексер" | Сол сияқты | Тексеру үшін үш қысқа (екі рет) қоңырау беріледі. Жауынгерлік бекет командирі тексеру нәтижесін белгіленген тәртіппен өз КП-ға баяндайды |

| | | |
|---|---|---|
| "Орнында тұр, жоғары қысымды ауаны қабылда" | Сол сияқты | Жеке құрам қызмет көрсетілетін қару мен техникалық құралды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әрекет етеді |
| "Тексеруді аяқта. Қару мен техникалық құралды бастапқы күйге келтір" | Сол сияқты | Қару мен техникалық құралды бастапқы күйге келтіреді. Жауынгерлік бөлім командирі БКП-ға қару мен техникалық құралды қарап-тексеру нәтижесі туралы баяндайды |

| Команда | Сигнал нөмірі | | Команданы кім береді | Орындау |
|---|---|---|---|---|
| | кернеймен | қоңыраумен | | |
| 2.Аварияға қарсы күрес | | | | |
| "Радиациялық қауіп" | - | 5 | Корабль командирі, электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирі, корабль бойынша кезекші, вахталық офицер, вахталық инженер-механик | Жеке құрам сигнал жеткен бөліктерде қалады. Жеке қорғану құралдары "Дайын" қалпына келтіріледі. Қатаң режим аймағында жеке құрам жеке қорғану құралдарын қосады |
| "Авариялық дабыл" | - | 3 | Корабль бойынша кезекші, вахталық офицер, вахталық инженер-механик | Барлық жеке құрам аман қалу үшін күресу кестесіне сәйкес орнына орналасады және бұйырымсыз өртпен (сумен) күресу бойынша әрекет етеді |
| "Мынаны токтан ажырат" | - | - | Электр-механикалық жауынгерлік бөлім командирі, | Жеке құрам көрсетілген бөліктерді, үй-жайды, механизмді, аспапты токтан ажыратады |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | вахталық инженер-механик | және орындалғаны туралы БКП-ға баяндайды |
| "Авариялық дабылды тоқтат" | 14 | 8 | Командирдің аға көмекшісі | Корабль командирінің бұйырымы бойынша аварияны жойғаннан кейін беріледі |
| Ескертпе: Оқу-жаттығу авариялық дабылын жариялау алдында қоңыраумен № 7 сигнал беріледі | | | | |
| 3. Оқ-дәріні қабылдау және беру | | | | |
| "Оқ-дәріні тиеуге (түсіруге) дайындал" | - | - | Командирдің аға көмекшісі | Осы команда бойынша оқ-дәріні тиеуге (түсіруге) жазылған жеке құрам арнайы жұмыс киімін киеді |
| "Оқу-жаттығу дабылы" | 1 | 2 | Сол сияқты | Қару мен техникалық құрал жауынгерлік дабыл бойынша кестеге сәйкес ұрысқа дайындалады |
| "Корабльді оқ-дәрі тиеуге (түсіруге) дайында" | - | - | Сол сияқты | Жерқойма люгі ашылады, беру құралдары жарақтандырылады, өрт сөндіру шлангісі, өрт сөндіргіш, су жіберу және суару клапаны дайындалады. |
| | | | | Палубада және жерқойма люгінің жанында |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | төсеніш пен резеңке кілемше төселеді |
| "№ 2 жауынгерлік әзірлік. Мынадай жауынгерлік ауысым кіріс" | - | - | Командирдің аға көмекшісі | Сигнал корабльдің оқ-дәріні қабылдауға (тапсыруға) әзірлігі туралы баяндаудан кейін беріледі |
| "Оқ-дәріні тиеуді (түсіруді) баста" | - | - | Сол сияқты | Командирдің аға көмекшісі жеке құрамның оқ-дәрімен қозғалысын бақылауды жүзеге асырады. Оқ-дәріні тиеумен (түсірумен) айналыспайтын жеке құрам төменгі палуба бойынша қозғалады |
| "Тиеуді (түсіруді) аяқта. Оқ-дәріні жорықтық бойынша бекіт. Керек-жарақты жина және сал" | | | Сол сияқты | Сигнал оқ-дәріні қабылдаудың аяқталғаны туралы БКП-ға баяндаудан кейін беріледі |
| "Оқу-жаттығу дабылы" | 1 | 2 | Сол сияқты | Жеке құрам жауынгерлік дабыл бойынша кестеге сәйкес орынға орналасады |
| "Оқу-жаттығу дабылын тоқтат" | - | 8 | Сол сияқты | Жеке құрам өз үй-жайына тарайды |
| "Орнынан кет" | - | 7 | | |

| Корабль бойынша кезекші (вахталық офицер ) беретін команда | | | Команда берілетін сәт | Экипаждың әрекеті |
|---|---|---|---|---|
| 4. Корабльді қарап-тексеру | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Үлкен жиын" | 2 | 6 | Қарап-тексеретін адамның шешімі бойынша ол белгілеген уақытта | Жеке құрам жауынгерлік бөлім, қызмет пен команда бойынша жоғары палубаға сапқа тұрады |
| "Түзел. Тік тұр" | - | - | Қарап-тексеретін адам жоғары палубаға шығысымен | Жеке құрам "Тік тұр" қалпында болады. Оркестр "Қарсы алу маршын" ойнайды. Корабль командирі мынадай нысанда баяндайды: "Контр-адмирал мырза. "Астана" корветінің экипажы қарап-тексеру үшін сапқа тұрғызылды. Корабль командирі 3-дәрежелі капитан Арманов". Қарап-тексеретін адам баяндауды қабылдап, корабль экипажының сабын қарап шығады және жеке құраммен амандасады, одан кейін корабль командирі оған тәуліктік ведомосты береді |
| | | | Қарап-тексеретін адамның | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | рұқсатымен немесе қарап-тексеру жоспарына сәйкес | |
| "Корабль қарап-тексеруге" | - | - | | Корабль экипажы басқару кестесіне сәйкес орнына тарайды |
| "Орында" | 6 | - | | |
| "Барлығың тыңда" | 4 | - | | |
| "Тоқтат" | 14 | 8 | Қарап-тексеру аяқталысымен қарап-тексеретін адамның рұқсатымен | |
| "Орында" | 6 | - | | Жеке құрам басқаруды бастапқы қалыпқа келтіреді |
| Ескертпе: 1. Корабльді қарап-тексеру оның жауынгерлік әзірлігінің жай-күйін тексеруден басталады. Оқу-жаттығу дабылы жарияланады және қарап-тексеретін адам көрсеткен тақырыпқа корабльдік оқу-жаттығу өткізіледі.<br>2. Корабльді қарап-тексеру ақытында саптық байқау жүргізіледі. Корабльді қарап-тексеруді саптық байқаудан бастауға болады.<br>3. Сұрақ қою үшін әскери қызметшілер белгіленген орынға сапқа тұрады. Сапқа тұрғызу тәртібі мен киім нысанын қарап-тексеретін адам айқындайды. | | | | |
| 5. Жеке құрамның жағалауға сейілдемеге шығуы | | | | |
| "Жағалауға сейілдемеге шығатын, дайындал. Киім нысанының нөмірі мынадай" | - | - | Жеке құрам жағалауға сейілдемеге шыққанға дейін 30 минут бұрын | |
| | | | | Сейілдемеден қайтып оралған әскери қызметшінің баяндау нысаны мынадай: "1-сатылы старшина мырза. 2-сатылы старшина Малаев сейілдемеден |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Жағалауға сейілдемеге шығатын, мынадай жерде сапқа тұр"<br>"Жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша кезекші, жоғарыға. Жағадан қайтып оралғанды қабылдауға дайындал" | -<br>- | -<br>- | Жеке құрам жағалауға сейілдемеге шыққанға дейін 15 минут бұрын<br>Жағалаудан қайтып оралушылары бар катер (шлюпка) жақындағанда | келді. Сейілдеме уақытында ескерту алған жоқпын (немесе мынадай ескерту алдым)"<br>Жауынгерлік бөлім мен қызмет бойынша кезекшінің корабль бойынша кезекшіге (вахталық офицерге) баяндау нысаны: "Аға лейтенант мырза. ЖБ-2 старшиналары мен матростары (немесе мыналарды қоспағанда) жағалаудан қайтып келді. Ескерту мен кешіккендер болған жоқ (немесе мынадай болды) |
| 6. Катерді (шлюпканы) жөнелту және қабылдау | | | | |
| "№ ... катердің (шлюпканың) командасы, катерге (шлюпкаға). Катерді (шлюпканы) оң (сол) жақтағы трапқа" немесе "Кезекші катердің (шлюпканың) командасы, катерге (шлюпкаға). Катерді (шлюпканы) оң (сол) жақтағы трапқа" | - | -- | | |
| "Катерге (шлюпкаға) арқан ұшын бер" | - | - | Катер (шлюпка) трапқа жақындағанда | Арқан ұшындағы вахташы арқан ұшын береді<br>Вахталық офицер катер (шлюпка) старшинасын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | а тапсырма қояды |
| "Отырғызуды баста" немесе "Тиеуді баста" немесе "Сейілдемеге шығатындар катерге ( шлюпкаға)" | - | - | | |
| "Жүзіп кет" | - | - | | |
| "Катерді (шлюпканы) оң (сол) жақтағы трапқа" | - | - | | |
| "Катерді (шлюпканы) оң (сол) жақтағы бакштовқа" немесе "Катерді (шлюпканы) оң (сол) жақтағы жебеге" | - | - | | |
| 7. Корабльдің (кеменің) корабль бортына немесе қабырғаға (айлаққа, пирске) келуі және олардан кетуі | | | | |
| 1) корабльдің (кеменің) корабль бортына немесе қабырғаға (айлаққа, пирске) келуі | | | | |
| "Мынадай бөлімше, мынадай жерге сапқа тұр"<br>"Корабльді (кемені, баржаны) оң (сол) жақ борттан қабылдауға дайындал" немесе "Корабльді (кемені, баржаны) қабырғаға ( айлаққа, пирске) қабылдауға дайындал" | - | - | | Кезекші боцман матростарды арқан ұшын қабылдауға және кранецке таратады<br>Кезекші боцман матростарды қабырғаға ( айлаққа, пирске) алып шығады және оларды арқан ұшын қабылдау үшін орналастырады |
| "Кранец борт сыртына" | - | - | | |
| "Алдыңғы жақ (артқы жақ), қабылда" | - | - | | |
| "Алдыңғы жақ (артқы жақ), босат (тарт, ора, бекіт)" | - | - | | |
| "Кранецті бекіт" | - | - | | |
| "Орныңнан кет" | - | - | | |
| 2) Корабльдің (кеменің) корабль бортына немесе қабырғадан (айлақтан, пирстен) кетуі | | | | |
| "Мынадай бөлімше, мынадай жерге сапқа тұр"<br>"Корабльдің (кеменің, баржаның) кетуіне дайындал" немесе "Қабырғадан (айлақтан, пирстен) арқан ұшын беруге дайындал" | - | - | | |
| "Алдыңғы жақ (артқы жақ), жібер" | - | - | | |
| "Борт сыртына қара. Арқан ұшы мен кранецті жина" | - | - | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Орнықнан кет" | - | - | | |
| 8. Сүйреп-жүзу | | | | |
| 1) сүйрейтін арқанды беру (қабылдау) | | | | |
| "Корабльді сүйретуге дайында" | - | - | | Жеке құрам сүйреп-жазу кестесіне сәйкес өз орнына орналасады және жазылған міндеттерін орындайды |
| "Орнықа тұр. Сүйреткішті қабылдауға (беруге) дайында" | - | - | | |
| "Лақтыру арқанын бер (қабылда)" | - | - | | |
| "Сүйреткішті оң (сол) жақ шпильге" | - | - | | |
| "Сүйреткішті (терді) босат (жина)" | - | - | | |
| "Сүйреткішті (терді) теңестір және бекіт" | - | - | | |
| "Тоқтат. Орнықнан кет" | 14 | 8 | | |
| 2) сүйрейтін арқанды беру | | | | |
| "Орнықа тұр, сүйреткішті беруге дайындал" | - | - | | |
| "Сүйреткішті бер" | - | - | | |
| "Сүйреткішті жина" | - | - | | |
| "Шпильді жібер" | - | - | | |
| "Тоқтат. Орнықнан кет" | 14 | 8 | | |
| 9. Шомылу | | | | |
| "Жеке құрам, шомылуға дайындал" | - | - | | |
| "№...шлюпка, оң (сол) жақ траверзке" | - | - | | |
| "Жеке құрам, оң (сол) бортқа сапқа тұр" | - | - | | |
| "Жеке құрам, аяқ киім мен бас киіміңді шеш, жинап қой" | - | - | | |
| "Шомылуды баста" | 12 | - | | |
| "Шомылуды аяқта. Шомылғанды тексер" | 14 | - | | |
| "Тара. Палубаны ретке келтір" | - | - | | |
| "Палубаны жу" | - | - | | |
| 10. Кірді кептіру | | | | |
| "Кір жаятын леерді құр" | - | - | | |
| "Кір жууды аяқтаған, леерге" | - | - | | |
| "Леерді жина" | - | - | | |
| 11. Басқа да команда | | | | |
| "Борт сыртында адам" | - | - | | Корабль командирі бейбіт уақытта борт |
| "Рульді оңға (солға)" | - | - | | |
| "Оң (сол) жақтан тоқта" | - | - | | |
| | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| "Құтқару шлюпкасын түсіруге" | - | - | | сыртына құлаған адамды құтқару үшін барлық шара қабылдайды және ауданнан борт сыртына құлаған адамды құтқару үшін шараларды толық орындағаннан кейін кетеді. | |
| "Шлюпканы суға" | - | - | | | |
| "Реяның оң (сол) жақ нокінде бұрамдықты көтер" | - | - | | | |
| "Жалауды шамалы түсір" | | - | | Корабль командирі: адамның корабль және бұранда астына түсіп қалуын болдырмайтындай етіп, рульді бұру туралы және машинаның жұмысы туралы бұйырым беруі; құтқару құралын (шеңберді, шағын салды) тастауға, құтқару шлюпкасын түсіруге бұйыруы және оған қозғалыс бағытын көрсетуі; бірнеше қысқа гудок беруі (құрама құрамында және қарқынды кеме | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - | | | қатынасы орнында жүзгенде); адам құлап түскен борттан рей нокындағы "Ч " жалауын көтеруге және бір уақытта Әскери-теңіз жалауын шамалы түсіруге бұйыруы; түнде "Ч" сигналын сигнал беретін қол шаммен немесе прожектормен беруі қажет. Көпіршеде корабль командирі болмағанда жоғарыда аталған барлық әрекетті вахталық офицер орындайды |
| "Жоғарғы палубаны жина (жу, суды ысыр)" | - | - | | |
| "Мынадай бөлімше, мынадай жұмыс үшін жоғарыға" | - | - | | |
| "Мынадай бөлімше, мынадай жерге сапқа тұр" | - | - | | |
| "Мынадай жауынгерлік бөлімнің (қызметтің ) командасы, киім нысанын тексеруге дайындал" | - | - | | |

## 8. Көтеру құралын пайдалану

| Команда | Түсіндірме |
|---|---|
| 1. Ауырлықты кранмен көтеру (түсіру) | |
| "Мынадай кранды дайында" | Команданы вахталық офицер береді |
| "Кранды оң (сол) жаққа" | Осы және кейінгі барлық команданы боцман ( кезекші боцман) береді |
| "Шкентельді босат" | |
| | |

| | |
|---|---|
| "Шкентельді сал" | |
| "Босаған жерді тарт" | |
| "Шамалы көтер" | Команда тоқтатқының бекітілуін тексеру үшін беріледі |
| "Шкентель кетті" | |
| "Баяу жүз", "Қатты жүз" | Команда ауырлықты көтеру (түсіру) жылдамдығын реттеу үшін беріледі |
| "Тоқта" | Команда ауырлықты қажетті биіктікке көтергенде беріледі |
| "Кранды оң (сол) жаққа" | |
| "Шкентельді босат" | |
| "Баяу жүз" | |
| "Тоқта" | |
| "Шкентельді шығар" | |
| "Шкентельді жина. Кранды орнына" | Кран бастапқы күйге келтіріледі<br>Боцман орындалған жұмыс туралы вахталық офицерге баяндайды |
| 2. Жебемен ауырлықты көтеру (түсіру) | |
| "Мынадай жебені дайында" | Команданы вахталық офицер береді. Көрсетілген жебе іс-қимылға дайындалады |
| "Топенантты жібер" немесе<br>"Топенантты босат" | Бұл және кейінгі барлық команданы боцман ( кезекші боцман) береді<br>Жебе қажетті күйге кетіріледі |
| "Топенантты тоқтат" | |
| "Топенантты бекіт (босат)" | |
| "Шкентельді босат" | |
| "Шкентельді сал" | |
| "Босаған жерді тарт" | |
| "Шамалы көтер" | Команда тоқтатқының бекітілуін тексеру үшін беріледі |
| "Шкентель кетті" | |
| "Баяу жүз", "Қатты жүз" | |
| "Тоқта" | Команда ауырлықты қажетті биіктікке көтеру үшін беріледі |
| "Оң (сол) жақтағы бакштагты босат, сол (оң) бакштагты жина" немесе "Оң (сол) жақтағы жинау талін босат, оң (сол) жақтағы жинау талін жина" | |
| "Бакштагты (жинау талін) тоқтат" | Команда жебе қажетті күйге келтірілгенде беріледі |
| "Бакштагты (жинау талін) ора" | |
| "Шкентельді босат" | |
| "Баяу жүз", "Тоқта" | |
| "Шкентельді шығар" | |
| "Шкентельді жина. Жебені орнына" | Жебе бастапқы күйге келтіріледі. Боцман орындалған жұмыс туралы вахталық офицерге баяндайды |

| | |
|---|---|
| 3. Шлюпбалка көмегімен шлюпканы көтеру (түсіру) | |
| 1) Көтеруге (түсіруге) дайындалу | |
| "Мынадай шлюпкаға. Шлюпканы көтеруге (түсіруге )".<br>Мысалы: "Бірінші баркасқа. Баркасты түсіруге" | Старшинаның жетекшілігімен шлюпка командасы оны көтеруге (түсіруге) дайындайды |
| "Мынадай бөлімше, мынадай шлюпканың талін тарат" | Кезекші боцман тальді шлюпканы көтеруге ( түсіруге) дайындайтын бөлімшеге жетекшілік жасайды |
| "Мынадай шлюпкаға жорықтық арқан ұшын бер" | Ашық ауа райында беріледі |
| "Мынадай бөлімше, мынадай шлюпканы көтеруге ( түсіруге)" | Көрсетілген бөлімше жоғарыға жүгіріп шығады, таратылған лопарьдың жанына сапқа тұрады және кезекші боцманның командасы бойынша лопарьды қолына алады |
| 2) кильблоктан көтеру (суға түсіру кезінде) | |
| "Тығынды жап" | Бұл және кейінгі барлық команданы боцман ( кезекші боцман) береді. Команда старшинасы тығынды жабады және "Тығын жабылды" деп баяндайды |
| "Лопарьды қолға ал" | |
| "Лопарьды теңестір" | |
| "Лопарьды қос" | |
| "Босаған жерді тарт" | |
| "Тальді бас" | Лопарьда тұрған матростар шлюпканы шамалы көтереді |
| "Тальді тоқтат" | Команда таль блогы түйіскенде және тоқтатқышты салуға мүмкіндік бергенде беріледі |
| "Тоқтатқышты орнат" | Блок жанындағы шлюпкадағылар тоқтатқыштың шынжырын салады, оларды сол қолымен бір жаққа қарай тартады, ал оң қолымен бас киімімен белгі береді |
| "Тальді босат" | |
| "Босаған жерді тарт" | Команда шлюпка тоқтатқышқа отырғанда беріледі. Лопарьда тұрғандар оларды қолдан жібермей, босаған жерді береді |
| "Ора" | Шлюпбалкаға жақын тұрған матростар лопарьды бекіткішке орайды |
| 3) Судан көтеру | |
| "Тальді сал" | Шлюпкадағы ескекші тальді шынжырлы көтергіштің рымына салады және блокты тальдің шығып кетуін және айналып кетуін болдырмай ұстайды |
| "Лопарьды қолға ал" | |
| "Тальді тарт" | Лопарьда тұрған адам лопарьды тартады және теңестіреді, орнында тұрып, оларды қолына алады |
| "Лопарьды теңестір" | Команда көтеру лопарьмен қосылып жүргізілгенде ғана беріледі. Лопарьда тұрған адам лопарьды теңестіреді және оларды бірге қосады |
| "Лопарьды қос" | |
| "Босаған жерді тарт" | |

| | |
|---|---|
| "Тальді бас" | Лопарьда тұрған адам бірге және баяу көтеруді бастайды және оны барлық уақытта жүгіріп жүргізеді. Лопарьды алуына қарай шеткі ( анағұрлым алыс тұрған) матростар алға шығып кетеді және блоктың канифас жанындағы лопарьды қайта алады |
| "Таль кетті" | |
| "Тальді жай тарт" немесе "Тальді қатты тарт" | |
| "Тальді тоқтат" | |
| "Лопарьды ажырат" | |
| "Алдыңғы жақты (артқы жақты) бас" | Команда лопарь ажыратылғанда шлюпканы біркелкі көтеруді реттеу үшін беріледі және бөлек алынады |
| "Алдыңғы жақты (артқы жақты) тоқтат" | |
| "Тоқтатқышты сал" | |
| "Тальді босат" | |
| "Босаған жерді бер" | |
| "Ора" | |
| "Тартып ал" | |
| "Лопарьды жина" | |
| 4) Көтеру және түсіру | |
| "Бакштагқа" | Бакштагқа бөлінген матростар оларды қолына алады |
| "Алдыңғы жақтағы бакштагты босат, артқы жақтағыны жина" | Матростар шлюпбалканы ашады және шлюпбалканы артқы жаққа береді |
| "Бакштагты тоқтат" | Команда шлюпбалка ақырғы күйде ашылғанда беріледі |
| "Алдыңғы жағын көтер (немесе түсір)" | Матростар шлюпканың алдыңғы жағын корабль ішіне көтереді немесе оны борт сыртына түсіреді және алдыңғы жақтағы бакштагты тазартады |
| "Артқы жақтағы бакштагты босат, алдыңғы жақтағы бакштагты жина" | Бакштагта тұрған адам бакштагты босатады ( жинайды), шлюпбалканы ашады және шлюпканы алдыңғы жаққа береді |
| "Бакштагты тоқтат" | Команда шлюпбалка ақырғы күйде ашылғанда беріледі |
| "Артқы жағын көтер (немесе түсір)" | Матростар қолмен шлюпканың артқы жағын корабльдің ішіне көтереді немесе борт сыртына түсіреді және артқы жақтағы бакштагты тазартады |
| "Алдыңғы жақтағы бакштагты босат, артқы жақтағыны жина" | Матростар шлюпканы ашады және оларды бортқа көлденең қояды |
| "Бакштагты тоқтат" | |
| "Бакштагты ора" | |
| 5) Суға түсіру немесе кильблокқа қою | |
| "Лопарьды қолға" | Команда шлюпбалканы орнатқаннан кейін беріледі |
| "Тальді бас" | |
| "Тоқтатқышты бер" | Шлюпкада блоктың жанында тұрған адам тоқтатқышты береді |
| "Тальді босат" | |
| "Тальді сал, тальдің гагын қос" | |
| "Жүзу басталды. Шлюпканы ана жерге" | |

| | |
|---|---|
| "Ора" | |
| "Тартып аш" | |
| "Лопарьды сал" | Лопарьды палубаға түсіреді және жинап қояды |
| "Тара" | |
| 6) Трапты жинау | |
| "Мынадай трапты алып таста (көтер)" | Команданы вахталық офицер береді |
| "Трап-тальді сал" | Команданы боцман (кезекші боцман) береді |
| "Тұтқаны ал" | Сол сияқты |
| "Тальді бас" | Сол сияқты |
| "Тальді тоқтат" | Сол сияқты |
| "Таль кетті" | Команданы аспалы трапты (трап пен төменгі алаңды ) бекітетін бұранда алынғанда боцман береді |
| "Трапты көтер (түсір)" | |
| 7) Жебені жинау | |
| "Жебені көтер" | Команданы вахталық офицер береді. Кесте бойынша тағайындалған матростар жебені көтеруге дайындайды |
| "Жебе-топенантқа (горденьге)" | Команданы жұмыс жетекшісі – офицер немесе старшина береді |
| "Жебені шамалы көтер" | Жебе-топенант (горден) маркасына дейін жиналады |
| "Бурундук пен жебе-брасқа" | |
| "Бурундуктың босаған жерін жина" | |
| "Жебе-брасты босат" | |
| "Бурундук кетті" | |
| "Жебе-топенантты (горденьді) босат (жина)" | Жебе бугельге бекітіледі. Теңіз дауылы трапы мен шкентельді жинап алады немесе жебенің айналасына шеңберлейді және оларды темір шыбықпен бекітеді |
| 8) Шпильмен жұмыс | |
| "Шпильді дайында" | Команданы командирдің көмекшісі немесе вахталық офицер береді |
| "Шпильді қолмен жарақтандыр" | |
| "Шпиль кетті" | Команданы боцман барлық дайындық жұмысы аяқталысымен береді |
| "Мынадай арқан ұшын (зәкір-шынжырды шпильге" | Команданы боцман береді |
| "Мынадай арқан ұшын (зәкір-шынжырды) шпильден ал" | Сол сияқты |
| "Шпильді тоқтат. Жарты айналым артқа" | Команда, егер арқан шпильде тұрып қалса, беріледі |
| "Жина (босат)" | Матростар арқанның жүру ұшын жинайды ( босатады) |
| "Баяу жина (босат)" | |
| "Жинауды (босатуды) тоқтат" | |
| "Шпильді тоқтат" | |
| | |

| | |
|---|---|
| "Мынадай арқан ұшына тоқтатқышты сал. Шпильден ал және ора" | |
| "Шпильді жарақсыздандыр" | Команда шпильде қолмен жұмыс істегеннен кейін беріледі. Шпиль жарақсыздандырылады |
| "Шпильден кет" | Команда командир көмекшісінің немесе вахталық офицердің рұқсатымен шпильмен жұмыс аяқталғаннан кейін беріледі |

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
13-қосымша

## Дыбыстық белгілер

1. Кернейдегі белгілер

№ 1. Жауынгерлік дабыл



№ 2. Үлкен жиын



№ 3. Шағын жиын



№ 4. Барлықтарың тыңдаңдар



№ 5. Ену ("Тік тұр")



№ 6. Орындалсын ("Барлықтарың тыңдаңдар" белгісінен кейін) немесе "Еркін тұр" ( "Ену" белгісінен кейін)



№ 7. Ұйқыдан тұрғызу



№ 8. Тыстарын ал (кигіз)



№ 9. Хабарлама



№ 10. Жалауды көтеру (түсіру)



№ 11. Жинауды баста (жүргіз)



№ 12. Күн тәртібімен көзделген іс-қимылдарды баста
(сабақтарды, жұмысты, дене дайындығын және ларды баста)



№ 13. Дабыл бойынша оқу-жаттығу



№ 14. Оқу-жаттығуды немесе бұрын жарияланған іс-қимылды тоқтату



№ 15. Түскі асқа (таңғы асқа, кешкі асқа)



№ 16. Қарауылдар бойынша марш



№ 17. Заря



№ 18. Су өткізбейтін қабырғаларды бекіту
(Ашу – № 18 белгі № 14 белгінің алғашқы екі ырғағымен бірге)



**2. Қоңыраумен белгілер**

1) Жалпыкорабльдік белгілер
№ 1. Корабльді ұрысқа және жорыққа дайында
(қоңыраумен екі қысқа дыбысты үш секунд аралықпен үш-төрт рет қайталайды)



№ 2. Жауынгерлік дабыл
(сиренамен немесе қоңыраумен бір үздіксіз дыбыс – бір рет беріледі)



№ 3. Оқу-жаттығу дабылы
(қоңыраумен үш қысқа және бір үздіксіз дыбыс – бір рет беріледі)



№ 4. Авариялық дабыл
(қоңыраумен 25-30 қысқа дыбыс – бір рет беріледі)



№ 5. Химиялық дабыл
(қоңыраумен төрт қысқа және бір созылыңқы дыбыс – екі секунд аралықпен үш рет қайталанады)



№ 6. Радиациялық қауіп
(қоңыраумен бір қысқа екі созылыңқы дыбыс – екі секнуд аралықпен үш рет қайталанады)



Ескерту: Оқу-жаттығу мақсатында жарияланатын (жауынгерлік және оқу-жаттығудан ) дабыл белгілерінің іс жүзіндегі дабылдар белгілерінен айырмашылығы алдын ала "Барлықтарың тыңдаңдар" (№ 10) белгісімен беріледі

№ 7 Жиын (Жұмылдыру) (қоңыраумен бір қысқа және бір созылыңқы дыбыс – бір секунд аралығымен 12-15 рет қайталанады)



№ 8. Барлықтарың тыңдаңдар (қоңыраумен үш қысқа дыбыс – үш секунд аралығымен екі рет қайталанады)



№ 9. Дабылды тоқтату немесе жарияланған іс-қимылды аяқтау (қоңыраумен үш созылыңқы дыбыс – бір рет беріледі)



№ 10. Сабақтар мен жұмыстардың басталуы, үзіліс және жалғасуы (қоңыраумен бір созылыңқы дыбыс – бір рет беріледі)



2) Корабльдің бас машиналарын ру үшін қоңыраумен белгілер

Машиналар айналымын өзгерту

10 айналымнан артық



10 айналымнан көп



Машиналарды аварияльқ ру

Қоңыраулар арқылы машиналарды руға көшу



Машинаны тоқтату



Алға ең төменгі



Алға төменгі



Алға орташа



Алға жоғары



Артқа ең төменгі



Артқа төменгі



Артқа орташа



Артқа жоғары



**3. Қол ысқырықтарымен белгілер**

№ 1. "Ену" және "Барлықтарың тыңдаңдар"



№ 2. Орындалсын ("Ену" - "Еркін тұр" белгісінен кейін)



№ 3. Тоқтат; Орындарыңнан кетіңдер; Швартовтарды ора



№ 4. Алдыңғы жақтағы (бак) топ, швартовтарды бер
Шпильді жібер; Зәкірді түсір



№ 5. Арт жақтағы (ют) топ, швартовтарды бер
Шпильді жібер; Жалаумен салют бер



№ 6. Швартовтарды жина



№ 7. Швартовтарды босат



№ 8. Бостауды тоқтат; Жинауды тоқтат



Ескерту: V белгісімен суреттелген қысқа дыбыстарды қатты және үзіп шығару керек.

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
14-қосымша

**Корабльге катермен келу кезінде лауазымды адамды қарсы алу үшін корабль экипажын сапқа тұрғызу схемасы**




– – – – – ►Лауазымды адамның жүру бағыты

1 – "Кіру" сигналын беру сәті

2 – "Тік тұр" сигналын беру сәті

3 – корабль командирінің баяндау сәті

4 – құрмет қарауылының баяндау сәті

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)

ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
15-қосымша

**Корабльдік кезекшілік кестесінің нысаны**

**______________________________________ (құрама, корабль атауы)**

**Корабльдік кезекшілік кестесі**

**20 ж. " " бастап " " аралығында**

**(күн) (ай) (күн) (ай)**

| Р/н № | Күні, айы Наряд құрамы | Тегі және аты-жөні немесе қай бөлімшеден тағайындалады | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Корабль бойынша кезекші | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні |
| 2. | Төменгі жақ бойынша кезекші | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні |
| 3. | Боцман кезекші | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні |
| 4. | Керней кезекші | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні | Тегі және аты-жөні |
| 5. | Камбузбойынша кезекші | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) |
| 7. | Төзімділік бойынша шолғынша | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) |
| 8. | Кезекші катер командасы | № 1 | № 2 | № 3 | № 3 | № 3 | № 3 | № 3 |
| 9. | Тұрғын үй-жай бойынша тәуліктік кезекші | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) | Жб (Қм) |

Корабль командирінің аға көмекшісі ______________________________________
(әскери атағы, қолы, ТАЖ)

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі

нұсқаулыққа
16-қосымша
(нысан)

**Корабльдік вахта кестесі**

**_____________________________________ (корабль, құрама атауы)**

**Корабльдік вахта кестесі**

**20 __ ж. _____ "__" ________ бастап ______ "__" _____ аралығында (күн) (ай) (күн) (ай)**

| Күні және айы | Наряд құрамы | 1-ауысым | 2-ауысым | 3-ауысым | 1-ауысым | 2-ауысым | 3-ауысым |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Вахталық офицер | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы |
| | Вахталық ауысым | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) |
| | Вахталық офицер | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы |
| | Вахталық ауысым | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) |
| | Вахталық офицер | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы |
| | Вахталық ауысым | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) |
| | Вахталық офицер | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы |
| | Вахталық ауысым | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) |
| | Вахталық офицер | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы |
| | Вахталық ауысым | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) |
| | Вахталық офицер | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы | Тегі және инициалы |
| | Вахталық ауысым | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) | ____ Жб (Қм) |

Корабль командирінің аға көмекшісі _________________________________________
(әскери атағы, қолы, Т.АӘ. (бар болса)

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде
корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
17-қосымша
(нысан)

**Қызметке және жұмысқа наряд парағы**

**Наряд парағы**

**20 __ ж. _____ "__" ________ бастап ______ "__" _____ аралығында (күн) (ай) (күн) (ай) матростар мен старшиналардың қызметі мен жұмысына**

**_______________________________________________________**

**(команда, дивизион, жауынгерлік бөлім, корабль қызметі)**

| Әскери атағы | Тегі және инициалы | Тасымал | | | | | Ай күні | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | К | В | Қ | Т | Ш | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 - сатылы старшина | А.А. Козов | | | 2 | | | | К | | К | |
| Аға матрос | И.Н. Нұриев | 1 | 5 | 2 | | | К | | В | | В |
| Матрос | Н.Д. Деменов | | 2 | 3 | 4 | 2 | В | | В | | Қ |
| Матрос | М.В. Беков | | 3 | 2 | 3 | 3 | Ш | | Т | | В |

Кестенің жалғасы

| Ай күні | | | | | | | | | | Барлығы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | К | В | Қ | Т | Ш |
| | К | | | | К | | Қ | | | 4 | | 1 | | |
| | С | В | | Қ | | | В | | | 1 | 4 | 1 | | |
| | Ш | В | Т | | Ш | | Т | | Қ | | 3 | 2 | 2 | 3 |
| д | е | м | а | л | ы | с | | | | | 1 | 2 | 1 | |

Команда старшинасы _______________________ (қолы)

Ескертпе: Қабылданған белгі: К – кезекші, В – вахта, Қ – Қарауыл, Т – тәуліктік кезекші, Ш – шаруашылық жұмыс, С – науқас (нарядты атқарудан босатылған). В, К және Т белгілері кезінде вахтаның ауысымын немесе нарядқа тағайындалған тәуліктік кезекшіні көрсететін цифр қойылады. Әрбір топ бойынша наряд саны мүмкіндігінше тең болуы қажет. Егер кезекті айдың жартысында оған қол жеткізу мүмкін болмаса, наряд алдағы айдың жартысында жалғасып теңестіріледі және нарядтың әрбір тобы бойынша қорытындысы келесі айдың жартысының парағына ауыстырылады.

Қарулы Күштердегі
қызметтердің жұмысын
(Әскери-теңіз күштерінің
кораблінде және кемесінде

корабльдік қызметті)
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
18-қосымша

**Бастықты қарсы алу немесе шығарып салу кезінде кезекші және вахта қызметі адамдарын орналастыру схемасы**







Ескертпе:

1. Егер бастықты тек корабль бойынша кезекші немесе вахта офицері қарсы алса ( шығарып салса), ол корабль командирінің орнына тұрады. Басқа жағдайда қарсы алу ( шығарып салу) тәртібі сақталады.

2. Лауазымды адамның белгісі жанындағы цифр оның сол немесе басқа қарсы алу кезіндегі жағдайын көрсетеді. Белгі жанында цифрдың болмауы барлық қарсы алу ( шығарып салу) кезінде осы адамдардың өз орнын өзгертпегенін көрсетеді.

Лауазымды адамдардың шартты белгілері:

| | | | |
|---|---|---|---|
| (Б) | - бастық | (БК) | - вахталық бекет командирі |
| (К) | - корабль командирі | (Г) | - кернейші |
| (Кк) | - корабль бойынша кезекші | (КБ) | - қарауыл бастығы |
| (В) | - вахталық офицер | (АД) | -әскери дирижер |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК